

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATION INSTITUTE



**«ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТІЛ,
ҚОҒАМ, ӘДЕБИЕТ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ**

МАТЕРИАЛДАРЫ

27-28 қазан, 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-практической конференции
«ТЮРКСКИЙ МИР В ГЛОБАЛЬНОМ КОНТЕКСТЕ: ЯЗЫК,
ОБЩЕСТВО, ЛИТЕРАТУРА»**

27-28 октября 2022 г.

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«TURKIC WORLD IN THE GLOBAL CONTEXT: LANGUAGE,
SOCIETY, LITERATURE»**

October 27-28, 2022 y.

I-TOM

Тараз-2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATION INSTITUTE**

**«ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТІЛ, ҚОҒАМ, ӘДЕБИЕТ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
27-28 қазан, 2022 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
«ТЮРКСКИЙ МИР В ГЛОБАЛЬНОМ КОНТЕКСТЕ: ЯЗЫК, ОБЩЕСТВО,
ЛИТЕРАТУРА»
27-28 октября 2022 г.**

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«TURKIC WORLD IN THE GLOBAL CONTEXT: LANGUAGE, SOCIETY,
LITERATURE»
Taraz, Kazakhstan, October 27-28, 2022 y.**

Тараз- 2022

УДК 821.512.122.
ББК 83.3 (5каз)
Д 87

«Дүниежүзілік жағдайындағы түркі әлемі: тіл, қоғам, әдебиет» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 27-28 қазан, 2022. – 234б.

«Тюркский мир в глобальном контексте: язык, общество, литература» – сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Тараз, 27-28 октября, 2022. – с.234.

ISBN 978-601-269-112-2

Жинаққа түркология саласының білікті маманы, ҚР Білім және ғылым министрлігі ЖОО-ның «Үздік оқытушы» грантының иегері, Аймақтық Менеджмент академиясының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Кәрібаева Азиза Өтегенқызының 63 жылдық мерейтойына орай Халықаралық Тараз инновациялық институты «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен 2022 жылдың қазан айының 27-28 жұлдызында өткізілген «Дүниежүзілік жағдайындағы түркі әлемі: тіл, қоғам, әдебиет» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – Кәрібаева Азиза Өтегенқызының түркология саласына қатысты ғылыми зерттеулері мен түркология ғылымының өзекті мәселелері бойынша пайымды тұжырымдарды негізге ала отырып, «Азиза Кәрібаева феноменін зерттеу және түркі тілдерінің қалыптасу тарихы», «Қазіргі филология ғылымының өзекті мәселелері», «Рухани жаңғыру аясында білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың теориялық негіздері», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары» бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына ҚР және шетел ғалымдарының, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, университет ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстары енгізілді.

Редакция алқасы:
Редакционная коллегия:

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Баяндин М.А.– э.ғ.д. Мүшелері: Портаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент, Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент, Құттымұратова Р.А. – доцент, PhD, Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., профессор, Әбілов М. – ф.ғ.к., доцент, Архабаева Г.Е. – аға оқытушы, Игілікова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Саржаев О.Т.– аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., Тлепова Б.П.– аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

ISBN978-601-269-112-2

ҚҰРМЕТТІ, АЗИЗА ӨТЕГЕНҚЫЗЫ!

Сізді Халықаралық Тараз инновациялық институтының ұжымы 63 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіз туыстас Қарақалпақ Республикасының Мойнақ қаласында дүниеге келіп, еңбек жолыңызды сол жерде есепші болудан бастасаңыз да, бойыңызға ана сүтімен сіңген туған ұлтыңыз бен ана тіліңізге деген қалтқысыз сүйіспеншілігіңіз арқасында ұстаздық, қиындығы мол ғалымдық жолды таңдадыңыз. Т.Г.Шевченко атындағы Нөкіс Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген соң, Өзбекстан Ғылым Академиясы Н.Дәуқараев атындағы «Тарих, тіл және әдебиет» институтының аға лаборанты, кіші ғылыми қызметкері, Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы, доцент қызметтерін абыроймен атқара жүріп, ғылым кандидаты атандыңыз.

Туған жерге деген ұлы сезім жетегінде тәуелсіз елімізге оралғаннан кейін де ұстаздық, ғалымдық жолды қатар алып жүріп, Тараз қаласындағы бірқатар жоғары оқу орындарында кафедра меңгерушісі, ғылым бөлімінің бастығы секілді аса жауапты қызметтер атқардыңыз, еңбегіңіз еленіп, ЖОО үздік оқытушысы атандыңыз.

Құрметті Азиза Өтегенқызы! Сіз – ғылыми ізденіс бағытында жалпы тіл білімі және қазақ тіл білімі мәселелері: стилистика, қолданбалы тіл білімі, терминология салаларын тұрақты зерттеуге арналған 200-ге жуық ғылыми-зерттеу еңбектерінің авторысыз. Сіздің авторлығыңызбен дайындалған «Қазақ тілі стилистикасы», «Озық инновация түрлері мен тәсілдері», «Сейдахмет Бердіқұлов және қазақ спорт терминологиясы» атты оқу құралдары мен «Төлеген Айбергенов шығармаларының лексикасы» атты монографияңыз жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде үлкен сұранысқа ие болып, қолданысқа енгізілген.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Азиза Өтегенқызы Аймақтық Менеджмент академиясының профессоры, корреспондент мүшесі ғылыми дәрежесін иеленді. Осылардың барлығын да Сіздің ғалымдық жолдағы тынымсыз ізденісіңіз бен жүйелі еңбегіңіздің нәтижесі деп санаймын. Бұған қоса, біз Сізді уәдесіне берік, достықты қадір тұтатын, жауапкершілігі мол, парасатты жан ретінде мақтан тұтып, қадірлейміз. Азаматтық болмысыңыз бен еңбекқорлығыңыз Сізді бұдан да үлкен биіктерге жетелейді деп сенеміз. Қазіргі кезде де жоғары білім беру ісіне және ұлттық ғылымды дамытуға қосып жатқан сүбелі үлесіңіз отандық ғылым мен университетіміздің ересен дамуына өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Ғылыми-шығармашылық, қоғамдық істеріңіз Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге де мәлім екендігі анық. 1995 жылы «Орталық Азия елдерінің ғалымдары: тарих және мәдениет» атты АҚШ, Гарвард Университетінің анықтамалығына енгеніңіз әріптестер үшін үлкен мақтаныш.

Сіздің шәкірттеріңіз ретінде, бойыңыздан үнемі қазақ әйелі затына сай инабаттылық пен сыпайылықты, үлкенге деген құрмет сезімі мен кішіге деген ізет сезімдерін айнытпай танып отырдық, ерекше бағаладық. Осындай қазақы, дара қасиеттерімен ерекшеленетін Сіз, ғылымның да ауыр жүгін мойымай көтере білдіңіз. Әйел табиғатының нәзіктігімен қоса алып жүрген ғылымда Сіз елге танылған ерен азаматшалардың қатарынан орын ала білдіңіз.

«Шәкіртсіз – ұстаз тұл» – деген дана халқымыз. Өзіңіздің ұстаздық жолыңызда көптеген студенттерге, ізденушілерге, жас ғалымдарға жол бағыттаушы, жөн сілтеуші ретінде де танылдыңыз. Аялы алақаныңыздан қаншама білімді, ізденімпаз тұлғалар шықты. Қазақтың ғалым әйеліне тән барынша асыл қасиеттерге ие Сізге өз тарапымыздан зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыстар тілейміз!

Сонымен қатар, Азиза Өтегенқызы, мен Сізді адамгершілік болмысы жоғары азаматша ретінде танымын. Әрдайым Сіздің адалдығыңызды, тазалығыңызды, сыпайылығыңызды, жастарға деген қамқорлық ізетіңізді үлгі-өнеге етіп отырамыз.

Адам баласының азаматтық борышы қиындамаса, ешуақытта жеңілдемейді. Тәуелсіз еліміз үшін, халқымыздың руханияты мен мәдениеті үшін ғұмырын бағыштаған адамға амандық, зор денсаулық керек. Олай болса, жасыңыз ұзақ болып, деніңіз сау болып, тілтану саласына әлі де тың көзқарастар әкеліп, шығармашылық табысты болуыңызға шын жүректен тілектеспін!

БАЯНДИН МАРАТ АСЫЛБЕКҰЛЫ
Халықаралық Тараз инновациялық институтының
ректоры, экономика ғылымдарының докторы

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ КӘРІБАЕВА АЗИЗА ӨТЕГЕНҚЫЗЫНА ПОЭТИКАЛЫҚ АРНАУЛАР

«Жанары күн жүзіндей ашық адам...»

Жанары күн жүзіндей ашық адам,
Тағдырдың сындарына жасымаған.
Бұл жанның келбетінде махаббат бар,
Бойжеткен шағынан-ақ басылмаған.

Сұрапыл соққы алса да кей күнінен,
Күні жоқ көңілдегі күй бүлінген.
Сізге талай ақындар жыр арнайды,
Қарапайым жаныңызға сүйсінумен.

Ұстаз деген есімге символ болған,
Жол табар мол қауымға шиыр жолдан.
Мейіріміне ғайыптан қанат жалғап,
Шын тұлға боп қоғамға сыйлы болған.

Әр сөзін байыппенен құрастырып,
Жүректе шын шабытпен жыр асқынып.
Сіз мейлі жүзге келіп той жасаңыз,
Жаныңызға ғашық болармын мен жас жігіт.

Ұстазын ұлық тұтар ел екенбіз,
Құтты болсын мерейлі мерекеңіз.
Мұңға да көркем мінез көрсетіп дәл,
Мыңды да білімімен жеңетін қыз.

*Спанәлі Серік
Шәкірті*

«Жұлдызы шәкірттердің жанып тұрған...»

Ақын деп орын берсе биік төрден,
Жүрегіме жырларым сыйып келген.
Айналдым ақ пейілді ұстаздардан,
Білімнің жауһарларын жиып келген.

Шәкіртіне бар күшін арнағандар,
Білім нұрын жүрекке құйып келген.
Үйретуден ешқашан жалықпаған
Бар уақытын шәкіртке қиып келген.

Төбесіне көтеріп шәкірттерің,
Тілектерін ақтарсын жиып келген.
Ұстаз ол құламайтын алып шынар,
Еңбегіне сүйсініп халық құмар.

Өзіңізге ұқсасын талай жастар,
Білім жолын ұстанып бағыт бұрар.
Тәрбие мен білімді қатар берген,
Өзіңізді бар шәкірт танып тұрар.
Үлгі алған өзіңіздей ұлы ұстаздан,
Жұлдызы шәкірттердің жанып тұрар.

*Көшербаева Айым
Шәкірті*

«Білім, ғылым, шәкіртім деп егілген...»

Білім, ғылым, шәкіртім деп егілген,
Жан тәнімен өз ісіне берілген.
Ұстаз деген жарық шашқан күн сынды,
Бар ғаламға мейірім нұры төгілген.

Сақта Құдай азып-тозып жүдеуден,
Ұстаздарды үлгі үшін жіберген.
Туған күніңіз құтты болсын мен сізге,
Шаршамайын ұзақ өмір тілеуден.

Алла қалап жүзге сізде толығыз,
Ашық болсын жарық болсын жолыңыз.
Ұлы байлық денсаулық ал ендеше,
Денсаулыққа ең бай адам болыңыз.

Бір жылдары хабар келіп батыстан,
Қуанышты естіген біз оқыстан.
Азиза апке осал болса кезінде,
Есіміңіз шығарма еді АҚШ тан.

Басыңызға бақыт құсы жеткендей,
Бақыт пенен өміріміз өткендей.
Аман сау боп ұзақ өмір сүріңіз,
Мәңгі бақи жадыраңыз көктемдей.

*Мырзатай Медеу
Шәкірті*

«Азиза апай ардағы ұл-қызының»

Азиза апай ардағы ұл-қызының,
Бір сөз айтса еркелер жұлдызымын.
Қамқорымыз Сіз келіп 60 жасқа,
Қуантып тастадыңыз бізді бүгін.

Ұстаз деген атын да кірлетпеген,
Көркем мінез тең келер суретпенен.
Туған-туыс, дос-жаран, әріптестер,
Ардақтар бәрі Сізді құрметпенен.

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Шаттық болсын әрқашан көргеніңіз.
Жүзге жетіп баянды ғұмыр кешіп,
Арта берсін абырой, беделіңіз.

Деніңізге саулық берсін Жаратқан,
Мейірбансыз бізге нұрды таратқан.
Шәкірттерге үлгі-өнеге көрсетіп,
Дана адам бол, елді аузына қаратқан.

Сізге менің тілерім таусылар ма?
Сөздерім көп жаңбырлы тамшыларда.
Алпыс жастың екеуін тілеймін мен,
Әумин десін періште таң шығарда.

*Оңғарбаева Ләззат
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру
бағдарламасының 4 курс студенті*

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

ӘОЖ. 82.321

АНА ТІЛІН ТҰҒЫР ЕТКЕН – ТЕКТІ ҚЫЗ

ҚҰТТЫМУРАТОВА ЫРЫСТЫ АБДІРАХМАНОВА

Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты,
филология ғылымдарының пәлсапа докторы, Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

Бір дариядан су ішкен өзбек, қарақалпақ, қазақ халықтарының тілі, мәдениеті, салт-дәстүрлері және бір-біріне байланысты екені айдан анық нарсе. Бүгінгі күнде бір шынардың қос бұтағындай бірге өркендеп келеді. Міне, осындай туған өлкенің топырағынан нәр алып, қасиетті киелі ақ сүтімен бойымызға дарыған құдіретті ана тіліміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан жергілікті зерттеуші қандастарымыздың бірі — Азиза Өтегенқызының еңбегі жайлы тоқталмақпыз. Оның балалығы Арал бойларында, Қарақалпақстанның Мойнақ ауданында өтті. Теңіздің ашық тынық ауасынан тыныс алып, сол мекендегі Ломоносов атындағы орта мектепті айырықша аяқтаған соң Нөкіс Мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы бағдарын бітіріп, оқытушылық жолын Мойнақ кәсіп техникалық училищесінде қазақ тілі және әдебиеті оқытушысы болып істеуден бастады. 1983 ӨзРИА Қарақалпақстан бөлімі Н.Дауқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтына жұмысқа шақырылып, қарақалпақ тілі бағдары бойынша аспирантурасына оқуға түсті. Қарақалпақ терминологиясы туралы зерттелмеген «Қарақалпақ тіліндегі спорт терминдерінің қалыптасуы, дамуы» тақырыбында диссертация жұмысын бастап, Москва, Алматы, Ташкент т.б қалалардың кітапханаларынан архивтік материалдар жинап, бағалы еңбектерінің теориялық мәселелерін үйренеді.

Азиза Өтегенқызы Кәрібаеваның шынайы еңбек ізденулері өз нәтижесін берді. 1991 жылы Қазақстан Ұлттық ғылыми академиясы Тіл білімі институтының ғылыми жиналысында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі атағына ие болды. Аспирантурада оқып жүрген кездерінен бастап жас ғалым Ташкент, Алматы қалаларындағы әр түрлі конференцияларға қатысты. Олардан «Спорт терминдерінің қарақалпақ тілі лексикасын байытудағы (Жинақ, Ташкент, 1984), Қарақалпақ спорт терминдерін аудару және ауысу арқылы қалыптасуы» (Терминдер және олардың аудармалар жиыны, «Ғылым» баспасы, Алматы, 1990) еңбектерін атап өтсек болады. Ал, 1990 жылы Қарақалпақстандағы «Білім» баспасында оның «Дене тәрбиесі және спорт бойынша орысша-қарақалпақша сөздік» (көлемі 6,5 бет) монографиясы шықты.

2000 жылы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты қазақ филологиясы үлкен оқытушысы лауазымынан жұмыс орнын Тараз қаласындағы М.Х.Дулати атындағы университетіне ауыстырады, сол жоғары оқу орнында «Қазақ тілі» кафедрасының оқытушысы, доцент, 2004-2006 жылдары «Тараз» институтының «Дүние тілдері» кафедрасы меңгерушісі, Жамбыл гуманитарлық университеті «Дүние тілдері» кафедрасы меңгерушісі (2007), Қазіргі күнде осы университеттің ғылыми-зерттеу бөлімінің бастығы болып, жастарға қазақ тіл білімінің көптеген курстарынан: қазақ тілінің тарихы, ономотика, ескі жазу т.б. бойынша маңызды да, мазмұнды лекциялар өтіп, практикалық жұмыстар жүргізіп келеді.

Бүгінгі күнге дейін ғалым тарапынан әр түрлі баспаларда 200 ден аса еңбектері жарияланды. Оқу процесінде оқыту технологияларын қолдану, интерактивтік ағымда ашық сабақ өткізу білімгерлердің ғылыми зерттеу және шығармашылық жұмысына

басшылық етуі, ұйымдастырушылық және тәлім-тәрбиелік жұмыстары, ғылыми-зерттеуді орындау, ғылыми жетістіктер және ғылыми педагогикалық кадрларды даярлау тұрғысынан алып қарағанда аянбай ат салысып, табанды еңбек етіп келеді.

Ғалымның «Қарақалпақ-орыс тілдеріндегі физкультура және спорт терминдері сөздігі» (Нөкіс 1990, 6,5 б.т.) «Қарақалпақ тіліндегі спорт лексикасы» (Нөкіс-1995, 5,6 б.т.), «Қазіргі қазақ тілінің лексикасы»; «Араб тіл біліміне кіріспе»; «Лексикология»; «Терминология»; «Этимология»; «Тарихи лексикология»; «Нормативті қазақ тілі»; «Қазақ тілінің тарихы», «Стилистика» т.б пәндерінен әдістемелік құралдары баспадан шыққан.

Сонымен бірге, оның «Қарақалпақ тілінің ұлттық спорт терминдері жайында» деп аталған ғылыми еңбегі Гарвард университетінің (АҚШ) ғылыми жинағында (1995) шет тілінде басылды. Қарақалпақстан Республикасының астанасы Нөкіс қаласында болып өткен «Қырық қыз» (1997) дастанының 1000 жылдығына арналған Халықаралық конференцияда «Қырық қыз» эпосындағы ұлттық ойын терминдерінің этимологиясы» деп аталған ғылыми мақаласы жұртшылықты тамсандырды. Түркітану мәселеріне арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы-2001, «Түркі тілдеріндегі ұлттық ойын терминдері»), «Орта Азия және Қазақстан түркі өркениетінің бастауы » деген тақырыптағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар (Тараз, 2006) жинағы «Түркі тілдерінің этнонимдері тарихынан» деп аталатын мақалалары жарияланды.

Ол қазір «Түркі тілдері спорт терминдерін салыстырмалы зерттеу» деп аталған көп жылғы ғылыми зерттеуін аяқтап, оның негізінде докторлық диссертация қорғау үшін қажырлы еңбек етуде. Ғалым Ә.Ә.Кәрібаева республикалық алдыңғы және қолданбалы ғылыми техникалық бағдарлама бойынша жұмыс жүргізіп ҚазГОСИТИ бекіткен «Түркі тілдерінің лексикологиясы және терминологиясы» атты мемлекет қаржыландырылған Ғылыми іздену жұмыстарының 2008-2012 жылдарға арналған жоспарымен жұмыс жасап, өзінің қызмет лауызымы бойынша, 2008-2012 жылға арналған келісім шарты бойынша Қарақалпақстан Республикасы Нөкіс мемлекеттік пединституты, Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педуниверситеті және Өзбек Мемлекеттік физкультура институтымен ғылыми байланыстар жасауға басшылық етті.

Біз, өз кезегінде талантты ғалымға жоспарларының орындала беруіне тілектеспіз және туыс елдер арасындағы ғылыми қарым-қатынастардың Әзиза Өтегенқызы сияқты жанкүйерлерінің көбейе беруін қалаймыз.

ӘОЖ. 811. 123.04

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАШҚАРИТАНУ: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

ЖҮНІС МАЙРА ӘБИБУЛЛАҚЫЗЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Әйгілі Қараханидтер мемлекетін билеушілердің тұқымынан тараған Махмуд ибн ул-Хусаин ибн Мухаммед-ил-Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі, XI ғ.) деген еңбегіне арналған, *қарастыратын мәселесі* – Қазақстан тіл білімінде осы жазба ескерткіш қай жағынан зерттелді? Қандай теориялық мәселелер қаралды? Нендей жаңалықтар ашылды? Қазақстан тілші ғалымдары *әлемдік қашқаритану ғылымына* қандай үлес қосты? деген сияқты сұрақтарға жауап іздеуден ұсынылды.

Талқылау: әзербайжанның түркітанушы ғалымы 2008 жылы әлемдік Қашқаритану ғылымына «1000 жылдыққа мың еңбек» деп аталатын дүниежүзі ғалымдарының Қашқаритану ғылымы бойынша жазылған еңбектерінің тізімін ұсынған болатын [1]. Қазақстан ғалымдарының көптеген (біздің жинақтауымызша – 494) еңбектері жазылмаған

[2]. Қазақстанның тілдік ғылымында М. Қашқари еңбегінің қомақты бөлігі қазақ сөздері екені дәлелденгенімен, әлемдік түркітануда аз ғана автордың еңбегі жариялануы – аса маңызды мәселе деп ойлаймын. 2006ж. жарияланған «Тіл тарихы: етіс категориясы» атты монографияда М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» деген еңбегіндегі етіс категориясы қазіргі қазақ тіліндегі етіс категориясымен тарихи-салыстырмалы әдіс бойынша жазылып шықты (толықтырылғаны 2014, 2016, 2019 жарияланды) [3].

Қазақстан ғылымының көптеген салаларында М.Қашқари шығармасының материалдары 2008ж. жарық көрген қашқаританушы әріптесіміз Қ.А.Сарбасова мен Б.Әбдікерімұлының «М.Қашқари педагогикасы» оқу құралын қашқаритануды оқытудың бастамасы деуге болады [4]. Түбі бір түркі елінің бірі Әзербайжан ұлтынан шыққан, әлемдік лингвистикада танымал қашқаританушы Рагимов Ариф Рагим оглы мырзаның еңбегімен [5] және Кязимов Джахид Исмаил оглының «Махмуд Қашқари еңбегінің 1000 жылдық мерейтойына 1000 көрсеткіш» атты Қашқари сөздігі бойынша дүниежүзінің 18 елінің ғылыми-зерттеулері қамтылған аса құнды көрсеткішімен [1]. Ғалым Ш.Сарыбаевтың библиографиялық көрсеткішінде қазақ тіл білімінде осы сөздік жайындағы ғылыми зерттеулердің жалпы саны - 58 еңбек[2]. Нәтижесінде М.Қашқаридың өмірі туралы мәліметтерді *М.Томановтың екі еңбегі*: 1.Томанов М. Махмуд Қашғари. – Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғғ.). Алматы, 1964, б. 153-166; 2.Томанов М. Махмуд Кашғари. – В кн.: «Великие ученые средней Азии и Казахстана (VIII-XIX вв.)». Алма-Ата, 1965, с. 104-118, *А.Ибрагимованың еңбегі*: Ибрагимова А. Түрік тілдерінің тұңғыш ғалымы. – Білім және еңбек, 1963, №2, б. 24-25, *Ф.Мұсабаевтың бір еңбегі*: Мусабаев Г.Г. Некоторые сведения о жизни Махмуда Кашғари. – В кн.: «Исследования по тюркологии». Алма-Ата, 1969, с. 48-62, *Т.Арыновтың еңбегі*: Арынов Т. М.Қашқари туралы жаңа дерек. – «Қазақ әдебиеті», 1973, 14 декабрь, №50, *Ә.Қоңыратбаевтың*: Қоңыратбаев Ә. М.Қашқари – ұлы ғалым («Диван лұғат-ат түрік» сөздігінің 900 жылдығына). – «Қазақстан мұғалімі», 1975, 7 февраль, №6, еңбектерінде ғалымның қай жерден шыққаны, білім алу үшін қандай ғылыми еңбектермен таныстығы көрсетілген.

Фонетика бойынша: М.Томановтың: Томанов М. Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық сипаты туралы. – Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеті). 1 шығуы. Алматы, 1971 (мұқабада – 1972), б. 141-147, Р.С.Каирбаеваның: Каирбаева Р. С. Карл Броккельман о согласных звуках в языке тюрских племен XI века (по данным М. Кашгарского) //Қазақ тілінің мәселелері: Аспиранттар мен ізденушілер мақалаларының жинағы. С.М.Киров атындағы Еңбек ту Қызыл орденді Қазақ мемлекеттік университеті. Алма-Ата, 1980, с.112-133 еңбектері бар [2].

Морфология бойынша: М.Томановтың: Томанов М. Етістіктің шақ тұлғасының қалыптасуы туралы (М. Қашқари материалдарымен салыстыру негізінде). – Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С. М. Киров атындағы мемлекеттік университеті). 2 шығуы. Алматы, 1973, б. 79-88, А.Хасенованың: Хасенова А. Махмуд Қашқари «Сөздігінің» қазақ тілі грамматикалық категорияларын зерттеудегі мәні. – Кітапта: Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. Мақалалар жинағы. Алматы, 1975, б. 65-80, Ә.Құрышжанов пен Р.Қайырбаеваның: Құрышжанов Ә., Қайырбаева Р. XI ғасырда жасаған түркі тайпаларының тіліндегі сын есім тудыратын жұрнақтар (М. Қашқари еңбегінің материалдары бойынша). – Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1980, №9, б. 47-53. (Резюме орыс тілінде), Н.Ысқақованың: Ысқақова Н. «Диван лұғат ат-түрк» ескерткішінде шығыс септіктің қолданылуы. – Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы, 1980, №4, б. 5-10. (Резюме орыс тілінде), Р.Қайырбаеваның: Каирбаева Р. Глаголообразующие аффиксы в языке «Диван лугат-ит тюрк» Махмуда Кашгарского. – Изв. АН КазССР. Сер. Филол., 1979, №4, с. 43-50. Резюме на казахском языке. деген еңбектері бар.

Лексика бойынша: Ж.Жолаевтың: Жолаев Ж. Тіліміздегі кейбір сөздердің этимологиясын М.Қашқаридың талдаулары – Қазақстан мектебі., 1962, №4, Қ.Өмірәлиев пен Қ.Келесұлының: [Өмірәлиев Қ.] Келесұлы Қ. М. Қашқаридің «Дивану лұғат-ит түрк» деген кітабындағы мақал-мәтелдер. – Қазақстан мектебі, 1968, №9, б. 92-96, О.Нақысбековтің: Нақысбеков О. М. Қашқаридің «Диван лұғат-ат түрк» атты еңбегіндегі төрт түлік мал атаулары. – Кітапта: Местные особенности в казахском языке. Мақалалар жинағы. Алматы, 1973, б. 103-122, Р.Қайырбаеваның: Қайырбаева Р. М. Қашқари еңбегіндегі мақал-мәтелдер. // Білім және еңбек, 1970, №12, б. 27, С.Қасимановтың: Қасиманов С. Махмуд Қашқари еңбектеріндегі мал туралы мақал-мәтелдер. – Қазақстан мектебі, 1976, №5, б. 95-96, Ә.Нұрмағамбетовтың: Нұрмағамбетов Ә. Қашқари сөздігіндегі кейбір сөздердің қазақ тілі айтылымдарындағы көрінісі. – Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы, 1979, №1, б.17-20. (Резюме орыс тілінде), В.У.Махпировтың: 1.Махпиров В.У. Некоторые этимологии антропонимов, этнонимов и топонимов по Махмуду Кашгарскому. – Вестник АН КазССР, 1980, №11, с.72-74. [Резюме на казахском языке]; 2.Махпиров В.У. Антропонимы в «Дивану лугат-ит-тюрк» и «Кутадгу билик». – Советская тюркология, 1979, №4, с. 22-28; 3.Махпиров В.У. Смысловые модели этнонимов «Дивону лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгарского и их типологическая классификация. – Изв. АН КазССР. Сер. Филол., 1980, вып. 2, с.41-46. [Резюме на уйгурском языке]; 4.Махпиров В.У. Вопросы этнической истории тюркских племен в «Дивану лугат-ит тюрк» Махмуда Кашгарского // Исследования по киргизскому и казахскому языкознанию: (Материалы науч. Конференции молодых ученых-языковедов Киргизии и Казахстана, 28-29 октября 1981 г.). Фрунзе, 1984. С. 84-87, 5.Махпиров В.У. «Дивану лугат-ит тюрк» Махмуда Кашгарского (ХІв.) и вопросы тюркской антропонимики //Материалы респ. науч. Конференции молодых ученых и специалистов по обществ. наукам, посвящ. 110-й годовщине со дня рождения В.И.Ленина, 17-18 апреля 1980 г Алма-Ата, 1981, с. 204-205; 6.Махпиров В.У. Тюркские топонимы в «Дивану лугат-ит тюрк»//Советская тюркология. 1983. №1. С. 34-39.]; 7.Махпиров В.У. «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгарского и проблемы тюркской антропонимики // Актуальные проблемы советского уйгуроведения: Материалы I респ. уйгуроведч. конференции, 29-31 мая 1979 г Алма-Ата, 1983. С. 105-108, Н. Ақбаевтың: Ақбаев Н. Кәусар бұлақ // Жұлдыз. 1983. №3. Б.203-206. (М.Қашқаридің «Диуани-лұғат-ит-түрк» кітабындағы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер), Қ.Өмірәлиевтің: Өмірәлиев Қ. М. Қашқари «Сөздігіндегі» поэзия үлгілері және оның дәуірі. – «Қазақстан мектебі», 1972, №2, б. 77-82 еңбектері бар [2].

Синтаксис бойынша: Н.Ысқақованың: 1.Ысқақова Н. М. Қашқари сөздігіндегі тура толықтауышты меңгеру. – «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы», 1972, №2, б. 69-72, 2.Ысқақова Н. М. Қашқари «Диванындағы» барыс септікті сөз тіркестері. – «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы», 1974, №3, б.53-55, 3.Ысқақова Н. Тура толықтауышты сөз тіркестері (М. Қашқари сөздігі бойынша). – Кітапта: Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. Мақалалар жинағы. А., 1975, б. 177-190, 4.Ысқақова Н. «Диван» тіліндегі көмектес септікті сөз тіркестері. – Қазақстан мектебі, 1976, №1, б. 90-91, Ысқақова Н. М. Қашқари «Сөздігіндегі» жатыс жалғаулы сөз тіркестері. – Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті. А., 1975, 7-шығыуы, б.94-99, 5.Искакова Н. Винительный падеж в словосочетаниях «Дивана» Махмуда Кашгари. – Советская тюркология, 1977, №1, с.94-97, Ә.Құрышжановтың: Құрышжанов А.К. Махмуд Кашгари о кыпчакском языке. – «Советская тюркология», 1972, №1, с. 52-60 деген еңбектері бар [6].

Қазақ тілі бойынша зерттеулер (1950-2000 ж. аралығында) яғни, қазақ тіл білімінен қорғалған диссертациялардың көрсеткішінде 4 автореферат бар: 1. Р.Қайырбаеваның: «Қайырбаева Р. К.Брокельман о словообразующих формантах в языках тюркских племен XI века (по материалам «Диван лугат ит-тюрк» Махмуда Кашгари). Автореферат дисс... КФН. Алма-Ата, 1981, 27 с., 2. В.У.Махпировтың: Махпиров В.У. Собственные имена в

памятнике XI в. «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгарского. Автореферат дисс. КФН. Алма-Ата, 1980, 3. *М.С.Бейсенованың*: Бейсенова М.С. М.Қашқаридің «Диуану лұғат ит-түрк» атты сөздігіндегі төрт түлік мал атаулары. ФҒК... авторефераты. Алматы, 1997. 31 б., 4. *М.Ә. Жүнісованың*: Жүнісова М.Ә. Ескі түркі тілдеріндегі егіс категориясы (Махмуд Кашқаридің «Диуану лұғат-ит-түрк» деген еңбегі бойынша, XI ғ.) ФҒК... авторефераты. Алматы, 1994, 30 б. [13].

Әлемдік түркологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткішінде өзге ұлт өкілдері ғалымдарының бірқатар еңбектері бар: *В.И.Аслановтың*: Асланов В.И. «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгари и азербайджанский язык //1972. №1. С.61-74, *Т.М.Гариповтың*: Гарипов Т.М. Махмуд Кашгари и кыпчакские языки Урало-Поволжья// 1972. №1. С.47-51, *А.М.Демирчизадеңің*: Демирчизаде А.М. Сравнительный метод Махмуда Кашгари// 1972. №1. С.31-42, *Г.Дёрфердің*: Дёрфер Г. Махмуд Кашгари: аргу, халадж /Пер. с нем. И.Г.Добродомов и Г.Л.Зеленин//1987. №1. С.37-44.], *А.Н.Кононовтың*: Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его «Дивану лугат-ит-тюрк»//1972. №1. С.3-17; Кононов А.Н. Изучение «Дивану лугат ит-тюрк» Махмуда Кашгарского в Советском Союзе//1973. №1. С.3-9, *Г.К.Кулиевтің*: Кулиев Г.К. О форме винительного падежа типа *sözin, tewesin* а тексте «*Divanü lügat-it-türk*» Махмуда Кашгари//1970. №4. С.67-70, *И.Кучкартаевтың*: Кучкартаев И. Лексика «Дивану лугат-ит-тюрк» Махмуда Кашгари и современный узбекский литературный язык (из сравнительного исследования глаголов речи) //1972. №1. с.83-90, *Ю.Мухлисовтың*: Мухлисов Ю. Об уйгурском переводе «Диван лугат-ит-тюрк»//1972. №1. С.150, *Г.Х. Нигматовтың*: [Нигматов Х.Г. О глагольных корнях типа СГС и СГ по материалам Словаря Махмуда Кашгарского // 1970. №3. С.39-44; Нигматов Х.Г. Некоторые особенности тюркских авторски примеров в «Диване» Махмуда Кашгари // 1972. №1. С.100-102.] т.б., *Диалектология бойынша*: *М.Ш.Ширалиеваның*: Ширалиев М.Ш. Махмуд Кашгари как диалектолог // 1972.№1.С.24-30 еңбегі бар. *Ономастика бойынша*: *В.У.Махпировтың*: Махпиров В.У. Антропонимы в «Дивану лугат-ит-тюрк» и «Кутадгу билиг» // 1979. №4. С.22-28; Махпиров В.У. Тюркские топонимы в «Дивану лугат-ит-тюрк»//1983. №1. С.34-39 [14].

Қорыта келгенде, М.Қашқари сөздігін Қазақ тіл білімінде, тіпті әлемдік лингвистикада зерттеушілердің саны және сапасы күннен-күнге арта бермек, себебі әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар ескерткіштің қай кезде де шынайы тіл тарихын жасауда берері мол мұра екені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қашқари Махмұт Түрік сөздігі. //Аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған ақын, сыншы, илология ғылымдарының кандидаты А.Қ. Егеубай. Халықаралық «Жәдігер» қоры. –Алматы: ХАНТ баспасы, 1997 ж. 1 т. 590 б., 2 т. 525 б., 3 т. 597 б.

2.Жүнісова М.Ә. Қазақстандағы Қашқаритану / Монография Қазақ-ағылшын тілдерінде. –Алматы:Ұлағат, 2017. –215 б.

УДК 82. 41.056

БРИФИНГ – МУСТАҚИЛ ЖАНР

АЛЛАМБЕРГЕНОВА ПЕРХАН КУДАЙБЕРГЕНОВНА
филология фанлари номзоди, Тошкент шаҳар, Ўзбекистон
журналистика ва оммавий коммуникациялар университети докторанти

Барчамизга маълумки, “Ўзбекистонда очиқлик сиёсати юритилмоқда(8). Илгари кўринишни истамаган мутасаддилар бугун брифинглар ташкил этиб, оммавий ахборот воситаларида бот-бот чиқишларкилмоқда. Хўш, брифинг нима?

“Брифинг (инг. briefing; brief – қисқа) – расмий шахсларнинг оммавий ахборот воситалари вакиллари билан учрашуви. Унда муайян масала бўйича расмий нуқтаи назар ёки халқаро музокаралар, кенгашлар, конференцияларнинг бориши ва бошқалар тўғрисида томонларнинг ўзаро келишиб олинган қарашлари расмий хулосаси қисқача баён қилинади(9). Албатта, бу учрашувдан кўзланган мақсад ҳақида “брифингда тадбирнинг манфаатдор томонлари ўртасида дарҳол ёки тадбирдан кейинги қисқа учрашуви”(10)ни ташкил этишдир.

Ўзбекистон Миллий Энциклопедиясида “Расмий шахсларнинг оммавий ахборот воситалари вакиллари билан учрашуви. Унда муайян масала бўйича расмий нуқтаи назар ёки халқаро музокаралар, кенгашлар, конференциянинг бориши ва бошқалар тўғрисида томонларнинг ўзаро келишиб олинган қарашлари расмий хулосаси қисқача баён қилинади”(6,217),-дега таъриф берилади.

Баъзи манбаларда “брифинг (инг. briefing; brief – қисқа, узун эмас) – битта масалага бағишланган қисқа матбуот анжумани”(3,217),-деган фикрлар мавжуд.

Шунингдек, бир гуруҳ ўзбек олимлари “брифингда савол-жавобларсиз давлат, ҳукумат, вазирликларнинг баёнати берилади”(1,261)¹,-дейишади.

Амалиётда брифинглар турли соҳа вакиллари томонидан ўтказилаётганини кузатишимиз мумкин. Масалан, расмий ва сиёсий вакиллар, спорт, тиббиёт, ҳуқуқни муҳофаза қилиш ва бошқа соҳалар. Учрашувда асосланган аниқ фактлар тақдим этилади. “Брифинг – расмий кишиларнинг оммавий ахборот воситалари вакиллари билан учрашуви. Масалан, давлат структуралари, парламент фаолияти, вазирлик ва муассасалар, медиа-холдинг ва ҳ.к. фаолияти тўғрисида”(3,217) ўтказиладиган учрашув. Бу веб-сайт, блог ёки ижтимоий тармоқлар, оммавий ахборот воситаларида ёритиш ёки тегишли нашрда фикр-мулоҳаза учун асос бўлиши мумкин.

Рус манбааларида брифингга қўйидагича таъриф берилади: “Брифинг – мансабдор шахсларнинг оммавий ахборот воситалари вакиллари билан учрашуви, унда муайян масала бўйича қисқача расмий позиция баён этилган ёки халқаро музокаралар, учрашувлар, конференцияларда иштирок этувчи томонлар келишилган, уларнинг бориши тўғрисидаги маълумотлар, томонларнинг фикр-мулоҳазалари ва бошқалар(4,257).

Олим Беруний Олимов эса, “брифинг – битта масалага бағишланган қисқа матбуот анжумани. Бугунги дунёнинг мафқуравий манзараси – жаҳонда рўй бераётган ғоявий жараёнлар, мавжуд мафқура шакллари, уларнинг моҳияти, мақсадлари ва ўзаро муносабатлари билан боғлиқ ҳолат, хусусият ва фаолиятларни яхлит тарзда акс эттирувчи тушунча”(2,226-227),-дега кенгроқ таъриф беради. Брифинг баъзан инструктаж деб ҳам юритилади. Бизнингча, брифинг деб номланиши мақсадга мувофиқ. Негаки, Ўзбекистонда сўнгги пайтлари “брифинг” сўзи ҳам, бевосита брифинг ўтказиш ҳам анча фаоллашди. Энг асосийси, бу усулни халқ қабул қилди.

Мансабдор шахсларнинг оммавий ахборот воситалари вакиллари билан учрашуви, унда расмий позициядан баён қилинади, ҳар қандай масала бўйича қисқача маълумот берилади. У матбуот анжуманидан тақдимот қисмининг йўқлиги билан фарқ қилади.

Айрим манбаларда брифингга матбуот анжумани сифатида қаралади. “Матбуот анжумани кўпинча брифинг деб аталади, (энциклопедик луғатга қаранг, хорижий сўзлар луғатида бу сўз йўқ) халқаро музокараларда, учрашувларда, конференцияларда ташкил этилиши таъкидланади. Брифинг – маълум бир масалага бағишланган қисқача матбуот анжумани”(11). Агар амалий жиҳатдан олиб қарайдиган бўлсак, брифинг ўтказиш, уни эфирда намойиш этиш бироз фаоллашди. Бу эса, брифингни алоҳида жанр сифатида эътироф этишга замин яратади. Негаки, брифинг фаоллашгани сари унинг хусусиятлари яққолроқ намоён бўлмоқда. Масалан:

тақдимотнинг намойиш этилмаслиги;
савол-жавобнинг бўлмаслиги;

¹ Аудиовизуал журналистика. Ж.б. т.: O`zbekiston.НМИУ. 2019. Б. -261. -432.

мухбирлар ўз фикр-мулоҳазаларини билдирмаслиги;
кун тартиби бўйича масалалар муҳокама қилинмаслиги;
ҳажмнинг қисқалиги.

Демак, таъкидлаб ўтилган ўзига хосликлар брифингни алоҳида жанр сифатида эътироф этишга асос бўла олади деб ҳисоблаймиз.

Демак, журналистлар учун муҳим расмий тадбир дастури ва уни ёритишнинг керакли жиҳатларига йўналтириш жараёни брифинг дейиш мумкин.

Расмий, халқаро миқёсдаги тадбирлар бўйича ўтказиладиган тадбирларга асосан аккредитациядан ўтган журналистлар иштирок этишади.

“Ғарбда брифинглар кўпинча матбуот билан нонушта шаклида бўлади”(7, 155-156).

Шуни ҳам алоҳида таъкидлаш керакки, брифингда иштирок этаётган ҳар қандай журналист бошқа оммавий ахборот воситаларидан кам бўлмаган даражада маълумот олиш ҳуқуқига эга бўлади. Агар лозим бўлса, эксклюзив интервью олиш мумкин. Интервью – журналистика жанрива айни пайтда ахборот олишусули. Брифинг оммавий ахборот воситаларида тарқатиш учун мўлжалланган жамоатчилик учун муҳим ва долзарб маълумотларни етказиш мақсадида ташкил этилади. Баъзи мутахассислар брифингни интервьюнинг бир тури сифатида қарайди. “Интервьюнинг турли таснифлари, шу жумладан, ташкилий тури (матбуот анжумани, брифинг, телефон, юзма-юз, давра суҳбати) мавжуд(12). Биз бу фикрга қўшилмаймиз. Негаки, бу ерда жуда майдалашиб кетган. Бунақада ҳар бир тадбирни (интервью олинган) ташкилий тур сифатида таснифлашга тўғри келади.

Юқори мансабдор шахслар доимий равишда тез ўзгариб турадиган кенг қўламли мавзулар ва масалалар бўйича маълумотларни ўрганишлари ва сақлашлари керак. Буни қилишнинг ягона йўли – қисқа, аниқ ва ишончли брифингларга таянишдир.

Брифинг муаммо, масала ҳақида тез ва самарали маълумот бериш учун мўлжалланган. Кўпинча қарорларга таъсир қилиш ёки ечимларни таклиф қилиш учун ишлатилади.

Бугун мамлакатимизда давлат идораларининг, ташкилот ва корхоналарнинг жамоатчилик билан алоқалари фаол йўлга қўйилган. Ахборот хизматлари таксил этилган. “Ахборот хизматлари ахборот воситасида жамоатчиликка таъсир этиб, ҳамкорлик ўрнатиб, бошқарув усулларини қўллар экан, бу жараён жамоатчилик билан алоқалар хизматлари томонидан медиа тадбирларни ташкиллаштириш –бу алоҳида шахслар ва ижтимоий гуруҳларнинг давлат ҳокимияти ва бошқаруви органлари, сиёсий партиялар ва ижтимоий-сиёсий ташкилотларга нисбатан ишонч ҳамда ошқораликка асосланган ўзаро мулоқот муҳитини яратади”(3,104-105).

Медиа тадбирлар қўйидаги кўринишларда ўтказилиши мумкин: матбуот анжумани, брифинг, тақдимот маросимлари, кўргазмалар, “очиқ эшиклар куни”, учрашувлар, product placement, промо-акциялар шаклида ташкил этилиб, янгиликлардан хабардор қилиш, маълум ғояларни тарғиб этиш, жамоатчилик фикрини шакллантириш, имиж яратиш учун амалга оширилади. Шу жиҳатдан, PR тадбирлар иқтисодий, сиёсий, ижтимоий жараёнларнинг муҳим таркиби ҳисобланади”(3,104-105).

Мутахассисларнинг фикрича, “Махсус PR тадбирларга турли кўринишдаги “қабул, очилиш маросимлари, тақдимот, конференция, “очиқ эшиклар куни”, давра суҳбати, кўргазмалар киради. ...Оммавий ахборот воситалари учун PR –тадбирлар журналистлар учун махсус ташкил этилиб, улар матбуот анжумани, брифинг, медиа-тур шаклида ўтказилиши мумкин”(3,107),- дейилади. Бу ерда конференция, давра суҳбати, матбуот анжумани, брифинг тадбир турларини ўтказиш формати сифатида қаралган. Аммо конференция, давра суҳбати, матбуот анжуманлари журналистика назариясидаги мавжуд жанрлар, шу жумладан брифинг ҳам.

Брифингни қўйидагича таснифлаш мумкин. Яъни, амалиётда брифингнинг ўтказилиш шаклига кўра икки тури мавжуд: анъанавий брифинг ва онлайн брифинг. Анъанавий брифингда расмий шахснинг маълум бир мавзуда ёки бирон маълумотни

етказиш бўйича белгиланган жойда (масалан, матбуот марказида) оммавий ахборот воситалари вакиллари билан учрашуви ўтказилади.

Пандемия даврида аксарият мулоқотларни онлайн тарзда ўтказиш одат тусига айланди. Шу жумладан, брифинглар ҳам онлайн шаклга ўтди. Онлайн брифингга мутасадди шахс интернет платформаларининг бири орқали видео мулоқот ўрнатишади. Масалан, ZOOM платформасида ташкил этилган брифингнинг линки иштирокчиларга етказилади. Қулайлиги онлайн брифингга уйингиз ёки иш жойингиздан интернет орқали иштирок этишингиз мумкин. Ўзбекистон шароитида ZOOM платформасидан самарали фойдаланишади.

Шунингдек, ўтказиш тартибига кўра, икки тури мавжуд: очик ва ёпиқ брифинг. Очик брифинглар асосан, маълум бир соҳалар бўйича бўлиб ўтади. Унда оммавий ахборот воситалари вакиллари эркин тарзда иштирок этиши мумкин. Масалан, спорт соҳасида бирон мусобақа олдидан ёки маданият, тиббиёт соҳалари мутасаддилари ўтказадиган брифинглар. Ёпиқ брифингга асосан, фақат аккредитациядан ўтган махсус мухбирлар, олдиндан белгиланган оммавий ахборот воситалари вакиллари таклиф этилади. Бунга давлат раҳбарларининг, ҳукумат вакилларининг расмий учрашувларидан сўнг ва сайлов жараёнида ўтказилган брифингларни мисол қилишимиз мумкин. Бизни тадқиқот объектимиз Қорақалпоғистон телевидениесида сайлов жараёнида ўтказилган брифинглар тўғридан-тўғри эфирга намоиш этилди. Шу билан ҳукумат вакилларининг масалан, Қорақалпоғистон Республикаси Вазирлар Кенгаши раиси Қахрамон Сариев ўтказган брифинглар олдиндан ёзиб олинган брифингга мисол бўла олади. Шунингдек, амалиётда спорт мусобақалари олдидан ўтказилган брифинглар ҳам учраб туради.

Узатилиш шаклига кўра, брифингнинг тўғридан-тўғри ва ёзиб олинган турлари ҳам мавжуд. Амалиётда асосан, тўғридан-тўғри узатиш кўпроқ кўзга ташланади. Унда брифинг бевосита жонли эфирга узатилади. Ёзиб олинган турида, брифинг ёзиб олиниб, зарур монтаж ишлари амалга оширилгандан сўнг эфирга узатилади.

Узатилиш воситасига кўра, телевидение, радио ва ижтимоий тармоқлар (фейсбук, ютуб ва ҳ.). ижтимоий тармоқларда ҳам жонли эфир бўлиши мумкин.

Хулоса сифатида айтиш мумкинки, долзарблиги, муҳимлиги, ҳажмининг қисқалиги ва айнан мақсад маълумот беришдан иборатлигини инобатга олиб, брифингни алоҳида жанр сифатида тан олиб уни информацион жанрлар гуруҳига киритиш мумкин. Матбуот анжуманида эса, кун тартибидаги масалага тақдимотлар ва журналистлар савол-жавоблари орқали таҳлилий ёндошилади. Шунинг учун ҳам матбуот анжумани таҳлилий жанрлар гуруҳига мансуб. Брифингга бундай ҳолат кузатилмайди. Фақат маълумот берилади.

Жанрлар журналистик асарларни типиклаштиради. Тарихан жанрларнинг ривожланиши, биринчидан, матнлар мақсадига, иккинчидан, акс этиш предмети — воқеа, ҳодиса, жараён, долзарб масала, муаммо ва тўқнашув — хусусиятлари билан белгиланган. Мазкур жараёнда жанрлар эволюцияси яхлит ўзгармас шакл эмаслиги кузатилади.

Фойдаланилган адабиётлар руйхати:

1. Аудиовизуал журналистика. Ж.6. т.: Ўзбекистон.НМИУ. 2019. Б. -261. -432.
2. Алимов Б. Медиа маконда миллий манфаатлар. Т.: Таълим медиа. 2019. Б-226-227. -240.
3. Журналистика. Замонавий медиа муҳитда PR – хизматлар. Ўзбекистон. НМИУ. 2019. 104-105-66. –512.
4. Мельник Г.С., А.Н.Тепляшина. Основы творческой деятельности журналиста. СПб: Питер. 2004. С.257. -272.
5. Луғат. Журналистика-реклама-публик рилейшнз. Маълумотнома. Т.: Зар қалам. 2003. Б.38. -400.
6. Ўзбекистон миллий энциклопедияси. 2 жилд. Т.: “Ўзбекистон миллий энциклопедияси” Давлат илмий нашриёти. 2001. Б. 217. -704.

7. Цвик В.Л. Телевизионная журналистика. М.: Аспект Пресс, 2004. С. 155-156. -382.
8. https://uza.uz/ru/posts/tashqi-qarz-taraqqiyotga-yonaltirilgan-sarmoya_361717?q=%2Fposts%2Ftashqi-qarz-taraqqiyotga-yonaltirilgan-sarmoya_361717
9. <https://qomus.info/encyclopedia/cat-b/brifing-uz/>
10. <https://clayman.scholar.ss.ucla.edu/wp-content/uploads/sites/15/2019/07/JOURNALISTIC-QUESTIONING.pdf>
11. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D1%80%D0%B8%D1%84%D0%B8%D0%B3>
12. <https://newreporter.org/uz/2021/08/13/zhurnalist-prokuror-tergovchi-yoki-ruhshunos-emas-surishtiruvchining-faoliyatida-intervyu/>

ӘОЖ 811.512.122

АЗИЗА КӘРІБАЕВА ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

ҚҰЛАМАНОВА ЗИБА АБДУЛЛАҚЫЗЫ

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университетінің қ.профессоры, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Тіл, қоғам, мәдениет, жеке тұлғаны макролингвистикалық тұрғыдан қарасақ, тілдік тұлғаның адаммен байланысты екенін білеміз. Сондай-ақ тіл мен мәдениеттің өз ара байланысын зерттеуде, парадигманың маңызды роль атқаратыны белгілі. Себебі, тіл мен мәдениет адамға қызмет етеді, бірін-бірі толықтырып отырады. Ал адам өзін қоршаған ортаныөзіне таныс дүниелермен қатар, өзін басты орынға қоя отырып, зерттеп зерделейтіні де баршаға аян. Мұның айғағы Азиза Кәрібаеваның зерттеулеріндегі түркі терминологиясы.

Негізінен ежелгі кезеңдегі түркі тілдерінің негізгі дереккөздері: ауызекі және жазба дерек көздері болып саналады. Ауызекі дереккөздері деп отырғанымыз, халықтың бүкіл өмір сүру дәуірінде қалыптасқан ұлттық ойындар және олардың түрлері, ойналу тәсілдері еді. Бұлар атадан - балаға мирас болып келе жатқан құнды дүниелер болатын. Олар өмір өзгергенімен, өзгермей тілімізде дамып, халқымыздың санасында өшпей қалыптасқандүниелер. Мұны жарыққа шығару, өмірге қайта келтіру – біздің ұлттық парызымыз.

Кезінде жазушы М.Әуезовтың өзі де дәлелді пікірлермен келтірген болатын. «Әдеби тіл – негізін, яғни дерек көздерін батырлық жырлардан алған». Жыраулар мен жыршылар, орындаушылардың ықпалымен ұлттық дәстүрді жандандырудың өзі, ұлттық терминдердің күшті де, қуатты бірлігі болуын айқын дәлелдейді.

Мәселен, Азиза Кәрібаева «Ұлттық спорт терминдері» туралы латын тілінде жазған ғылыми мақаласымен 1991 жылы АҚШ-тың Гарвард университеті ұйымдастырған «Орталық Азия ғалымдарының» I форумына қатысып, 1995 жылы АҚШ Гарвард университетінің «Ученые Центральной Азии по истории и культуры» деген анықтамалығына яғни біздің тіліміздегі энциклопедиясына енген [1,217].

Ол өз еңбектерінде көптен бері халық санасында сақталып келген, халықтықұғымдарды қайта рухани жаңғыртып, қалыптастыруды мақсат еткен. Жазба дереккөздері дегенде біз түркі заманынан бері келе жатырған жазба деректер мен жазба ескерткіштер арқылы тілімізде қалыптасқан, ұлттық мұралардың сақталуын және олардың кейінгі ұрпаққа мирас болып жетуін, оның қазіргі таңда қолданысқа айналуын, негізгі дереккөздер деп танимыз, - дейді Азиза Кәрібаева өзінің «Түркі терминологиясы: тарихи дамуы мен қалыптасуы» атты монографиясында [2, 217].

Алорыс ғалымы А.Васильев «Игры сартовских детей» атты мақаласында [3,217].Ферғана мен Сырдария аймақтарын мекендеген өзбек халқының ұлттық ойындарының түрлерін ажыратып, оларды бірнеше топқа бөліп, нақты зерттелгенін айтады.

Сондай-ақ, орыс ғалымдары А.Диваев өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде [4, 217] тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындары туралы алғашқы рулық-қауымдық кезеңнен бастап, қазіргікүнгі спорттық ойын түрлерін қарастырғаны жөнінде мәлімет береді. Гуннердің 1949 ж. жарық көрген «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты еңбегінде [5,217] ұлттық ойын түрлері туралы айтылады.

Академик Ә.Т.Қайдаров кезінде терминология мәселесіне қайта оралудың себептерін айта келіп, былай дейді: «Қазақ тілі терминологиясы әртүрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр. Оның ғылыми жаңа дәстүріне бағыт-бағдар беріп, алда жүрудің орнына артқа тартып, терминжасам тәжірибесі аяқ асты болып бара жатыр». Осының нәтижесінде әркімнің өз білгенінше термин жасауыменсөздерөзгеріп, дамып, толығып келеді [6, 27].

Ұлт тілдерінде ғылыми терминологияны қалыптастыруға айрықша мән беріліп, үлкен мемлекеттік маңызы бар іс ретінде қаралған. Сол себепті, терминологияны қалыптастыру мен дамытудың принциптері де одақтық тіл саясатына сәйкес, орталықтың тікелей араласуымен жасалып, олардың басшылыққа алынуы қатаң қадағаланып отырған.

Қазіргі кезеңде термин жасамда ұлт тілінің ішкі байлығын сарқа пайдалануға үлкен мән беріліп отырғандығы баршамызға аян. Сондықтан, пайдалануға тиісті сол байлықтың көзін анықтап, ондай ішкі дереккөздердің осы мерзімге дейін терминологиялық лексиканы құрауға қаншалықты қатысып келетіндігін және алдағы уақытта оларды қалай іске жарату керектігін сөз қозғаудың сәті келіп тұр.

Мысалы «садақ» сөзі түркі тілдерінің жаңа терминдері емес, көне заманнан берісонау XIV ғасырдың өзінде, оған дейін де қолданылған сөздер. Мәселен «садақ» сөзі «Қобыланды батыр» жырында «оқ қабы», «жақ қабы» мағынасында қолданылған.Мысалы: «Дөңгеленіп келеді, Садақтың бауысартылдап», - дегенжыр жолдарында «садақ» сөзі белге байлап алған «жақжәнеоққаптары» мағынасындаберілген. Сондықтан, біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі арқауы да осы тіліміздегі ұлттық терминологияның басты мәселелері болып отыр. Міне, осындай дереккөздерді жинақтай келе, біз түркі тілінің дереккөздерін, туыстас түркі халықтарының тілі, тарихы, әдебиеті мен мәдениетін қарастыра отырып анықтауымызға болады. Сонымен қатар, зерттеубарысында, түркі тілдерінің генеалогиялық және типологиялық классификациясын нысанаға алуымыз тиіс деп ойлаймыз,-дейді А.Кәрібаева өзінің ғылыми еңбегінде. Ойымызды қорыта айтқанымызда, түркі терминологиясы саласымен ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысқанына 40 жыл толып отырған Азиза Кәрібаеваның ғылыми монографиялары, оқу құралдары, сөздіктермен ғылыми мақалалары еліміздің әр өңірінен баспадан шығарылып, шет елдерде мақалалар жариялағанын бәрімізде білеміз.

Тілші ғалым,1991ж. филология ғылымдарының кандидаты, 1995жылы АҚШ Гарвард университетінің «Орталық Азия ғалымдары: тарих және мәдениет» атты анықтамалығына,1997жылы Қазақстан Даму университетінің «Қазақ тілі» энциклопедиясы тізіміне енген. Сонымен қатар 2003жылы Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комиссиясының «доцент» атағын алып, 2007 жылы Қазақстан Республикасының «Қазақ ғылымы»атты энциклопедиясына енген.2009 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» грантының иегері, министрліктің «төс белгісімен» марапатталған. 2012 жылы Аймақтық Менеджмент Академиясының профессоры, корреспондент мүшесі дипломдарын алған.Тарихи тұлға Бөкенбай Қарабатырұлының ерлігі мен өр рухын ұлықтауға елеулі үлес қосқаны үшін «Алаш парызы» қоғамдық қорының мерекелік төс белгісімен марапатталған, әрі көрнекті ғалым- тұлға ретінде танымыз.

Тілдік тұлға феномені жөнінде алғаш ғылыми ой қозғаған Й.Вейсгербер еді. Бұл идея кеңестік тіл білімінде В.В.Виноградовтың еңбектерінде көркем шығарма тұрғысынан қарастырылды [7]. Ал қазіргі заман тіл білімінде тілдік тұлға әр түрлі аспектілерде А.А.Леонтьев, Г.И.Богин, В.И.Шаховский т.б. орыс ғалымдарының, ал қазақ тіл білімінде Қ.Жаманбаеваның еңбектерінде қарастырылып жүр.

Біздің зерттеуімізде А.Кәрібаеваның «Көркем шығарманың тілі» атты оқу құралында [8] Ахмет Байтұрсынұвтың, Шерхан Мұртазаның, Төлеген Айбергеновтың шығармаларының тілдік ерекшеліктерін лингвистикалық тұрғыдан талдай отырып, зерттеулерінде поэтикалық, лингвистикалық, стилистикалыққырларын ашқанын байқадық.Өйткені, түркі тілдері мен терминологиясын сөз еткенде, түркі халықтарына белгілі түрколог ғалым Н.А.Баскаковтың генеалогиялық және типологиялық классификациясына сүйенбей кету мүмкін емес.Қазіргі түрколог ғалымдардың көпшілігі осы классификацияға сүйене отырып, өз ғылыми ізденістерін зерттеп келеді.Осы орайда айта кету керек мәселен, Азиза Өтегенқызы Карибаеваның өзі осы ортадағы түркологтар арасында Николай Александрович Баскаковтың көзін көріп, сол кісіден дәріс алған жалғыз түрколог,- деп айтады Евразия Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Сауле Тажибаева.

Оның ғылыми еңбектерінің көпшілігі түркология ғылымына арналған.Сондықтан, Азизаның алыс жақын шетелдерде шыққан ғылыми мақалаларының ішінде «Түркі тілдеріндегі кейбір спорт терминдерінің этимологиясы» Ташкент, 1996, «Қырық қыз эпосындағы ұлттық ойын терминдерінің этимологиясы» Нөкіс, 1997, «Алпамыс дастанындағы ұлттық ойын терминдерінің этимологиясы» Нөкіс,1998, «Түркі тілдеріне ортақ термин сөздер» Тараз 2000, «Қазақ ұлттық терминологиясын қазақ тілінде қолдану әдістері» Тараз, ТарМУ, 2001, «Түркі тілдеріндегі терминдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері» Тараз, ТарМУ, 2001, «Олжас Сүлейменов – Түркі әлемінде» ТарМУ, 2003.

Әр ғалымның өз әлемі бар. Өйткені, сонау 1980 жылдары Олжас Сүлейменовтың «Аз и я» деген еңбегін орыс ғалымдары оқуға тиым салған, жарыққа шыққанмен оны халыққа оқытпай қойған.Сол жылдары Алматыдағы Пушкин атындағы кітапханадан студент кезінде таба алмаған кітабын Азиза, Мәскеудің Ленин атындағы үлкен кітапханасынаналып оқиды және түркі тілдеріне тиісті деректерді алып, өзінің ғылыми диссертациясына пайдаланады.1982 жылдан бастап, түркі тілдерінен дипломдық ізденістен бастап, ғылыми-зерттеу жұмысын түркологиядажалғастырып келген Азиза ғылым жолында әлі де түркология саласын терең зерттеп келеді. Университеттегі дипломдық жұмысын «Түркі тілдеріндегі сын есімдер» тақырыбында жетекшісі О.Доспанов, ғылыми консультант М.Томанов болса, ол өзінің таза ғылым жолын ұстазымыз ф.ғ.д. Еркебай Мергенбаевтың бағыт-бағдар беріп нұсқауымен Алматыға келіп, ізденуші ретінде тіркеліп, «Становление и развитие спортивных терминов в каракалпакском языке» атты кандидаттық диссертациясын (жетекшісі академик О.Доспанов, ғылыми консультант академик Ө.Айтбаев және оппонент проф.Ш.Сарыбаев) 1991 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Ғылым академиясы Тіл білімі институтында қорғады.

Мәселен,«Ежелгі Түркі өркениеті» 2005, «Түркі тілдері этнонимдері тарихынан» 2006, «Түркі тілдерінің этнолингвистикасы» 2011, «В.В.Радлов және түркі тілдеріндегі терминдердің фонетикалық жүйесі» 2013, «Түркі тілдерінің спорт әлемі» 2014, «Ө.Айтбаев және қазақ терминологиясы» София Бял Град, 2016, «Интернациональное термины в тюркских языках» Германия, 2015, «Баскаков және түркі әлемі» 2019, т.б. 300 ден астам ғылыми еңбектері мен ғылыми мақалалары бар. Оның болашақта бірнеше кітаптары мен оқулықтары шығары сөзсіз.

Азиза Өтегенқызы! Сізге осындай мерейлі де мерекелі сәтте шын ниетімізбен мықты денсаулық, отбасыңызға бақ, береке тілейміз. Жаңа қазақстанның қоғам игілігі, жастарды тәрбиелеп, оларға білім беру жолындағы күрделі де жауапты қызметіңізде абырой биігінен көріне беріңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Karibaeva A. U. O Nationalnikh spotivnikh terminakh karakalpakskogo iazyka. // Guide to Scholars of the history and Culture of Central Azia USA Harvard Uiversity 1995, – 225б.
2. Кәрібаева А.Ө. Түркі терминологиясы: тарихи дамуы мен қалыптасуы. – Т., 2019.- 300б.
3. Васильев А. «Игры сартовских детей». – Ташкент,- 1949.
4. Диваев А. «Игры киргизских детей». - СПб,-1948.
5. Гуннер М. «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта». – СПб,- 1949.
6. Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас.-А.,1993. -42б.
7. Виноградов В.В. Лексическая синонимика в «Слове о полку Игореве»// Русский язык в школе.- М.,1985б,№1-С.60.
8. Кәрібаева А.Ө. Көркем шығарманың тілі.-Т.,2010.-203б

ӘОЖ. 82-78.015

ҚАРАҚАЛПАҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

ТОРТКУЛБАЕВА ТУРСЫНАЙ АБДИГАЗИЕВНА

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты,
PhD, доцент, Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

Жыраулық поэзияда саяси-әлеуметтік тақырыптар ел бірлігі, мемлекет тұтастығы туралы ойлармен қатар өріледі. Әсіресе, XIX ғасырдағы зар заман бағытының ақындарында ел бірлігі мен елдік сана Ресейдің отарлық саясатымен қабаттастырыла суреттеледі. Тарих сахнасында торғайдай басын қорғап, жан пидалықпен ұрпағын сақтап, аласапыран дүниеде өмірін қорғамақ болып, елі мен мекенін қимастықпен қалдырып, талай ықтасынға ығысты. Бірі Қытайға асса, бірі Монғол жеріне жетті. Кейбірі Ауғанға барса, енді бірі Түркия, Иранға орналасты. Өзге елде басқа тілділерге жауандап, солардың ыңғайына қарап өмір сүрді.

Өмір бар жерде поэзия толастамайды. Өнер өрнегінің негізі – адам және оның тағдыры. Туған жерінен, елінен бөлектеніп кеткен ұлт өкілдері тілі арқылы әдебиетін, әдебиеті арқылы тілін сақтап қалуға тырысады. Тағдыр тауқыметін сөз өнерімен бейнелеуде талант қуатын жұмсап халқының сөз өнерін дамытқан.

Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындар поэзиясын, олардың шығармашылық көркемдігін дәстүрлі даму негізінде талдауға болады. Ақындар поэзиясы тілін мезгіл мен орталық арқылы қарастыру поэтика шындығына келеді. Себебі, поэтика жанрлық сипатты, дәстүр мен жаңашылдық санатын, көркем образды, мазмұн мен түрді, тақырып пен идеяны, сюжет пен композицияны және бейнелеу құралдарын да қамтиды.

«Адам көрген білген нәрсенің, я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады»-дейді А.Байтұрсынов. «Толғауы тоқсан қызыл тіл» толғана түсіп, өнер туындысын тағдырына орайластырып шығарады. Көңіл арнасы объективтік ортадан тарамданып шыққан сайын, автордың жан дүниесі құбыла түседі. Айтпақ тақырыбына орай сөз таңдап бастайды. Ол сөздер ойға тәуелді болады. Сөз сараптау, ойды толғау, ақындық өнердің бастапқы қалыбы. Тақырып арқылы кезең шындығы баяндалып, авторлық айтпақ ойы түйінделеді. Сөйтіп сөз тірі жан боп авторды танытады. Сондықтан, қарақалпақ аймағы қазақ ақындарының поэзиясы тілінде қолданылатын көркемдік сөздерге өте бай. Өйткені, қазақ, қарақалпақ, өзбек, түрікмен халықтары аралас отырғандықтан ақындар тілінде аралас сөздер кездесіп отырады. Солардың бірі – архаизм сөздерінен көрінеді. Ол қазіргі сөйлеу тілімізде сирек, тіпті қолданылмайтын, бірақ ақын

өзі жасаған дәуіріне және көтерген тақырыбына жарамды, өмір-тұрмысына сәйкес келетін сөздер болып табылады.

Жарасар ерге киген сонда телпек,
Бүркенбей қызда болмас жасыл желек.
Қайқайып сауған бие қара көнек,
Көргенде тәжірибе еткен үкімалар
Ортасы ошал судың төрт қысымға. (Өтім ақын)

Шебері қызыл тілдің болсам дағы,
Құдай-ау, айдар малға мәттәл қылдың. (Таңжарбай ақын)

Ақ көйлек ала бешпент қынамалы. (Дәриябай ақын)

Біз жасаған жерлерде,
Түрлі пітне тараған,
Шашбауың алтын зермен ызып отыр,

Үстінде сары зерден оқасы бар. (Сейдәлі ақын)

Шаңдақта мал көрінсе,
Алласы берген жігіттің
Байдың үйі деседі.

Көл құрыса, құйы озар. (Қарасай ақын)
Биопа өткен өмірден,
Ұйқыда көрген түс артық. (Ерқожа ақын)

Пайманасы толса да,
Мұқтажға бір зат бермеген.

Атағым Дәриябай халыққа мәлім,
Домбыра ап, жыраушылық еткен кәрім.

Дәрияның ортасында еккен тал бар,
Үстімде ақсүп көйлек, мақпал шалбар. (Дәриябай ақын):

Қаншама сайрап кетсең де,
Пәтуаң жоқ сөзінде. (Ерқожа ақын).

Көлденең жүрген молдадан,

Підия, пітір қылмаған (Ерқожа ақын) деп айтылған. Асты сызылған сөздер ақындардың жасаған кезінде актив қолданылғанымен қазіргі кезде ақындық өнерінде қолданудан қалып архаизмге айналып отыр. Солардың ішінде «телпек», «жасыл желек», «бешпент», «шашбау», «оқа» атты киім атамалары мағынасы, сондай-ақ, «шаңдақ» (мал үйіретін жер), «құйы» (шұқыр, ұйық жер), «биопа» (серт бұзған, екі жүзді, опасыз), «пітір» (садақа), «кәрі» (кәсіп), «ақсүп» (ақ шыт мата), «пәтуа» (мән, мағына) әбден архаизм дәрежесіне жетпеген сөздер деп атауға да болады. Ал, «үкімалар» (даналар), «ошал» (мұхит), «мәттәл» (зар), «пітне» (жамандық), «підия» (өлген адамның күнәсін ақтау үшін молдаға беретін құдайы зат), «паймана» (дүние, мүлік) сөздері толық архаизм деңгейіне жеткен. Бұл архаизмдік сөздер кеңістік пен уақытты танытуымен бағалы.

Қ.Жұмалиев: «Ұлы ақындардың қайсысының болсын тілін зерттеушілер ең алдымен поэтик тілдердің негізгі түрі деп те және көп кездесетін түрі деп те эпитет пен теңеулерді алады»-деген. Демек, поэзия сөзінде ұлы ғалым атаған эпитет пен теңеулер мол кездеседі.

Себебі бұл екі поэтик тіл ақын ойының көрінісін айқындауға, ойын жеткізіп баяндауға басты таяныш құрал болып табылады.

Мұнан қарақалпақ аймағындағы ақын-жыраулар өнімді пайдаланып отырған.

«Ақ домбыра қолға алып,

Олай-былай қағайын

Үзілсе, ішек тағайын.

Жас басымнан сөз сөйлеп,

Жұқарып жүр таңдайым»,

«Әлеумет келдің жиылып,

Ақ орданы құруға.

Алып та жауап қылыңдар,

Сөзімді мен де берейін,

Сыбағалап алыңдар.».

«Нашардың көркі болмайды-ау,

Ақ бесігін тербетпей.

Басыңа бақыт қонбайды-ау,

Үстаз тұтып, жол көрмей.» (Жалғасбай ақын):

«Сөйлеп қал өлмей тұрып қызыл тілім,

Алты күн ән салмасам аңсырайтын.

«Ақ мамық үлпілдеген бота көзім

Іс болар басқа түскен небір сарсаң» (Биман ақын).

Ақындар сөзінен өнер адамының қимылын, әрекетін, сөз өнеріне ықыласын, ана келбетінің бесігімен ардақтылығын, тіл өнерін, туған жерден жыраққа басын қорғап ығысқан тағдырын, сұрапыл соғыс іздерін, көңіл күйлерін баяндаған ой-дүниесін, эстетикалық талғамын, ой тануын танимыз, эпитет арқылы өмірді өнер көзімен біледі.

Қарақалпақ аймағы қазақтарының ақындары поэзиясында автор-ақын ойын жеткізуде, көңіл күйін танытуда, дәуір шындығын ұқтыруда, ақын келбетін танытуда, ақын, халық, ел тағдырын баяндауда теңеулер өлең-жыр тармақтарына тартылады. Ақын айтпақ ойын халыққа танымал ой мен сөздерді айшықтауда таза ұғымдармен салыстырып, баламалап, идеяны жеткізуде теңеу жасалады.

Аққудайын ыңыранып,

Тоты құстай сыланып. (Қарасай ақын).

Толғанып ақ ботадай толықсыса,

Ешкімге білдірмейді басқан ізін. (Биман ақын)

Түрікпен соққан мылтықтың,

Толқыған шойын оғындай. (Ережеп ақын)

Әзірінше мен жүрмін,

Көшіп қонған керуендей. (Жалғасбай ақын)

Кей жаманға сөз айтсаң,

Зарлайды жұртқа қатындай.

Кей жақсыға сөз айтсаң,

Кетеді гауһар асылдай. (Ерғожа ақын)

Егіндері ырғалып,

Бұқардың гауһар дүріндей (Сейдәлі ақын) ж.т.б. тармақтарда кездесетін теңеулерден авторлық ойдан шеттейтін теңеу болмайтындығын көреміз.

Қ.Жұмалиев: «Жалпы алғанда, метафора – сыртқы, не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау. Екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою»-дейді. Осындай метафоралардан пайдалану қарақалпақтағы қазақ ақын-жыраулары поэзиясында көптеп кездеседі.

Мен қашанғы бұлбұлың,
Топ ішінде сайраған,
Мен бақшада қызыл гүл,
Халық ішінде сайраған,
Сен менен шыққан жапырақ
Сөйлесе сөзі кем емес,

Лағылы гауһар тасынан
Мен бір алмас бұл күнде,
Қынапта тұрып жасыған,
Кескір алмас кетіліп,
Жез бенен мыс – қоладан ... (Сейдәлі ақын);

Жүк тасыған мен бір нар.
Жақсының басы – гауһар тас.

Көшпелі бұлт-дүние-ай,
Бір қалыпта тұра алмас (Ерқожа ақын).

Поэзиялық образ, ақындық тіл, музыкалық бір-бірімен орайлы жарасым, синтетикалық тұтастық тауып, сыр мен сымбаты үйлесіп келетін өлең тармақтарын шығарып, өскен ортасының адамдары тағдырымен өз тағдырын баяндау қарақалпақ аймағы қазақ ақындары шығармашылығында өзекті тақырыптардың бірі екендігі дәлелденген.

Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары мен жыраулары өнер туындыларын шығару мен оны халыққа жырлап таныстыруында композициялық құрылым мен сюжеттік желіні берік сақтаған. З.Қабдолов: «өнер туындысында бүтіндік болуы шарт»-дейді. Осы жайды ескерген ақындар тақырыбына орай, тыңдаушыларының көңіл күйіне сәйкес экспозициялық баяндауды мол қолданып отырған. «Бастаймын бісмілла деп әуел бастан» (Қосым ақын), «Достық деген даңғал жол, тап бола бермес әркімге» (Қарасай ақын), «Ұлым, қызым домбырамды әперің, жастығымды жоғарырақ көтерің, шалқып жүріп байқамаймыз бәріміз, бұл дүниенің қапелімде өтерін» (Жұмағали ақын), «Хат жаздым ақ қағазға қалам ала, жатқа сал жақсы сөзді ақ тағала» (Ермахан ақын), «Және де сөз айтайын, азаматтар тыңдасын, әр түрлі сөз шығады, табылады шындасам» (Сейдәлі ақын) ж.т.б. тармақтарда хабарлама экспозиция ақындар шығармашылығы да мол. Ал, айтыстар мен эпикалық шығармаларда мұнан басқашарақ. Айтыста айтыстың келіп шығу себептері экспозициялық мәлімдеуге ие болады. Тілеумағамбеттің эпикалық туындыларында оқиганың туындауы, келіп шығу себебі («Асау-Барақ») мәліметі берілсе, оның өзге эпикалық шығармаларында кіріспе сөзде, авторлық баяндауда («Асқар батыр») экспозициялық күйде көрінеді. Одан соң автордың жан дүниесінде бұлқып жатқан сезімдік тартыстар, қаһармандық қалыптасу жолдар тартыс, даму, шарықтау мен шешімдер рет-ретімен өрбіп, шығарманы шымырландырады. Соның салдарынан шығарманың көркемдігі танылады.

Қарақалпақ аймағындағы қазақ ақындары да, жыраулары да көркем сөз өнерін, шығармашылығын жанрларды дамыту үстінде нығайта түсті. Өлеңнің өлместігіне сенді. Өлеңі арқылы қандастарына туған тілге деген сүйіспеншілігін оятты. Ата жұртты аңсаттырды. Туған, өскен, азамат болған ортасын жанымен сүйіп, бауырластарын ардақтады. Көркемдік тіл орамдарына олардың абзалдығын орады. Өлеңдерінің оралымдылығына мән берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Байтұрсынов А.. Шығармалары. - Алматы: Жазушы 1989

2. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. II т.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат. 2002.
4. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. Алматы: Арыс. 2006.
5. Жұмажанов Қ. Сейдәлі ақын. Нөкіс. Қарақалпақстан. 2002
6. Жұмажанов Қ., Т. Торткүлбаева. Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы. Алматы: Дәстүр. 2017

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)

ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӨРТТІК (ТӨРТТАҒАН) ЖАНРЫ

БАЕШОВА БАЛЗИЯ ШЕГЕТАЙҚЫЗЫ

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы

VIII-XVIII ғасыр аралығына дейін мың жылдан астам уақыт түрік халықтары парсы жұртымен етене араласып, ұлттық құндылықтарымен алмасты. «Он ғасырдан астам ұзақ мерзімге созылған аралықта түрік халықтарының тағдыры шешіліп, рухани құндылықтары талай рет сапырылысқа түссе де, өзінің халықтық әдет-ғұрыптың тамырынан қол үзбеген өміршең дәстүр жалғастығын бастан кешіп жатты» [1, б.б.].

Ислам дінінің енуімен қатар қазақ даласына арабтардың барлық рухани-мәдени мұралары да өрісін кең жая түсті. Бүкіл түрік халықтарына ортақ әдеби мұра саналатын дүниелер араб ғылымы мен философиялық ойын дамытуға өзіндік сара жол салды. Осы мыңжылдықта түрік әдебиеті-мәдениеті араб-парсы халықтарының рухани дүниесіне үлкен үлес қосқан деуге келеді. Яғни, тамырын тереңнен алатын түрік әдебиетіндегі (VII ғ.) небір жауһар жанрлар аталмыш халықтардың әдебиетіне сіңісіп жатты. Оған сол заманның ең көркем, үздік туындылары әл-Фарабидің (870-950 ж.ж.) трактаттары, Махмұд Қашқаридің (XI ғ.) көп томдық «Түрік сөздігі», Жүсіп Баласағұнның (XI ғ.) «Құтадғу білік» дастаны, Қожа Ахмет Ясауидің (XII ғ.) «Хикметтері» және Сүлеймен Бақырғанидың (XII ғ.) «Хакім ата» сынды еңбектері дәлел бола алады. Араб-парсы халықтары пайдаланған көркем туындылар қатарында түріктің төрттағаны болмағанына кім кешіл?!

Кеңес заманында «төрттаған» деп аталған жанр көне түрік әдебиетінде-ақ «төрттаған» жырлар деген атауға ие болатын. Түріктің төрттағанының элементтері ежелгі түрік мұрасы «Алып Ер Тоңа» эпикалық жоқтау жырында бар деген пікірді ғалымдар осы күні дәлелдеді. «Түркінің төрттағаны – пішіні шағын да сұлу, мазмұны терең де асау, әрі қарапайым сөздермен өрнектелген тартымды өлең түрі. Оны біз Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігі» кітабындағы «Алып Ер Тоңа» жоқтау шумағынан анық көре аламыз» [2, 171 б.],- деген пікір сөзімізді нақтылай түспек. Сонау б.з.д. VII-VI ғасырдың төл туындысы «Алып Ер Тоңа» жыры бүгінде әр қырынан зерттелуде. 600 өлең жолынан тұратын жырдың мына жолдарынан төрттаған сипатын аңғаруға болады:

Шеңгелін ажал салды ма,
Алып Ер Тоңаны алды ма,
Сұм дүние артта қалды ма...
Қайғылы жүрек жыртылды-ау.
сондай-ақ,
Өмірдің күні зырлайды,
Адамның күшін ұрлайды.

Ғұмыр да мәңгі тұрмайды,
Құтылмас ешкім ажалдан [3, 20 б.].

Бүгінгі таңға дейін «Алып Ер Тоңа» жырының жалпы сюжеті мен жекелеген үзінділері ғана жеткен. Әйтсе де, сол үзінді түрінде сақталып жеткен жыр жолдарының өзінен аталмыш дастанның сюжеттік желісін, басты идеясын, көркемдік аясын аңғару қиын емес. Эпикалық жоқтау жырының басты кейіпкері, ер жүрек батыр, қаһарман – Алып Ер Тоңа. Оның есімі жалпақ жұртқа тарихи тұлға ретінде мәлім. Тұран елінің билеушісі, сақ әскерлерінің ержүрек батыры, қолбасшысы. Бұл батыр туралы кезінде Әбу Райхан әл-Бируни, Махмұт Қашқари, Хамза Исфхани, Рашидад-дин сынды зерттеушілер тың пікірлер айтқан. Барлық ғалымдар Алып Ер Тоңа батырды сақтар дәуірінде өмір сүрген қайраткер ретінде көрсетеді. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» [4] дастанының 277-286-шы бәйіттерін түгелдей Алып Ер Тоңаны мадақтауға арнаған.

Ақын өз дастанының осы бөлімінде түрік бектерінің бойындағы адамгершілік қасиеттерін кең толғаған. Жырдың негізгі идеясы – Тұран елін сыртқы жаудан қорғау, түрік жұртын ішкі ынтымақ-бірлікке үндеу, туған жердің абырой-даңқын арттыра түсу болып саналады. Дастан Алып Ер Тоңаның өмірден өтіп, бүкіл түрік елінің күңіренген жоқтау жырымен тәмамдалады.

Замана күні тебіренер, а
Пенденің күшін кемітер; а
Әлемдегі ерді сиретер, а
Қашса тағы, қуалар (іздер). а

Жыр шумағында аңғарып отырғанымыздай, төрт жолы да бірдей аяқталып тұр, яғни жоқтау жыры бұл жерде желілі ұйқас негізінде жазылған. Жоғарыда айтып өткеніміздей төрттік, яки төрттаған негізінен әнге де бейімделіп жырлана береді. Түріктің әнге негізделе жырланған төрттағаны түрік әдебиеті дүниесінде өлең жырлаған көптеген ақындардың шығармаларынан кездесетін еді.

«Төрттаған» – философиялық, лирикалық жанрлардың бір түрі болғандықтан, басым көпшілігінде ойшыл ақындар сөз бағдарын жеке тұлғаға да арнаған, тіпті жалпы жаратылысты да лирикамен әрлейтін тұстары да кездеседі. Ғалым Ә. Дербісәлі қазақ поэзиясындағы Шығыс дәстүрі табиғатына, поэтикалық жалғасуына тән ерекшелікке былайша баға береді: «Шығыс поэзиясының өзіндік негізгі ерекшелігінің бірі – мұнда өмір тәжірибесі арқылы түйінделген ойлар, жинақталған пікірлер, қорытылған тұжырымдар тағы басқа көбінесе тікелей ереже, үлгі, өнеге, тағылым күйінде баяндалады, көркем образдың қимыл әрекеті арқылы емес, автордың бағасы, сыры, сыны ретінде, басқаша айтсақ, дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома күйінде айтылады, сөйтіп өмір туралы философия мен дидактика өзара астаса келіп отырады» [5, 34 б.].

Зерттеуші айтқан соны ерекшеліктерді біз түріктің көптеген ақындарының «төрттағандарынан» көреміз. Мәселен, Әбунәсір әл-Фарабидің (870-950 ж.ж.) «төрттағанындағы» ойларға назар аударсақ:

Тірелеміз шешусіз көп түйінге,
Іске аспаған асыл тасқа сүйенбе.
Айтса да әркім ойға берік түйінін,
Ең бастысы сыр қалар жұмбақ күйінде [6, 38 б.].

Ақынның бұл төрттағаны – тұнып тұрған философия. Бір шумақтың бойында шешуі мен күрмеуі мол өмір тіршілігі, сенім мен сенімсіздік, жүрек түкпіріндегі жұмбақ құпияның ашылу, ашылмау сыры барлығы да осы жолдарда сайрап тұр. «Әлемнің екінші ұстазы» атанған әл-Фарабидің түрлі салалардан 150-ге жуық трактат жазып қалдырғаны мәлім. Сол трактаттарының өлеңмен жазылған тұстарында көбіне-көп «төрттаған» сипаттары айшықталады. Бүгінде бірқатар шумақтар аударылып та жатыр. «Мысалы, Аян Нысаналинның аудармасы бойынша, 1971 жылы ғұлама бабаның төрт жолды, он шақты шумақтары жарық көрді» [7, 62 б.]. Төрттіктердің басым бөлігі философиялық тұрғыда

жырланған. Көптеген ақындарда кездесетін тағдыр-талай туралы тақырыптар да әл-Фараби қаламына арқау болды.

XII ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауи өзінің «Ақыл кітабында» да төрт тармақты өлең формасын пайдаланған. «Диуани хикметтегі» (Ақыл кітабы) жыр көбіне 11 буынды болып келеді, төрт тармақтан бір шумақ құрайды. Өлең ұйқасы төрттаған – қара өлең жырына өте ұқсас, тым жақын. Зерделей қарасақ, /а – а – а – б/, /в – в – в – б/ ұйқасымен беріліп отырған. Сондай-ақ, /а – а – а – а/ шұбыртпалы ұйқас үлгісімен жазылған шумақтар да жиі ұшырасады. Мәселен,

Ғашық азабын басқа түскен ғашық білер,	а
Танымасын тас лақтырып оған күлер.	а
Дуана деп басын жарып қанға бояр,	а
Риза болып «Хамад сәнаны» оқыр, достар	а [8, 65 б.].

«Рас, ақын араб, парсы әдебиетінде кең қолданылған ұйқастарды пайдаланып отырса да, соның ішінен біздің қара өлең ұйқасына жақын үлгілерді әдейі таңдап алған тәрізді» [8]. Әйгілі ғалым Мехмет Фуат Көпрүлү Ясауи хикметтерінің мазмұндық жағынан діни-сопылық, ал формасы жағынан жеті-он екі буында болып келуі түрік әдебиетінен алынған ұлттық ерекшелік деп баға берді. «...А. Ясауи ирандық сопылар қолданған аруз (дауысты дыбыстың ұзындық-қысқалығына байланысты өлең құрайтын өлшем) өлең өлшемін емес, халық ұнататын ақындарының ғасырлар бойы қолданып келген ұлттық буынға құрылатын өлең өлшемін таңдады да, бүкіл хикметтерін сол өлшеммен және халық әдебиетінен алынған ескі ұлттық пішіндерде жазды. ... Ахмет Ясауи көбіне хикметтерін Орта Азияда халық арасында кең тараған және ерте заманнан бері көп қолданып келген 7-12 буынды өлшеммен жазған» [9, 204 б.]. Осы жерде ғалымның ұлттық буын деп отырғаны қара өлең ұйқасы болмақ. Бабамыз өз хикметтерін қара өлең ұйқасында жазса, оны төрттіктер деуімізге де дәлел бар.

Ғұлама ақынның «төрттаған» толғағанын қазақ ғалымдары да жоққа шығармайды. Ақынды қазақтың «қара өлеңінен» толғаған деген пікірді алға тосады. Х. Сүйіншәлиев өзінің «Қазақ әдебиетінің тарихы» [7] деген еңбегінде «Ясауи шығармаларына ауыз әдебиетінің де ықпалы тиген. Оның кейбір шығармалары 7-8 буынды жыр және 11-12 буынды қара өлең формасында жазылған» [7, 133 б.], деген пікірді келтіреді. Сондай-ақ, «Қожа Ахмет Ясауи хикметінің (өлең) өлшемінде, құрылысында, ырғағында, буын санында артық-кем дүние жоқ, бәрі біркелкі, көбінесе он бір буынды қара өлең түрі басым, бұған қарағанда, ол кісінің түрік халықтары ішінде қазаққа бір табан жақындығы байқалады...» [10, 116 б.] - деген С. Дәуітұлының пікірі де ойымызды өрістете түседі.

Ақын қашанда жан-сырын, ішкі толғанысын, көңіл-күйін он бір буынды қара өлеңмен жырлап отырған, оның төрттағандарының басымы сопылық сарында толғанған. «Ертелі кеш бейғам жүрдім жаз және қыс, Бір және Барым, дидарыңды көремін бе», - деген жолдарда Алланың жүзін, нұрын, дидарын көруге сонша ынтығып асықса, «Саған жаза, жаратқанға жалбармадың, Алланы айтып, түнде тұрып еңіремедің» немесе «Ей, бейхабар, хаққа көңіл жүгіртпедің, Дүние харам, одан бойың суытпадың» - деп жырланатын жолдарда пенделікке бой ұрып, Жаратқанға мән бермеген адамдарға налып, оларды Алланы тануға шақыруда. Ақынның шығармашылығының дені – имандылық, ислам дінін насихаттау. Адасушы адамдарға айтар наласын жырмен дестелеп, оларға деген ренішін білдіріп, Жаратқанға бет бұру үшін түзу жолды нұсқайды. Мәселен:

Тіліменен үмбетпін деп жалған сөйлер,
Кісі малын алмақ үшін арбап сөйлер.
Адалын мұнда тастап, арам көздер,
Надандарға осыларды айтқым келер.

немесе:

Заман ақыр болғанда ақыл кеткей,
Адамзат бірін-бірі түтіп жегей.
Дүние үшін иман, ислам дінін сатқай,

Ақылдыларға бұл сөзді айтқым келер [8, 111 б.].

Көне түрік тілінде жазылған бұл туынды бүгінде өз бағасын алып, әлемнің барлық тілдеріне аударылуда. Әсіресе, қазақ тіліне аудару мәселесі қолға мықтап алынған. «Осыған орай 1990 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде С. Битеновтің аудармасы жарық көргенін айта аламыз. Ал Х.З. Иманжанов ақсақалдың «Қырық хикмет» атты кітапшасы 1991 жылы басылып шықты. Сол жылы Ж. Әбдірашевтің құрастыруымен ақынның бір хикметі шағатай, түрік, қазақ тілдерінде жарық көрді» [8]. Аударма төңірегінде сөз қозғалғанда Досай Тұрсынбайұлының еңбегін атап өткен жөн. Автор түрік зерттеушісі Намық Кемал Зейбектің «Қожа Ахмет Ясауи жолы және таңдамалы хикметтер» [11] атты зерттеу еңбегін қазақ тіліне тәржімалауы арқылы Ясауидың таңдаулы төрттіктерін тануымызға мүмкіндік жасады. Аударма ерекшелігі – төрттіктердің тақырыпшалармен даралап берілуі. «Ғашықтық пен меламет», «Сүйгендерге дидар бар», «Тағат қыл», «Ғашықтық оты», «Ғашық бол», «Мағшұқ кім, ғашық кім?» сынды төрттіктер жеке шумақ ретінде көптеп келтірілген. Мәселен «Ғашық бол» хикметінде:

Құл Қожа Ахмет дегдар болма ғашық болғын,
Бұл жолдарда бейбақ болмай, садық болғын.
Ләйлі-Мәжнүн, Ферхад-Шырын, Уамық болғын,

Ғашық болмай Хақ дидарын көріп болмас [11, 107 б.], деп Аллаға деген шексіз махаббатын жырға қосады. Ясауи хикметтерінің басым бөлігі – сопылық сарын. Жастайынан пенделік әрекеттерден ада болып, Хақ жолына берілген ақынның жырлары да Жаратқанға деген сүйіспеншілік болары анық.

Түркияның зерттеуші ғалымы Ниһад Банарлының Қожа Ахмет Ясауи шығармасына жазған көзқарасы бойынша: «Диуани хикметте өлеңдер, тіл, өлшем және пішін сынды сыртқы элементтер тұрғысынан қарағанда халық поэзиясының тарихи жәдігеріне көбірек сәйкес келеді. Тілі қарапайым әрі табиғи түрдегі түркі халқына тән болып үндеседі. Сағынышты сазды әуендер көбінесе 4+3=7 немес 4+4+4=12 буын түрінде жырланады. 12-і буындық өлшемі сол ғасырларда орталық Азияның түркі тілінің тартымды ұлттық өлшемі болып табылады. Сондықтан Ясауидің халыққа қаратып қосқан үні қаншалықты жергілікті және ұлттық бір әуенге келгендігін көрсете білді. Сондай поэзиялар пішіні тұрғысынан көптеген түркі өлеңдерінде төрттағандық түрінде жырланғанын айта аламыз», делінген [12, 5 б.]. Бұл пікірге байланысты И.Жеменей: «Түркінің төрт тағаннан құрылатын шумақтары кейін дәл де жаңа мазмұн, замана талабына сай қазақ әдебиетінің негізгі өлшемі ретінде кеңінен қолданысқа енді. Оның анық мысалдарын көптеген жырау, ақындарымыздың шығармаларынан көре аламыз. Сол көптің бір мысалын ойшыл ақынымыз Абай Құнанбайұлының:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес.
Дененің барша қуаты,
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,

Махаббат қылса тәңірі үшін [Абай, II-том, Алматы, «Жазушы», 2004, 13-бет], – деп жырлағаны Қожа Ахмет Ясауидың хикметімен сабақтас екенін байқау қиын емес» [12, 5 б.], деп түйін жасаған. Ислам әлемінде сара жолымен танылған ақиық ақын хикметтерінің ұрпаққа берері зор. Әсіресе, дінді насихаттаудағы ролі ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзахметұлы М. Түрік халықтарының рухани әлемі: ішкі өзегі мен сыртқы ықпалдар // Ақ жол. – 2007. - 6 б. – 18 қаңтар.

2. Жеменей И. «Мұхаммед Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы-қаламгер». – Алматы: Зерде, 2007.- 352 б.

3. Екі мың жылдық дала жыры / Бас редактор Нысанбаев А. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2000. – 752 б.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
5. Дербісәлі Ә. Дәстүр мен жалғастық. – Алматы: Ғылым, 1976. – 203 б.
6. Әл-Фараби Әбунәсір. Трактат және өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1974. – 39 б.
7. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. / Оқулық. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.
8. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы) / Аударғандар: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993. – 262 б.
9. Мехмет Фуат Көпрүлү. Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағлымы. – Алматы: Білім, 1999. – 254 б.
10. Дәуітұлы С. Диуани хикмет хақында. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 168 б.
11. Намық Кемал Зейбек. Қожа Ахмет Ясауи жолы және таңдамалы хикметтер. / Аударған: Досай Тұрсынбайұлы. – Анкара: Бойыт-Таң, 2003. – 255 б.
12. Жемей И. «Хикмет» – түркі әдебиетінің жаңа бастауы // «Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері»: атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Түркістан, 2008.

ӘОЖ 81.42:811.512.1

ҚАЗІРГІ АНТРОПОНИМЖАСАМДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛІК САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТЕРМИНДЕР

АМАНГЕЛЬДИЕВА А.М.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 9-сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТҮРҒАНТАЙ А.Ә.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-модератор, г.ғ.м., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Статья написана по разделу антропонимика области ономастики науки о языке. О процессе пассивации древнетюркских терминов в создании современных казахских имен.

Summary. The article is written in the section of anthroponymy of the field of onomastics of the science of language. On the process of passivation of ancient Turkic terms in the creation of modern Kazakh names.

Әлемдік ғылым парадигмасында антропоцентристік бағыттың өзектенуіне байланысты лингвистика ғылымында да тілді когнитологиялық, этнолингвистикалық, этномәдени бағытта қарастыру жаңа бағыттардың біріне айналды. Тілдің ономастика саласын да аталмыш бағыттарда зерттеу тың нәтиже берері анық. Қазіргі қазақ ономастикасында, Кеңес дәуіріндегі зерттеулерді есептегенде, антропонимдерге қарағанда топонимдерді зерттеу қарқынды жүріп жатыр.

Дегенмен, қазақ ономастикасының атасы- Телқожа Жанұзақ: «Онимдер, яғни жалқы есімдердің негізгі түрлері – қоғам тарихының айнасы. Бұл жайт әсіресе антропонимдерге тікелей қатысты. Антропонимдер өздерінің материалдық формасына, қоғамдық формациялардағы тарихи-мәдени аспектілер туралы белгілі бір дәрежеде құнды мағлұматтар береді» дейді [1, 58б.].

Сондықтан, «өз тәуелсіздігін алған, тілі мен діні қайта оралған мемлекетте өмір сүріп жатқан халқымыздың есімдері қоғам өмірінен қандай мағлұматтар береді?» деген сұрақтың жауабы әлі күнге зерттелмей келеді.

Барлық антропонимикаға арналған зерттеу жұмыстары көне қазақ есімдері мен көркемшығармалардағы антропонимдерді зерттеуге арналады. Сондықтан, қазіргі тәуелсіз Қазақстандық қазақ есімдерін зерттеу қазіргі қазақ тілінің экстолингвистикалық себептері мен құрылымдық сипатын зерттеу қазақ тілі үшін өте маңызды.

Кез келген жалқы есімнің тууы да, қалыптасып дамуы да тарихтың қойнауында өтеді. Халықтың күн көрісіне, оның материалдық және рухани дүниесіне, тіліндегі атаулардың байырлығына немесе басқа тілден ауысып келгеніне, жалқы есімдердің қалыптасуы мен дамуына әсер етуші экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларға – бәріне тарих куә. Жалқы есімдерге тарихтың қатынасы – олардың адам өмірімен жан-жақты байланыста болуында. Бұл тек тарихи дамудың алғашқы кезеңінен-ақ, өмірге деген қажеттіліктен туындаған. Сондықтан болса керек, дәуір және адам танымының деңгейі атаулардан көрінеді. Кез келген ономастиканы зерттеу кезінде тарихи сәтті аттап өту мүмкін емес. Сондықтан, Т.Жанұзақ қазақ ономастикасын төрт тілдік қабатқа бөліп қарастырады:

Түркі-моңғол тілдік қабаты – қазақ тілінің түркі тілдерінен ажырай қоймаған кезеңі камтиды.

Араб-парсы тілдік қабаты – ежелден парсылармен сауда-саттық қарымқатынастарында болған түркілер үшін парсы тілінен тұрмыс пен мәдениетке байланысты атаулар кірме сөздер ретінде еніп, қазіргі кезде қазақ тілнен айыра алматындай дәрежеге жеткен.

Қазақ тілдік қабаты – қазақ халқының ұлт болып қалыптасып, қазақ тілінің түркі тілдерінен дараланып, өз ерекшеліктері мен заңдылықтарына ие болған кезеңі.

Орыс тілдік қабаты – Ресей патшалығының жаулап алу саясатының нәтижесінде тоталитарлық атаулардың енгізілуі, топонимдер мен антропонимдерде орыс тілдік қабаты пайда болды.

Қазіргі қазақ есімдерін зертеуде Жамбыл облысы Тараз қаласы бойынша 2021 жылы туылған 500 қазақ балаларының есімі қарастырылды. Оның 248-і ұл бала, 253-і қыз бала есімдері. Жиі қайталанып қойылатын есімдерді алып тастағанда, қайталанбайтын 154 ұл бала, 130 қыз бала, барлығы 284 есім зерттеуге алынды. 284 есімді [sozdikqor.kz сайты арқылы лексикалық қабаттарын анықтадық. Нәтижесінде қазақ тілді есімдер, араб-парсы, араб-парсы + қазақ, әр түрлі тілден енген есімдер кездесті.](http://sozdikqor.kz)

1-кесте. Қазіргі қазақ есімдерінің лексикалық қабаттары.

№	Лексикалық қабаттар	Саны	%
1	Араб-парсы тілді	121	47%
2	Араб-парсы + қазақ тілді	64	25%
3	Қазақ тілді	51	20%
4	Түркі-моңғол	14	5%
5	Әр түрлі тілдер қабаты	9	3%
6	Орыс тілді	0	0%
	Барлығы	259	100%



Кісі аттарында кездесетін саяси-әлеуметтік терминдер

«Хан, қаған. ҮІ ғасырдың аяғын (581) түрік қағанатының батыс бөлігі бөлініп шығады да, батыс түрік қағанатының басында басында қаған (хан) отырады. Осы кезде шығыс түрік қағанаты да болады. Оның да басында хан (қаған) отырады. Мінекей, қаған (хан) терминінің феодалдық қатынастың қалыптасуынан, яғни ҮІ ғасырдан бастап шыққаны анық көрінеді» [1.132].

Жаңа есімдер қатарында Әли+хан, Әмір+хан, Асыл+хан, Нұрлы+хан, Хан+келді, Хан+сұлтан, Шер+хан, Хан+зере араб есімдеріне жалғану арқылы көрініс береді. Қаған титулы бойынша Айқаған есімі ғана анықталды.

«Бек, бекі. Қазақ тарихында бұл титул ҮІ-ҮІІІ ғасырлардан бері қоланылып келе жатқандығы туралы тарихи әдебиеттерде мәліметтер бар. Бекбай, Темірбек, Асылбек, Бекайдар, Мұратбек сияқты кісі аттары сыңарларындағы бек бірде «мықты», «берік» мағынасын білдірсе, бірде «ақсүйек», «шонжар» мағыналарын білдірген. Олар қазіргі кезде тек жұрнақтық қана қызмет атқарады да, әдет бойынша қойыла салады» [1, 132-135бб.].

Жаңа есімдер қатарында Бек+арас, Бек+болат, Бек+асыл, Бек+зат, Бек+нұр, Бек+сұлтан, Бек+тұрсын, Ел+бек, Нұр+бек, Райым+бек, Ұлық+бек есімдері кездеседі.

«Бай. Бұл сөз әлеуметтік саяси термин ретінде ҮІ ғасырдан бастап пайда болған. Ескі түрік тілінде мағынасы: қожа, мырза; қазақ тіліндегі мағынасы малы көп, дәулетті адам. ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда кісі аттары құрамында тұрып мырза деген мағынаны білдірген. Бұл да, бек сөзі сияқты жұрнақтық қызмет атқарады» [1, 136 б.].

Тәуелсіздік алғанға дейін актив есім жасаушы бай антропонимжасамы Жаңа есімдер қатарында тек екі балаға Бай+жан, Бай+тұлға есімдері ғана қойылып, пассив антропонимжасамға айналған.

«Сұлтан. Бұл термин түрік халықтарында ХІІІ ғасырдан бастап кездеседі. Ең алғаш алтын орда дәуірінде қолданылған. Ал ХҮ ғасырдың 40 жылдарынан бастап қазақ тілінде жұмсала бастаған. Сұлтан араб тілінде «әкім» дегенді білдіреді. Әлеуметтік саяси термин ретінде Қазақстанда феодалдық қатынастың дамуынан, қазақ хандықтарының құрылу кезінен-ақ қолданылады. Олар өзінің саяси орны жағынан феодалдан соң тұратын. Екеуі де қанаушы тап. Ең алғаш титул ретінде қолданылды да, кейіннен кісі аты ретінде қолданыла бастаған. Сұлтан, Сұлтанбай, Бексұлтан сияқты есімдер әуелде байлар мен шонжар, феодалдардың баласына қойылған болу керек. Ондағы мақсаты – балам сұлтан, төре болса екен деушілік» [1, 136 б.].

Жаңа есімдер қатарында Ай+сұлтан, Али+сұлтан, Бек+сұлтан, Нұр+сұлтан, Ер+сұлтан, Сұлтан+керей, Хан+сұлтан, Сұлтана есімдерінің құрамында келіп, актив антропонимжасам ретінде қолданылады.

«Төре. Бұл сөздің мәні – ертедегі көшпелі түрік халқы тұрмысының заңы, халықтың шешімі, сот үкімі болған. Л.Будагов сөздігінде төре сөзі былайша беріледі: 1) начальник, глава, судья, 2) обычай, закон, народное постановление, судебный приговор, решение. Кісі атары сыңарында қолданылып, бастапқы мағынасы ескіріп кеткен. Көбіне мырза сөзіне жақын тұрады.» [1, 137б.].

Жаңа есімдер қатарында бір ғана балаға Ай+төре есімі қойылған. «Мырза. Бұл арабтың Мыр+зада яғни ақсүйек (әкім) ұлы деген сөз. XIX ғасырда бұл термин Қырым татарларында атақты семьялардың балаларына берілген титул болған. XIX ғасырда, жеке тұлғада тұрғанда, секретарь, писарь сияқты атақ ретінде қолданылады» [1.137б.].

Өткен дәуірлерде Мырзахан, Мырзабек, Мырзабай, Бекмырза, Мырзақұл, Мырзаш, Баймырза, Мырзабала есімдері актив антропонимжасам ретінде қолданылса, жаңа есімдер қатарында бірде бір балаға қойылмаған.

Қорыта келгенде, бұл терминдер таптық топтардың қатынасынан туындағанын көреміз. Бұл саяси мәнді терминдер феодализмнің кезінде пайда болды. Олардың біразы қазіргі кезде лексикамыздан шығып қалса, бірсыпырасы жаңа мағынаға ие болып кеткен. Қоғамдық-саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты хан, қаған, мырза, төре титулдарының қолданыстан шығып, орнына президент, хатшы, сот, әкім титулдарының келуі әсерінен пассив антропонимжасамдар қатарына еніп кеткен. Бек антропонимжамы титул ретіндегі мағынасынан айрылып, берік, мықты мағынасына ауысқандықтан актив антропоним жасам ретінде қолданылып келеді. Сұлтан антропонимжасамы «Нұрсұлтан Назарбаев феномені» негізінде актив антропонимжасамдары қатарында жүр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы.–Алматы, 2004.–208 бет.
- 2.Әбуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы. –Алматы, 2012.–396 бет.
- 3.Негимов С. Ономастиканың түп-тамыры – ұлттық дүниетаным мен халық тарихы//
- 4.Ономастикалық хабаршы. – 2015, №2 (30). – 5-12 бб.
- 5.sozdikqor.kz

I СЕКЦИЯ

АЗИЗА КӘРІБАЕВА ФЕНОМЕНІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

УДК 811.512

ЛЕКСИКОЛОГ ИЛИМПАЗ ХӘМ УСТАЗ

ПИРНИЯЗОВА А.К.

Әжинияз атындағы Нөкис мәмлекетлик педагогикалық институты
доценти, филология илимлериниң докторы, Өзбекстан Республикасы, Нөкис қ.

Резюме. Статья посвящена изучению жизни и творчества кандидата филологических наук, доцента А.О.Карибаевой. Деятельность известного лексиколога представлена как исследователя в области лексикологии, терминологии и стилистики. Сделан краткий обзор основных работ ученой по каракалпакской и казахской терминологии, лексикологии.

Summary. The article is devoted to the study of the life and work of the candidate of philological sciences, associate professor A.O.Karibayeva. The activity of the famous lexicologist is presented as a researcher in the field of lexicology, terminology and stylistics. A brief review of the main works of the scientist on Karakalpak and Kazakh terminology, lexicology is made.

Түркий тиллериниң қыпшақ-ноғай топарына киретуғын қарақалпақ хәм қазақ тиллериниң лексикасын хәртәреплеме изертлеп хәм жоқары оқыў орынларында устаз болып тил билиминиң изертлениўине, үйренилиўине үлкен үлес қосып киятырған Қазақстан Республикасы Билимлендириў хәм илим министрлиги ЖОО-ның «Ағла оқытыўшы» грантының ийеси, Аймақлық Менеджмент академиясының (Павлодар) профессоры, филология илимлериниң кандидаты, доцент Азиза Өтеген қызы Кәрибаеваның илимдеги хәм педагоглық хызметі көпшиликке үлги.

А.Кәрибаева Қарақалпақстан Республикасының Мойнақ қаласында 1959-жылы туўылған. 1976-жылы улыўма билим беріў мектебин, 1982-жылы Нөкис мәмлекетлик унверситетиниң филология факультети қазақ тили хәм әдебияты қәнигелигин тамамлаған. 1984-1986-жыллары Өзбекстан ИА Қарақалпақстан бөлими Н.Дәўқараев атындағы Тарийх, тил хәм әдебияты институтының аспирантурасын питкерип, сөзликлер хәм терминология бөлимінде илимий хызметкер болып ислеген. 1991-жылдың ноябринен 1999-жылдың декабрине шекем Әжинияз атындағы НМПИ филология факультетиниң қазақ филологиясы кафедрасында үлкен оқытыўшы лаўазымында иследи. Хәзирги ўақытта Қазақстан Республикасы Халықаралық Тараз инновациялық институтында доцент болып хызмет етип атыр.

А.Кәрибаева 1991-жылы 25-сентябрьде Қазақстан ИА А.Байтурсынов атындағы Тил билими институтында «Қарақалпақ тилиндеги спорт терминлериниң қәлиплесиўи хәм раўажланыўы» деген темада кандидатлық диссертациясын табыслы қорғады[3].

Термин хәм терминология – тил билиминде илимий жақтан да, әмелий жақтан да ең әхмийетли мәселелердиң бири. Бул актуаль машқала тил теоретиклери менен әмелиятшыларының дыққатын аўдарып киятырған еди.

Қарақалпақ тили сөзлик курамының белгили бөлегин ийелейтуғын лексикалық қатламлардың бир топары терминлер есапланады. Қарақалпақ тили терминологиясының қәлиплесиўинде хәм раўажланыўында, тәртипке түсиўинде 1990-жылы Қарақалпақ тилине мәмлекетлик бийлик берилгеннен соң дүзилген Терминкомның хызметі айрықша болды.

Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Советінің бйілігі менен 1990-жылдың 1-мартынан бастап Республикалық Терминологиялық комитет (Терминком) дүзілді. Республикалық Терминком хәққында режеде белгиленгениндей: «Терминкомның тийкарғы ұазыйпасы – қарақалпақ тилинің илимий-техникалық хәм кәсиплик, сондай-ақ жәмийетлик-сиясий атамаларын тәртиплестириў, атама сөзликлерин баспадан шығарыў, илимий көз-қарастан исленген терминлерди тастыйықлаў бойынша жумыслар жүргизиў болып табылды [1: 13-14-б.]

Терминком хәрекет етип турған жыллары (1990-2000-ж.ж.) режеге муўапық жумыслар исленди. Дәслеп профессор Д.С.Насыров (1990-1992-ж.ж.), буннан соң профессор Е.Бердимуратов (1992-ж. бастап) басшылық еткен Терминком терминлердиң тәртипке түсиўин, сөзликлер шығарыўды, баспа сөз, радио хәм телевидение жумысларында терминлердиң қолланылыўын тәртипке салыўды, терминология мәселелери бойынша илимий-әмелий конференциялар өткериўди әмелге асырды. Сол жыллары конференциялар шөлкемлестирилип, онда сөзлик курамдағы терминлерди хәр тәреплеме үйрениў, илимий-изертлеў жумысларын кең хәм жоқары дәрежеде жүргизиў, оларды хәзирги заман талаплары, әдебий тиллердиң раўажланыў нызамларына сәйкес тәртиплестириў хәм қолланылыўы бойынша белгили нормаға түсириў, системаластырыў, теориялық тийкарларын ислеп шығыў күн тәртибине қойылып келди. Терминком ағзаларының тиккелей қатнасыўы менен қарақалпақ тилиндеги илим-техника тараўлары бойынша 30дан аслам аўдарма, түсиндирме сөзликлер баспадан шықты. 90-жыллардан хәзирги дәўирге шекемги алып барылған илим-изертлеў жумысларының көпшилиги қарақалпақ тили терминологиясының айырым тараўларына бағышланды.

Дәўир талабына сай қарақалпақ тилинің бурын үйренилмеген, системаға түсирилмеген, хәтте умытылып баратырған айырым спортқа байланыслы атамаларды жыйнап, олардың жасалыў жолларын, раўажланыў бағдарларын белгилеў усаған жуўапкерли илимий исти А.Кәрибаева бастап қолға алды. Ол қарақалпақ тилинде бурыннан бар спорт ойындарына тән, кейин ала умыт бола баслаған айырым спорт терминлерин жыйнап, системаластырып, илимий бағдарда анализледи. Спорт терминлериниң аўдарма сөзлигин ислеп шықты [2].

Қарақалпақ тилиндеги спорт терминлерин илимий көз қарастан ислеп шығып, анықлап, тәртиплестириў бағдарында Ә.Кәрибаева тәрәпинен алып барылған жумыслар жақсы нәтийже берди. Терминлердиң қолланылыўында хәрқыйлылыққа жол қойылмады. Әсиресе усы жыллары қарақалпақ халқының миллий ойындары, спорттың түрлери қайта тикленип, спорт мектеплери, колледжлер ашылып атырған бир пайтта сабақлықлар, оқыў қолланбалар зәрүр еди. Автор тәрәпинен анализленген терминлер дизими оларды қолланыўдағы орынсызлықларды сапластырыў, тәртиплестиририўди тәмийнлеўге хызмет етти. Ә.Кәрибаева спорт терминлерин илимий бағдарда изертлеў жумысы бойынша монография жәриялады [4]. Монографияда қарақалпақ халқының бурыннан миллий спорт ойындары бағдарындағы атамалар жәмийеттеги өзгерислер нәтийжесинде хәрқыйлы тил нызамларына сәйкес кейин ала термин болып қәлиплескени, басқа тиллерден де терминлердиң өзлестирилгени хәққында терең анализ исленген. Солай етип, қарақалпақ тили лексикасының байыў хәм раўажланыў жоллары спорт терминлери мысалында изертленген.

А.Кәрибаева терминология бағдарындағы тәжирийбелерин қазақ тилин изертлеў бойынша даўам етти. Илимпаздың изертлеў объекти тийкарынан түркий тиллериниң терминологиясы, оның қәлиплесиўи, раўажланыўы бағдарында болып, соңғы жыллары улыўма терминология, қазақ тилинің спорт терминологиясы бойынша студентлер ушын оқыў қолланбаларды баспадан шығарды [8, 9б.].

Доцент А.Кәрибаева соңғы жыллары қазақ тилинің стилистикасы, көркем шығармалардың тили, тилди оқытыў методикасы бойынша изертлеў жумысларын алып бармақта. Усы бағдардағы изертлеўлери көркем шығарманың тили, лексикалық бирликлердиң стильлик қолланылыўы, қазақ тилинің стилистикасы оның нәзеринде болды.

Ең қурамалы да, ең қыйын бәрқулла өзгеристе болып туратуғын тилдің лексикасы А.Кәрибаева тәрәпинен терең изертленди. Тилдеги лексикалық бирликлердің көркем шығармаларда қолланылыуы өзгешеликтери белгили шайыр Төлеген Айбергенов дәрәтиўшилиги мысалында анализленген [10]. Бул мийнетте қазақ тилинің байлығынан шайырдың шеберлик пенен пайдаланыуы, сөзлердің хәрқыйлы мәнилерде жумсалыуы, олар арасындағы парадигматикалық қатнастар мәселеси илимпаз тәрәпинен лингвистикалық таллау жасалады. Сөзлердің стильлик мақсетте шайыр тәрәпинен усталық пенен қолланылыуы, көркем сүүретлеу қуралларының, троплар менен теңеулердің, нақыллардың, паронимлер менен каламбурлардың көркем шығармадағы қолланылыуы өзгешеликтери айқын мысаллар менен дәлиллек берилген.

А.Кәрибаева өзи тууылып өскен жеринен қол үзген жоқ. Қарақалпақстандағы Әжинияз атындағы Нөкис мәмлекетлик педагогикалық институтына келип қазақ филологиясы студентлерине лекциялар оқып, кәсиплесери менен илимий бағдарда тәжирийбе алмасып, өз ара бирге ислесиу бойынша жумыслар алып барып атыр, халықаралық конференцияларға баянатлары менен қатнасып атыр. Илимий жумыс алып барып атырған жасларға ғамхорлық етип, мәсләхәтлерин берип, пикирлер билдирип турады.

А.Кәрибаеваның қарақалпақ тил билиминің лексикология тарауы бойынша жазған мийнеттери тил билими бойынша шыққан библиографиялық очеркте өз сәўлесин тапқан, оны жанкүйер филолог илимпаз сыпатында Қарақалпақстанлылар жақсы таныйды [11; 12].

А.Ө.Кәрибаева түркологияның актуаль мәселелерин хәртәрәплеме изертлеу жумысларын дауам етеди, дәрәтиўшилик ислери менен еле де үлкен табысларға ериседи деп исенемиз. Түркий тиллес еки елдің тилин жетик билген илимпаз бүгинги глобалласуу дәўиринде илимий хәм дәрәтиўшилик байланысларды беккемлеуде мәмлекетлер арасында дослық қатнасықларды нығайта береді.

Әдебиятлар:

- 1.Қарақалпақстан АССР Министрлер Совети жанындағы Республикалық терминологиялық комитеттің бюллетени №1, Нөкис: «Қарақалпақстан»,1991.
- 2.Кәрибаева А.Ө. Русско-каракалпакский терминологический словарь по физической культуре и спорту. Нукус: «Билим»,1990.
- 3.Кәрибаева А.Ө. Становление и развитие спортивных терминов в каракалпакском языке. Автореф.канд.дисс. Алма-Ата,1991.
- 4.Кәрибаева А.Ө. Спортивная лексика каракалпакского языка. Нукус: «Билим»,1995.
- 5.Кәрибаева А.Ө. Қазақ тілінің стилистикасы (оқу қуралы). Тараз: ТИГУ,2010.
- 6.Кәрибаева А.Ө. Көркем шығарманың тілі (оқу қуралы). Тараз: ТИГУ,2010.
- 7.Кәрибаева А.Ө. Озық инновация түрлері мен тәсілдері: теориялар, пікірлер, тәжирибелер (оқу-әдістемелік қурал). Тараз: ТИГУ,2010.
- 8.Кәрибаева А.Ө. Сейдахмет Бердіқулов және қазақ спорт терминологиясы (көмекші оқу қуралы). Тараз: ТИГУ,2010.
- 10.Кәрибаева А.Ө. Түркі терминологиясы: тарихи дамуы мен қалыптасуы. Тараз: ТИГУ,2019.
- 11.Кәрибаева А.Ө. Төлеген Айбергенов шығармаларының лексикасы (көмекші оқу қуралы). Алматы,2019.
- 12.Пахратдинов Қ., Патуллаева Г. Филолог илимпаз хаял-қызлар (библиографиялық очерклер).Нөкис:Қарақалпақстан,2017.
- 13.Пирниязова А.К. Тилши илимпаз хәм устаз. «Устаз жолы» газетасы, № 42 (1107), 9-ноябрь 2019-ж.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

КУДЬЯРОВА Ш.Т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
түркітану және тіл теориясы кафедрасының оқытушысы, PhD доктор,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

КАМАЛАШҚЫЗЫ Х.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
түркітану кафедрасының докторанты, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Резюме. В статье рассматривается формирование идиом в тюркских языках до сегодняшнего дня, и их изучение в разных аспектах. Одной из актуальных проблем современного тюркского языкознания является определение особенностей и сходств каждого из тюркских языков на основе методов исследования в области фразеологии, специфику их национального характера. В этом процессе особое место отводится словарям. Сохранение и изучение фразеологизмов в тюркских языках приобретает особое значение в эпоху глобализации, поэтому необходимо создание словарей, представляющих общий фразеологический фонд тюркоязычных народов.

Summary. The article deals with the formation of idioms in the Turkic languages up to the present day, and their study in different aspects. One of the urgent problems of modern Turkic linguistics is to determine the features and similarities of each of the Turkic languages on the basis of research methods in the field of phraseology, the specifics of their national character. In this process, a special place is given to dictionaries. The preservation and study of phraseological units in the Turkic languages is of particular importance in the era of globalization, so it is necessary to create dictionaries that represent the common phraseological fund of the Turkic-speaking peoples.

Түркі тілдері - түбі бір туысқан тілдер. Түркі тілдерінің генеологиялық топтастырылуына сәйкес, қазіргі түркі тілдерінің лексикалық қорында ғана емес, түркі тілдеріндегі ортақ мақал-мәтелдер, фразеологиялық бірліктер де көне түркі руникалық ескерткіштерден бастау алатыны белгілі. Халықтың мыңдаған жылдар бойы тәжірибесінен өтіп, қазіргі күнге жеткен бабалар сөзінің мұрасы болған фразеологизмдер түбі мен шығу тәркіні бір түркі халқының ортақ құндылығы екені рас. Қазіргі түркі тілдеріне салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде, әрбір тілдің өзіндік сипаттары мен ұқсастықтарын, олардың ерекше ұлттық табиғатын айқындау қажет.

Әлем түркітану ғылымында түркі тілдерінің лексикалық қорын тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеген ғалымдардың еңбектері бар. Ол еңбектер кеңес одағы түркітанушы ғалымдары мен шетелдік түркітанушылар тарапынан жинақталған бірнеше сөздіктер негізінде жазылған [1]. Алайда, ол сөздіктерде тіл-тілдің сөздік қорының құрамдас бөлігі саналатын фразеологизмдер кірмеген.

Қазіргі түркітану ғылымында өз бастамасын көне түркі ескерткіштерінен алатын ортақ фразеологизмдер біркелкі, жүйелі түрде зерттеу нысаны болмаған. Сондықтан да жалпы түркілік фраземаларды тарихи-салыстырмалы аспектіде зерттеп-талдау теориялық әрі практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады.

Қазіргі түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдер жүйесін құрайтын тіркестердің қайнар көзі - ескі түркі тілі, көне ұйғыр, орта ғасыр, Алтын Орда, Шағатай ескерткіштері. Түркі ескерткіштерде сақталған, қазіргі түркі тілдеріне ортақ жалпы түркілік фразеологизмдерді зерттеу, жинақтау, саралау, соның негізінде сөздік түзу - түркітану саласын дамытудың болашағы.

XX ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап зерттеле бастаған түркі тілдерінің фразеологиясы өз бастамасын Ресей тіл білімінен алады. Сондықтан да фразеология ғылымының бағыттары мен ілімін құрайтын концепциялар Ресей ғалымдарының пікірлерімен ұштасып келеді. Әлемдегі саяси және экономикалық ахуалдарға орай жеке түркі тілдерінің фразеологиялық зерттеулері орыс тілінде жазылып, орыс тілінде қорғалған. Төмендегі көрсетілген библиографиялық сілтемелер де осының дәлелі. [2]. Дегенмен, қазіргі кезде фразеологизмдер әлем тілдерінің барлығында жан-жақты зерттеліп, жеке тілдердің – бір тілдік, салыстырмалы екі немесе көп тілдік сөздіктері түзілді. Фразеологияның өзіндік ғылыми бағыттары мен мектептері қалыптасты, ғылыми-зерттеу әдістермен толықтырылды.

Түркітану ғылымында фразеология туралы зерттеулер XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап ғылыми тұрғыдан шешуде көптеген ізденістер болғандығына осы бағыттағы зерттеулерге шолу жасай отырып көз жеткізуге болады. Фразеологизмдерді зерттеуде әрбір ұлт тіліне тән болған тұрақты сөз тіркестерін айқындап, саралап жүйеге түсіру алғашқы өте қажетті мәселелердің бірі болды. Осы негізде орындалған әрбір ұлттың ғалымдарының зерттеу жұмыстары соның куәсі.

Тілдің байлығын, негізгі тілдік қорын көрсететін бір тілді және екі тілді сөздіктер жарық көрді. Мұндай лексикографиялық еңбектердің басылып, жарық көруі түркі тілдеріндегі фразеологиялық қорды жинастыруға, оларды ғылыми тұрғыдан жүйелеуге орасан зор септігін тигізетін алғашқы бастама болды. XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап жарық көре бастаған фразеологиялық сөздіктерде түркі тілдерінің фразеологиялық қоры жан-жақты жинастырылды деп айта алмаймыз. Сол заманда жарық көре бастаған түркі тілдес халықтардың фразеологиялық лұғаттары барлық түркі тілдерінде бірдей ауқымда, жүйелі түрде зерттелді деп айту қиын.

Түркі фразеологиясының дамуында көш бастаған тюркологтар І.Кеңесбаев пен Ш.Рахматуллаевтың зерттеулері алғаш ғылымға қосылған үлкен үлес болды. [3]. XX ғасырдың орта шенінде Қазақстан топырағында І. Кеңесбаев мектебі мен оның шәкірттері тұсында дүниеге келген фразеология проблемасы бүгінгі таңда оның нысаны, материалдары, қолдану аясы мен функциясы тұрғысынан әр түрлі аспектіде зерттелуде. Түркі тілдеріндегі саны жағынан, көлемі жағынан да үлкен, қомақты еңбек – академик І. Кеңесбаевтың авторлығымен жарық көрген «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» [4]. Аталмыш сөздікте он мыңнан астам фразеологиялық бірлік бар. Сөздік леммасында фразеологизмнің ауыс мағынасы, оның синонимдік қатарлары (бар болса омонимдік тіркестер мен оларға сілтеме), көркем әдебиеттен келтірілген мысалдар толық берілген. Алайда, теориялық тұрғыдан түркі тілдес халықтардың фразеологиясының зерттелуі бірқалыпты емес. Қазақ, әзірбайжан, татар, башқұрт, өзбек, чуваш, ұйғыр тілдерінің фразеологиялық теориясы біршама жүйеге түсті десек, хакас, түрік, якут, ноғай, қырым татарлары, қарақалпақ, түркімен, сары ұйғырлар, қарашай, балқар және т.б. тілдер бойынша азды-көпті зерттеулер мен диссертациялар ғана қорғалған.

С.Негимов ақынның шабытына былайша пікір білдіреді:«Абай көк аспанның батырындай қиядан іліп түседі,қанды қақпандай қауып түседі, гүлге қонған тоты құстай құмарлықпен сайрайды.Ақындық жаратылысында тұтастық бар.Тұтас болмысымен от жалындай тұтанып сөйлеп кетеді. Көңіл-күй толқындары гуілдеп-дүрілдеп мәңгі тозбас ғажайып бір суретке лезде көшеді». Бұл пікірмен кез-келген Абайды оқыған адам келіседі. Шын мәнінде поэзиясын қайталап оқыған сайын жаңа бір тұстарын байқап, жаңаша оқығандай әсерге қалатынымыз сөзсіз.Сонысымен де Абай қазақтың маңдайына біткен мәңгі жарқырап тұратын шоқ жұлдызы [6, 42б.].

Ақынның өлеңдерінен адамның өзі-күдірет екенін, күдіреті–білімінде,ақылында,жүрегі мен жанында екенін байқаймыз. Адамның жасампаздық еңбегі мен іс-әрекеті,шығармашылық әрі ойлау қабілеті, оның махаббатты білу,сезіну,сүйе білу қасиеті–өлмес, өшпес, ешнәрсеге теңдесі жоқ күдірет. Абай поэзиясын ерекшелендіретіні–сыршылдық. Оған дейінгі поэзияда адамның ішкі дүниесіне,жан сезіміне тереңдей

бойлап, түкпіріне үніліп, әр сәттегі көңіл-күйін айтып, психологиялық жағдайды сипаттау болмаған. Абай поэзиясы адам жанына үніліп, оны жандандырып, рухани байытады.

Қорыта келгенде, Абай қазақ өлеңінің құрылысына барлық жағынан өзгеріс-жаңалықтар қосты деуге болады, осы арқылы ол қазақ өлеңін жоғары дәрежелі жазба поэзия деңгейіне көтерді. Қазақ әдеби тілінің дамуындағы жаңа бір белесіне шығара білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Григорьев В.П. Словарь языка русской советской поэзии. –М., 1965. С.41.
2. Р.Сыздық Қазақ әдеби тілінің тарихы(XV-XIX ғасырлар). –Алматы, «Арыс», 2004. –288 б.
3. Абайтану Нұр-Сұлтан, «Арман-ПВ» баспасы, 2020.-224 б.
4. Ай, заман-ай, заман-ай (Бес ғасыр жырлайды) –Алматы, 1991,-384 б.
5. Қасқабасов С.А. Абайға дейінгі және А байдан кейінгі қазақ әдебиеті. –Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021.-192б.
6. Негимов С. Абайдың көркемдік және ғылыми дүниетанымы. –Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021.–288 б.
7. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. –Алматы, Ана тілі, 2008. –310 б.

ӘОЖ 821.512.122

ОБРАЗДАР ТАБИҒАТЫ

ТҮЙМЕБЕКОВА А.А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается характер образов в казахской литературе.

Summary. The article discusses the nature of images in Kazakh literature.

Жазушы аталған шығармадағы әрбір кейіпкердің рухани әлемін барынша тереңдеп ашу үшін психологиялық бейнелеудің сан алуан тәсілдерін кеңінен пайдаланады. Ол өз кейіпкерлерінің психологиялық жай-күйін аналитикалық, динамикалық принцип тұрғысынан зерттейді. Жазушы туындыларын талдау барысында біз Б.Момышұлының өз шығармаларында әсіресе, бейвербалды ишараттарды молынан пайдаланатынына көз жеткіздік.

"Дүние жүзінде, жалпы әлемде елдің бәріне түсінікті, әрі тұрақты түрде (еріксіз) қолданылып келе жатқан тіл – бейвербалды ишараттар. Ол – дене тілі, қимыл-қозғалыс тілі. Ол дінді, ұлтты, жасты, жынысты таңдамайды. Тілін білмейтін бөтен елге ойда-жоқта бара қалсақ та осы сыртқы қимыл арқылы өзара тіл тауып, түсінісеміз. Жан сарайындағы ішкі сыр-құпияны қапысыз әшкерелейтін, денедегі әрбір дірілдің, қалт еткен қимыл-қозғалыстың белгілі бір мағынасы, мазмұны бар. Халықтық ұғымда "емеурін таныту" немесе «ымыралап жеткізу» деген сөз осы мазмұнға саяды. Бейвербалды ишарат деп осыны айтамыз. Мұнда жалғандыққа жол берілмейді. Адам санасынан тыс орындалып жататын қозғалыстар ақыл-ойға ерік бермейді. Ішкі ой-сезімді, психологиялық жай күйінді қанша қымтап, құпиялап, білдірмеймін десең де дене мүшелері оған дәрменсіз"[20,20 б] – дейді ғалым Г.Пірәлиева.

Осы айтылған пікір тұрғысынан қарастырар болсақ Б.Момышұлының "Ұшқан ұя" повесінде, әсіресе, бейвербалды ишараттарды молынан пайдаланғандығына көз жеткіземіз.

Шығармадағы образдар ішінен әсіресе, ел арасында "Тура Момыш" аталып кеткен қара қылды қақ жарған әділ де, тынымсыз еңбекқор, сегіз қырлы, бір сырлы, яғни он

саусағынан өнері тамған әке мен алып күштің иесі, аңғалдығымен қатар адалдығы бір бойынан қатар аңғарылып тұратын, шалт мінезді Момынкүл ағаның характерлері өзгелерге қарағанда ерекше қырынан ашылған. Жазушының бұл кейіпкерлердің сыртқы түр-тұлғасын, келбет-пішінін, жүріс-тұрысын суреттеу шеберлігінің астарында құпия сырдың, ішкі сезімдік, эмоциональдық, психологиялық процестердің нанымды әрі нақышты бейнесі сұлба танытып жатады.

"Жас кезінде әкемді әйелдер жағы "Молда бала" дейді екен, кейін "Ұста бала" дейтін болыпты. Ал, әжем оны "Қара қатпа" деуші еді. Әкем орта бойлы, арық қара кісі еді. Маңдайы жап-жазық, қасы қалың, көзі шүңгіл еді. Сол арықтығына қарамай, керемет күшті болатын. Әжем оны "Тарамыс" деп те атайтын"[11,300 б] деп сипаттайды. Осы бір тұстағы Момыштың сыртқы түр тұлғасына қатысты бөіліп отырған сипаттамадан ол кісінің ә дегенде көзге бірден түсе қоярлықтай ірі денелілердің қатарына жатпайтын, керісінше ықшам келген, шағын ғана денелі адам болғандығынан хабар аламыз. Дегенмен сонысына қарамастан, ол еңбектің арқасында шынығып шыңдалған, шымыр неге болса да мойымай төтеп бере алатын ішкі қуат тегеуріні әлеуетті жанның болмысын «Сол арықтығына қарамай, керемет күшті болатын» деген жолдардан жыға танымау мүмкін емес.

Ол кісіні әжесінің «Тарамыс» деп атайтындығы да тегіннен тегін айтыла салып отырған жоқ. Бұл сипаттамадан адамның ширақ қимылды, бойында артық-ауыс еті жоқ, суытылған аттай, қайратты деген ұғымды түсінуге болады. Ел арасында әуел баста азан шақырып қойған кісі есіміне оның сыртқы түр-тұлға, келбет-пошымына, мінез-машығына, жүріс-тұрысындағы өзіндік айрықша белгілерге қарай жанама түрде атау таңу да қазақтың қанына сіңген ескі әдеті. Тіпті осы бір ерекшеліктің өзінен-ақ бұл халықтың таным деңгейінің өрісін, зейінінің зеректігін, аңғарымпаздық, бақылау-байқағыштық және не нәрсені де дөп тауып бейнелеп, тұспалдап, ымыралап жеткізе білетін тапқыштық, айтқыштық қасиетін де пайымдауға болады. Қазақта «Халық айтса қалт айтпайды» деген сөз де осыған саяды.

Олай болса автор әке тұлғасына байланысты ауыл адамдары тарапынан таңылған «молда бала», «ұста бала», «қарақатпа» деп оның өмір белестеріне байланысты әркез өзгеріп, жаңарып отыратын жанама атауларды тәптіштеп, рет-ретімен баяндап отыруында да белгілі бір мақсатты ойдың ишараты бар. Тек осы бір елеусіз ғана айтыла салғандай жанама атаулардың ішкі мән-мазмұнын үңгіп, талдап тексеріп көрсек біз автордың сол арқылы айтпақ ойының түйінін шеше алсақ керек. Мысалы жас кезінде жеңгелерінің Момышты «молда бала» деп атауының өзінен оның бала кезден көзі ашық, көкірек көзі ояу, ой-санасы зерек, не нәрсеге де ұқыпты, қандай жағдайда да өзін-өзі салмақты, сабырлы, ақылға жеңдіріп ұстай білетін жан болғандығы сезіледі. Ал есейе келе ол атаудың «ұста бала» боп өзгеруі оның қолөнерге икемді, істің көзін таба білетін, епті, қағылез, шебер азамат болып қалыптасқандығын байқатады. Ал енді сол бозбала шағында анасының өз құрсағын жарып шыққан перзентін «қара қатпа» деп атауының астарында да ұлттық дүниетаным, қазақы ұғым түсініктің негіз тартып жатқандығын да байқамай қалу мүмкін емес сияқты. Әдетте қазақ жас өренді, әсіресе соның ішінде ұл баласын «көз тимесін» деген ырыммен «жаман неме», «тентек», «бұзық» т.б осы сияқты ауыспалы мағынадағы атаулармен атайды. Мысалы: «Біздің үйдің тентегі» болмаса, «Бес бірдей бұзығымыздан кейін көрген шүйкебас еді», «келінініңіз жаман неме туды» деген сияқты тіркестерді ұлттық сипатты шығармалардан табу қиын емес. Міне сол сияқты Момыштың анасының да өз ұлын «қара қатпа» деп атауының астарында абзал ананың өз перзентінің бойындағы айрықша қасиет белгіні ерекше бір сүйсініспен даралап көрсетіп отырғандығын көреміз. Мән беріп қарасақ жазушы қаламынан өрілген осы бір болар болмас қана көрініс беріп тұрған дүниенің өзі астарына қаншама сыр бүгіп жатыр.

Жазушы өзіне асқар таудай алып, тендессіз пана көретін әке тұлғасын еске салатындай жақын-жуық туыс жандардың іс-әрекеті, сөз саптаулары, сол арқылы көрініс беріп отыратын жан шуағы арқылы жалпы халықтық әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрдің

көкейге қонымды қырларын әрдайым осылай ымыралап, көркемдік әдіс-тәсілдер арқылы оқырман санасына ұялатып отырады.

Өзіміз көз жеткізгеніміздей іскер, ақылды, салмақты, қал-қадірінше оқыған-тоқығаны бар, өз ауылында, өз руында абыройлы, беделді әкенің бейнесі өте тартымды сомдалған. Момыштың ең алдымен нағыз еңбектің адамы екендігі шығарманың келесі кезеңдерінде тереңірек таныла түседі. Оның қолынан келмейтіні жоқ, есеп-қисапты да тәуір біледі, етікші де атанған, зергерлік өнерді де тәп-тәуір меңгерген. Әсіресе, оның бойындағы ең бағалы асыл қасиет – ар-ұятты, намысты бәрінен жоғары қоя білетін азаматтығы. Атаққұмарлық, менмендік оның табиғатына мүлдем жат. Сөзімізге оның он жеті жыл старшын болса да бүйірі томпайып, дүние, мал жимағандығы, сол қызметтің құлағын ұстап тұрғанында Текебай бидің тоқтап қалған қағазын жүргізіп жіберуі, жетім бала Жарылқасынға аянбай көмек қолын созуы, туған бауыры Момынкұлдың қария Нұрбайға қол көтеруін кешірмей кетуі т.б. осы сияқты толып жатқан қым-қуыт оқиға үстінде көрініс тауып отыратын жайттар нанымды дәлел бола алады. Адамгершілік, жомарттық, ұстамдылық – оның мінез-құлқының басты белгілері.

Повестегі Бауыржанның Момынкұл көкесінің әдеби бейнесі де өте сәтті шыққан. Кейіпкердің психологиясы портреттен басталып, бейвербалдышарттарға ұласу арқылы ажарлана түскен.

"Момынкұл көкем атам мен әжемнің ең кенже баласы екен. Ұзын бойлы, сұлу, сымбатты, дөңгелек қара көзді, кертпе мұрындау, астыңғы ерні дүрдіктеу, аққұба жігіт болатын" [11,320 б]дей келіп, оның жас кезіндегі шалдуарлығы мен еркелігі, тентектігі былайша сипатталады: "Жаяу жүрсе екі иығын жұлып жеп, сермеген қолы айналасын алақтап жүретін. Атқа мінсе жау шапқандай құйындатып, ай-шайға қарамай, ой-шұқырды елемей еліріп алатын" [11,321 б] Шығарманың ең бойына қатысатын Момынкұл психологиясы әдеттегідей монолог, кейіпкер ойы арқылы емес, көбінесе, қас-қабак бағу, кейіпкердің жүріс-тұрысындағы, қимыл-қозғалысындағы әрбір қимыл-әрекет арқылы сезіліп, жұмбақ сырлар ашылады.

Ағасы Момыш байсалдылық қонып, оқуға отырап деген үмітпен Момынкұлдың нағашысы – қатал мінезді Серкебайдың қолына бермек болып шешеді. Осы кездегі Момынкұлдың ішкі әлеміндегі өзгерістерді, көңіл күйін жазушы ұзақ-сонар тәптіштеп баяндап жатпастан, кейіпкердің бір ғана сыртқы психологиялық қимыл көріністері арқылы сипаттауының өзі көңіл аударарлық.

"Серкебай үзеңгіге шіреніп тұрып бізбен қоштасты да, ат басын ауылына бұрды. Соңынан ат үстінде иығы салбырап, көкем еріп бара жатты" [11,326 б].

Бұрынғы өжеттігінен, қайсарлығынан жұрнақ та қалмаған Момынкұлдың, нағашысына еріксіз ілесіп кетіп баражатқандығын жазушы бір ғана "иығының салбырауы" арқылы жеткізе білген. Жайшылықта жыр айтып, хисса оқып өз қызығымен жүретін Момынкұлдың тәкаппар Серкебайдың алдындағы кейпі де сыртқы детальдар арқылы ажарлана түседі. Мәселен, "...бір қызығы – нағашым ұрысқанда көкем шынымен-ақ кінәлі адамдай мойнын салбыратып үнсіз отырып алатын" [11,332 б]. Момынкұлобразынан жас балаға тән аңғалдық, қарабайыр тасырлықпен қатар, қайратты ерге тән төзімділікті де қатар аңдап көруге болады. Кейіпкер бойында әркімде кездесе бермейтін бір айрықша өзіндік қасиет бар. Ол оның табиғи болмысына қанмен сіңген - тазалық. Мәселен Момынкұл Серкебайдан оңбай таяқ та жейді, жазықсыз Аққұл қарттың соққыға жыққызатын әрекетін де бастан өткереді. Бірақ соның барлығына қарамастан оның көңілін кір шалмайды. Барлық жағдайға, әрбір кездескен кісіге ақ көңілімен қарайды. Сонымен қатар үлкен кісінің алдынан кесе көлденең өтіп, қарсы сөз де айтпайды, тек құрметпен қарайды. Қандай жағдайда сипатталса да, осы абзалдық Момынкұлды ірілендіре, өзгелерден дараландыра түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Нұрпейісов Ә. Толғау. Әдеби портреттер. –Алматы: Жазушы, 1972.- 220 б.

- 2 Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Ауд. М.Қазбеков. –Алматы: Қазақстан, 1991.- 400 б.
- 3 Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің.- Тараз, 2007.- 195 б.
- 4Гиленсон Б.А. Эрнест Хемингуэй: Кн. Для учащихся.- Москва: Просвещение, 1991.- 192 с.
- 5 Елеуменов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Жазушы, 1977.- 300 б.)
- 6Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1991. -572 б.
- 7Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 4 т. – Алматы: Жазушы, 1978. – 194б.
- 8 Цейтлин А. Труд писателя. – Москва: Сов.Писатель, 1962. –с. 367.
- 9 Ақшолақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. – Алматы: Ғылым, 2001. – 430 б.
- 10 Қаратаев М. Шеберлік шыңына. – Алматы: ҚМКӘБ, 1963. – 296 б.
- 11 Момышұлы Б.Екі томдық шығармалар жинағы.1т.–Алматы: Жазушы,2002.–480 б.
- 12 Боров Ю. О комическом. – Москва: Искусство, 1957. – с. 119.
- 13 Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы: Ғылым, 2001. – 215 б.
- 14 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – 208.
- 15 Нұрғали Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 439 б.
- 16 Ыбырайұлы М. Халықтық мінез хақында. // Абай журналы. 1996, № 2. – 103 б.
- 17Гинзбург Л. О психологической прозе. – Л: Художественная литература, 1997. – с 443.
- 18Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – 208.
- 19Майтанов Б.. Қазақ романы және психологиялық талдау. –Алматы: Санат, 1996. – 336б..
- 20 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 327 б.
- 21Қабдолов З. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. –Алматы: Жазушы, 1977. – 336 б.
- 22Боровой Л. Путь слова. – Москва: 1974. – с. 888.

ӘОЖ 82.152

ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МУРАТБАЕВА А.С., АЙБАС Н.

Т.Рысқұлов атындағы № 20 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Кітап маған тақтан да қымбат
Шекспир

Резюме. Человек Нового времени должен адаптироваться к современному высокоразвитому информационному обществу, которое стремительно трансформируется и трансформируется. Поэтому сегодня перед отечественной системой образования, ее филологической отраслью высшего образования стоит огромная задача. Это- формирование у каждого гражданина Казахстана грамотности по правильному использованию информационных технологий, которые являются одними из самых важных образовательных и квалификационных качеств, то есть подготовка студентов нового поколения и конкурентоспособных в мире квалифицированных специалистов и

профессионалов, способных работать с необходимыми техническими устройствами и эффективно взаимодействовать с полученной ими информацией.

Summary. A person of the New Time must adapt to the modern highly developed information society, which is rapidly transforming and transforming. Therefore, today the national education system and its philological branch of higher education face a huge task. This is the formation of literacy in every citizen of Kazakhstan on the correct use of information technologies, which are among the most important educational and qualification qualities, that is, the training of a new generation of students and globally competitive qualified specialists and professionals who are able to work with the necessary technical devices and effectively interact with the information they receive.

Көптеген адамдар филологияны өте айқын және дерексіз деп санайды. Олар бұл процестің тілдерді зерттеуге қатысты екенін біледі, бірақ оларда толық ақпарат жоқ. Филология факультетін бітіргендер ғана ауызша ғылымның барлық аспектілерін дәл және қызықтыра алады. «Рәбиға Сыздықтың адами қасиеттері мен ғалымдық табиғаты арасындағы тамырластық тәркінінде осындай бір үйлесім үлгісі мен сұлулық сыры бары анық» [1, 7], – дегендей, Р.Сыздық – қазақ тілтаным ғылымында аса ерекше аталатын көрнекті тұлғалардың бірегейі. Ғалым бұл биіктікке өзінің табиғи туа біткен дарыны, жоғары танымдық қасиеті мен тынымсыз ізденісі арқылы жетіп отыр. Ғылымның ауыр жолында алмастай жарқыраған қазақтың біртума қызының қазақ тіл білімінде зерттеген тақырыптары мен салалары сан қырлы. Шешімін таппаған тартысты, даулы мәселелер, екі ұшты тұжырымдарға дәлелді ой айтып, тұшымды пікір келтіре білген ғалым әлі күнге дейін тіл білімін жаңаша, салааралық сипатта байланыстыра зерттеумен айналысып келеді. Рәбиға Сыздық туралы сөз болғанда, ең алдымен, оның қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеті мәселелері арасындағы «алтын көпір» екені ойға оралады. Себебі ол қос әлемді біртұтас, ажырамас бірлік ретінде қарастырып, бүтін дүние тудыра білді. Әдеби мұралардың, ақын-жазушылардың тілін зерттей отырып, қазақ лингвистикасында өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Филология ғылымдары ежелгі Грецияда көптен бері пайда болды. Алдымен олардың пайда болуы, одан кейін дамуы (орта ғасырларда), ал қазір Ренессанс - гүлденудің толық күші болған. «Филология» деген тұжырым XVIII ғасырда пайда болды. Содан кейін ол тек славян болғаннан кейін ғана классикалық өнеркәсіп туралы болды.

Славян филиалының негізін қалаушы - чех ғалымы Добровский Йосеф. Филология дамуының басталуының себебін түсіну оңай. Еуропалықтар өздерінің ұлттық тамырларына, көздеріне және даму тенденцияларына қызығушылық таныта бастады. Бұл кезеңде романтикалық дүниетанымның дизайны, сондай-ақ түрік басқыншыларына қарсы күрес басталды. Ғылымның басқа да түрлеріне келетін болсақ, олардың әрқайсысы нақты индустрия мен онымен байланысты халықтарды терең зерттейді. Әлемде бірыңғай ортақ бизнеспен айналысатын көптеген қоғамдық ұйымдар бар, кейде олардың жетістіктерін жинап, айырбастауда.

Филологияның қандай филологиясы бар екенін толық түсіну үшін қандай филология ғылымдары оның компоненттері екендігін анықтау керек:

Лингвистика. Екінші тіл - бұл тілдің мәні, оның функциясы, құрылымы туралы білетін лингвистика.

Әдебиеттану. Ол әдебиет тарихын, оның дамуы мен халықтың мәдениетіне әсерін қарастырады.

Фольклор. Халықтық өнер, фольклор, мифтер мен аңыздар оқудың негізгі пәндері болып табылады.

Мәтін жазу. Оның назарында әртүрлі авторлардың шығармалары, олардың келбеті мен болашақ тағдыры жазылған.

Палеография. Бұл ғылым ежелгі қолжазбаларды, олардың пішіндерін, стильдерін, жаратылған жерін және уақытын зерттейді. Қазіргі таңда Осы филологиялық білімді

қазіргі заман талаптарына сәйкес ұйымдастырып, оның білім беру үдерісіне жаңа технологияларды енгізу туралы ғылыми зерттеулерге тереңірек бойлап, кеңірек ой жүгіртсек, қазіргі заманның әрбір адамы белгілі бір сапа-қасиетке ие болуы қажет екені айқын бола бастады. Ол – компьютерлік сауаттылық пен электронды құрал-жабдықтарда оңтайлы жұмыс істеп, өзіне және қоғамға қажетті ақпаратты жедел әрі қажетті мөлшерде ала білу және тиесінше пайдалана білу екені анық. Өйткені жаңа заманның адамы жылдам өзгеріске түсіп, құбылып отыратын қазіргі жоғары дамыған ақпараттық қоғамға бейімделуі қажет. Сондықтан да қазіргі таңда отандық білім беру жүйесінің, оның филологиялық жоғары білім беру саласының алдында зор міндет тұр. Ол – қазақстандық әрбір азаматтың бойына түрлі білім мен біліктілік қасиеттердің ішіндегі ең бастыларының бірі болып саналатын ақпараттық технологияларды дұрыс пайдалана білу бойынша сауаттылық қалыптастыру, яғни қажетті техникалық құрылғылармен жұмыс істеп, солар арқылы алынған ақпаратпен тиімді қарым-қатынас жасай алатын жаңа заманның студенттерін және әлемдік бәсекеге қабілетті білікті мамандар мен кәсіп иелерін дайындау болып отыр.

«Оқытудың қазіргі заманғы жаңа технологиясы оқу үдерісіне педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Бұл технологияны оқу-тәрбие жұмысының бір-бірімен тығыз байланысқан білімгерлерді (оқушы, курсант) дамытуға бағытталған әдістері мен түрлерінің кешенді жиынтық жүйесі деп қарайтын болсақ, онда ол білім құрылымы мен мазмұнын жетілдіру ісінің басты бағыты, яғни оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін біртұтас үдеріс болып табылады. Сондықтан да оқу-танымдық, оқу-тәрбиелік, оқу-әдістемелік, педагогика-психологиялық, ақпараттық-коммуникациялық жаңа технологияға бетбұрыс әлемдік білім кеңістігіне талпынған қазақстандық ғылыми-әдіснамалық жүйені мазмұны жағынан ғана байытып қоймай, құрылымын да өзгертіп, бағыты жағынан да жетілдіре түседі» Филология - бұл әртүрлі халықтардың руханилығын зерттейтін, олардың жазбаларын талдайды, белгілі бір тілдің сипаттамаларын егжей-тегжейлі зерттейтін, содан кейін біртұтас тұтас алған білімді жинайтын ғылым. Жазбаша мәтіндер халық тарихын көрсететін көздердің бірі. Біріншісі, сөздіктер, трактаттар мен діни жазбаларда кездесетін күрделі сөздерге түсініктеме түрінде пайда болды. Гомер бірінші болды, ноталары мұқият талдау жүргізілді. Филология көптеген пәндерден тұрады және олардың әрқайсысы өз саласында жұмыс істейді. Роман-герман филологиясы, мысалы, роман-герман тілдерін талдайтын әлемдегі ең кең тараған.

Филологиялық білім беру – бұл классикалық гуманитарлық білім беру. Қазақстанда алғаш ашылған оқу орындарында білім беріле бастаған да дәл осы филология мамандығы болатын. Тарихи қалыптасқан бұл мамандықтың 90 жылдық тарихы бар. Бұл ғылым түріне тіл білімі, филология (тілтаным), әдебиеттану, коммуникация теориясы, лингвистика, аударма ісі, тіл мен әдебиетті оқыту методикасы, стилистика, тіл мәдениеті, тіл тарихы, тіл саясаты тәрізді тілге қатысты барлық бағыттар мен құбылыстардың жиынтығы жатады. Филология мен лингвистика – бүгінгі таңда әлемдік бағытта дамып жатқан ғылымдар. Себебі әлемдік үрдіске айналған әрі ортақ ғаламдастыру құндылықтарын қалыптастырып жатқан тілдік құбылыстар мен тілдік тенденциялардың орын алуына байланысты бұл ғылымның да дамып, кеңеюі, үлкен ғылыми-идеологиялық күшке айналуы байқалады. Сол сияқты қазақстандық филологияның да басты мақсаты – полимәдениетті білім беру бағдарламасын тағайындау.

Қай елдің болсын заман ыңғайына қарай экономикалық-қоғамдық қатынастарының барлық саласы өзгеріп, дамыған сайын білім беру жүйесі де өзгеше мән-мазмұнға ие болып, сол қатынастарға сәйкес дамитыны табиғи заңдылық. Тіл мен әдебиетті ұлттан, ұлттық мәдениеттен, ұлт өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастан бөліп қарау мүмкін емес. Ал қазақ қоғамның көркем-эстетикалық таным-біліктілікке деген құштарлығы қашанда мәңгілік. Сондықтан да тіл мен әдебиеті заман талабына орай, жаңаша оқытып, оның рухани-мәдени әлеуетін жас ұрпақ тәрбиесінде барынша тиімді пайдалану маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек. Сондай-ақ білім беруді

ақпараттандыру үдерісінің нәтижелері сипатталып, оның бірер жылда шешуге болатын мәселелері анықталды.

Қорыта айтқанда, қазіргі филология ғылымының өзекті мәселелері тілді меңгерту, оқушыларға филология салаларына талдай отырып, мамандық таңдауға шақыру. Бүгінде әлемдік озық технологиялар мен жаңашыл ізденістер отандық білім жүйесінде кең қолданысқа ие болып отыр. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Жаңа ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Пән бойынша білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді анықтайтын оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескерілген. Мұны осы құндылықтар мен дағдылардың барлығы қарастырылған барлық пәндердің оқу бағдарламаларынан көруге болады. Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюидің: – Егер біз бүгін балаларымызды кешегідегідей оқытатын болсақ, онда біз оның ертеңін ұрлаймыз, – деген ойын ескере отырып, оқушы бойында қажетті құндылықтарды дамыту үшін бірлескен іс-әрекеттер, тиімді әдістер мен саралау тәсілдерін қолдану қажет. Адам баласы үшін білімді меңгеруде басты құндылықтарды меңгерту. Құндылықтар жүйесін қалыптастыруда оқу мен тәрбие негізінде жаңаша оқыту формаларын тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін саралап таңдалғаны жөн.

Көрнекті психолог Л.С.Выготский: – Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуына ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады, – деп тұжырымдайды. Выготскийдің айтуы бойынша, жақын арадағы даму аймағы – оқушының өз бетінше шешкен міндеттердің көмегімен анықталған өзекті даму деңгейі мен үлкендердің басшылығымен және анағұрлым қабілетті жолдастарымен бірігіп шешілген міндеттер арқылы анықталатын болжамды даму деңгейі арасындағы қашықтық. Негізінде, бұл түсінік адам өз бетімен игере немесе көрсете алмайтын, бірақ біреудің көмегімен үйренуге болатын барлық білімдер мен дағдыларды қамтиды. Демек, оқыту барысында белгілі бір тақырыптың аясында оқушылар бірлесіп жұмыс жасап, ортақ мәселе бойынша талқылауға қатысса жұмысты шығармашылықпен орындау, өзгенің пікіріне құрметпен қарау, өз оқуына деген жауапкершілікті сезіну, қарым-қатынас жасай білу құндылықтары арта түседі. Бастықұндылықтардың бірі – шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Фаузия. Көп туса қазақ дәл сіздей қызды... [Мәтін] // Қазақ әдебиеті. – 2009. – №14. – Б. 7.
2. Сыздық Р. Сөздерсөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). Толықтырылған 3-басылымы. – Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы: «Білім қоғамы», 1990. – Б. 52.
4. Сыздықова Р. Язык «Жамиат-тауарих» Жалаири. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 243с.
5. Сыздықова Р. Яссауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.
6. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдебитілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 614б.

ШӘДІ ЖӘҢГІРҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ИГЛИКОВА Г.О.

№57 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МЫРЗАБЕРГЕН М.

№57 орта мектебінің 8 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается творчество поэта ШадиЖангировича.
Summary. The article discusses the work of the poet Shadi of Jangirovich.

Шәді Жәңгірұлының көп жыл ізденіп, жазған дастаны – «Назым сияр Шәриф» атты туындысы. Бұл шығармада Мұхаммедтің (ғ.с.) туғаннан өлгенге дейінгі барлық өмір жолы суреттелген. Ол кісі кіммен дос, кіммен күреңқабак болды, кәпірлермен қалай күресті, мұсылмандарды қалай қолдады, қанша баласы болды, кімнің тәрбиесін көрді, қанша рет некеленді, әке-шешесі кім еді, туған-туысы бәрі-бәрі түп-түгел жырда көрініс табады.

Ақынның Мұхаммед пайғамбар жайында қалам тербеуінің өзінде де көп мән бар. Біріншіден, пайғамбар өмір тарихының халық арасына тарауын көздесе, екіншіден, мұсылман ғалымдары арасындағы даулы мәселеге өзіндік көзқарасын білдіріп отырады. Дастанның басынан-ақ «Нұр» сипатына ерекше тоқталуы соны аңғартса керек. Өйткені орта ғасырлық ғұламалар Алланың алғаш жаратқан нәрсесі жайында дауласып, әр түрлі пікірлерді ұстанған болатын. Кейбірі алғаш жаратылған нәрсе пайғамбардың нұры десе, кейбірі қалам немесе ақыл екенін алға тартқан еді. Біз Мұхаммедтің (ғ.с.) қалай өмірге келгенін де «Назым сияр Шәрифтен» оқимыз:

Ғабдолла Әмина аттыәйел алды,
Ибраһим тәртібімен некеленді.
Әуелі кездескенде Ғабдолламен,
Алты айда Ғабдоллаға ажал жетті,
Пайғамбар тумай жатып өліп кетті.
Алланың әмірімен Мұхаммедті,
Құрсақта анасының жетім етті.

Ақынның мәліметі бойынша, соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (ғ.с.) тумай жатып жетім қалғанын білеміз, көптеген діни қолжазбаларда Алланың елшісін жетім өсті дейтін, ал қалай жетім қалғандығы жайында осы дастандай жан-жақты түсіндіріп айтқан емес.

Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр Шәриф» атты дастанында пайғамбарымыздың жиырма бес жасында қырық жастағы Хадиша атты жесір әйелге үйленгенін де жырлайды. Меғражға барып, Алланың көргенін де толғайды. Қаншама кәпірлерді ислам дініне кіргізіп күндіз-түні аянбай, Алла жолында қызмет еткенін, мұнафиықтарды (екі жүзді) ешқашан аямайтынын, күллі мұсылманды бір ел, әр қырынан жырлапты.

Шәдінің пайғамбар тарихына арнаған «Назым сияр Шәриф» дастанынан басқа, оның Ислам ғазауыттарын көрсететін «Хайбар» дастанын да жазған. Хайбар – жердің аты. Мәдинеден бірнеше шақырым жерде орналасқан. Бұл соғыстың Ислам тарихында алар орны ерекше. Себебі Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың мүшріктерді жеңіп, елдің сол қанатына шоғырланған жүгеттермен болған шешуші шайқасы Хайбарда өткен болатын.

Адам ата жаратылғалы бері адамзат баласының қасы – Ібіліс. Оның көздегені адам баласын дұрыс жолдан тайдырып, жаманшылыққа бастау болып табылады. Әзәзіл Ібілістің бар айла-шарғысын ашып көрсететін ибн Жүзидің «Талбису Иблис» («Ібілістің айлакерлігі») деген еңбегі діндарлар арасына осы еңбектің желісіне құрылған. Шығармада Барсиса деген діндардың хақ жолында жүріп, қалайша Ібілістің тұзағына түскені жайында

айтылады. Шайыр осы шығармасы арқылы оқырманды өз нәпсісінің құлы болмауға шақырған.

Шәді «Ахуал қиямет» деген дастанынан оның құран тәпсірін жетік меңгергенін көруге болады. Шығарманың екінші жартысын оқығанда адамның өлер алдындағы сәтінен бастап, қабір азабына дейінгі аралықты суреттеген шайырдың еңбегіне сүйсінбесе амалы жоқ.

Шәді ақын өлімді айтуда адамдарды қорқытудан аулақ. Тірлікте істеген әрбір әрекеттің о дүниеге апарар сенің еншің екенін еске салады. Демек, адам баласы тіршілікте істеген қателіктері үшін тіршілікте Алладан кешірім сұрауы тиіс. Ақынның бұл көзқарасы түсінген кісіге имандылыққа шақырған жаны таза адамның жүрегінен шыққан өсиет сөз екенін аңғаруға болады.

Кеңес заманында Шәді Жәңгірұлының туындысын «идеямызға жат» деп бүркемелеп, жасырын ұстап келгені анық, осы бір жайды Ә.Тәжібаев ашына толғайды: «Бұған дейін Шәді туралы сөз айтылмайды, өйткені көркем әдебиеттерді тану және оның ғылымын жасау, тарихын жазу ісіндегі солақайлықтар сонау бастан Шәді еңбектерін жат көрсетіп, әдебиет оқитын қауымнан жабық ұстады да, ақынның өмір тарихы да жаңа жұртшылыққа бейтаныс күйде қалды. Сондықтан бұлдыр бейнені анық көру, жаңа бір ақынды тыңнан ашу, онымен тілдесу, сырласу, оның мінез-құлқын, әдет-салтын, дүниеге қауымға, сұлулыққа көзқарасын білу, қай жағынан алсақ та қажет екен» [11, 221б.].

Шәді Жәңгірұлы жазған әдеби жәдігерлер қазақ, өзбек, қарақалпақ, түрікмен халықтарына ортақ деп айтсақ артығы жоқ. Өйткені сол елдердің ауызша, жазбаша қазыналарын меңгеріп, пайдасына жарата білген, шайырлармен араласып, ақындық шеберлігін ұштаған адам. Түркі тілдес халықтарға ортақ саналатын іргелі тақырыптарды өзінше қайтадан жазып шығу өздігінен келмейтін жұмыс екені айқын.

Соған қарағанда, Шәді тынымсыз ізденудің, еңбектің адамы болған, оны қасиетті туындыларынан тауып, танимыз, «Шығыс классикалық әдебиетінің назиралық үлгісін жете меңгерген, гуманистік ағартушылық бағытта дәстүрлі тақырыптарды жырлаған. Мазмұн мен түрі жағынан, идеясы мен сюжеттік желі тұрғысынан мүлдем жаңа, қолтума төл шығармалар жазған» [12, 168б.].

Сөз өнері мен қолөнер зергерлігін қатар алып жүріп даңқы шыққан Шәді ақын шығармаларының тигізген игі ықпалын оның еңбектерінен көруге болады. Көзінің тірісінде жетпіс бес табақтай еңбегі баспа жүзін көрген Шәді шын шабытқа дамыл бермеген қалам иесіне ұқсайды. Кітаби ақындардың ішінде шығыс сюжетін қуалап қана қоймай, орыс халқының тарихын терең бойлаңқырап зерттеген Шәді екен. «Әр сөзі құйылғандай қорғасыннан» деп шайырдың өзі айтпақшы, оғын айдалаға бытырата бермей, жинақтап, шымырлап, ой елегінен өткізіп барып көпке ұсынған көрінеді. Шәдінің шығыс әдебиетінің әуендерімен байланысына барлай қарағанда не болса соны бері тарта бермей қазақ ұғымына, санасына, ортасына, өнеріне жақыннан орнығып қалды-ау деген сюжеттерді суыртпақтай шығарып, салмақты дүниеге айналдыра білген.

Сонымен кезінде түрлі діни мектеп-медреселерде оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген, сол арқылы араб поэзиясынан еркін сусындаған, Ислам тарихы мен араб әдебиетін терең білетін қазақтың ғұлама шайыры Шәді төре Жәңгірұлы қазақ көркем сөз өнерін мазмұн мен норма жағынан байыта түсуге өзіндік үлес қосты. Ол шығыс классикалық поэзиясына тән нәзірә дәстүрін жан-жақты меңгеріп, қазақ оқырманының талап-тілектеріне сәйкес келетін шығармалар жазды. Мұның өзі қазақ әдебиетін мазмұн, тақырып, идея жағынан көріктеу құралдарымен байытуға үлкен әсерін тигізді.

Шәді төренің алғашқы хикаяттарының қатарына «Ескендір Зұлқарнайын» мен «Хикаят Әмір Хамзе» жатса керек. Бұл шығармаларын ол 70 жылдар ішінде жаза бастаған. Шығыстың үлгілі әдебиетінен алған өнегесі бойынша, Шәді де көбіне хикаялы роман, дастан жазады. Сюжеті көбіне шығыстан, әсіресе араб ертегілері мен шағатай әдебиетінен алған. Шығыс ақындары сияқты Шәді төре де өзінің ақындығын нәзира

үлгісімен жүзеге асырады. Бірақ Шәді аудармашы емес. Араб ертегілері, «Мың бір түннен» алған сюжеттерін ақын бос еліктеу түрінде жазбаған. Әрбір сюжет оның адамгершілік, әділет іздеген адамсүйгіштік ұлы армандарына ем болған. Шәді шығыстан алған сюжеттерді біраз өзгертіп, образдарын өзінше жасаған. Өзінің ғибратшыл хикая, дастандары арқылы Шәді төре қазақ ауылындағы түрлі әділетсіздіктерді сынайды. Өзге ел сюжетін ұлт әдебиетінде сол елдің өз армандарына үйлестіре жырлау Байрон, Пушкин, Лермонтов, Толстой шығармаларынан да үлкен орын алған. Шәді шығыс әлемінің бай әдеби қазынасын көріп, соның үлгісін қазақ тілінде жасамақшы болады. Бұл реттен Шәді қазақтың Науаи сияқты ұлы ақыны.

Шәдінің әдеби стилін түсінбеген кейбіреулер оның дін тақырыбына жазған алғашқы шығармаларын оқып, кітапшыл, діншіл ақын деп бағалауға асықты. Шындығында Шәді ислам дүниесін өзіне соншалық арман еткен ақын емес. Дін тақырыбы оның шығармаларында үстем көрінбейді. Алғашқы кезде ислам тақырыбын біршама жырлаған соң, Шәді сол ислам дүниесін қатты сынауға кіріседі. Оның «Бәрсиса» секілді дастандары Дантэ жырлаған «Құдайдың мазағы», Байрон жырлаған «Каин», Гете жырлаған «Фауст» секілді ислам әлемін терең сынаған үлкен сатира. «Бәрсиса» дастанында Шәді о дүниеде өз басын дозақтан құтқару үшін өмірден, халықтан, адамнан жырылып, жер астынан үй салып, ғибадатқа берілген заһид софының ішкі дүниесін әшкерелейді.

Осы сатирасы арқылы Шәді мизантроп (адам сүймеген), ғибадатты өз басы үшін істеген жанбағар, қорқақ тақуаның ішкі дүниесінің шірік, қуыстығын әшкерелейді. Шәдінің бұдан соңғы бір сатирасы – «Камил хан деген патшаның уақытында болған оқиға» атты дастаны. Мұнда Шәді Бақылсары дейтін адам сүймес, өзімшіл сараң байдың мінезін көрсетеді. Бақылсары біреуге бір үзім нан берсе, үш күнге дейін тамақ ішпейтін сараң еді. Өзінің жалғыз қызына тәулігіне бір күлше нан беріп, үйден аттап шығар болса барлық мүлкін сандыққа салып, құлыптап жүретін болған.

Бір күні бір диуана нан тілеп келсе, қыз оған беруге ештеңе таба алмай, өзінің сол күнгі жейтін жалғыз тоқашын береді. Есіктен шығып бара жатқанда, әкесі диуананы тоқтатып, нанды кімнен алғанын сұрайды. Диуана қыздан алғанын айтады. Мұны естіген Бақылсары өз қызын елсіз жерге апарып: «Қызым, нанды диуанаға қай қолымен бердің дейді?»–дейді. Қыз оң қолын көрсетеді. Сол жерде Бақылсары қызының оң қолын кесіп, «сенімен тұрмақ енді харам болады» деп, қызын далаға тастап, үйіне қайтады. Аңда жүрген бір патша қызды тауып алып, өзінің баласына қосады. Хан баласы өзінің қалыңдығына қолымен бір гүл әпер десе, қыз сол қолымен әпереді. Шаһизада: «Жарым саһрайы екен» деп айып тағады. Қыз бұған нала болып, құдайдан қол сұрайды. Қыздың тілегі сол сәтте-ақ қабыл болып, қолы орнына келеді де, күйеуіне оң қолымен екінші рет гүл әпереді.

Бұл дастанында Шәді адамгершілігі мен рахымшылығы мол қызды мұратына жеткізіп, сараң байды сөгеді. Қазақ байларының мінез-құлқын сынаудың бір үлгісі осы. Мұндай сатираны ол Шардарбек, Отыншыбай сияқты қажыларға да қолданған. Дастанның жалғыз-ақ кемшілігі – ақын адам мінезіндегі жамандықты дұрыс әшкерелей отырып, әділетке күрес арқылы емес, тәңірінің дегенімен ғана жетуге болады деген ойды айтқысы келеді.

Сонымен қорыта айтқанда, осы айтылған пікірлерден Шәді төренің қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын анықтауға болады. Шәді–адамның бас бостандығын жырлаған үлкен гуманист ақын. Оның негізгі мектебі–шығыс әдебиеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. –Алматы: Ана тілі, 1960.–166б.
- 2.Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 1978. – 265б.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ФИЛОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ

МИРКУРБАНОВА Т.Ю.

Жамбылская область, Меркенский район, Общеобразовательная школа №20
имени Турара Рыскулова, учительница русского языка и литературы,
Республика Казахстан

Человеческая мораль исходит от хорошего учителя
Абай Кунанбайулы

Түйіндеме. Филология тек тілді зерттеуден ғана емес, сонымен бірге бір халықтың әдебиетін зерттеуден тұрады және осы зерттеу арқылы сол мәдениетті білуге бағытталған. Бұл тұрғыда тек әдеби құндылығы ғана емес, шынайы жазушыны қызықтыруы мүмкін барлық жазбаларды зерттеу қажет. Осылайша филологияның негізгі міндеттері бар; тілдерді салыстырып, сол жерден санскриттің басқа тілдермен ұқсастығын шығарады, бұрын айтылғандай. Сондай-ақ, ол әртүрлі қолжазбаларды зерттеу арқылы мәтіндерді қалпына келтіруге, сайып келгенде, классикалық және қазіргі заманғы авторлардың редакциялауы мен мәтіндік интерпретациясына жауап береді.

Summary. Philology consists not only of the study of a language, but also of the study of the literature of one people and is aimed at studying this culture through this research. In this context, it is necessary to investigate all the records that may be not only of literary value, but also of interest to a genuine writer. Thus, philology has the main tasks; comparing languages and extracting from there the similarity of Sanskrit with other languages, as mentioned earlier. He is also responsible for the restoration of texts through the study of various manuscripts and, ultimately, for the editing and textual interpretation of both classical and modern authors.

Во-первых, филология и лингвистика - это две науки, которые имеют дело с языком, поэтому они путают его и даже сами знают. Но на самом деле, они по-разному относятся к языку из-за того, что филология рассматривается как более полная наука, которая изучает все возможные взгляды на человеческий язык. Филология - это наука, которая позволяет им получать информацию о дате создания текста и обществе, на которое составлен текст, или на кого он ссылается. Список трудов известных ученых, профессоров и тюркологов, внесших значительный вклад в становление казахского языкознания как науки, систематизирован в хронологическом порядке. В работе представлен обзор учебников и учебных пособий, монографий, коллективных трудов (грамматики казахского языка), энциклопедий казахского языка, научных трудов (кандидатских, докторских диссертаций) и исследовательских статей, дана характеристика каждого труда, представлены собственные выводы и предположения по актуальным вопросам. В работе несколько систематизированы исследования в области грамматики. Языковые категории, в том числе общенаучная трактовка категории, грамматические и понятийные категории, семантическая и т.д. лингвистическая природа типов категорий описана сопоставительно.

Главной опорой нашей независимости являются язык и религия нации. Всем нам ясно, что наша независимая страна – многонациональное государство. Благодаря дальновидной политике нашего президента родные языки представителей всех национальностей в стране процветают и развиваются при поддержке государства.

Владелец языка – казах вчерашний, казах сегодняшний и казах будущего. Жизнь языка вечна, как время. Язык – это доказательство того, что народ навсегда останется народом. Язык – наследие прошлого, честь сегодняшнего дня, залог завтрашнего дня. Вот почему знать ценность родного языка и уметь правильно говорить на нашем языке –

единственная обязанность ребенка казахской крови. «Будущее Казахстана – в казахском языке» Наша страна – Казахстан, наш язык – казахский. Мы говорим, что казахский язык — один из самых красивых и сложных языков в мире. Да, казахский язык очень богатый язык! На казахском языке написано столько замечательных произведений, столько теплых и душевных песен. Образование, воспитание, пример и нравы наших предков, укоренившиеся в казахском народе, внесли большой вклад в формирование нашей личности. Воспитание подрастающего поколения должно осуществляться через национальный язык, на национальной основе. Потому что там, где чистота языка, восторжествует чистота нации. Основа национального образования также начинается с языка. Поэтому главной задачей в школах является развитие речи. Наши люди, считающие, что «око ума – славное слово», также считали умение говорить великим искусством. Язык – отличный инструмент для передачи идей. Наша страна состоит из представителей многих национальностей. Мы, учителя, создаем различные условия для представителей других национальностей, проживающих в нашей стране, одним из которых является обучение языку в группах с использованием дополнительных занятий, языковых кружков и различных методик. Одним из способов решения проблемы изучения языка является взаимная дискуссия, создание диалога, изучающий язык не измеряется знанием всей лексики в словарном запасе этого языка, он начинается с умения сортировать и выбирать минимальный лексический словарный запас, необходимый для разговорной речи. из словарного запаса языка за один учебный год.

Требования к обучению лексическому материалу:

1. Выберите минимальный словарный запас и постоянно улучшайте словарный запас сидеть.
2. Осуществление специфического языкового общения с помощью лексических единиц.
3. Непрерывное обучение способу соединения слов и умению использовать лексические единицы на практике.
4. Обращаем внимание на употребление лексической единицы во фразе, контексте, тексте.
5. Учить передавать мысли полными, законченными предложениями Обращать внимание на порядок слов в предложении.
6. Выполнение устных и письменных упражнений с использованием различных методик и развитие памяти учащихся.
7. Чаще проводить контрольные мероприятия, связанные с лексическим материалом.

Преподавание лексического материала не ограничивается хорошим знанием лексических единиц. Чтобы научить представителей других национальностей говорить на казахском языке, необходимо учить не только словарный запас, но и особенности и правила употребления в нем слов. Это указывает на то, что лексические правила, наряду с грамматическими, имеют особое значение для использования слов в языковом общении.

Произнесение фразы, передача мысли через предложение связано не только с грамматическими правилами, но и непосредственно с лексическими, поэтому можно добиться соответствующего результата при изучении языка, не разделяя их на лексические правила и грамматические правила. Общественные и социальные предметы, в том числе филологические предметы, занимают особое место в прочном становлении независимости и целостности Республики Казахстан. В оценке духовных ценностей нашей страны филологические предметы играют важную воспитательную, художественную, эстетическую, историческую и познавательную функции. Вот почему филологическое высшее образование должно преподаваться и информироваться новыми технологиями в соответствии с современными требованиями.

По крайней мере, мы можем смело утверждать, что субъект в казахском языке выражен менее агрессивно, чем в западноевропейских. Тем не менее острая нехватка в Грамматике современного казахского языка совершенно очевидна. Мы неоднократно

говорили и писали о том, что из учебников казахского языка разных авторов непонятно, сколько же на самом деле наклонений. Почему четыре вспомогательных глагола (отыр, тұр, жүр, жатыр) на русский язык практически не переводятся, в то время как они присутствуют в языке с незапамятных времен, несмотря на известный закон экономии, непременно действующий для всех языков. Разве предложения: «Оля кітапоқыпжүр (жатыр, отыр, жүр)» эквивалентны одному русскому: «Оля читает книгу»? В них заложена особая ментальность казахского этноса, которую все еще хранит язык, но «забыла» наша суетная память. На самом деле, все понимают, что время и пространство в языковых картинах мира кочевников (казахов) и земледельцев (русских) имеет свои принципиальные отличия (об этом, кстати говоря, пишет в своей научно-популярной книге Бахыт Г. Каирбеков), но нет сравнительных описаний. Сравнение и сопоставление позволяют вычленить свое особенное, присущее конкретному этносу и картине мира. Немало казахов, живущих в Российской Федерации (а всего — более 980 тыс.), а также и в Республике Казахстан, хорошо знают различия в русской и английской языковых картинах мира, но едва ли аналогичные знания они могут предоставить о казахском языке в сравнении с русским. Можно ли их назвать семилингвами (полуязычниками) — «осовеченными манкуртами», в памяти которых существуют отдельные фрагменты казахской языковой картины мира?

Что оставит в скрижалях летописи человеческой цивилизации казахская культура? Ведь, по мнению некоторых ученых, эта страна известна миру своей громадной территорией. «Казахстан имеет гигантскую территорию в 2.717.300 кв.км. (больше, чем Саудовская Аравия), это его наиболее заметная выдающаяся особенность (он был второй по величине территории республикой в составе Советского Союза, следующей за РСФСР, и сохранил такое положение в системе СНГ). Он граничит с Россией, Китаем, Кыргызстаном и Узбекистаном» [14, 387]. Ссылаясь на работу М.В. Olcott [15], ученые, по всей видимости, согласны с ней в том, что «Казахстан — это случайная, искусственно созданная страна, нация, выкроенная из Советской республики, границы которой никогда не мыслились как границы независимого государства» [14; 387,388] (выделено нами. — У.Б).

Независимость государства обеспечивается множеством факторов, едва ли не в первую очередь языковыми. Языковые факторы наравне с географическими (в пределах государственных границ) и другими образуют собой подсистему государственной системы. Как только одна из подсистем начинает слабеть, начинает слабеть вся система. Как же обеспечить витальность, жизнеспособность казахского языка? Ответ: только привлекательностью страны. (Что значит привлекательная страна — тема для другой статьи.) Если индивиду внутри и вне Казахстана будет выгодно реализовать себя как личность в этой стране, он будет овладевать казахским языком. Мотивационные предпочтения человека суть витальности того или иного языка. А мотивация, прагматика увеличивается в прямо пропорциональной зависимости от привлекательности страны. Язык нельзя навязать сверху. Язык возрождается и обретает новую жизнь только тогда, когда люди выбирают его как свою перспективу, как свою судьбу, т. е. как осознанную перспективу формировать новые смыслы на конкретном языке.

Список использованной литературы:

1. Джусупов М. Письмо — язык в графике (казахская письменность во временном и географическом пространстве) // Вестн. Российского ун-та дружбы народов. Сер. Теория языка. Семиотика. Семантика. — 2011. — № 4. — С. 25, 26.
2. Щерба Л.В. О взаимоотношениях родного и иностранного языков // Языковая система и речевая деятельность. — М.: Наука, Ленингр. отд-е, 1974. — С. 338-343.
3. Мельников Г.П. Принципы системной лингвистики в применении к тюркологии // Структура и история тюркских языков. — М.: Наука, 1971. — С. 121-137.

4. Сулейменов О.О. Азия. Книга благонамеренного читателя. – Алма-Ата: Жазушы, 1975. – 304 с.

5. Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – 2-е изд. – Алматы: Демей, 1996. – 208 с.

6. Мельников Г.П. Системная типология языков: Принципы, методы, модели. – М.: Наука, 2003. – 395 с.

7. Шапошников А.К. Академик О.Н. Трубачев о роли русского языка в СССР и СНГ // Русский язык как язык межкультурного и делового

ӘОЖ 82. 456

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЕРТЕГІ, АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ САТИРА ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

АЛИПБАЕВА С.Н.

№47 орта мектебі КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, п.ғ.м.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается сатира и ее приемы в сказках и легендах казахского фольклора.

Summary. The article discusses satire and its techniques in fairy tales and legends of Kazakh folklore.

Халық фольклорының бір түрі – ертегілер. Ертегі – ауыз әдебиетінің көне жанры. Онда еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, тарихы, мұң-шері, арман-қиялы бейнеленеді.

Қазақ ертегілерінің жиналу, зерттелу, жариялану тарихына келсек, өткен ғасырдың 20-40 жылдары қазақ ертегілерін, әсіресе, көп жинаған Ә.Диваев, С.Сейфуллин, Ө.Тұрманжановтар болды. Осылар жинаған ертегі, аңыздардың көпшілігі кейінгі шыққан ертегі жинақтарында пайдаланылды. Ауыз әдебиетінің басқа жанрларына қарағанда ертегілер жан-жақты зерттелді. Мысалы, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, С.Садырбаев, Н.Смирнова, С.Қасқабасов ертегілерді жан-жақты зерттеп, терең талдау жүргізді.

Ертегілердің құрылысы: біріншіден, ертегі ауызша айтуға лайықты құрылады, сөз, сөйлем құрылыстары да ауызша айтуға бейім, екіншіден, ертегілердің бастамасы және аяқталуы болады, үшіншіден, ертегі міндетті түрде жақсылықпен аяқталды. Ертегінің түп төркіні – миф болып табылады.

Сондай-ақ, оның негізінде аңшылар туралы әңгіме, әр түрлі кәде-ырымдар, аңыздар болады.

Ертегі жанры – аңыздық прозаның дамыған, көркемделген түрі. Оның мақсаты – тыңдаушысына үлгі-өсиет беру, эстетикалық жақтан тәрбиелеу. Ертегілер шындыққа бағытталмайды, оларда әсірелеу күшті болады. Ал ертегіні айтушы ертегіні айтып отырған оқиғасын өмірде шын болған деп дәлелдеуге тырыспайды. Өмірдегі бар, шын нәрсені әдейі өзгертіп көрсету – ертегі жанрының өзіндік қасиеті. Демек, ертегі жанрында қиял мен ғажайып идеялық қызмет атқарады. Мысалы, түлкінің арыстанды жеңуі – қисынға келмейді, дегенмен ертегі оны шын болған оқиға ретінде суреттейді.

Г.Н.Потанин жинаған ертегілерін топтап, М.Ғабдуллин 7 жікке бөліп қарастырады:

- 1) хайуанаттар туралы ертегілер;
- 2) таңғажайып ертегілер;
- 3) батырлық ертегілер;
- 4) ғажайып-новеллалық ертегілер;

- 5) тұрмыстық-новеллалық ертегілер;
- 6) тұрмыстық-ғибраттық ертегілер;
- 7) сатиралық ертегілер[1].

Ал М.Әуезов ертегілерді тақырыбы жағынан 3-ке бөліп қарастырады:

- 1) қиял-ғажайып ертегілер;
- 2) хайуанаттар жайлы ертегілер;
- 3) шыншыл ертегілер[2].

Ауыз әдебиетін жан-жақты қарастырып, фольклористика тарихына зерттеу жұмысын жүргізген Ә.Қоңыратбаев ертегі жанрын тақырыбына қарай:

- 1) мифологиялық (қиял-ғажайып);
- 2) хайуанаттар (жан-жануарлар);
- 3) реалисттік (тұрмыс-салт) ертегілері деп бөледі [3].

Қиял-ғажайып ертегілері – ауыз әдебиетінің ең көне түрі болып есептеледі. Олар адам табиғат сырын толық түсініп болмаған кезде туған. Олардағы негізгі кейіпкерлер: Ер Төстік, Ер Қосай, Кендебай, Құламерген, Аламан, Желім батыр секілді болып келеді. Олар – суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін, алып күш иелері. Олар елдің қамын ойлап неше түрлі бай, бек, молда, саудагерлермен айқасып, Жалмауыз кемпір, жезтырнақ, дию, пері секілді мифологиялық образдарды жеңеді.

Орыс фольклорындағы жалғыз көзді дию, жеті басты жалмауыз, мыстан кемпір, жезтырнақ тәріздес сорақы, сұмырай персонаждар туралы айта келіп, Максим Горький былай дейді: «Бұлардың бәрі де табиғатқа құдіреті жүретін ерекше күш иелері және өздері адамға өзгеше қас, ызалы. Осыларды кім тудырған, бұлар қалайша араласқан, бұлар кімді қорқытады, ол арасын айыру қиын, бірақ, мөлшермен болжағанда жасырын білімнің қуатын билеуші осы сұмырайлар уақиғаларға араласқанда әдейі қорқыту, шошыту үшін араласатын сияқты».

Ал М.Әуезов қиял-ғажайып ертегілерінде сатираның орын алуына байланысты айта келіп, жоғарыда айтылған жағымсыз бейнелер туралы былай дейді: «...Қиял-ғажайып ертегілерінде де өзге барлық ертегілер түріндей, сатиралық ертегілер өзгеше орын алады. Қанаушыл, зорлықшыл, қаскөй күштерге қарсы арналған халықтың ащы мысқылды, аямас ажуасы бұл жөнінде де үлкен қызықты үлгілер тудырады. Тек мұндағы сатираның сықақ нысанасы да, персонажы да астарлы, өзгеше бір сындарлы болып келеді. Ел қиялынан туған ерлерге ұдайы қарсы күресетін, қас күш болып есептелетін –жалғыз көзді дию, жеті басты жалмауыз, мыстан кемпір, жезтырнақ» [2,676.].

Сондай-ақ, бұл топтағы ертегілерде Таусоғар, Көлтаусар, Желаяқ, Көріпкел, Саққұлақ секілді адамға дос кейіпкерлер мен ұшқыш кілем, ыстатас, самұрық құстар секілді ертегінің кейіпкерлеріне қысылған шақта қол ұшын беретін бейнелер бар.

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі оқиғалар жақсылық пен жамандық әділдік пен зұлымдық, адалдық пен арамдық секілді қарама-қарсы күштер арасында өрбиді. Қиял-ғажайып ертегілерінің кейбіреулерінде әдеттегі өмір мен қиял дүниесі араласып жатады. Мұндағы кейіпкер қарапайым еңбек адамы болғанымен, ол айдаһар немесе самұрық құсқа кездесіп, фантазиялық істер жасайды. Қиял-ғажайып ертегілері адамзаттың ой-арманын, ізденгіш қиялын білдірген, халық сонау сәбилік дәуірде қиялмен болашаққа болжам жасаған. Халық үшін еңіреген ерлер мен сорақы қас күштердің арасындағы күресті суреттеу тұсында қиял-ғажайып ертегілерде сатира, сарказм бой көрсетеді. Әлгі ажал-тажал күштердің түр-түс, келбет-бейнесі қандай қорқынышты болса, олардың қаскөйлігі, зиянды әрекеті сондай қорқынышты, сондай қауіпті. Осыны көрсету арқылы халық қоғамдағы, жеке адамдардың басындағы жат мінез, жаман қылық-қаскүнемдікті, игілікті етекпен басуға тырысар жауыздықты әшкерелейді.

Халық қиял-ғажайып ертегілердегі қаскөйлік пен қаскүнемдікті, арамдық пен дұшпандықты, жақсылыққа жамандықты сықаққа жығып, сынап отырудың өзіндік басқа да идеялық сырлары бар. Ата бабамыз өз ертегісіндегі қаһармандарын айрықша бір күшті, айлалы, әрі ақылды көрсету үшін өз батырларын жалмауыздай ажал, тажалдарға қарсы

қояды. Олардың қарсы күресер жауын да шектен тыс керемет, сұмдық та сұмпайы, жаны сірі етіп суреттейді. Оларды оңай да осал жау етпей, жетіден басы бар, жеті күн ойласаң, ойға келмес алуан айла-амалы бар зымиян етіп көрсетеді. Олар бір басы қалғанша, денесі жеті бөлінгенше соғыс жүргізеді. Ертегі ерлері соның бәрін де жеңеді. Сөйтіп, халық өз ерлерінің жеңілмес күш екенін дәлелдейді, соған сендіреді. Бұл бірінші себеп болса керек. Екіншіден, халық игі ниет, мақсат қуған, елдің-жұрттың мүддесі үшін жүрген ерлерге, батырларға істелетін қастық пен дұшпандықты, арамдық пен пасықтықты, қорқаулық пен қара ниеттілікті жеткізе әшкерелеу үшін әлгідей әсіре, жантүршігерлік, қорқынышты персонаждарды алады.

Кейбір қиял-ғажайып ертегілерінде аңыз ертегілері мен лиро-эпос жырларының айтпақ ой, идея-мақсаты жүреді. Мысалы, «Жайық пен Еділ» ертегісінде суреттелетін жалмауыз жерге қарап қалған жоқ-жұқана емес. Оның өріп жатқан қора-қора қойы бар, үй-жай, ақ ордасы бар. Үш баласы, үш келіні тағы бар. Сөйте тұрып, ол ел тонайды, ел үшін жүрген ер Жайықты жейді. Еділді де ұстап жемек болады. Ал өріп жатқан қой-қозысына тіс тигізбейді. Дәулетке дәулет қоса берсем дейді, көзі тоймайды. Ол мейлінше өзімшіл. Жеріне, шегіне адам жуытқысы келмейді. Билеген өңіріне басып барған адамға іркіп қалар сұмдығы болмайды. Міне, осы жалмауызды, оның ісін көргенде, Алдар алдап соққан Шығайбай сараң, Қозы мен Баянға аталық мейірімі түспеген малқор да, дүниеқоңыз Қарабай еске түседі. Әлгі ертегіде де ішпей-жемей малды айдап өткен сасық сараңдарды әшкерелеу мақсат етілген. Демек, бұдан фольклорлық туындылардың, оның жанрларының бір-бірін дамытып, ұқсас ой, ұқсас идеяны беріп отыратынын көреміз.

Хайуанаттар туралы ертегілерде елдің бақташылық тұрмыс-тіршілігі көрінеді. Оларда қойшы-малшылардың өмірі суреттеліп, өмірде болуы мүмкін жайттарға қиял-ғажайып оқиғалар аралас көрсетіледі. Бұл топтағы ертегілерді Ә.Қоңыртабаев екі топқа бөліп жіктейді:

1) мал шаруашылығына байланысты туған ертегілер (Бозінген),

2) хайуанаттарға байланысты туған ертегілер (сыртандар, Арыстан мен түлкі, Түлкі мен ешкі, Аю, қасқыр, түлкі, бөдене) [3].

Осы топтағы ертегілерде халық хайуанаттар мен жануарлардың мінездері арқылы адамдар бойындағы жақсы-жаман мінез-құлықтарды әшкерелеп отырған, олардың кемшіліктерін көрсеткен, оғаш қылықтарды тұспалдаған. Мысалы:

түлкі – айлакер, қу, сұм;

арыстан – зорлықшыл, қиянатшыл, озбыр;

қоян – қорқақ;

қой – момын;

қасқыр – зұлым, жауыздықты тұспалдаған.

Хайуанаттар ертегілерінде сатира сарыны жақсы көрініс тапқан. Таптық қоғамда үстем тап өкілдерін әр түрлі жан-жануарлар арқылы бейнелеу болған. Бұл ертегілерде халықтың меңзеп отырғаны аңдар арасындағы жайлар емес, әлеуметтік теңсіздіктер деуге болады.

М.Әуезов былай деп жазды: «Бұндағы шеберлік қасиеттің бір алуаны - бейнелеу (олицетворение). Сол тәрізді көркемдік әдістер арқылы, көбінше неше алуан айуандар; жыртқыш аңдар, қанқорлар арқылы хандардың, билердің, ілгері-соңғы әкімдердің жайлары, таптық-қоғамдық тұлғалары көрінеді. ...Осыған байланысты қазақтың хайуанат жайындағы ертегілері қоғамдық сатира екендігін, сол арқылы тап тартысының астары, тамыры тереңдеп ашыла отырғанын, көп уақытта юморлық, мысқыл ажуаның, өтімді, күлдіргі тілдің тамаша шебер үлгілерін танытатынын есте тұту шарт» [2, 41б.].

Хайуанат жайындағы ертегілерде сатира, юмор басқаша әдіс-тәсілмен көрінеді. Мысалы, салт ертегілерде сын ашық айтылып, халық езушілерді өз өкілінің тапқыр сөз, шешен тілімен тура әшкерелеп отырса, мұнда астармен, аллегориямен келекелейді. Тіпті мұндағы сын-сықақ, әлгі қиял-ғажайып дүниелердегіге қарағанда, күрделірек, мәндірек болып келеді. Бәрімізге белгілі «Арыстан, қасқыр, түлкі және түйе», «Маймыл мен түлкі»

сияқты халық ертегілерінде айлалы түлкі, айбынды арыстанды, қорқау қасқырды, момын түйені асқан құлығынын арқасында орға жығып кетсе, маймылды қақпанға түсіріп, «Екі бақ болады, бірі басқа, екіншісі аяққа қонады. Сенің аяғыңа тепкілесен де кетпейтін темір бақ қонды» деп әбден әжуалайды.

Хайуанат туралы кейбір ертегілердің астар-сырын жақсы аңғарған профессор Е.Ысмайылов былай деп те жазды: «Хайуанат жайындағы әңгіме аңыздардың екі түрі бар. Бірінде хайуан мінез-құлықтарын дәл хайуанның өзін суреттеу үшін айтпай, адамдағы мінез-құлыққа бейне, тұспал, мысал есебінде қолданған. Адамдағы кемдікті, мінді бадырайтып ұлғайтып, жиренішті етіп көрсету үшін, сондай сын арқылы жаманшылықпен алысу үшін мысал етіп алу болған. Хайуан мінездерін әңгіме етудің екінші бір түрі – хайуанды анық хайуан етіп, суреттейді» [4, 576.]. Төменде сөз болатын ертегі осының бірінші түріне жатады, оны мысал-ертегі деп атауға болады.

«Түлкі мен ешкі» ертегісінде құдыққа құлап сорлап тұрған түлкі үңіліп қараған ешкіге: «Кел, салқындап, су ішіп ал», – дейді. Ақымақ ешкі құдыққа қойып кетеді. Түлкі оның үстіне қарғып шығып, одан сыртқа атырыла жөнеледі. Ешкі құдықта қалып кетеді. Міне, осында түлкі бейнесінде біреуді алдап, отқа тастап, өзі құтылып кететін залымдар сыналып отыр. Ешкі бейнесінде аңқау, алданғыш парықсыздар келекеленген [1, 416.].

М.Әуезов хайуанаттар туралы ертегілердегі сықақтың мысал түрінде келетінін, оның әлеуметтік, қоғамдық сатира екендігін ескерткен. Осы пікірді растайтын бір ертегіде тышқан тамақ іздеп кеткенде оның ініне жылан кіріп жатып алады. Міне, осының өзімен-ақ халық әлдінің әлсізге етер қиянат-зорлығын айтып отыр. Халық бұл ертегіде «біреуге шұқыр қазсаң, өзіңе ор қазылар» дегенді де ескертеді. Зорлықшыл жыланды адамға өлтіртіп, қиянатшыға да зауал бар, оны құртар күш бар дейді. Ақыры тышқан өз ініне қайта оралады. Мұнда зор оптимистік идея жатыр. Сөйтіп дана халық бұрын-ақ жан-жануар тірлігінен, мінез-табиғатынан адамзат өмірінде болатын қатынас-құбылыстарды таныған. Адамдар қауымында кездесетін жаман мінез, дағдыларды – зорлық-қиянат, комағай жебірлік, настық-қорқаулық, сұмдық-аярлық, қаскөйлік-кекшілдік сияқты дерттерді көрген.

Халық өзінің дүниетану, қоғам тіршілігіндегі, үй-тұрмысындағы іс-әрекетін, мұң-мүддесін, күрес-тартысын, талап-тілегін шыншыл ертегілерде көрсеткен. Мұндағы кейіпкерлер – күнделікті өмірдегі еңбек адамдары. Олардың мекені де – жер. Ал олар тартысқа түсетін жауыздық иелері хан, бай, молдалар. Шыншыл ертегілерге «Аяз би», «Тоғыз тоқылдақ, бір шіңкілдек», «Атымтай Жомарт», «Ұр, тоқпақ» ертегілерін жатқызуға болады. Әдемі берілген әзіл-әжуә халық ертегілерінің осы бір саласында да жақсы көрініс тапқан. Оған әзілге суғарылған «Аяз би», «Тоғыз тоқылдақ, бір шіңкілдек», «Ұр, тоқпақ» ертегілерін жатқызуға болады. Ойымызды түйіндей келгенде, халқымыздың асыл қазынасы – ертегілер ел даналығының айқын айнасы. Онда халықтың керемет қиялы да, шалқыған ақыл-ойы да, тапқырлық, шешендігі де, куақы күлкісі де, ащы ажуасы да тоғысқан.

Қазақтың шешендікке, тапқырлық, тілмарлыққа негізделген келесі бір рухани мұрасы–аңыз әңгімелер. Аңыз әңгімелері – түгелдей сатира мен юмордың айқын көрінісі. Олар әртүрлі дәуірде, әртүрлі ниет-мақсатпен айтылып, ел арасына тартылып отырған. Бұлардың бір тобы езгіні көп көрген қазақ халқының теңдік бостандық іздеуінен, әділдікті аңсауынан туған. Қарапайым халық тіке қарсы шығуға шамасы жетпеген шақта оларға деген ашу-ызасын, кекті үнін әзіл-оспақ, астарлы юмормен жеткізген.

Белгілі ғалым Ә.Қоңыратбаев ол туралы: «Аңыз дегеніміз – қазақ фольклорлық прозасының жанры. Ол елдің, рудың шыққан тегі, кешкен жолы жайындағы немесе тарихта болған әйгілі адамдар: хан, батырлар, би, шешендер жайындағы, сондай-ақ, нақтылы бір жер-су, сол жерлерде болған оқиғалар туралы тарихи шындыққа негізделген халықтың есінде сақталған, дегенмен уақыт өте көркемдік сипат алған әңгіме», – дей келе аңыздың жанр ретінде өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады: «біріншіден, нақтылы тарихи тұлғалар қатысқан нақтылы тарихи оқиғаларды баяндалуы; екіншіден, оқиға өткен уақыт

шектеулі болуы; үшіншіден, жер атауының нақтылы көрсетілуі; төртіншіден, танымдық қасиетке ие болуы; бесіншіден, белгілі дәрежедегі аймақтық шектеулік (яғни, әр жерде, негізінен, сол өңірде жасаған адамдар, болған оқиғалар туралы аңыздар көбірек сақталады); алтыншыдан, ретроспективалық сипаты болуы (яғни, өткенге мән беру); жетіншіден, сюжеттік-композициялық шарттылықтың сақтала бермеуі» [3,75б.].

Аңыздардың басқа жанрлардан өзіндік ерекшелігі – оның негізінде тарихи шындық оқиға жатады да, уақыт өте келе ол өзгеріске ұшырап, қиялдық сипат ала бастайды. Тақырыптық сипатына қарай аңыздар 3-ке бөлінеді:

- 1) тарихи аңыздар;
- 2) топонимикалық аңыздар;
- 3) күй аңыздар.

Қазақ арасында көп тараған Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай, Райымбек, Сұраншы, Кенесары, Исатай т.б. көрнекті тұлғалар туралы аңыздар бірінші топқа жатса, екінші топқа нақтылы қоныстық тарихын баяндап, оның қай кезде, қалай аталуының сырын ашатын аңыздар жатады. Осы аңыздардың негізінде өзен-су, жер, тау, қала, ауылдардың аталуы қалай шыққанынан хабар алуға болады. Мысалы: «Келіншектау», «Мыңжылқы», «Ешкі өлмес» (байдың 1000 жылқысы өліп, кедейдің ешкілері тірі қалады), Қордай, «Қалмақ қырғын», «Ордабасы», «Домбауыл», «Жасауыл қырғын» – жоңғар-қалмақ шапқыншылығы мен Шыңғыс хан жорығына байланысты туған. Әсіресе, Қазығұрт тауы жайлы аңыздардың көркемдігі зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1999. –436б.
2. Әуезов М. Он екі томдық шығармалар жинағы, III том. – Алматы: Ана тілі, 2000. – 416б.
3. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы: Қазақстан, 2001. –362б.
4. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Ана тілі, 2011. – 233б.

ӘОЖ 82.235

АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ

БАЙСЕЙТОВА А.А., ЖАКИ А.Д.

Сыпатай Әлібекұлы атындағы №19 ЖОББМ,
Қазақстан Республикасы, Меркі ауданы

Резюме. В статье проанализировано творчество Абая и Алашской интеллигенции.
Summary. The article analyzes the creativity of Abay and the Alash intelligentsia.

Қазақ зиялылары халықтың болашағы Абай нұсқаған сара жолда деп білді, соның ізімен жүруді мұрат етті. Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл-білімнің әр тарауынан көкірегінде асыл қазына көп. Сол қазынаны барлық ырғағы, нәзік сыпатымен, қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы ғып шығаруы, әрі ақындығы, қызыл тілді шешендігі. Осылай Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов Абайдың сыншылдық, ойшылдық, сыршылдығы мен тілге шешендігін айтып, оның өзге ақындардан өзгешелігін атап көрсетеді. Яғни ақындық қуаты мен шеберлігін, өзіндік ұстаған бетін айқындап береді.

Қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінің дамуына, бұрын-соңды болмаған жаңа сапаға көтерілуіне Абайдың еңбегі орасан зор. Абай шығармашылығы халқымыздың қоғамдық санасында ерекше сілкініс туғызып, рухани бетбұрыс жасады. Осыған орай

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының үлкен шоғыры ұлттық мүддені ту етіп көтеріп, тарих сахнасына шығуы да кездейсоқ құбылыс емес еді.

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың әдеби мұрасын жоғары бағалап, алғаш пікір білдірген қалам қайраткерлері – Алаштың ардақты азаматтары. XX ғасырдың басында-ақ Алаш арыстарының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы Абайға «қазақтың бас ақыны» деп, ал Мағжан Жұмабайұлы «хакім ақын» деп, Сұлтанмахмұт Торайғыров «ақындар пайғамбары» деп лайықты бағаларын берген болатын. Абайдың өмірі мен ақындық өнері жөнінде бірінші болып ғылыми ой айтқан адам – Әлихан Бөкейханов. 1905 жылы жазған «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» атты азанамасында: «...Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ», - деп ең алғаш жоғары баға береді [1, 18-19 б.]. Абай шығармашылығына шынайы әдеби талдау жасап, алғаш Абай ақындығына көркемдік тұрғыдан зерделі ой айтып, ғылыми құнды мақала арнаған А.Байтұрсынұлы. Ол «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибрагим) Құнанбаев, онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деген [2, 54 б.]. Бұл ең жоғары баға және үлкен құрмет. Бір ғасырға жуық бұрын айтылған бұл баға Абайдан басқа әлі ешкімге берілген жоқ.

Абай мұрасы жайлы А.Байтұрсынұлынан кейін құнды пікір айтқан адам – Міржақып Дулатұлы. Оның 1914 жылы 23 шілдеде «Қазақ» газетінде жарияланған «Абай» атты мақаласы ақынның қайтыс болуының он жылдығына арналып жазылған. Қазақтың классик ақыны Абай дәстүрінің жалғасын алғаш танып, ол туралы жар салып пікір білдіргендердің бірі М.Дулатұлы болатын. М.Дулатұлы Абайды оянып келе жатқан қазақ халқы әдебиетінің негізін салушы деп таныстырады. «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Бәлкім, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі», – деген пікір білдіреді [3, 71 б.]. Бұған қарап Абайға дейінгі ұлттық әдебиетті жоққа шығару деп түсінуге болмайды. Ақынның өзіне дейінгі халық даналығы, ауыз әдебиеті, өзі үлгі тұтқан әлем әдебиетінің жауһарлары негізінде жасаған жаңа әдебиеттегі еңбегіне баға беру.

Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезовтің («Екеу» деп қол қойған) 1918 жылы «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласы «Абай» журналының № 2 санында жарық көреді. Бұл мақалада Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын көрсетеді. Абайдың ақындық өнерін өзіне дейінгі әдебиет үлгілерімен салыстыра отырып, өзіндік ерекшелігін, поэзияға әкелген жаңалығын атап өтеді. Абайдың ең бір артық өзгешелігі, заманының ыңғайына жүрмей, өзінің «өздік» беті мықты ұстап, ақылға, ақтыққа, көңілдің шабытына билетіп, көз тұндырарлық кемшілік, міннің ортасында туып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзбен қарап, барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі, шарықтап жүріп қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы...

Абайдан соңғы ақындар шығармашылығы туралы қазақ әдебиеті тарихында алғаш ғылыми мақала жазған Ж.Аймауытұлы. Ол «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында Абайдың ақындық өнерін жалғастырып, дәстүрін сабақтаған Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан поэзиясына талдау жасайды. Бұл мақалада XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ поэзиясындағы Абайдың ақындық дәстүрі сөз болып, кеңінен қарастырылады. Абайдан кейінгі ақындарды мынадай үш түрлі жікке бөледі:

«1) Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт һәм Ахмет Мәметовтікі... Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар.

2) Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәһкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңі сырты төгілген, сұлу, кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халыққа бір атасы жақын тұрады.

Осы күнде сәті кетіп бара жатқан үшінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны ескі өлең, жыр-тақпақтарға еліктеп, желе жортақтатып, құбажондатып келетін Ғұмар Қарашев», – дейді [4, 129 б.]. «...Абайдың «үміт еткен жасөспірім достары» ойланды және сол Абай аңдатқан рухани бостандықты ту етті де мұқым ұлттық мүддені «Алаш» деген ұранға біріктірді. ...Мұндай азаттық бостандыққа, рухани тәуелсіздікке ұшқын түсірген Абайдың ойлы сөзі еді. Азаттық жолына біржола түскен тұсында Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхамеджан Тынышбаев пен Міржақып Дулатовтың, Сұлтанмахмұт пен Мағжанның Абайды терең зерттеуі соған дәлел. Демек, Абай қазақтың ұлттық рухын өлтірмей, өсер ұрпаққа тірі жеткізген елінің ұлы ұлтжанды тұлғасы», – деген ғалым Т.Жұртбайдың сөзінің астарында терең тарихтың парақтары жатыр [5, 24 б.].

«Алаш» партиясы, Алашорда өкіметі туралы күні кешеге дейін тарихи шындық бұрмаланып, бетіне қара таңба басылып, қып-қызыл өтірікке былғанып келді. Оларды өкіметтің қас дұшпандары етіп көрсетіп, есімдерін мүлде атауға болмастай қатаң тиым салынды. Тәуелсіздіктің таңы атып, тарих парақтарының бет пердесі ашылған тұста, кеңес дәуіріндегі идеология үстемдігінің кесірінен бір буын ұрпақ қазақтың елді бастар нағыз көсемдері мен зиялы қауымынан қол үзіп қала жаздағанын түсінгендігін білді. Шындығына келгенде, Алаш азаматтарының басым көпшілігі ұлт мүддесі үшін аянбай күрескен, сол жолда жандарын қиған ерлер екеніне бүгінгі күнде көзіміз жетіп отыр. Олар қоғамдағы маңызды мәселелермен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, журналистика, сын, ғылым, аударма салаларында бай мұра қалдырып кетті. Ел болашағы мен ұлт тағдыры жолында атқарған еңбектерінің тарихтағы маңызы мен қоғамдық-саяси қызметі жайлы тарихшы ғалымдар академик М.Қозыбаевтың «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» (1994 ж.), М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» (1995ж.), К.Нұрпейісовтің «Алашорда» (1995 ж.) атты еңбектерінде арнайы жан-жақты сөз болады.

XX ғасыр басындағы ұлттың ояну кезеңінің жаршысы, қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі дарынды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров Алаштың ардақты азаматтарына жан даусымен Алаш деп ұран салады. Ол барлық ерлерді бостандық, еркіндік, ел қамы үшін күресуге, бірігіп тізе қосуға, бір тудың астына бірігуге шақырады.

Алаш туы астында,
Біз – алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, алаш, жасасын!

Ақынның бұрыннан бері ішінде қайнап жүрген бүкіл арманы осылай ұран болып шығады. Ол Алаш партиясының ұранын құптап, бостандық жолындағы алдағы күнге артқан үмітіне қосылады. Бұрынғы «ерімізді айдаған», «елімізді лайлаған», «жерімізді шимайлаған» «өшті залым қарасы» деп қуанады. «Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін күреске шақырады» [6, 125 б.].

Енді ешкімнің алашты,
Қорлығына бермейміз!
дейді.

Абай, Ахмет, Міржақып, Мағжандар қазақ әдебиетінде жаңа көркемдік әдістің негізін салды. Абайды білген немесе оның аты мен шығармаларына сырттай қанық ірілікшілі ақындардың Абайдай көркем сөз алыбына еліктемегені, тағлым алуға тырыспағаны кемде-кем.

Алаштың ардақты өкілдері ұлттық әдебиетке өз бағыт-бағдарымен, өзіндік бет өрнегімен әсіресе ұлы жаңалықтарымен келген қаламгерлер. Қоғамдық, гуманистік, ағартушылық, демократтық озық идеядағы тамаша туындыларымен, рухани мол мұраларымен қазақ әдебиетінің алтын ғасырын жасаған классиктер.

Сонымен, Алаш ақындарының өлеңдеріндегі ой тереңдігі қазақ қоғамының шындықтарымен тамырластығында жатыр. Абай мен Алаш ақындарын біріктіретін ортақ мақсат: біріншіден, олардың бәрі де қазақ халқының қамын ойлап, ұлттық тәуелсіздігін көксеген, ел еңсесін көтеруді мақсат еткен; екіншіден, бәрінің де негізгі ой-армандары елін, халқын жетілдіру, сауаттарын ашу басқа халықтармен терезесін тең ету еді. Бір сөзбен айтқанда, ғасырлар бойғы қазақтың ұлттық рухын паш ету, ел намысын, болашағын аяқасты етпеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханов Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев / Абайды оқы, таңырқа... Құраст. М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
2. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны / Абайды оқы, таңырқа... Құраст. М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
3. Дулатов М. Абай / Абайды оқы, таңырқа... Құраст. М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 5 т. – 304 б.
5. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің. – Алматы: Санат, 2001. – 408 б.
6. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.

ӘОЖ 82.052

АҚАН СЕРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

МӘСТҮР А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается исследование творчества Акансері.

Summary. The article deals with the study of Akan Seri's creativity.

Ұлы дала төсінде ағартушылық, сал-серілік мәдениеттің талантты өкілдерінің бірегейі, бүкіл түркі халықтарының мақтанышы – Ақан сері Қорамсаұлының артына қалдырған сан-саналы шығармашылығы, өткір пікірлері–адамзаттың құндылығын бағалауға тұрарлық ерекше мұра.

Ақан серінің өмірі мен тағдыры, шығармашылығы жайлы мағыналы зерттеу жүргізген, көркем туындыларды дүниеге әкелген атақты Мағжан ақын, жазушы Илияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Ғабит Мүсірепов «Ақан сері –Ақтоқты» драмасын, Сыдық Мұхамеджанов «Ақан сері – Ақтоқты» операсын, халық жазушысы Сәкен сері Жүнісов «Ақан сері» романын және ғалымдар Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Есмағамбет Ысмайылов, Айқын Нұрқатов, Қажым Жұмалиев, Ханғали Сүйіншәлиев, Серік Негимов, Қабиболла Сыдиқов, Гүлшат Мәдібаева сияқты ғылымға ғұмырын арнаған адамдар арнайы зерттеу еңбектерін жазды.

1988 жылы Қазақ Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында дайындалған Ақан серінің творчестволық мұрасы өнертанушы

Қ.Жүзбасовтың алғы сөзімен «Өнер» баспасында басылып шықты. Сондай-ақ, 1993 жылы Көкшетауда өткен Ақан серінің туғанына 150 жыл толуына байланысты мерейтойдың қарсаңында өкен ғылыми-практикалық конференцияның материалдары «Ақан тағылымы» атты жинақ болып шықты.

Ақан серінің өмірі мен шығармашылық қызметіне арналған алғашқы зерттеу жұмысын жүргізіп, көлемді де, мазмұнды «Ақан сері» атты очерк жазған қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев болатын. Ақан сері жөнінде кейінгі жазғандар сол Мағжанның очеркіне сүйене отырып, жазатын болған. Мағжан Жұмабаев Көкше өңірінен шыққан «алты алашқа аты шыққан ақындарымыздың» атын атай келіп, былай деген: «Бұл ақындардың ішінде адамның іскерлігін алдымен өзіне аударатыны—Ақан сері. Сөзінің сұлулығы, тереңдігімен демейміз, өмірінің сұлулығымен» [1, 318б.].

1972 жылы шыққан Қазақ Совет энциклопедиясында былай делінген: «Ақан сері, Ақжігіт Қорамсаұлы – ақын, қазақ халқының дарынды әнші композиторы» [2, 200б.]. Әрине, мұнда Ақан серіге берілген сипаттама күмән туғызбайды.

Қазақ әдебиеті мен музыка саласында ерен еңбектері бар, айтулы ғалымдарымыз Есмағамбет Ысмайылов, Ахмет Жұбанов, Қажым Жұмалиев, Айқын Нұрқатов, тағы да басқа әдебиетшілер Ақантану жолында үлкен еңбек сіңірген. Солардың бірі де, бірегейі белгілі мемлекет қайраткері, айтулы да, ардақты ақын Кәкімбек Салықов 2008 жылы ұлы сазгер, әншінің шығармаларын жинақтап, құрастырып, «Ақан сері» деген атпен еңбегін жарыққа шығарды. Бұл Ақан серінің ең толық шығармасы [3].

Атығай, қарауылдың болысы Шоғармақты өлтіре сықақ етеді. Осы өлеңдері мен «Замана адамында» сері ел билеген әкімдерді «Кей жаман мал бітті деп әкім болар», – деп әшкерелейді. Қонысынан айрылған елдің мұң-мұқтажын ақын халық атынан айтады. Мемлекет 2 думаға шағынады, әділдік, үміт күтеді.

Өмірінің соңғы кезеңінде жазылған өлеңінің бірі – «Қаратай». Ақан сері ауылы қонысынан айрылып, орнына Комаровка селосы орнағанда, ескі мекенге барып жүрген Қаратайды (Ақан серінің мінген аты) егінге түсті деген сылтаумен ұстап алып, сатып жіберіпті. Ат пен иесінің диалогы түрінде жазылған бұл өлеңде қуғыншы 4 орыстан қашып барғанда «бүбірнай» (выборнай) Көшербайдың рақым етпегені, судьяның әділ үкім шығармағаны айтылады. Соңында: «Орыс пен қазақтың алдым несін?! Тәңір берген әркімнің несібесін. Ол түгіл жан салмаған Құлагердің, сөйлейді граммофонда әңгімесін», –деп, «Құлагер» әнінің сол заманда пластинкаға түсірілгенін ескертеді.

Өлер алдында шығарылған «Мінәжат» өлеңінде иман тілейді. Ақан сері –өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының асқақ ақыны ғана емес, мұңшыл да, сыршыл, лирикалық тебіреністі сазымен, әншілік-орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын иесі. Оның композиторлығы ақындығынан кем түспейді. Әділіне көшсек, «Ақан сері» атанып, кезінде жұртшылыққа кең танылуы, атақ, даңқының шартарапқа жетуі – әншілік-композиторлық өнерінің жемісі.

Жасынан халықтың ән-күйінен сусындап, өзіне дейінгі әншілік дәстүрді толық меңгерген Ақан сері бертін келе, жігіт шағында серілік құрып, өзі де ән шығарады. Көкшенің сұлу табиғатына көз тігіп, оны албырт сезімді, әсерлі музыка үнінен бөлейді. Осы әншілік өнерде Ақан сері жалғыз болмайды. Айналасына әнші-күйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып ел аралайды. Ақын, әнші серілердің бәрімен достасады. Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иман Жүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақан серінің ең жақын достары болған. Олардың бәрі Ақан серінің әншілік өнеріне игі әсер еткен, композиторлық талантын жетілдіріп, шеберлік, суреткерлік талғамын шындай түскен. Ол қазақтың ұлттық өнерін профессионалдық биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады.

Сан қырлы дарындылық, поэзия мен музыканың тел қозыдай табысуы, өзіне ғана тән нақыш, жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлік—Ақан сері шығармашылығына тән басты-басты қасиеттер. Қазақ мәдениетінің алтын қорына Ақан серінің елуге жуық музыкалық, поэтикалық мұрасы енген. Ақан сері шығармалары поэтикалық

тұнықтығымен, образдар әлемінің тереңдігімен, поэтика және музыка тілінің шырайлығымен, айрықша талғампаздығымен, нақыштық тазалығымен ерекшеленеді.

Оның шығармашылық болмысының басты қасиеттері – өмір шындығын боямасыз жырлауы, психологиялық иірімдерге толы, эмоциялық бояуының қанықтығы. Шығармаларының басым бөлігін қамтитын кеңінен танымал көңіл-күй және махаббат лирикаларында ғажайып табиғат суреттері мен нәзік мұң, өмір қиыншылықтары туралы трагедиялық пайымдаулар шынайы да шымыр қатар өріліп жатады. Оның стиліндегі жоғары жетістігі – кең тыныстылық, ән иірімдерінің нәзіктігі, әуен әсемдігі, интонация суреттерінің молдығы, сазының биік те, асқақ ырғақтары мен қайырымдарының ұзақтығы.

Ақан серінің «Ақтоқты», «Алтыбасар», «Тер қатқан», «Мақпал», «Балқадиша», «Сырымбет», «Майда қоңыр» т.б. әндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетуімен бірге, махаббат құдіретін асқақтата суреттеуімен де құнды.

Кеңінен танымал бұл әндер әйелдер образының галереясын жасап, шынайы махаббат рухын ту етіп көтереді. Ақан сері ақын-әнші ғана емес, саңлақ аңшы, атбегі де. Ақынның сүйікті досына, қимас өмірлік серігіне айналған сәйгүлігі мен қыран құстарына арналған.

Ақынның «Маңмаңгер», «Қараторғай», «Көкжендет», «Құлагер» әндерінде Ақан серінің ішкі жан дүниесіндегі бұрқаныс, қан жылаған жүрек, телегей теңіз мұң мөймілдеп тұрғандай. Ақан сері басындағы трагедиялық күй кез келген жүректі толқытады. Әсіресе, «Құлагердегі» экспрессивті интонация, толқыған мұңлы әуен, драмаға суарылған қайғылы оқиға шынайылығымен бурайды. Ән ақын өмірінің трагедиялық сәтін бейнелеумен қатар, сол қоғамдағы өнер адамдарының тағдырын қамти отырып, өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіз бет-бейнесін ашады.

Бүгінгі жас ұрпақ сол асылдарымыз бен жүйріктеріміздің өнердегі, өнегелі жолдарынан ғибрат алып, терең зерделеп жатса, ол дәстүр жалғастығының заңды ерекшелігі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағжан Жұмабаев. Шығармалары.–Алматы: Жазушы, 1989. –447б.
- 2.Қазақ Совет энциклопедиясы. –Алматы: Ғылым, 1972.–647
3. Салықов К. Ақан сері. –Астана: Фолиант, 2008.–208б.

ӘОЖ 82. 855

АСАНҚАЙҒЫ ЖӘНЕ ЖЕРҰЙЫҚ

МАХАМБЕТОВ Қ.М.

№24 жалпы білім беретін орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі,
Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы

Резюме. В статье представлена информация о жизни и творчестве Асан қайғы
Summary. The article provides information about the life and work of Asan kaigy

Еліміздің болашағы үшін өлшеусіз қызмет еткен ұлы бабаларымыздың бірі – Асан Сәбитұлы. Ауыз әдебиетіндегі бізге жеткен жыр-шумақтардан бабамыздың нақты біздің аймақтарда да өмір сүргенін байқаймыз. Есімі аңызға айналған айтулы тұлға Асан қайғы Сәбитұлы бір деректерде Еділ бойында дүниеге келген. Құрбанғали Халидұлы өзінің «Тауарих хамса» атты еңбегінде әйгілі Майқы биді Асан қайғының арғы атасы еді дейді.

Бір қызығы, «Алшын Асан сопы», «Асан би» атанған тарихи тұлға Алтын орда хандарының бірі Ұлығ Мұхамедке сөзін өткізетін билердің бірі болғандығы тарихи деректерде анық айтылады. 1420 жылы Ұлығ Мұхамед Сарайдан қуылып, Қазанды

паналағанда, Асан қайғы жасының егде тарт-қанына қарамастан өз әміршісінің жанында болған екен.

Асан қайғы төңірегіндегі аңыздар ішіндегі ең таңдаулысы – Асан қайғының Жерұйықты іздеуі жайлы аңыз. Асан қайғы елдің көшіп отырған тұрмысына қанағаттанбайды, халқының болашағын ойлап қамығады. Оның ойынша жер үстінде адамзат тіршілігінде көруі мүмкін ұрмақ бар, аты – «Жерұйық». Онда жұрттың бәрі тең, бәрі де шат-шадыман тіршілік кешеді, ел аласы, ру таласы жоқ. Малға жай, елге ырыс осындай мекен барын ғайыптан болжап білген Асан қайғы енді сол жерді іздеп табу үшін желмаяға мініп, төңіректің төртбұрышын кезеді. Жолында кездескен тау, өзен, шұрайлы жерлерге тиісті баға беріп отырады. Ақыры Жерұйықты таба алмай, өксіп дүние кешеді...Қазақ білетін Асан қайғы елдің ертеңін ойлап, еңсесін көтеруді өмірлік мұрат еткен абыз қалпында суреттеледі.

Орал қаласы жергілікті қазақтар арасында күні кешеге дейін «Теке» аталып келгені белгілі. Бір қызығы, осы исламдық діни орталық, тәкие деген атаудың шығуына Алтын Орда хандары жанында аса беделді Алшын Хасан сопының тікелей қатысы бар екен. «Алшын Хасан сопы мен біздің Асан қайғы – бір адам» деген болжам тарихшылар аузында жиі айтылады. Соңғы жылдары Орал қаласының түбінен археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған ортағасырлық Жайық шаһарының орны, соның ішінде аса үлкен кесене қалдығы бұл жерде ел әулие тұтқан атышулы тұлға жерленгендігін айғақтайды... Қазақ әдебиетіндегі Асан қайғы туралы осындай көп мәліметтерді, кең тараған аңыз-әңгімелерді оқи зерттей келе біз осы ғылыми жұмысқа Асан абыздың Жерұйықты іздеуін негіз етіп алдық. Асан туралы аңыздардың тарихи негіздерін зерделеу; “Жерұйық” жайлы толғауына зерттеу жасау. Қазақ фольклорындағы сан-қырлы мол мұралардың бірі болып табылатын Асан туралы аңыздарды зерттеу; Асан қайғының “Жерұйық” туралы берген бағалары мен көзқарасының мәні мен маңызын анықтау.

Халықтың қамын, елінің болашағын ойлаған Асан қайғы “Жерұйықты” іздеу мәселесіне үлкен мән берген. “Жерұйық” дегеніміз қандай жер және бүгінгі заманда қазақ халқы өз жерұйығын тапты ма деген сауалдарға жауап іздеуде дала данышпанының рухани мұралары негіз етіп алынды.

Қазақ халқының басынан өткен тарихын зерттеуде, дүниетанымын, арман-тілегін тануда Асан туралы аңыздардың мәні зор.

«Дала данышпаны ретінде танылған Асан қайғының рухани мұралары халық санасында сақталған. Асанқайғы жөніндегі аңыз- әңгімелер мен әр түрлі алуан деректерді біршама қалыпқа түсіріп, құнды пікірлер жазған академик жазушы М. Әуезов болды. «Бұл тарихта болған адам. Бірақ, тірлік еткен заманы Жәнібек ханның тұсы дегені болмаса, дәлді кім еді, қай ортадан шығып еді, қандайлық еңбек, әрекет етіп, қандай өмір шегіп өтіп еді. Бұл жайынан ешқайсынан дәл дерек жоқ».

Асан Қайғы Сәбитұлы (14 ғасырдың ақыры – 15 ғасырдың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Ол Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы Шиелі ауданында «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі Асан Қайғы мазары делінеді.

Асан қайғының саяси іс-әрекеттері төңірегінде қалам тартқан академик Ә. Марғұлан болды. Ғалым, « Асан қайғы» деп аталуы – халықтың қамын көп ойлаған екендігін айтады.

Асан XIV ғасырдың екінші жартысында Еділ бойында дүниеге келген ақын, философ, аңыз кейіпкері, үнемі халық қамын, елінің болашағын ойлап жүргендіктен, замандастары оны Асан атаны «қайғы» деген сөз қосып, Асан қайғы атап кеткен. АсанҚайғы (шын аты-жөні Хасан Сәбитұлы) XIV ғ/ң 2-жартысында, Еділ бойында , Алтын Орданың ыдырауы дәуірінде өмір кешкен. Асан Қайғы ілкіде Сарайда, біраз жылдардан кейін Қазандағы Ұлығ-Мұхаммед ханның жанында болған. XV ғ/ң 50 жылдарында Дешті Қыпшаққа қайта оралып, Керей, Жәнібек бастаған қазақ хандығының

ақылшы биі болды. **Асан қайғының құтты қоныс іздеуі:** Асан қайғы туралы аңыздардағы негізгі мазмұн «құтты қоныс» іздеу сарыны. «**Құтты қоныс**» әлем халықтарының дүниетанымында орын алған рухани сана, жақсы өмірді күткен арман-аңсары. Асан қайғының “**Жерұйықты**” іздеуі «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заман тудыру, мал-жанға жайлы, тыныш, құтты мекен іздеу, өзі өмір сүріп отырған қоғамды өзгерту.

Жерұйық:

- түркілер дүниетанымындағы құтты мекен
- Асан қайғының философиясымен тығыз байланысты
- өрісі малға, қоймасы дәнге, үй –іші жанға толып отырған ел.

Асан қайғы желмая мініп желдіртіп, Сарыарқаны аралап жүргенде, әр жерге айтқан сындары мынау екен: Ұзын аққан Ертісті көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп карап отырмас, қарыным ашты деп жылап отырмас. Сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер», –екен депті.

Түндікті өзенін көргенде: «Он екі қазылық Ой түндік, маңырап жатқан қой түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен»,— деп тастап кетуге қимай, артына үш қараған екен. Сонан «Үш қара» атанған екен таудың аты.Қызылтау деген жерге келгенде: «Тау-тасы кеш болғанда қой болып, ыңыранып жатады екен. Тоқты қысыр қалмайтын жер екен», –депті.

Баянауыл тауын көргенде: «Ат ерін алмайтын жер екен. Бауырында тұзы бар екен, тұзы ауыр екен, бір түн түнеп кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалады екен. Тұзы жібермейді екен»,—депті.Ащы бойына келгенде, артына карап: «А, Баянауыл! Сенің қоныс болып тұрғаның мынау, ащының арқасы екен. Мал жазғытұрым бір жұма ащылайды екен, күзге таман бір жұма ащылайды екен. Сонысы бір жылға татиды екен»,— депті.Шідерті деген өзенді көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Бос жылқы шілдерлеп қойғандай тоқтайтын, жылқының қонысы екен», – депті. Өлеңті өзенін көргенде, тоқтап ешнәрсе айтпай, өлеңдете берген екен. «Неге үндемейсіз?» – дегенде, аз тұрып: «Өлеңтінің суы — май, Шідертінің шөбі – май», – деп жүре беріпті. Сілентіден өтіп Жалаңаштың тұзына барғанда: «Аттың төбеліндей Жалаңаш, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын? Айналаң аз, онан басқа мінің жоқ, табылмайтын жер екенсің», – депті.Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен», – депті.Нұраның бойын көргенде: «Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен», – депті.Торғай өзенін көргенде: «Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен», – депті.

Терісаққан деген өзенді көргенде: «Сарыарқаның тұздығы екен», – депті. Жеті қоңырды көргенде: «Сарыарқаның маусымы екен», – депті. Ұзын аққан Сыр бойын көргенде: «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, Қара тауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен», – депті.Сулы Келес, Нұрлы Келес өзендерін көргенде: «Мөңіреуін, сиыр болып мөңіреуін. Сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен», – депті. Асан қайғы бүкіл алты алаштың (қазақтың) жер-суын, қонысын көрем, бұларға жағдай туғызамын деп көп заман өмірін далада өткізіпті. Жүрген жерінде жақсы қонысқа да, жаман қонысқа да баға беріпті. Асан қайғы Жиделібайсын жеріне қызығып: «Ай, Жиделібайсын, артыма бөктеріп кетер едім, әттең атым көтере алмайды-ау!» –депті.

Яссы қаласын (қазіргі Түркстан) олардың қожа-молдаларын көргенде: «Ай, қарыс жері бір арық, жер сорлысы мұнда екен, әйелі семіз, ері арық, жұрт сорлысы мұнда екен», – депті. Шыңғырлауды көргенде: «Ай Шыңғырлау, жылқы өзі өскен жоқ, Шыңғырлау сен өсірдің!» –деп үш айналып, Шыңғырлаудың суына қолын малып отырып: «Шыңғырлау өкпелер, аттың ерін ал, қонайық, ат суарып, аунап-қунап кетейік», – деген екен.

«Ай Жанарыстан, жырымдай суға бола шетте қалдың-ау есіл, ерім-ай», – деп бір төбеге келіп жылап тұрған екен.

Жерұйық іздеген Асанқайғы бабамыз Ұлытауға келіп «Таптым жердің ұйығын» деп демалып, осында көз жұмыпты дегенді көнекөз қариялар ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып кетті. Қазақ жерінің қай өңірі болса да қасиетті де, қадірлі екені рас. Әйтсе де, ұлт үшін Ұлытаудың орыны өте ерекше екені де даусыз. Елдің елдігі, ердің ерлігі сынға түскен небір қысылшаң шақта қазақтың игі жақсылары бас қосып, үш жүзі мәңгілік бірлікті қалайтынын білдіріп, тасты қашап, таңба салды. Тәуелсіздікке, бостандыққа қол созды. Басынған жауды тойтарды, ұлттың ұлттығы сақталды. Ұлытау – міне, осынысымен де құнды, осынысымен де тарих үшін бағалы.

Асан Қайғы елінің сулы – нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып, «адамды жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін, мамыражай, еркін өмір сүруін» аңсады. Бұл мұратын жырау «Жер ұйық» деп атады

Бүгінгі заманда қазақ халқы өз жерұйығын тапты ма деген сұраққа оралар болсақ, ХХІ ғасырдағы қазақ халқының Жерұйығы – Тәуелсіз Қазақстан деп айтар едік. Жаһандану заманында Қазақстан ұлттар мен ұлыстардың қасиетті, құтты мекеніне айналған тәуелсіз мемлекет. Өз заманында көрген жерінің бәріне қонымды баға беріп, шұрайлы қоныс, нулы өлке іздеумен өмір бойы тыным таппаған Асан қайғының арманының жүзеге асқанына көзіміз жетіп отыр.

Сонымен қорыта айтқанда, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан – Асан қайғының Жерұйығы, халқы тәуелсіздік құндылығын ұлықтаған құтты қоныс. Қазақстан тек қана қазаққа ғана құт-береке болған жоқ, қазір мекендеп отырған бүкіл ұлыстарға қайырлы Отан болды. Тұрағы бөлек отандастарымыз үшін Қазақстан Жерұйыққа айналды. Өйткені, кіндік қаның тамған, қызық ғұмыр кешкен жерің, өскен жерің, көрші-қолаңмен тату-тәтті өмір сүрген жерің Жерұйық болмағанда, не Жерұйық болмақ?! Әркімге өз тұрған жері-жерұйық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.
2. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 бет.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. –189б.
4. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. Бас редакциясы, 1998. –246б.
5. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілікбасылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшіліккеарналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2009. –255б.
6. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.

ӘОЖ 821.522. 112./013/

ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

ИГИЛИКОВА Э.С.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

САРСЕНБАЕВА М.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, педагогика
ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье с научной точки зрения исследуется наследие детского устного творчества со времен древней эпохи до нашего времени.

Summary. This article considers heritage of children's oral literature in the period from ancient age till present time.

Әдетте, қазақ балалар әдебиетінің тарихы жөнінде ғылыми тұжырымдамалар жасағанда ең басты мәселе ретінде ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті туралы айту табиғи нәрсе. Олай болатын себебі балалар ауыз әдебиетінің бастау көзі сонау көне дәуірлерде жатыр. Сол көне дәуірлерде жатқан, сол көне дәуірлерден ауыз әдебиеті арқылы осы біздің заманымызға жеткен ауыз әдебиеті мұраларын жинап, басылымдарға жариялап, зерттеп оқулықтар, оқу құралдарын, хрестоматиялық оқу құралдарын жазуымыз қажет.

Ғалым М. Әбілұлы 2013-жылы Алматыдағы "Полиграфия-сервис және К" атты баспадан "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" атты хрестоматиялық оқу құралын құрастырды. Оқу құралы "Сәбилер мен бүлдіршіндерге арналған ауыз әдебиеті", "Балалар мен жасөспірімдерге арналған ауыз әдебиеті", "Жастарға арналған ауыз әдебиеті" деген үш салаға бөлінген. Ал, жалпы, ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиетін құрастырушы "Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі арий дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі түркі дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" деп алты тарауға бөліп қарастырған.

М.Әбілұлы ауыз әдебиеті соның ішінде балалар ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы өнер адамдарын *жинаушы, айтушы, ертекіші, қиссашы, жоқтаушы, жыршы-жырау, көшіруші* деп атаған.

М.Әбілұлы 2012-жылы "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" атты оқулық жазды. Бұл туралы республикалық "Балдырған" журналы былай деп пікір білдірді: "Басқа халықтардың әдебиеті сияқты қазақ әдебиетінде де ертегіден ескі жанр жоқ. О баста балаларға арналған жанр екеніне қарамай, ол ғылымда осы күнге дейін халық ауыз әдебиеті аясында қарастырылып келеді. Жалғыз ертегі ғана емес, ежелгі дүниедегі рухани құндылықтардың ішінде балаларға тән тағы талай нәрселер бар. Бұл бізде балалар әдебиеті тарихының әлі терең зерттелмей жатқанын айғақтаса керек...Балалар жазушысы, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің профессоры Меңдібай Әбілұлы ағаларының "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" деп аталатын ғылыми еңбегі жарық көріпті. Бұл балалар әдебиетінің тарихын арыдан зерттеп, тереңнен танытатын еңбек болғандықтан, оны өздеріңе таныстырып қоюды жөн көрдік..." [1].

Қазақ халқының арғы ата-бабалары сақтар мен ғұндар екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Ежелгі гректің тарихшысы Геродоттың еңбектерінде бұл жөнінде анық айтылған. Ал, М. Әбілұлы көне дәуірдегі балалар ауыз әдебиетін сол сақтар мен ғұндар заманынан бастайды. "Балдырған" журналы атап өткендей қазақ балалар әдебиетінің тарихы өз алдына ірі сала ретінде осы кезге дейін зерттелмей келді. М. Әбілұлы ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиетін халық ауыз әдебиеті үлгілерінен өз алдына екшеп алып, бірнеше тарауларға бөліп зерттеген.

Белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиев халық жадында сақталып, біздің дәуірімізге жеткен шешендер мен жыраулардың сөздері туралы былай деп жазады: "Қазақ әдебиетінің ілкі дәуірі туралы сөз болғанда бізге қолжазба күйінде жеткен әдеби мұралармен қатар халықтың жадында жазулы хаттай сақталып келген шешен-жыраулар сөздерінің де маңызы зор болатыны ерекше ескерілуге тиіс..."[2].

Сонау сақ, ғұн дәуірінен жеткен ауыз әдебиетінен басқа жазба әдебиеті де бар екені белгілі болды. Ол - алтын адамның жанынан табылған күміс тостағандағы жазу. Бұл жазудың балалар әдебиетіне де қатысы бар. Х. Сүйіншәлиевтің көне дәуірлерден келе жатқан шешендер мен билердің, жыраулар мен жыршылардың сөздерін рухани қазынамызға балап жатқанында бір мән бар.

Х.Сүйіншәлиев мыс дәуіріне жататын мәдени мұра туралы былай деп жазды: "Қазақстан жерінен табылып отырған мыс дәуіріне жататын мәдени мұра, Андронов кезеңіне тән Атасу, Нұра, Боқсай, Талды, Қарасу, Бегазы-Дандыбай, Бұғылы, Қарқаралы, Суықбұлақ, т.б. ескерткіштер мәдениетіміздің ең көне дәуірінен мәліметтер берсе, кейінгі орта ғасырлық деректер: көне қала-кент мәдениеті, сол дәуірде жасаған аты әйгілі ұлы адамдар есімі, сәулетті көркем туындылар халқымыздың біршама соңғы кездегі мәдени өмірінен тиісті мәліметтер беріп отыр..." [3].

Мыс дәуіріне жататын мәдени мұралардың да ауыз әдебиетіне қатысы бар. Олай дейтін себебіміз халық ауыз әдебиетінде жоғарыда аталған Атасу, Нұра, Боқсай, Талды, Қарасу, Бегазы-Дандыбай, Бұғылы, Қарқаралы, Суықбұлаққа байланысты балаларға арналған аңыз-әңгімелер, ертегілер көптеп кездеседі.

Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиетін ғалым М. Әбілұлы балалардың жас ерекшелігіне қарай мынадай салаларға бөліп қарастырады: "Сәбилер мен бүлдіршіндерге арналған ауыз әдебиеті (отбасылық балалар әдебиеті-балалар бақшаларындағы сәбилер мен бүлдіршіндерге арналған ауыз әдебиеті); балалар мен жасөспірімдерге арналған ауыз әдебиеті (мектеп оқушыларына арналған ауыз әдебиеті); жастарға арналған ауыз әдебиеті (білімгерлерге арналған ауыз әдебиеті)..." [4].

М.Әбілұлы ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті туралы былай деп жазады: "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті өте бай. Ата-бабаларымыз өскелең ұрпақтарды отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеу үшін ауыз әдебиетінің мол үлгілерін қалыптастырған. Мұндай ауыз әдебиеті сәбилер мен бүлдіршіндердің тілінің тез шығып, аяғын қаз-қаз басуына, ұлттық салт-дәстүрлерді көздің қарашығындай сақтап, ұлттық сананы жетілдіруге септігін тигізген. Осындай тәрбие көзінің молдығынан балалар жас кезінен-ақ шешендік өнерді меңгерген, сөздің жүйрігін табуға талпынған, табан астында суырып салып өлең-жыр шығарған. Сәбилер мен бүлдіршіндердің өмірге деген құштарлығын арттыруға баса көңіл бөліп, әртүрлі салт-ырымдарға арнап тақпақ өлеңдер шығарған. Мұның өзі баланың қоршаған ортаның тылсым сырларын тез үйреніп, өмірге деген талпынысын арттырған..." [5].

Жалпы, ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті сәбилер мен бүлдіршіндердің, жасөспірімдердің рухани қазынасы. Осы қазынаны төгіп-шашпай ұлттық идеологиямыздың алтын қазығы етіп алып, қазақ балалар әдебиетінің тарихын қалыптастырсақ өскелең ұрпақтардың алдындағы міндетімізді адал орындаған боламыз. Ендеше жол ашылды, сең бұзылды. Ақыл мен қаламға кезек беретін уақыт келді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1."Балалар әдебиетінің тамыры тереңде", "Балдырған", республикалық бүлдіршіндер мен сәбилерге арналған журнал, №7, шілде, 2012.
- 2.Сүйіншәлиев Х. "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері", "Қазақстан". Алматы - 1967.
- 3.Сүйіншәлиев Х. "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері", "Қазақстан". Алматы, 1967. 16-17 бб.
- 4.Әбілұлы М. "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті", кітапта: "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті", оқулық-хрестоматия, құрастырып, алғы сөзін жазған М. Әбілұлы, Алматы, "Полиграфия-сервис к" баспасы, 2013.
- 5.Әбілұлы М. "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті", кітапта: "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті", оқулық-хрестоматия, құрастырып, алғы сөзін жазған Әбілұлы М. Алматы, "Полиграфия-сервис к" баспасы, 2013.

ҚЫТАЙ ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ

ӘБІЛҰЛЫ М.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье рассматривается китайское нашествие на территорию Средней Азии и Казахстана. Фундаментальных исследований на эту тему нет и автор призывает остальных ученых обратить внимание и рассмотреть его.

Summary. This article reviews Chinese invasion on the territory of Central Asia and Kazakhstan. There is no fundamental research on this theme and author draws attention to it and encourages other researchers to consider.

Қазақ халқының басына түскен ауыр нәубеттерді ашына жырлаған қазақтың белгілі ақыны Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» дастанында: «Алыстан орыс, қытай - ауыр салмақ, жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ...» - деп жазғанынан салмақты ой аңғарамыз [1].

Енді осы ойымызды тарқата айтар болсақ, Ежелгі түркілердің Қарахан мемлекеті ХІ ғасырдың аяғына қарай құлдырап кеткенін тарихтан білеміз. Бұл мемлекеттің құлдырауы қарақытайлардың түркі жеріне емін-еркін кіре бастауына мүмкіндік жасады. Ал бұл аймақта тарихта белгілі қарақытайлардың Ляо мемлекеті 907-1125 жылдары өмір сүрген еді.

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев атақты Атлақ шайқасы туралы "Талайғы Тараз" атты кітабында былай деп жазады: "Қытай әскері 740-жылы Таразды шауып талқандады. Қара сор әулетінің билігі жойылды. Ашина Сянь деген қытай боданы "он оқтың" ханы болып тағайындалды. Ол 742 -жылы Құланды өлтірілді. Қытайдың ауыр қолы 748-жылы Батыс түрік астанасы Суябты алып талқандады. 749-жылы Шаш (Ташкент) шабылды. Оның әкімін Қытайға апарып, дарға асты. Соғдыларға арабтарға мойын ұсынудан басқа жағдай қалмады. Оқиғалардың бұлай өрістеуі Хорасандағы Аббас халифтерінің әкімі Әбу Мүсілімді атқа мінуге мәжбүр етті. Ол Қытайға апарылып дарға асылған марқұмның баласы Зияд ибн Салихтың әскері қоршаудағы Таразға көмекке аттанды. Қытай жағында 30 мың ферғаналықтар, қашқарлықтар, құшастықтар бар еді.

Екі әскер 751 жылғы шілдеде Талас өзені маңындағы Атлах деген жерде кездесті. Бес күн бойы екеуі де бірінші болып шабуылға шыға алмай, теке тіресіп тұрып алды. Істің түйінін бесінші күні қытайлардың ту сыртынан тұтқиылдан тап берген қарлұқтар шешті. Сол-ақ екен бір қанаттан арабтардың қалың қолы қаптағайлап шабуылға шықты. Тан әскері сан жағынан көп болса да, қапы қалып, сетінеп сөгіле бастады. Зор шығынға ұшырап, шегіне-шегіне, ақыр аяғында бет-бетіне қаша жөнелісті. Мұсылмандар мен қарлұқтар жеңіске жетті. Мол олжаға кенелді. Тұтқынға түскен қытай кәсіпкерлері Самарқан мен Иракқа апарылып, қағаз бен жібек өндірісін жүзеге асырады [2].

Бұл шайқас жөнінде Л.Н.Гумилов: "Жеңіліс қытайлықтарды қорқытып тастағаны соншалық, олар батысты басып алмақ ойларынан түңіле бас тартты" (Көне түріктер, 371-бет)-десе, О.Г. Большаков: "Тан қытайының Орта Азия істеріне араласу ниетіне түпкілікті тыйым салынды" (Аталмыш еңбегі, 132-бет), дейді. Ал бұл шайқас мұсылман мәдениетінің Орта Азияда Қытай мәдениетінен басым түскендігінің көрінісі дейтін пікірді Л.Н. Гумилов сияқты біз де ұшқырылық деп санаймыз. Өйткені ол екі мәдениеттің емес, екі саяси мүдденің шайқасы еді. Қытай империясы кезекті құлдыраудың алдында тұрса, Араб халифаты қайратына енді мініп келе жатқан-ды. Оның үстіне шайқасқа түскен екі әскердің құрамында да арабтар мен қытайлардан гөрі жергілікті отырықшы, көшпелі, қазіргі түркі тілді болып кеткен тайпалардың өкілдері көп еді. Сондықтан, біздің

ойымызша, Атлақ (Талас) шайқасы Орталық және Орта Азия түріктері ол кезде қытай мен араб экспансиясына санының аздығынан да, мәдениетінің төмендігінен де, әскери құдіретінің кемдігінен де емес, бірқатарының емін-еркін ерсілі-қарсылы көшіп жүретін мекендік тұрақсыздығынан, бірқатарының, керісінше, сауда мен қолөнерді талап етіп, бір базар мен бір қоныстың төңірегінен шыға аламай қалған мекендік томаға-тұйықтығынан, соның салдарынан туындайтын шашыраңқылық пен әр ыңғайластықтан тиісті тойтарыс бере алмағандығын көрсетеді..." [3].

Белгілі ғалым И. Жеменей 751 жылы Атлақ мекенінде түркілердің қытайларға ойсырата соққы бергені туралы мынадай дерек келтіреді: "...751 - жылы түркілер Қытай әскеріне қарсы Атлақ мекенінде Аббаси халифасының әскери күштерімен бірлесе шайқасып, жеңіске жеткен..." [4].

Ұлт пен ұлысты берекесіздікке апаратын алауыздық ежелгі түркілерде болды. VII ғасырда қарақытайлар түркілердің алауыздығын пайдаланып, оларды тепкісіне алды. «Тоныкөк» жазуында қарақытайлардың боданында болып, ауыр азаптарды бастарынан кешірген түркілер туралы былай деп жазылады:

«...Бектерінің халқының ымырасыздығынан,
Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен,
Арбауына көнгендігінен,
Інілі-ағалының дауласқандығынан,
Бекті халқының жауласқандығынан,
Түркі халқы елдігін жойды.
Қағандығынан айырылды...» [5].

Айрандай ұйыған түркілерде бірлікпен береке болмағандықтан қарақытайлар олардың мемлекетін құлатып тынған.

Алауыздық пен жалтақтық, сатқындық қазақ халқының ел басқарған сұлтандары мен бай-болыстарында да болғаны әммеге аян:

«...Елді сатып қан сорған,
Қарғылы қара болыстан...»
...Ұлық, төре, бай, манап,
Патша жақты паналап,
Елді бірге талады...
...Хан мен сұлтан, бай мен бек,
Патшаларға телмеңдеп,
Табандарын жалады...» [6].

Қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбанов әдебиет пен тарихтың байланысы туралы былай деп жазады: «Қазіргі қазақ атанып отырған халықтың өткендегі тұрмыс-тіршілігін білу үшін Қазақстан жерінде өмір сүрген бұдан бұрынғы халықтардан қалған және олардың атақты жеке адамдарынан қалған ескі әдебиет мұраларына да үңіле қарау керек. Ескі әдебиеттің, оның ішінде ескі жазба әдебиеттің, қандай болса да кейінгі қауымдар үшін ерте замандардан қалған әдебиет мұрасы болып саналады. Ескі әдебиет мұрасы халықтың тарихын танытатын материал болады, бір халықтың тарихын білу үшін, сол халықтың әдебиетінен қалған мұраларды жинау, сақтау, оларды тиісінше тексеру керек. Біздің жұртшылығымызда ұлан-байтақ Ұлы Отанымыздағы әрбір ұлттың тарихи мұраларын соның үшін сақтайды, сақтап та отыр...» [7].

Онан әрі профессор Қ.Жұбанов қарақытайлардың Орталық Азияға басып кіруін, сопылық әдебиеттің көрнекті өкілі Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері туралы, қарақытайлардың Әмудария мен Сырдария аралығындағы өктемдігі туралы былай деп ой толғайды: «...Хожа Ахметтің «Диуани хикмәті» діни үігт жырлар болумен бірге, сол өз өмірінің түрлі кезеңдерінде айтылған, сол кездегі қоғам тұрмысымен байланысты туған бірқатар жыр-толғауларды қамтитыны айқын көрінеді. Солардың ішінде, әсіресе біздің көңілімізді аударған 95-ші толғауы болды. Өйткені, бұл толғаудың айтылуы Қазақстан

халқының бір бөлігінің тарихымен байланысты тәрізді. Оның мәнісі былай екен: «12 ғасырдың алғашқы жартысында Шығыс жақтан келіп, Орта Азияға қарақытайлар басып кірді. Бұл – саны 40 мың үйге дейін баратын, көшпелі көп халық болған. Қара қытайлар Шу өзенінің аңғарында көшіп-қонып жүре бастаған. Амудария мен Сырдарияның алқабындағы екі өзен аралығын мекендеген отырықшы халықтың қара қытайға тәуелді болуы тек оларға алым төлеумен біткен. "...Қара қытайлар бір қатар жерлерді жаулап алады. Оның ішінде Амудария мен Сырдарияның арасын мекендеген халықтарды да басып алады. Жеңілген елдің әрбір түтін басы сайын бір динар (ақша) салық төлеп отырған. Бірақ, 1212 жыл шамасында күншығыстан келген Шыңғыс ханның алғашқы қолынан жеңіліп, қара қытайлардың үкіметі құлайды...» [7]. Тарихи кітаптарда қара қытайлардың 12 ғасырдың алғашқы жартысында өзен аралығындағы елдерді жаулап алғаны айтылады. Бірақ, қалайша жаулап алғаны, жеңілген халықтың нендей күйзеліске түскендігі сөз болмайды ...

Профессор Қ.Жұбанов қытай басқыншыларының шапқыншылығынан азап көрген қазақ халқының жай-күйі туралы былай деп жазады: «...Осы дәуірде Түркістанда өмір сүрген Хожа Ахмет Яссауидің 95 толғауы жауға шабылған елдің күй-жайын суреттеуге арналған...» [7].

Профессор Қ. Жарықбаев XII ғасырда өмір сүрген ұлы бабамыз Қожа Ахмет Иасауидің діни ағартушылық қызметінің қытай шапқыншылығымен тұспа-тұс келгенін атап көрсетеді: "...Оның діни ағартушылық уағыз қызметі будда мен шаман діні жолын ұстаған, XII ғасырдың қыркыншы жылдарында Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның едәуір бөлігін өздеріне қаратқан қара қытайлардың жойқын шабуылымен тұспа-тұс келеді..." [8].

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде қытай шапқыншыларынан зардап шеккен қазақ халқының ауыр тағдыры былай суреттеледі:

Әй, достар, заман ақыр болды, көрің,
Кәпірлер дүние-әлемге толды, көрің.
Барлық жаннан ізгілік ниет қашты,
Сол үшін Тәңірім ашу қылды, көрің!

Қожа Ахмет Ясауи ел басқарған сұлтандарды, зиялы қауым (интеллигенция) өкілдерін сынайды: «ізіне ерген халықты басқара алмады, арам ниеттілер қытайларға сатылып кетті, оларда ізгілік пен адамгершілік сияқты аса қымбат қасиеттер жетіспеді...»

«Тоныкөк» жазуында:

«...Соңындағы інілері қаған болған,
Ұлдары да қаған болды.
Соңындағы інісі ағасындай болмады,
Ұлдары әкесіндей болмады.
Біліксіз қағандар отырған екен,
Жалтақ қағандар отырған екен.
Әміршілері де біліксіз екен,
Жалтақ болған екен...»-деп жазады [9].

Мұндай ауыр жағдай ежелгі түркілерде де болған. «Күлтегін» жазуында:

«...Табғаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды...»-деп жазылған [10].
Жамбыл Жабаев «Өтеген батыр» жырында:

«...Айдарлыңды құл қылып,
Тұлымдыңды тұл қылып...» деп жырлады [11].

Қожа Ахмет Ясауи өзінің хикметтерінде қарақытайлардың шапқыншылығынан азап көрген түркілердің ауыр тағдырын былайша суреттейді:

«Ата!»-деп, күндіз-түні жылайды олар,
Ботадай аңырап қалған боздайды олар.
Қозыдай жетім қалған маңырауына,

Қара тас та еріп су болады, көрің!

Қожа Ахмет Ясауи ислам дінін қорғайтын, кәпірлерді ислам дініне енгізуге бар күш-қайратын жұмсаған батырлардың қытайларға қарсы күресіп, қытайлар жаулап алған жерді қайтарып алатын күн бар ма екен деп, Дариғадай, Шаһимардандай батыр болып туатын ұл-қыздарды армандайды:

Дариға, Шаһимардан болса ер-ді,
Қолына алмас қылыш алса ер-ді.
Әскерін кәпірлердің қырып салып,
Қайтарып ғаріптерді, алса жерді [9].

Профессор Қ.Жұбанов Қожа Ахмет Ясауидың бұл хикметтері туралы өз ойын былайша өрбітеді: «Біріншіден, бұл толғаудың Хожа Ахмет аузынан айтылуы жоғарыда сөз болған қара қытайлардың Түркістан елін жаулап алуымен байланысты тәрізді. Үйткені бұл толғаудың мазмұны шапқыншылыққа ұшыраған халықтың хал-жайын суреттейді. Ал қазіргі қолда бар тарихи деректерге қарағанда, екі өзен аралығындағы Түркістандық елдерді 12 ғасырдың алғашқы жартысында қара қытайлардан басқа жаудың шауып алғаны айтылмайды.

Бұл толғаудың мазмұнына қарағанда, қара қытайлар Түркістан елін (өзен аралығындағы елді) жаулап алған кезде, олар елге үлкен зәбір-жапа жасаған. Елдің ұлдарын құлдыққа, қыздарын күндікке алып, ел тұрмысын зор күйзеліске түсірген. Құр жылау-сықтаудан басқа жергілікті халықтың қолынан еш қайрат келмеген. Шет ел басқыншыларының мұндай жауыздығына қарсы ызаланған Хожа Ахмет ел күйзелісін суреттеп, басқыншыға «кәфірлік» атақпен нәлет айтып, («кәфір» деген сөз ол кезде адам баласының ең жауызына айтылатын қарғыс есебіндегі сөз еді, біздің заманымыздағы «фашист» деген сияқты), осы жырымен мұңын шерткен тәрізді.

Екіншіден, сол кездегі түркістандық елдердің өзара ауызбірлігі кем болған. Оның себебі қара халыққа хан-сұлтандардың қамқорлығы, ғалым-ғұламалардың мейірімі түспеген тәрізді. Соның салдарынан жергілікті халықтың шеттен келген басқыншыға қарсы күресі әлсіз, бытыраңқы болғанға ұқсайды. Сонымен қатар, сол кездің өзінде-ақ, жергілікті халықтың әлеуметтік, саяси тағдыры хан-сұлтан, ғалым-ғұламалардың қолында болғандығы көрінеді...» [7].

Түркілердің алауыздығы монғол шапқыншылығы кезінде де болғанын біз тарихтан білеміз. Монғол шапқыншылары сол алауыздықты пайдаланып Отырарды, Орталық Азиядағы Хорезм, Бұқара, т.б. қалаларды басып алғаны белгілі.

Қазақ ауыз әдебиетінде Самарқан қаласы үшін қарақытайлармен шайқасқан түркілердің ерлік істері жөнінде баяндалатын «Кәпірлердің Самарқанды басып алуы» атты діни қиссаны Өтім жырау, Мыңбай жырау, Теңізбай жырау жырлағаны белгілі. Қиссада қытайларға қарсы шайқасқан түркі қолбасшылары - Тебінген батырдың, Омарқұл батырдың, Шыраз батырдың елін кәпірлердің тепкісінен қорғау жолында құрбан болғаны баян етіледі. Қиссада үш батыр да Ислам діні жолында құрбан болады. Қиссада қытай басқыншылары кәпір ретінде суреттеледі.

"...Қытай, Жоңғар, Ресейдің сокқысына ұрынды,

Кең даласын қорғаймын деп "мың өліп, мың тірілді" [12].

Бұқара қаласы үшін болған шайқас жырланатын «Ұлы шайқас» деп аталатын діни қисса да «Ғазауат Сұлтан» деп аталатын діни қиссамен сабақтас. Қиссада Бұқараны қарақытайлардан азат етудегі түркі халықтарының азаттық соғысы баян етіледі.

Тарихи деректерде жоңғар тағына таласушы Әмірсананы Абылай ханның қолдайтыны айтылады. Қытай боғдыханы Цяньлуидың Абылайханға хат жазатыны бар. Цяньлуидың 1756-жылдың мамырында Абылайханға жазған хатында: «Цзянь цзюи бастаған он мың қолды екі бағытпен сенің жеріңе жіберіп отырмын. Егер сен ұрыны жасырғың келсе, өзіңнің қателігіңді түсінбей оны байлап, матап ұстап бермесен, онда ұлы армиямызды саған жіберуге және сендерді түгелімен құртуға негіз бар деп есептеймін...» [13].

Қысқасы, сөзімізді түйіндеп айтар болсақ, Қытай шапқыншылығының орта ғасырдағы қазақ жұртына, оның батырларына жасаған зорлық-зомбылықтары сол кездегі қазақ халқының рухынтаптап, жігерін құм қылу үшін жасағаны белгілі. Сондықтанда бізге өткен тарихымызға зерделей қарап, ежелгі замандардағы және өткен ғасырлардағы Қытай шапқыншылығының зардаптары жөнінде еліміздің тарихына байланысты жазылған әдеби жәдігерліктер жазылған әдеби шығармаларды көптеп басып шығару арқылы халқымыздың намысын оятып, ұлттық рухын жануымыз керек. Ал шығармалар болса, халқымыздың рухани байлығына айналуы тиіс. Демек, біз осындай тарихи-әдеби жәдігерліктер арқылы ұлттық идеологиямызға қомақты үлес қоса аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы, бірінші том, Алматы, - «Жазушы», 2002, 134б.
2. Большаков О. Г. К. истории Таласской битвы. (751 г.) "Страны и народы Востока", 1980, вып. 22. Кн. 2. 132б.
3. Кекілбаев Ә. "Талайғы Тараз", "Елорда", 2002.
4. Жеменей И. "Хикмет" шығармасының тілдік және әдеби бағыты", республикалық "Керуен" журналы, №4, 2010, 49б.
5. «Тонкөк» жазуы, кітапта: «Ежелгі дәуір әдебиеті», құрастырып, алғы сөзін жазған: А. Қыраубаева, Алматы, «Ана тілі», 1991, 11б.
6. Ж. Жабаев. «Өтеген батыр», екінші нұсқасы, кітапта: «Өтеген батыр», құрастырған Айзада Сейітқызы, Алматы, «Мерей», 1994., 53-54бб.
7. Жұбанов Қ. Қ. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», ішінара өңделген үшінші басылымы, Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. 300б.
8. Жарықбаев Қ. "Қожа Ахмет Иасауи", республикалық "Ұлан" газеті, 1993-жыл, 18-мамыр.
9. «Күлтегін» жазуы, кітапта: «Ежелгі дәуір әдебиеті», құрастырып, алғы сөзін жазған: Алма Қыраубаева, Алматы. - «Ана тілі». 1991, 11б.
10. «Күлтегін» жазуы, «Ежелгі дәуір әдебиеті», 11б.
11. Жабаев Ж. «Өтеген батыр» жыры, екінші нұсқасы, кітапта: «Өтеген батыр», құрастырған Айзада Сейітқызы, Алматы. - «Мерей». 1994. 54б.
12. Жұмағалиұлы А. "Өрлік толғауы. 1986-жылғы желтоқсан қаһармандарына", кітапта: "Ақиқаттың рухы", "Қазығұрт" баспасы, Алматы-2014. 5б.
13. Цинская империя и казахские ханства. Бірінші бөлім, Алматы, 1989. 86б.

ӘОЖ: 821.512.122-3

Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚЫЛЕК» РОМАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРМЫС КӨРІНІСІ

НАУРЫЗБАЕВА З.Н.

№21 жалпы білім беретін орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Можно сказать, что роман великого гения нашего народа Жусипбека Аймаутова «Акбилек» - это традиции и обычаи, имеющие большое воспитательное значение, в которых показаны национальные знания и здравый смысл, национальное единство. Роман «Акбилек» — один из первых казахских романов, описывающих судьбу одинокой девушки-казахи и перемены в казахском селе во время социальной революции.

Summary. We can say that the novel of the great genius of our people Zhusipbek Aymautov "AkBILEK" is traditions and customs of great educational value, which show national

knowledge and common sense, national unity. The novel "Akibilek" is one of the first Kazakh novels that describes the fate of a lonely Kazakh girl and the changes in the Kazakh village during the social revolution.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің маңдайына бақ болып бітіп, бірақ өз маңдайын күн шалмай өткен шаңқанбоз маңмангер Жүсіпбек Аймауытов, оқырманына айтар идеясын құрғақ баяндаудан мүлдем бөлек, соны мақсат ұстанған суреткер-кейіпкерлердің ішкі өміріне психологиялық талдау жасаудың үздік үлгісін осы, "Ақбілек" романы арқылы көрсетеді.

Жүсіпбек Аймауытов та өзінің тартымды шыншыл шығармаларымен оқырман қауымның көңілінен шыққан аға буын жазушыларымыздың бірі. Шығармаларының тілі шұрайлы, өмір құбылыстарын еш бояуламай, дәл күйінде суреттеп жазады. Жүсіпбектің жазу стилі өзгеше. Шығармалары негізінен ырғалты прозамен жазылған. Айтар ойын көркем де мәнерлі етіп, өлең жолдарын төгіп-төгіп жібереді. Жалпы Жүсіпбек прозадағы ырғақ, стиль композиция, көркемдік құралдарға ерекше көңіл бөлді, әсіресе халық тілінің сан алуан байлығын еркін қолдана отырып, Европа орыс әдбиетіндегі бейне жасау, мінездерді даралау, сезім бұрқағын, ой толғауларды көрсету дәстүрлерін еркін пайдаланған. Жазушының өн бойындағы тамаша таланты мен зор қабілеті "Ақбілек" романында айқын көрінеді. [Р.Нұрғалиев Қазақстан коммунисті, 1989 № 6.]

Дандай Ысқақов "Ақбілек" әлемі [Жұлдыз 1990ж. № 8] деген атпен әдеби сын мақаласын жариялады. Мұнда роман нені суреттеді, тіл ерекшелігі қандай, жазушы кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесіне көңіл бөлуі жайына тоқталды.

Мен Жүсіпбек Аймауытовтың "Ақбілек" романындағы адам мінезін көрсетудегі тілдің құралдарды пайдалану тәсілдеріне тоқталмақпын. Бұл жайлы Герольд Бельгер, Дандай Ысқақов ғана шамалы пікірлерін айтқан. Менің бұл тақырыпты алудағы мақсатым бұл тақырып әлі де толық, зерттеле қоймағандықтан адам мінезін көрсетудегі тілдік құралдарды пайдалану тәсілдерін аша түсу және де Ж.Аймауытовпен бір қырынан болса да етене жақын танысу. Жүсіпбек өмірі мен өнері, таланты мен таным тереңдігі-таусылып бітпес әңгіме, сарқылып болмас қазына. Бұны біз жас таланттың қазір қолымызға тиген шығармаларынан – ақ сезіп, білуімізге болады. Бұдан түйер ортақ түйін: Жүсіпбек – профессионалдык, ұлттық әдебиетіміздің дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген санаулы саңлақтардың бірі. Бұл жағынан ол-әрі ұстаз. Егер сонау бір соқтықпалы кезеңнің өзінде қосарлана шауып, қосамжар есімімен белгілі болған "Екеудің" бірі-Мұхтар, бірі-Жүсіпбек болса, Совет дәуіріндегі қазақ әдебиетінің айтулы шебері Ғабит Мүсіреповтің өзі: "Менің ұстазым-Жүсіпбек" десе, ол неге ұстаз болмасын. Бір сөзбен айтқанда, Жүсіпбек Аймауытов деген есім қазақ әдебиетінде талайға ұстаз болған, талайға әлі ұстаз болып қала береді.

«Ақбілек» романы халық тұрмысы мен өмірінен ойып алынған шындық негізінде қазақ қоғамында болып жатқан әлеуметтік революциялар кезіндегі қазақ ортасына жат қылықтарды әшкерелейді. Әрине, Ақбілектің басындағы ахуал жалғыз оның ғана емес, бүкіл қазақ жұртының басындағы ауыр жайт болатын. Қаймағы бұзылмаған қазақи дәстүрі берік елдің естілерінің есін алып, қызды қасиет деп білетін халқымыздың асылын, қыз баласының етегін көтеріп, абыройсыз етіп, сүйекке таңба, жүрекке жара салып кеткен сол бір жылдар ғана емес, сондай жат қылыққа барған патша әскері ақтардың зауалы ел есінен шыға қоймасы анық. Қарғыс пен нала арқалаған патша әскерінің кейінгі тарихы айтпасақ та белгілі жай.

Ақбілек – қазақ әдебиетіндегі алғашқы эпикалық роман. «Ақбілек» романындағы еліміздің шығыс өңіріндегі әлемге аян Алтай өңіріндегі ауыл көріністері, Ертiс-Күршiм сипаты, Марқакөлдің мөлдір суы мен оның айналасындағы аң-құс, жануарлар әлемі, алуан түсті адам портреттері, этнографиялық этюдтер, яғни қазақ тұрмысы мен заман көріністерінен, адамдар арасындағы қатынастарды шебер бейнелеген. Ақбілек әлемі, Қазақ төңкерісінен кейінгіқазақ ауылының әрекеті кеңінен көрініс береді. Маңыздысы

жазушы жан әлемін жаулап алған, қазақ қызының тағдыры. Автор оқиға өміріне сай табиғат тамашаларын әсерлі, шабытты сөз етсе, енді бірде ала ат мінген жалғыз адам туралы, сосын жекеленген бейнелер. Жүсіпбек Аймауытов роман оқиғасын тарата, көркем, келісті баяндайды. "Ақбілек" романы деп аты айтып тұрғандай романның кейіпкерлері өте көп. Олардың әрқайсысының өзіндік мәні бар. Бірақ шығарманың өн бойында кейіпкерлер Ақбілекпен түгелдей дерлік тікелей қатынаста болған емес. Тікелей қатынаста болғаны дерлік Ақбілекті жақсы көрмейді. "Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында" дегендей, Ақбілекке қастық ойлағандар да, достық ойлағандар да, келемеждеп күлгендер де, ақтағандар да, даттағандар да бар. "Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер"-деген бар. Ақбілек-жастайынан жақсы тәрбие көрген бала ешкімге зияны жоқ, артық ауыз өсек-аянмен ісі болмаған, үлкен кісілерге қарап сөйлемек түгіл, тіктеп қарамаған да қыз. Мінезі жібектей, адамгершілігі мол, мейірімді әрі кішіпейіл жан. Шығарманың өн бойында Ақбілек өзінің ақылдылығымен, салмақты да сабырлылығымен, төзімділігімен өзіне тартады.

"Ақбілек бәрінің қамқор анасы өзіндей, бәрін де қанаты астындағы балапанындай бауырына басып, жылытқысы келеді. Бәрін де өзіндей қуанышты, бақытты болса екен дейді. Ешкімді ренжітіп, ешкімге жамандық ойлайтын түрі жоқ". /270 бет/

Жазушы суреттеп отырған осы жолдарда Ақбілек туралы оқырманға тамаша ой тастайды. Ол үлкен-кішіні бірдей сыйлайды. Өзін ренжітіп жатқан адамға да, балағаттаған жанға да ешқашан бір ауыз жаман сөз айтқан емес.

«Ақбілек» романын ұлттың таным мен парасатты, ұлтық болмыс – бітімін көрсететін тәрбиеік мәні зор салт – дәстүр, әдет ғұрыптар деуге болады. «Ақбілек» романы – бір ғана қазақ қызының тағдырымен қатар, әлеуметтік төңкеріс тұсындағы қазақ ауылының өзгерісін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі. Роман арқылы ұлтымыздың бүгінгі, ертеңі болашақ ұрпағымызға ой салары анық. Жүсіпбек Ақбілек образы арқылы оқушыларының эстетикалық сезіміне әсер етеді. Ол оқырманды әдемілік пен сыпайылықты түсінуге, мінез-құлықтарын жақсартуға, тағдырдың тарту еткен әрбір сыйын қабылдап, қиындығынан қашпай қашанда сабыр сақтап, істің ақырын күтуге шақырады яғни үйретеді. Ақбілектің басындағы азды-көпті қуанышы мен өмірлік ұмытылмас қайғысын, өзегін оттай өртеген небір тозақты күндер мен түндердегі кездерін, оның тәтті қиялдары мен асыл армандарын автор оны әркез қоршаған ортамен, табиғат суреттерімен астарластыра суреттейді. Мысалы:

Мамырбайдың Ақбілегі,

Ақбілегі – жас түлегі

Айы-күні – жалғыз қызы...[2,147 бет].

Осы жолдар Ақбілектің сұлулығын, оның еркетотай бір үйдің қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай отырған, айға балап, күнге теңеп отырған болашағынан көп үміт күттірген періштесі екенін суреттейді.

Қазақтың өткен тарихын тануда Ж.Аймауытовтың "Ақбілек" романының теориялық та, практикалық та мәні зор. Себебі, ол сол кезеңнің тарихи шындығын оқырманға жәй ғана баяндап қоймайды, кестелі тілмен өрнектеп көркем баяндап береді.

Жалпы шығармада негізгі айтылып отырған жай Ақбілек басындағы оқиға болғандықтан, оның бар қуанышы мен қайғысына ортақ болған өзінің туыс-бауырлары мен көңіл білдіріп ұнатамын деген, бірақ "Махаббат туын" биікке көтеріп, берік ұстай алмаған тұрақсыз да кінәмшіл жігіттер. Сырттай ерегесіп өштескен қара ниет жандар Ақбілекпен тікелей араласпаған күйі қала береді. Басты кейіпкерлерді шығармада жағымды-жағымсыз деп бөліп жару керек емес. Әркім өзінің рөлінде осы шығармада айтар ойды жеткізу үшін өз мінезімен, тірлігімен, сана-сезім, ой-пікірімен тамаша суреттелген. Осы оқиғалар негізінде Жүсіпбек сол бір аласапыран жылдардағы қазақ, аулы өмірінің шындығын, адамдар тағдырындағы өзгерістерді, тынымсыз ізденісті кең бейнелейді. Ескі ауыл мен оның адамдары бойындағы қайшылықты күйлер мен ұғымдар тартысының суреттері, психологиялық толғаныстар жазушы реализмінің байлығын,

суреткерлік қарымының кеңдігін көрсетеді. Роман кейіпкерлері заманмен, дәуірмен қабаттама өзгеріске ілеседі, қоғамнан өзіне лайық орын іздейді. Ол орынды бірі тауып, бірі таба алмай жатса да, жалпы ізденістің беталысы елдің рухани оянуға ұмтылысын аңғартады. Солардың алдыңғы легінде Ақбілек дегеніне жетеді. Жазушы оның қайшылықты тағдырын жеңілдетпей, үлкен психологиялық образ дәрежесіне көтере біледі. Қыздың ақ солдаттарының қолына түскен кездегі, қара мүртпен кездесулеріндегі жан күйзелісі романда жарқын суреттелген. «Ақбілек» - бір қыздың тағдыры негізінде әлеуметтік революциялар дәуіріндегі қазақ аулының жаңаруын суреттейтін алғашқы қазақ романының бірі. ретінде танылды. Жазушы суреткерлігі, стилистігі кезінде жас қаламгерлер үшін зор мектеп болды.

Жүсіпбектің сан салалы творчестволық қызметі дәуірдің талап етуінен туады. Бұл — бір Жүсіпбек басындағы ғана емес, қазақ интеллигенциясының алғашқы буынына түгелдей ортақ сипат. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде олар заман, өзгеріс дәуірі күн тәртібіне қойып отырған қажеттікті өтеуге бар мүмкіндіктерін жұмсады. Ақын да, жазушы да, драматург та, сыншы да, ғалым да болып еңбектер жазды. Аударма да жасады. Бүгін біз Жүсіпбектің көркем туындыларының әдебиет тарихындағы орнын, жазушы шеберлігін, ізденістерінің байсалдылығын айта отырып, оның барлық творчествосының тарихи маңызын айрықша атаймыз.

Қорыта айтқанда, жазушы Ж.Аймауытұлының «Ақбілек» романына аудармашы әрі жазушы Г.Бельгердің «Аймауытовты оқығанда еріксіз таң қаласың, әсіресе сөз кестесі, айшықты, әшекей тілі оқушының өзін бірден баурап, үйіріп әкетеді. Шын мағынасында эстетикалық ләззат алып, шынайы сезімге бөленесіз» - деп баға бергеніне толық қосылуға болады. Жүсіпбек қазақ қоғамы дамуының ең бір күрделі кезінде, әлеуметтік революциялар дәуірінде өмір сүрді. Сол дәуірдің қайшылықты сипаттарын да бойына сіңірді. Сондықтан оның шығармаларындағы, көзқарасындағы қайшылықты сәттерді көргенде, оның себебін алдымен дәуірдің күрделілігінен іздеуіміз керек. Жүсіпбек шығармаларын байымдап оқыған адам оның қателіктері мен қайшылықтары емес, біз үшін ең маңыздысы жазушының жаңа советтік шындықты танып, мойындап, оның келешегін айқын болжаудан туған еңбектері екенін көре алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, 1989 ж.
2. Аймауытұлы Ж. Қазіргі саяси хал. «Жас Алаш», 2002 ж., 3-тамыз
3. Аймауытов Ж. Ұлтты сүю. «Жас Алаш», 2001, 6-наурыз
4. Аймауытов Ж. Аманат «Халық кеңесі», 1993, 8-шілде
5. Бельгер Г. Аймауытов айшықтары. «Қазақ әдебиеті», 1990 ж., 30-наурыз
6. Қирабаев С. Қуатты қалам, күрделі тағдыр. «Жұлдыз», 1989 ж., № 10
7. Нұрғалиев Р. Алыптар қайта оралғанда. «Қазақстан коммунисті», 1983 ж., № 6
8. Нұрғалиев Р. Сегіз қырлы, бір сырлы дарын. «Қазақстан коммунисті», 1983 ж., № 7
9. Ысқақов Д. Ақбілек әлемі. «Жұлдыз», 1990 ж., № 8
10. Жанәбіл С. Ж Аймауытовтың ақырғы күндері. «Жұлдыз», 2002, № 5

ӘОЖ 82.565

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ ДӘСТҮРІ

ӘЛБЕКОВА Ж.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается традиция Махамбета в казахской поэзии.

Summary. The article deals with the Makhambet tradition in Kazakh poetry.

Кейінгі толқынның алдыңғы буыннан үйренуі заңды құбылыс. Олар үшін аға ұрпақ өкілдерінің жеткен биігі үлкен асу, биік меже. Қолына жаңа ғана қалам ұстаған жас талапкер қазақ поэзиясының озық үлгілерінен ғана емес, әлем поэзиясынан нәр алып, жетістіктерін бойларына сіңіре білулері керек. Содан кейін барып өз стилін қалыптастырады. Әрине, бәрі талантқа, ізденіске байланысты. Бірі еліктеуден аса алмай, бірі өзінше жол тауып, жаңашылдыққа бет бұрады. Дәстүр сабақтастығын жаңашылдықпен әрі қарай жалғап, ғасырлардан-ғасырға ұласа бермек. Яғни, «дәстүр әрдайым жаңашылдыққа кеп тіреледі, жаңашылдық өзгеше формаға еніп дәстүрдің қайнауынан шығады да, қайталай дәстүрге айналады» [1, 52 б.]. Өнердің көкжиегін кеңітіп, кең өріске бастайтын – дәстүр. «Махамбет, Абай жырлары өздерінен кейінгі талай ұрпақ ақындарға жарық шырақ болғаны аян. Ол жырлардан қазіргі қазақ ақындары да үйренеді, келер толқын да көңілге нәр, ойға азық алары кәміл» [2, 96.].

Махамбеттің түр-тұлғасы, батырлығы, мінез-құлқы өз өлеңдерінде мен мұндалап сайрап тұр. Махамбет–ұлан-байтақ Отанын сүйіп, құмына дейін қастерлей білген патриот ақын. Ақынның ішкі сезім толқыны, қуат-күші, ой- мақсаты, сөйлеу мәнері қағазға түскенде де аңғарылып тұрады. Өйткені, ақын өлеңі – іштен туған сәбиі секілді.

Махамбет өлеңдерін оқығанда да оның ішкі жан сезімі, адуынды, айбынды, қызуқанды мінезі, турашылдығы, шыншылдығы, әділдігі, тіке, ешкімнен де тайсалмай, қаймықпай сөйлейтіндігі, бірбеткейлігі мен қайсарлығы бірден көзге ұрып тұрады. Елім деп еміреніп, жерім деп тебіренген жырларында оның Отанына сүйіспеншілігі, жүрек дүрсілі, қуанышы мен қайғысы көрінеді. Махамбет жырларының көркемдігін айтпағанның өзінде негізгі қасиеттерінің бірі де осы отаншылдық өршіл сезімде жатыр.

Ақын өзіне дейінгі поэтикалық дәстүрді, әсіресе жыраулар тілінің бар байлығын өлеңдерінде қолдана отырып, сол өзі өмір сүрген кезеңнің өзінде қазіргі әдебиет теориясында айтылатын құбылту, айшықтау, әсерлеу, ажарлау тәсілдерін қолдана білген. Бұл өлеңдерінің күш-қуатын, бедер-көркін ерекшелендіріп, мән-мағынасын арттыра түскен. Махамбет жырларының тіл ерекшелігінің бірі де сол жыраулар толғауымен үндесіп жатуында, көне сөздерді орнымен қолдануында, көркемдей, әсерлеу тәсілдерінде жатыр. «Ақынның ... метафоралы, теңеулі образдары қазақ поэзиясы тілін жоғары сатыға көтерді, осындай қолданыс арқылы жаңа образдар жасауда қазақ тілінің мүмкіндігі орасан зор екендігін танытты. Оның үстіне бұл образдардың айтылмақ ойға (шығарма идеясына) дәл келіп, қиысып жатуы қазақ поэзиясында мазмұн мен түрдің үндесуі дегенге үлес қосты деп тұжырымдауға болады» [3, 183 б.].

Махамбет–дана ақын. Даналық– адамның ойлау қабілеті мен әрекетінің үздік нәтижесі. Оның даналығы тек өлеңдерінен ғана емес, өмірінен де, іс-әрекетінен де байқалады. «Айтса дағы айныман көлдененің сөзіне», – деп өзі айтқандай, ол мақсат-мүддесінен, алған бағытынан табан тайдырмады, биік зерде, зор парасат тұғырында қалды. Өйткені, оның ойлағаны қара басының қамы емес, халықтың қамы, елінің болашағы.

Махамбет–нақтылы тақырыбы бар, өзі жыр еткен оқиғаларға қатысушы ақын. Оның жырларын жыраулар поэзиясынан оқшауландырып тұрған басты мәселе де осында. Дәстүр жаңашылдыққа, жаңашылдық қайтадан дәстүрге айналатыны белгілі. Махамбет Өтемісов жырлары да бұл күнде дәстүрге айналып, кейінгі толқынға әсер етіп, бағыт-бағдар болды. Дәлірек айтқанда, Махамбетше ой толғап, Махамбетше шындықты бетке айтатын ақындар көбейді. Көптеген талантты, батыл, қайтпас-қайсар ақындар өлеңдерінен Махамбет рухы атойлап, оның жырларының өлмегендігін аңғартады. Рухы күшті өлең осылайша ғасырдан ғасырға жалғаса бермек!

Махамбеттегі ұлттық Рух ұлттық тілдің барлық болмыс-байлығын қолдана білуден туындайды... Махамбет поэзиясы пайда болған күннен бастап қазақ поэзиясына ықпал

етіп келеді, оған еліктеп жазылған жырларды көптеп кездестіруге болады. «Өзгелерді өз алдына қойғанда өртке тиген дауылдай өлеңі» өзінен аумаған Қасым мен «күпі киген қазақтың қара өлеңіне шекпен жауып өзіне қайтарып» кеткен Мұқағали әдеби-эстетикалық сауатын бәрінен бұрын «Махамбет мектебінен» оқып ашқан» [4, 100б.] – деп академик З.Қабдолов айтқандай, Махамбет поэзиясындағы өшпес рух, сөнбес жалын, күш-қуат өзінен кейінгі ұрпақ өкілдерінің өлеңдеріне де сәулесін түсіргені анық. Мұны «Отты жырлар отты жылдарға жазылуға тиіс еді» [5, 101б.], – деп Қасым Аманжоловтың өзі де мойындап кеткендей.

Қасымның дауылды өлеңдерінде Махамбет сарыны қалайша жоқ дей аламыз. Ақын «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасында:

Қасиет күші ұлы Отанның
Қанатын бер қыран құстың.
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп.
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл, жүрек! –

деп Абдолланың аузына сөз салса, «Өзім туралы» деген өлеңінде:

Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасың! –

деп тебіренсе, шындығында да махамбет жырларының арыны да, жалыны да сезіледі.

Махамбет те, Қасым да қазақ өлеңіне соны леп әкеліп, жаңалық еңгізген жаңашыл да шыншыл, өрлікті, ерлікті ту етіп көтерген батыр ақындар. Екеуі мінездес, үндес, тамырлас.

«Топ шеңгелден пыр-пыр ұшты бөдене
Көз ұшында сағымданған немене?
Нұрлы өмірге Исатай мен Махамбет
Отты жырын қайта бастап келе ме?
Келсе игі еді, көрсе игі еді біздерді –

деп жырлаған Мұқағали Мақатаевтың осы «Құм нарында» атты өлеңіндегі «Шөккен нар-нар, бура-бура» деген жолы Махамбет жырларымен үндесіп тұрғанын байқау қиын емес. Қасым «Уа, дариға – алтын бесік туған жер» [5, 321 б.] – десе, Мұқағали «Дариға, домбырамды берші маған» [6, 55б.] – деп тебіренеді. Мұқағали шындықты сүйген, сол шындықты Махамбетше ашық айтуды армандап өткен ұрпақтың өкілі:

Жасырмай ойымды айттым талай-талай,
Қайтейін кетті бәрі қарайламай.
...Айтарын ашып айтқан абайламай,
Дариға-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!!

Мұқағали енді бірде:

Жаса, Орал, жаңа Орал, жасыл Орал,
Қара бұлт қайта келмес басыңа Орал,
Көгінен, көлкіп жатқан көлге үңілем,

Оралым – Ордам менің таныс маған,
Бораның Махамбет боп дауыстаған.
Исатай ақ семсерін, Құрман бабам
Ұрпаққа домбырасын табыстаған, –

десе, Махамбет дауысын қайта жаңғыртып, үні жеткенше шындықты айтып, бабалар аңсаған арманды жалғай түскен ақын ұрпақтарының бірі Мұқағали Мақатаевтың өзі еді.

Махамбет:

Мен кесекті ердің сойымын,

Кескілеспей бір басылман...
Мен бір шарға ұстаған
Қара балта едім...
Мен ақсұңқар құстың сойы едім,
Шамырқансам, тақсыр кетермін –

десе, Төлеген Айбергенов:

Мен қара төспін, қайғыдан бақыт жасаған...
Мен жарық Жермін, Жаңғырықтарға үн қосқан
Мен сірі төспін–сызылып аққан сымдармын
Жаңғырған болат жолдарға дейін
Басталып құйттай қармақтан –

деп толғанады.

Бір топырақта жаралып, дауылды күнгі Каспийдің толқынын, Атыраудың қатал табиғатын көріп өскендіктен бе, әлде «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын» атты поэмасында «Жалқы Темірқазығым Махамбет» деп өзі мойындағанындай, жырымен сусындап, бойына күш-қуат алып өскендіктен бе, Фариза Оңғарсынова жырларында да Махамбеттің дауылды үні жиі ұшырасады:

Теңіз аласапыран
Тұра қашып, көктегі жасқанды бұлт,
Күркіреді жағада тас жаңғырып.
Дауыл толқындар өршелене

Шапшиды аспанды ұрып...

Іштегі дауыл сезім, күш-қуат қазақтың қара өлеңіне сыймай, буырқанып, асыптасып, төгіліп, шашылып, әдеттегі қалпын өзгерткен. Тасқынды сөз де, өлең қалыбы да Махамбет жырларын еске түсіреді. Деміккенге дем, әлсізге күш, мұңайғанға жәгер беріп, жаныңды баурайды. «Шығарған шындық, арды естен, зұлымдықтарды қан кешкен Махамбеттен қалған нар кескен – айбалта-жырмен шапсам деп», «әділеттің шамын ғаламға, қарамай құрсау, қамалға лаулатып солай жақсам» деп Махамбетше мақамдап, Махамбетше сөйлейді. «Серігім – жырым-жебеммен, жүрегім-желкен, жел кернеп, қарсы ағыстырса, сенге өрлеп, қағілез құттай денеммен дауылдарды құшып келем мен» деп, Махамбетше теңеу, метафораларды қарша боратады. «Кеуделерді қақыратар дабылы Арыстанды-Қарабастың дауылы керегіп тұр маған бір! Қағындырар шемен болған шаңымды шаңға бөккен жанымды» десе, Махамбеттің «Толарсақтан саз кешіп, тоқтамай тартып шығарға қас үлектен туған қатепті Қара нар керек біздің бұл іске» деген жолдары, Қасымның «Дауылы» ойға оралады: «Ышқына сокқан дауылға құмартушы ем жасымда, нөсерлеп құйған жауында қызығушы ем жасынға ... Дауыл! Дауыл! Дегенге, шықтық үйден дүркіреп, аспан тұрды төбемде, алас ұрып, күркіреп... Жігіт болдым, ер жеттім. Мен дауылдың ұлымын» [5, 319б.].

Махамбет те, Қасым да, Фариза да өр мінезді, кесек сөйлейтін дауылпаз ақындар. Сондықтан да олар дауылды сүйіп, дауылды жырлайды. Бұл үш ақынның үндес, мінездес екендігіне тағы бір айғақ – Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы жайында жазған мақаласына Берқайыр Аманшин «Дауылпаз ақын», Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығы хақында сыр толғаған Сырбай Мәуленов «Дауылды дарын иесі», «Найзағайлы қара бұлт» деп ат қойса, Фариза Оңғарсынованың екі томдық шығармалар жинағына жазған алғы сөзін Рымғали Нұрғалиев «Мінезді жырлар» деп атапты. Бұл атаулар тегін қойылмаған.

Қорыта айтқанда, Махамбет жыраулар мектебінің нәрі мен әрін бойына сіңіріп, өткен үлгілерден үйренген, алған, өзіне дейінгі қазақ поэзиясының ғасырлар бойы қалыптасқан, шыңдалған, елек көзінен өткен табысын бір жерге түйіп тастап, оны әрі қарай жаңа бағытта жалғастыруға бет алған суреткер. Бұл – дәстүр сабақтастығы. Еліктеу-солықтаумен қалып қоймай, жаңашылдыққа бет бұрып, өзінше сөз саптап, өзінше ой түйіп, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған. Сөйтіп өзінен басқа ешкім айта алмайтын

жаңа үлгі, жаңа бағыттағы керемет жырларын тудырған. Ақынның қай толғауын оқысаңыз да тек қана Махамбетке ғана тән өршіл рухты, тасқын-сел күш-қуатты сезінесіз. Оның әр жолы тот баспас қылыштай, өшпес өмірдің өзінен де бағалы дүниелер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 145 б.
2. Майтанов Б. Дәстүр, жаңашылдық және жас замандас бейнесі // Жалын, № 1, 1977. – 336.
3. Күмісбаев Ө. Шығыс пен Батыстың ортасында Махамбет. Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы және қазақ әдебиеті мәселелері. Ғылыми жинақ. – Алматы: Абай атындағы Алматы университеті, 2003. – 312 б.
4. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1993. – 458 б.
5. Аманжолов Қ. Қазақ совет поэзиясының антологиясы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1977. – 329 б.
6. Мақатаев М. Өлеңдер, поэмалар. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1982. – 164 б.

ӘОЖ 82.526

ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘЛІБЕКОВА Ж.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются художественно-поэтические особенности казахских загадок.

Summary. The article deals with the artistic and poetic features of Kazakh riddles.

Фольклордың қанша қарастырылып, зерттелгенімен кезінде назарға ілінбеген, еленбеген, түпкілікті шешілмеген, тың соны мәселелері жетерлік. Бір кезде сөз болғанымен жаңа әдістемелік тұрғысынан, ғылымның соңғы жетістіктері биігінен уақыт өте келе қайта оралып, тағы зерттеуді қажет ететін мәселелерінің де туындап отыруы да заңдылық. Ғылымның бір орнында тұрып қалмай, үнемі қозғалыста толысып, жетіле түсуі теориялық деңгейінің тереңдеуімен кіндіктес.

Жұмбақтың ауыз әдебиетінде, жалпы ұлтымыздың рухани өмірінде алатын орны мен маңызын айқындау – зерттеу жұмысымыздың көтерер жүгі. Қазақ жұмбағы жайында М.Әуезов [1], Ә.Марғұлан [2], М.Әбжанов [3], Ж.Адамбаева [4], Н.Оңғарбаева [5] т.б. бағалы ой-тұжырымдар жасады. Дегенмен, жұмбақ жайлы жазылған пікірлерге шолу жасап, саралай отырып, қастерлі мұрамыздың жиналу, басылу тәжірибесін қорытындылап, таразылайтын кез жетті деп санаймыз.

Көрнекті ағартушы А.Байтұрсынов жұмбақты қазақ фольклорының бір жанры ретінде қарастыра келіп: «Жұмбақ деген аты жұмудан шыққан: яғни қолдың ішінде бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып таптырмайды. Ойды бүгіп, айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады. Жұмбақ зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе», – деп жазады [6, 234б.]. Алайда, ғалымның жұмбақ сөзінің төркінін түсіндірген пікірінен басқа да пікірлердің бар екенін ескерткен жөн. А.Байтұрсынов одан әрі жұмбақтың бейнелеу құралдарына тоқталады. Айтылымш жанр

туралы қалам тербеген ғалымның бірі—Мұхтар Әуезов. Ғалымның жұмбақ хақындағы зерттеу мақаласы алғаш рет «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 10 санында жарияланды, кейін 1940 және 1959 жылдарда жарық көрген жұмбақтар жинағы ұлы ғалымның беташар сөзімен ашылған.

60 жылдары баспа бетін көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған томдарында жұмбақ жайлы арнаулы тараулар бар. Фольклордың XX ғасырға дейінгі кезеңіне арналған томына Әлкей Марғұланның зерттеуі, кейінгі томында Шеген Ахметовтің мақаласы енген. «Балдырған» журналы мен «Ұлан» газеті фольклорлық мұраларды таратып, насихаттауда игілікті қызмет атқарып келеді. Егер тарихқа жүгінсек, қазақтың ең алғашқы журналы «Айқап» өз сандарында жұмбақтарды жариялап, оның шешімдерін табуға оқырмандарын араластырған. 60 жылдары сатиралық бағыттағы «Ара» журналы арнайы рубрикамен әзіл-сықақ түрінде жұмбақтар беріп тұрды.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне бағышталған М.Ғабдуллиннің «Қазақ ауыз әдебиеті» (1959), Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» (1991), М.Тілеужановтың «Ел әдебиеті» (1991) оқулықтарынан жұмбақтың жанрлық сипаты туралы ой-тұжырымдарын табамыз.

Қазіргі уақытта жұмбақтар қазақ әдебиеттану ғылымының арнаулы нысаны ретінде зерттеліп келеді. Ғалым Н.Оңғарбаева «Қазақ жұмбақтарының тілі» атты тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертациясын қорғады.

Фольклордың әрбір жанрының көркемдік-поэтикалық ерекшелігін жеке-жеке зерттеу зәру мәселе болып табылады. Жұмбақтың өзіндік белгілері бар ма, басқа түрлерден айырым жерлері неде деген сұрауларға жауап іздеу ділгірлік. Әрбір жанрды оқшаулайтын қыры алдымен поэтикалық амал-тәсілдерді екшеп, талғап қолданудан байқалады. Бұл пікір әр жанр басқа жанрда кездеспейтін тәсілдерді ғана қолданады дегенді аңғартпайды. Мәселен, қайталау, ырғақ, айқындау, әсерлеу фольклордың көпшілік жанрларына еншілі, бірақ олардың ешқайсысы осы компоненттерді мақсаты мен мүддесіне орайластырып, әртүрлі дәрежеде кәдеге жаратады. Жұмбақтың жасалу, суреттеудегі әдіс-тәсілі басқалау екендігін аңдау қиынға соқпайды. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін жұмбақтың поэзиялық құрылымы мен образдық көркемдік кестесін айналып өте алмаймыз. Жұмбақтың поэтикалық болмысын екі бағытта қарастырамыз:

1. Өлеңдік-ырғақтық жүйесі;
2. Образдық-бейнелеу тәсілдері.

Осы екі қыры жұмбақтың төл бойында шебер жымдасып, бір жұдырықтай жұмылып, мазмұнды көркемдік-эстетикалық тұрғыдан уытты етуде бірін-бірі толықтырады.

Аталған жанрда белгілі бір өлеңдік қалып сақталмайды. Оның ырғақтық-ұйқастық құрылымы сан түрлі өрнектеледі. Олардың ішінде төрт аяғын тең басқан өлең түріндегі үлгілермен қатар қарапайым қара сөзбен келетіндері аз емес. Жұмбақ жанрына тән басты ерекшелік—көлемі шағын, құрылым жағынан жұп-жұмыр, шымыр болып, аз сөзбен көп нәрсені айтуға бейімділігі. Жұмбақтың синтаксисі де осымен байланысты, бөлек ештеңе байқалмайды. Ол көбіне қысқа, жақты сөйлемдерден етек-жеңі жинақы пішіледі. Осы жағынан алып қарағанда, мақал-мәтелге қатты ұқсайды. Академик Зәки Ахметовтің: «Мақал-мәтелде басқа поэтикалық формалардың үлгілері тәрізді кейде шағын сөйлемдерден тұрады. Мұндай жағдайда ол қарапайым ғана ырғақты-құрылымдық түрге иеленеді, әдетте аяқталған ырғақтық түрге иеленбесе де, түрлі дыбыстық қайталаулар арқылы бірігеді», — деген пікірінің жұмбаққа да қатысы бар [7, 212б]. Жұмбақтың жоғарыда бір ғана жолдан тұратындығын айттық. Мысалы:

1. Үйдің іші толған мыс кене (Керегенің көзі).
2. Қырық қой қыркылдақтан су ішіп жатыр (Уық, шаңырақ).
3. Таудан тас құлады (Көздің жасы).
4. Үй айнала қан төктім (Басқұр).

5. Бір ұяда – жеті жұмыртқа (Апта).

Мысалдар–синтаксистік тұрғыдан қарағанда жай сөйлем үлгілері. Біреулері толымды болса, екіншілерінің бастауыш, не баяндауышы түсіріліп, толымсыз сөйлемге айналған. Жұмбақ–үнемшіл, бас артық, орынсыз тұрған сөзді көтермейді. Егер айтудан ұғымға ауырлық келтірсе, эллипсис тәсілмен әдейі қалдырып кетеді. Бірінші жұмбақта «толған» етістігі «мыс кене» сөзінің алдында шығарылып, саналы түрде инверсияға барған. Бұлайша сөздердің дағдылы орын тәртібін бұзу мағыналық реңк дарытқан. Жұмбақтардың бәрі қара сөзбен келуіне қарамастан образды, айшықты. Тек екінші, үшінші жұмбақтарда ғана аллитерациялық үндестік, буын сәйкестігі сақталған. Қара сөз жұмбақтарда ішкі ұйқас, дыбыс қайталаушылықтың болуы шарт емес. Бірақ жұмбақты тыңдаған, не оқыған кезде жай ғана хабарлы сөйлемдей қабылдаймыз. Мұның сыры бейнелі ауыстырумен келуінде.

Сонымен, қазақ жұмбағы қара сөз және өлең түрінде болады. Өлең түріндегісі екі жолдан асуы қажеттілік.

Екі жолды:

Мекеде бір ағаш бар түбі жуан,

Он екі ұл, алпыс қызы бір күн туған (Адамның он екі мүшесі, алпыс тамыры).

Сырты– қылшық,

Іші–былшық (Кірпік пен көз).

Үш жолды:

Таңертең төрт аяқты,

Түсте екі аяқты,

Кешке қарай үш аяқты (Адамның балалық, есі кірген, қартайған кезі).

Төрт лаулау,

Екі дің-дің,

Бір шібжің (Түйенің төрт аяғы, екі өркеші, құйрығы).

Жұмбақтардың буын саны әрқилы, төрттен он екіге дейінгі аралықта бәрінде де ұйқас бар. Тармақ жолдары ұйқас арқылы бірігіп тұтастық алған. Жұмбақ ішінен ұйқастың толымды, толымсыз түрлерін кездестіреміз. Жұмбақ кейде қара өлең ұйқасын пайдаланады, мұндай жағдайда буын саны тұрақты, біркелкі.

1.Адам жоқ салмақ салмаған, /а

Орны жоқ, кезіп бармаған, / а

Тізе бүкпей әлі тұр, /б

Сонда да тағы талмаған /а

2.Төрт аяқты болса да жүре алмайды, /а

Өздігінен еш нәрсе біле алмайды, /а

Жайлаған дүниеге бір ғажайып, /б

Тік көтеріп отырар адамдарды /а.

Мысалдардағы ұйқас өрімі: а, а, б, а буын саны алғашқысында–8, кейінгіге 11буынды болып кестеленген.

Осындай өлең өрнегіндегі көркемдігі келіскен жұмбақ мысалдарын көптеп табамыз. Алтай, башқұрт т.б. түркі халықтарының жұмбақ топтамаларынан 11 буынды қара өлең формасын ұшырата алмаймыз. Аталған өлең формасы қазақ өлеңінің жетілгендігін айғақтайтындығы теоретиктер еңбектерінде анық айтылған.

Қорыта айтқанда, жұмбақ еркін көсіліп жайылуды сүймейді, көп сөзділікке бой ұрмай, ықшам, жинақы пішіледі. Ол бір затты не құбылысты нысана ете отырып, оны астарлап, бүкпелеп бейнелеуді, осы тұспал бейнені тыңдаушыға табуды артады. Жұмбақта байламының қасиеттері, қимылы, жеке бөліктері басқа бір құбылыспен салыстыра отырып сипатталады. Логикада бұл әдісті аналогия дейді. Аналогия – екі нәрсенің кейбір белгілерінің ұқсастығы туралы түйін жасауға мүмкіндік беретін ой қорытындысы. Адам айналасындағы, әлемдегі шексіз құбылыстар мен заттарды бір-

бірімен салыстыру арқылы таниды, салыстыратын нәрселердің жеке жақтары мен қасиеттерінің аралығындағы заңды байланысты табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М. Қазақтың халық жұмбақтары. –Алматы: Ана тілі, 2009.–244б.
- 2.Марғұлан Ә. Қазақ жұмбақтары. –Алматы: Жазушы, 2011. –112б.
- 3.Әбжанов М. Қазақ халқының жұмбақтары. –Алматы: Ғылым. 2004.–320б.
- 4.Адамбаева Ж. Халық даналығы. –Алматы: Ана тілі, 2011. –158б.
- 5.Оңғарбаева Н. «Қазақ жұмбақтарының тілі» атты филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертациясы. –Алматы, 1977. – 165б.
- 6.Байтұрсынов А. Шығармалар. –Алматы: Ана тілі, 2013. –319б.
- 7.Ахметов З. Казахское стихосложение. –Алматы: Жазушы, 2009.–460 с.

ӘОЖ 82.333

БЕЙБАРЫС СҰЛТАННЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР

МӘЛІК Б.С.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются письменные данные связанные с историей жизни и деятельности Бейбарыс Султана.

Summary. The article deals with written data related to the history of the life and work of Beibarys Sultan.

Қазіргі таңда «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы ұшан-теңіз шаралардың арасында шет елдердің, оның ішінде, мұсылман және араб елдеріндегі архивтердің қойнауында жатқан қазақ халқының тарихына тікелей қатысы бар мәдени, тарихи мұраларды түгендеп-түстеп, олардың көшірмелерін ғылыми-зерттеу айналымына енгізу тұрғысында ауыз толтырып айтарлықтай істер атқарылып жатыр. Бұл қадам еліміздің саяси және рухани тәуелсіздігін қалыптастырудың бірі екендігі сөзсіз.

Осы тұрғыдан алғанда мұсылман әлемінде шашырай орналасқан қазақ халқының тарихына тікелей қатысы бар түркі дүниесінің ескерткіштеріне көңіл аудару бастағандық экономикасы қарқынды дамып келе жатқан еліміз үшін қасиетті міндеттердің бірі екендігі аян.

Олай болса, туған топырағынан аласапыран замандарда тұтқында кетіп, тектілігінің тегеурінімен алты мың жылдық тарихы бар Мысырды перғауындар, Мұса мен румдықтар, арабтар мен селжуктер заманынан кейін мамлюктер билігі тұсында 1260 жылдан 1277 жылға дейін тура он жеті жылдай билеп, опат болған тұлға, өз өсиетімен Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз жатқан мазараттың маңына жерленген аса көрнекті мемлекет қайраткері, атақты қалбасшы әз-Заһир Бейбарыс сұлтан жайында бүгінгі таңда жасалынып жатқан зерттеулер мен әртүрлі игі істер соның айғағы.

Мысыр мамлюктерінің көсемі, Тұран жұртының даңқты перзенті әз-Заһир Бейбарыс туралы қазақ жұртшылығы аз білетін сонау кеңестік бұлыңғыр заманда Ливан, Сирия сапарында естіген-білген мәліметтерін бұрынғы «Лениншіл жас» ал қазіргі «Жас Алаш» газетінің 1968 жылғы сандарында «Жебе мен жұмыртқа» атты мақаласы арқылы Әбіш Кекілбаев ағамыз жариялаған болатын [1]. Кейін осы үрдіспен Оңтүстік Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының директоры, ауыл шаруашылығы

ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбдірахман Омбаев 2000 жылдың шілде айында Иордания, Сирия, Түркия мемлекеттеріндегі фермерлік шаруашылықтардың жұмыстарымен танысу іс сапарында Дамаск қаласында арнайы болып, әз-Заһир Бейбарыс сұлтан рухына тағзым етті. Ғалым бұл ізгі де, қасиетті іс сапары туралы Оңтүстік Қазақстан облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде мақала жариялады [1].

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары атап айтқанда, 1993 жылы Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Египетке сапары барысында Бейбарыс сұлтанның Каир қаласындағы жұма мешітін қайта қалпына келтіруге Қазақстанның дайындығын білдірген болатын [2]. Осы кезеңнен бастап зерттеушілерімізбен ғалымдарымыздың назары Тұран топырағында дүниеге келіп Мысыр жерін басқарып, сүйегі туған жерден жыраққа жерленген аса көрнекті мемлекет қайраткері, атақты қолбасшы әз-Заһир Бейбарыс сұлтанға ауғаны шынайы шындық. Кресшілермен болған Думият шайқасында көзсіз ерлігімен аты шыққан, Мансура шайқасында Франция королін тұтқынға алған, қыпшақтарға ала көзбен қараған Мысыр сұлтаны Тураншаһты қылыштың жүзімен бағындырған, кресшілер жорықтарына соңғы нүкте қойған, Кетбұқа ноянның түменін талқандап, Хулагу қосындарының арынын біржолата басқан, құл базарына түскен түркілерді бірін қалдырмай сатып алып отырған, олардан өз заманының ең озық жасағын құра білген, мұсылман тарихында ислам құтқарушысы атанған, ислам дінінің төрт мазһабын теңеп, бір ғимаратқа отырғызған, ислам Мұхаммед пайғамбардың Мединедегі мешіті мен Меккеден бұрын бірінші құбыла болған Құдыстағы (Иерусалим) Кубба ас-Сахра (Жартас күмбезі) мешітін күрделі жөндеуден өткізген, Ислам әлемінде ғана емес, бүкіл дүние жүзінде алғашқы діни оқу орны болып саналатын әл-Захар (Жарқыраған мешіт) мешітін қайта қалпына келтірген, жүздеген мешіттер, көпірлер, керуен сарай, медресе соққан, жетім балаларды мемлекеттің қамқорлығына алып, ортағасыр қойнауында биік адамгершілік қасиеттерімен дараланған, атажұрты – Алтын Ордамен дипломатиялық, сауда байланыстарын орнатқан, ана тілінде сөйлеп, қымыз ішіп, жылқы етін жеп, киіз үйде тұрып күнделікті өмірінде ата дәстүрін ұстанған, жат жерде он жеті жыл сұлтандық құрған және басқа да өшпес істер қалдырған Бейбарыс сұлтанның өмірі жайында көптеген дерек көздері анықталып, зерттеу еңбектер жарыққа шығып, тіптен көркем шығармалар оқырмандар қауымының назарына ұсынылуда.

«Мамлүктердің төртінші сұлтаны Бейбарыстың тұлғасы өте қызықты, әрі қарама-қайшылыққа толы. Ол 1223 жылы дүниеге келді, содан кейін бала кезінде Аюби әулетінің сұлтаны Салық Нажим-ад-дин жеке жасағына жауынгерлікке өзге түрік-қыпшақ құлдарымен, бірге оны да сатып алды. Бейбарыс Сириядағы әскери дайындықтан өткеннен кейін мамлүктердің жасағына қосылды, онда асқан қабілеттілігін танытып әскери дәрежесі тез көтерілді, ал Мансұр түбіндегі шайқаста талантты әскербасы ретінде көзге түсті», - деп жазылады «Аз-Захир Бейбарыс сұлтанның өмірнамасы» атты халық хикаясында [3, 486].

Шындығындада, дүниені дүр сілкіндірген әйгілі адамдардың ішінде дәл Бейбарыстай тағдырдың тәлкегіне ұшырап құлдық пен хандықтың арасында қатыгез ғұмыр кешкен, өмірінің ақыр соңында жер шапқыншыларына да, «крест жорығын» бастағандарға да тойтарыс беріп, араб елін тұтас мемлекетке айналдырып, төрткүл елге әмірін жүргізген, таңғажайып аңызға айналған екінші тұлға жоқ десе де болады. Қасіретімен де, қайшылығымен де, адалдығымен де, қатыгездігімен де, ақыл-парасатымен де өзгелерден дараланып тұрады. Ал қыпшақ даласында киіз үйде туып, есін білер-білместен құлдыққа сатылып, темір шынжырды сүйретіп Египеттің аралына барып мамлүктердің ұрып-соққанына шыдай жүріп, ақ түскен кемтар көзіне қарамастан араб елінің тағына отырған Тұран өлкесінің ұланы бұрынды-соңды болған емес.

Бейбарыс расында Тұран өлкесінің ұланы. Бұл сөздің растығына қазір ешкім де күмән келтірмейді. Бейбарыстың беріш руынан шыққандығы, жеті-он жасында монғолдар мен византиялықтардың арасындағы құлдыққа сатылғаны ғылымда дәлелденген,

мойындалған шындық. Араб елдерінің «Мың бір түнімен» қатар қоятын халық романы «Бейбарыстың» өзінде оның Хорезм, Дербент қыпшақтарынан тараған, әкесінің аты – Жамақ, шешесі – Әйек екені айтылады. Әрине, оқиға пері мен періште, Алланың аяны араласқан хикаяда әсірелеу де кездеседі. Ендігі жерде Бейбарыстың осыншама тағдыр тәлкігіне ұшырауына қандай тарихи жағдай мәжбүр етті? Оны білмей Бейбарыстың тағдырын түсіну мүмкін емес.

Міне, сондықтан да алғашқы кезекте осы мәселеге тоқталуды дұрыс деп таптық. Бейбарыстың тағдырына әсер еткен тарихи жағдай Мұхаммед пайғамбардан кейінгі ислам саясатына байланысты еді. Арабтар «ғазуат» – қасиетті соғыс жариялап, дүниенің төрт құбылысына аттанды. IX ғасырда ғалайисламның сақабалары Орта Азия мен Жетісу бойына да жетті. Алайда, ислам дүниесінің ішінде пайғамбардың мұрагерлігінен үміткерлердің таласы жүріп жатты. Ақыры пайғамбардың қызы Фатима мен күйеуі баласы Ғали-Арыстанның тұқымдары билікке ие болады. Олар жергілікті халықтан сескеніп, ауғандық қара зеңгілерді сатып алып, әскери өнерге үйретіп оларды мамлүктер – мемлекет жасағы деп атады [3, 71б.].

Бірте-бірте Ғали-Арыстанның үмбеті сол мамлүктердің ықпалынан шыға алмады. 1171 жылы түркі текті күрд елінен шыққан әскербасы Салих-ад-дин Аюби халифті тақтан ысырып, сүннет бағытын ұстанды. Ол енді түркі тектес халықтың өкілінен жасақ құрды. Мамлүк жасағына әдейі өзі сұранып келетіндер де көбейді. Ал моңғол шапқыншылығы кезінде нояндар тұтқынды өлтіруден гөрі ақшаға сатқанды пайда көрді. Бұл кезде христианның уағызшы-тақуалары «крест-жорығын» бастап, «қасиетті жер» – Сирия мен Палистинаны жаулап алуға кірісті. Пайғамбардың жиені Фатима аш-Шажарат-аддүрге үйленген Салық Нажим-ад-дин «кәпірлерге» қарсы үлкен күш жиды. Әскерінің негізі: «...көшпелі түрік қыпшақтары еді. Бұларды Қара теңіз жағалауында тұтқынға алған монғолдар итальян көпестеріне құлдыққа сатты, ал олар мұны Египет сұлтандарына жөнелтті. Жас тұтқындарды ислам дініне енгізіп, мұсылмандарға ортақ ат берді, әскери өнерге баулып сарай жасағына алды» [3, 68б.].

Жебе мен Сүбедейдің 1223 жылғы Қалқадағы жеңісінің «жемісінің» бірі – Бейбарыс еді. Олай болса, Бейбарыстың тағдырына әсер еткен тарихи жағдайлардың ең негізгісі – Шыңғыс ханның Орта Азияға жасаған шапқыншылық жорығы. Бейбарыстың тағдыры жайлы сөз еткенде жиі кездесетін тарихи есім – Берке ханның есімі. Осы мәселе жайында сөз етер болсақ, Шыңғыс ханның баласы Жошы ұрпақтары кезіндегі тарихи жағдай, ондағы мәдениет, дін және түркілендірудің жоғары сатыға көтерілуі деген сауалдардың төңірегінде ой өрбітуге тура келеді.

«Жошының ұрпақтары арасында оңтүстіктен Кавказға және батыстан Каспий теңізіне дейінгі жерлерге таласу байқалады. Осындай таластың бірі Жошы ұрпақтарымен Персияда монғолдар құрған мемлекет арасында өрістеп, 1250 жылғы соғысқа әкеліп тіреді. Толының ұлы Хулагу Монғол басшыларының ешқайсысының келісімінсіз 1258 жылы Бағдат халифатының әскерін талқандап, Иранды басып алып, ильхандар (ұлыс хандарының) мемлекетін құрды. 1259-1265 жылдары Ирандағы ильхандар мемлекетінің құрамына зорлықпен қосылғандар: Ауғанстан, (Балхтан басқасы), Әзірбайжан, Ирак, Бағдатпен бірге Курдистан, жоғарғы Месопотамия, Кіші Азияның бір бөлігі, Қызыл Ирмаққа дейін, Селжуктардың қонылық сұлтаны (Рум), Грецияның Трапезун патшалығы, Грузия, Киликиялық Армения, Кипр королдығы. Осы аталған елдер түгелдей ильхандық Хулагуға бағынды және салық төлеп тұрды. Жошы билігінің құрамына Сырдарияның төменгі ағысы мен Хорезм, Қарахан империясының, кейін наймандар құрған мемлекеттің солтүстік бөлігі (Ертістен Алакөлге және Іле мен Сырдарияға дейінгі жерлер, Қойлық қаласы) кірді.

1246 жылы осы аймақтың шығыс бөлігіне Плано Карпинидің саяхаты кезінде Ертіске жақын жерде Жошының үлкен ұлы Ордада тұрып жатты. Іле мен Сырдария арасындағы аймақтың батыс бөлігі Жошының кіші ұлы Шибанға тиді. (Соңынан

мұсылмандар бұл атты Шайбан деп өзгертті ХҮІ ғасырдың басында Түркістандағы өзбек мемлекетін құрушы Шибаның ұрпағы Шайбан деген есім қабылдады).

Абылғазыда келтірілген мәлімет бойынша, Шайбани өзінің ағасы Батыйдан Батый мен Орда Әжен билеген жерлердің аралығынан иелік алды. Ол жазды Ырғыз, Ор, Елек жағаларында, Жайықтың шығыс мен Орал тауларында, ал қыста Қаракұм, Аралқұм, Сырдария, Шу, Сарысу жағалауларында өткізген. Шайбани ұрпағының билік етуімен 200 жыл шамасында үкімет бір ғана хан тұқымының қол астында болды», - деп жазады бұл жайында белгілі ғалым К.Р.Аманжолов [4,59б.].

Шыңғыс ханның көрегендік ақылымен құрылған мемлекетінің негізі мен берік тәртібіндегі әскери ұйымының пайдасы монғол кезеңіне дейінгі қыпшақ даласындағы, Жайық бойы мен Қырымдағы мемлекеттік құрылыс дәстүрлерінен кем болған жоқ. Бұл турасында «Түркі халықтарының тарихы» атты еңбекте: «Шын мәнінде бұл өздерінің мәдениетінен басқаны мойындамайтын және өркениеттің басы Қытай мәдениеті деп түсінетін қытайлықтарға ешбір қатысы болмады. Ата-тегі бойынша емес, білімі бойынша қытай министрі болған Члюн-чу-Цаюға жазылған қытай хабарлары да осымен түсіндіріледі (ол қарақытайлардан – тұңғұстардан шыққан)», - деп жазылады [4,62б.].

Әкесі Жошының бүкіл иелігінің мұрагері Батый басқарған батыс бөліктегі монғолдар арасында мәдениет жоғары қарқынмен өсті. Монғолдар өздері басып-жаншыған Еділде Монғол хандығының теңгелері соғылып тұрған. Жошы билігінде бұлғар қалаларында қазіргі қалдығы чуваш тілі болып саналатын тіл сақталды. ХҮІ ғасырдағы монғолдар кезеңінде Еділ өзенінің ортаңғы ағысында салынған қалалар Қазан қаласы сияқты бастапқы кезден-ақ таза түркілердікі болды.

«Бейбарыс сұлтанның өмірнамасында» «Мұсылманша толық аты - Әл-мәлік-әз-Заһир Руки-әд-дүние уә-ад-дин Бейбарыс-Әлгі әділділік рухын ұстанатын Бундукқари әулетіндегі (сатып алған көпес) Салық сұлтанның жасағы – Бейбарыс деген сөз», - деп жазылған [5, 15б.].

Ал, Бейбарыс сұлтантуралы әлемге әйгілі «Британика» Британия энциклопедиясында көлемді мақала бар екен. Сол мақаланы аударған Асқар Абдрахмановтың еңбегінде былай делінген: «Бейбарыс Толық аты – жөні - Әл – Мәлік әз – зәкір Рухад – Дин Бейбарыс әл – Бундуктары әл – Салиһли. Бейбарыс, қыпшақтар елінде, Қара теңіздің теріскей бетіндегі далалық өңірде туған. 1277 жылы 1 шілдеде Дамаскіде (Сирия) қайтыс болған. Египет пен Сириядағы мәмлүк сұлтандарының арасындағы ең көрнектісі, 1260 жылдан 1277 жылға дейін билік құрған. Крест жорығын бастаушылар мен монғол жаулаушыларына қарсы жүргізген әскери күресімен ғана емес, сондай-ақ елдің ішінде жүзеге асырған әкімшілік реформаларымен де танымал болған. Оның ғұмырбаянын фольклорлық тұрғыдан әңгімелейтін «Зерат Бейбарыс» атты еңбегі арап дүниесіндегі әйгілі шығармалардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Кекілбаев Ә. Жебе мен жұмыртқа \ Лениншіл жас. – Алматы,- 1968.-N4-36.
- 2.Жүсіп Қ. Бейне \ Егемен Қазақстан. – Алматы,- 27.09.2006.-N143-26.
- 3.Жұртбаев Т. Бейбарыс \ Халық кеңесі. – Алматы,- 13.10.1993.-N98-26.
- 4.Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы, 1-кітап.– Алматы: Білім, 2002.-292б.
5. Аян. Бейбарыс(1223-1277).\ Егемен Қазақстан. – Алматы,- 21.10.1994.-N151-26.

ӘОЖ 82.333

«ЖАҒАН-НАМЕ» ДАСТАНЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

ДАУЛЕТҚЫЗЫ А.Д.

Резюме. В статье рассматривается связь поэмы «Джахан-наме» с казахской литературы.

Summary. The article deals with the connection of the poem "Jahan-name" with Kazakh literature.

Адамзат тарихында көптеген ұлы ғұламалардың, ойшылдардың өз халқы үшін өшпес рухани мұралар қалдырып кеткендігі тарих беттерін ақтарған сайын таусылмас қазына ретінде ұрпақтың санасында ізін қалдырып, оны ашқан сайын өзінің сәулесін шашып, халық зердесінде сақталатыны күмән тудырмайды. Әр кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлар мен қоғамдық мәселелерге байланысты ұлы шығармалар дүниеге келіп, ол зымыран уақыттың еншісімен келер заманға аманат ретінде жетуі заңдылық. Дегенмен, заманындағы дүрбелеңдерге байланысты кейбір рухани мұраларды зерттемек түгіл, олардың атын атап, мазмұнын оқып, зерделеуге болмайтын шақтарды да халқымыз басынан кешіргені тарихтан белгілі. Уақыт өте келе, еліміз егемендік алып, бөрілі байрағы көкжиекте желбіреген тұста тарихтың терең қойнауын ашып, оның иірім-қатпарларын тегіс жазуға үлкен мүмкіндіктер туды. Халқымыздың тарихын, мәдениетін, әдебиетін ел санасына қайта сіңіру, оларды елдігіміздің мақсат-мүддесіне жаңаша пайдалану заман талабына сай маңызды міндеттердің қатарынан орын алды. Осының айқын дәлелі – елімізде ХҮІ ғасыр перзенті, көрнекті мемлекет қайраткері, тарихшы, ғұлама, ақын әрі дипломат Мұхаммед Хайдар Дулати мұраларының қолға алынып, жан-жақты зерттеле бастауы. Ұлы бабамыздың бізге жеткен асыл мұрасы – оның ғылыми, тарихи еңбегі мен ақындық туындылары деп тұжырымдап көрсетсек те, ол мұраның сан қилы қырлары көп, әр қатпарын ашқан сайын нұр шаша беретін таусылмас энциклопедиялық дүниетанымға бөлей бермек.

Сондықтан осындай қайталанбас қолтаңбасы бар дарын иесінің шығармашылық дара болмысын танып, зерделеу зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді. М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» шығармасы Шығыс пен Батыс Еуропа елдеріне кеңінен таралған. Оның қолжазба көшірмесі, ал, ХІХ ғасырдан бастап кітап етіп басып шығарған нұсқалары әлемнің көптеген елдерінде сақталған. Кейінгі шығыс зерттеуші ғалымдардың барлығы Орталық Азия, Шығыс Түркістан, Үнді, Тибет пен оларға іргелес елдерге қатысты тарихи және географиялық мәліметтерді осы шығармадан алғанын айту керек. Мырза Хайдардың «Тарихи-Рашиди» шығармасын тұңғыш рет тарихи дерек ретінде ирандық ғалым Әмин Ахмет Рази 1593 жылы жазған «Һәфт ықлым» еңбегінің Кашмир, Қашғар және Хотанның жағдайы, билеушілері мен тарихы туралы тарауларында пайдаланған.

Батысеуропалық ғалымдардың ішінде М.Х.Дулати шығармасын өзінің зерттеулерінде бірінші пайдаланған В.Эрскин болған (Лондон, 1854). Француз зерттеушісі Рене Гроссе еңбегінде М.Х.Дулати шығармалары жөнінде бірқатар бағалы пікірлер жазылды.

Орыс шығыстанушылары – В.В.Вельяминов-Зернов, А.Н.Куропаткин, В.И.Масальский өз еңбектерінде пайдаланған. Бұл энциклопедиялық еңбекті өзбек ғалымдары – А.Орынбаев, Р.Жалилов, Л.М.Епифанова «Фан» баспасынан 1996 жылы толығымен орыс тіліне аударып, бастырып шығарды.

Сонымен қатар, Б.Қожабекұлы, Т.Омарбеков, Б.Көмеков, Б.Кәрібай, Н.Келімбетов, М.Мырзахметұлы сияқты ғалымдар мен жекелеген зерттеушілердің еңбектерінде Мырза Хайдар Дулати шығармашылығы тарихи-әдеби тұрғыдан сараланғанын көреміз. Қазақ фольклортанушылары С.Қасқабасов пен Р.Бердібайдың ғылыми-зерттеу мақалаларында осы тақырыпқа қатысты түйінді ойлар айтылады.

Ал, Өзбекстан нұсқасы бойынша парсы тілінен тікелей қазақ тіліне белгілі шығыстанушы ғалым Ислам Жеменейдің аударуымен 2003 жылы «Тұран» баспасынан

жарық көрді. Жалпы редакциясын басқарып, алғы сөзін жазған – филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Дербісәлі, екі тілдегі (қазақ, орыс) нұсқаларын салыстырып, әдеби өңдеп, толықтырып, ғылыми редакциясын басқарған – Мұхтар Қазыбек. Өлеңдерін жолма-жол аударған – Қадыр Мырза Әлі.

«Жаһан наме» – М.Х.Дулатидің ақындығын дәлелдейтін басты құжаты. Поэманың өзіндік бір ерекшелігі – мұнда шығыстың көптеген дастандарындағы ерекшеліктер – сюжет желісіндегі кейбір элементтердің, эпостық сарынның, дастанның құрылысынан жиі көрініс беріп тұруы.

Мысалы, батыр ескі ұғым, наным бойынша «құдайдан тілеп алған» біреудің жалғыз баласы болады. Мұның өзі ғайып ерен, қырық шілтен, Қыдыр тәрізді әулиелермен байланысты болып келеді. Төрт-бес жасында-ақ асқан күштің иесі екендігі танылып, өзіне серік әйелі мен аты табылып, жасынан ел қамын, жұрт пайдасын ойлайды. Бұл – батырлар жырына тән ерекшеліктердің бірі. Кейбір батырларға атса оқ өтпейді, шапса қылыш кеспейді, отқа салса, жанбайды, суға салса, батпайды. Мұндай эпизод «Жаһан наме» дастанында кездеседі.

Ертеде Самин деген қалада Шаһсауар атты патша болыпты. Екі жүз жылға таяу ғұмыр кешіп, жеті ықылым елді бағындырған әмірші, төрт құбыласы түгел болып, ұлы пен уалаят, қазына мен байлықтан кемшілік көрмесе де, бір перзентке зар болыпты. Ұлы жоқтық отына күйіп, қайғы жалынына қақталып, қасіреттен қан жұтқан патша мазар-мазараттарды аралап, әулие-әнбиелерге сиына жүріп, бір Алладан перзент сұрап жалынады. Ақыры, патшаның дұға, мінәжаты қабыл болып, күндердің күнінде дүниеге ұл келеді. Оған Фирузшаһ деп ат қояды. Шаһзада эпостар мен ертегілердегі сияқты тез өсіп, жас кезінде-ақ бар ғылымды меңгереді. Осы эпизод «Алпамыс батыр» жырын көз алдымызға әкеледі. Байбөрі байдың бір Аллаға медет етіп, перзент сұрауы, Баба түкті Шашты Әзізге жалбарынуы, оның тілегінің қабыл болып, Алпамыс атты ұлдың дүниеге келуі, баланың сағат санап өсуі – осының барлығы қазақ эпосындағы батырлар жырына арқау болып өрілген элементтер.

Сондай-ақ, қазақ эпосында кейіпкер портретін сомдауда, әсіресе, қыз бейнесін суреттеуде алуан түрлі сөз бояулары әсем өрнектеледі. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында Ақжүніс бейнесін:

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр!
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де, бетім көр!
Бет-ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай.
Ет ажарын байқасаң,
Терісінен айырған
Арпа-бидай, ақ ұндай...
Бұрылып белі бүгілген,
Қараған кісі үңілген... [1, 126.]

деп сөзден сұлу мүсін орнатқан.

Ал, «Жаһаннаме» дастанында:
Ерекшеленіп отыр бір перизат,
Жүзі ай, көзі шолпан, бойы шамшат, –

дей отырып,:

Бәрі сұңғақ бойлы, бәрі алқызыл жүзді,
Бәрі бұйра қара шашты, хош иісті.
Бірақ, жоғары қараса бір сұлу отыр,
Кісі оған жүз рет жан берсе де аз.
Жарқыратып тақ үстін наз дидармен,
Сөйлейді нәзік үнімен.

Бұларменен үй гүлзар, ол гүл болып,
Бұлар баршасы оған бұлбұл болып.
Бұның алдында күлгін бокал ұстап,
Барлығы оның сұлулығына көз тігіп, – [2, 141б.]

деген суреттеулер арқылы «кісі оған жүз рет жан берсе де аз, пері қыздарының бәрі жиылып гүлзар болса, Назбой – ондағы гүл» секілді екендігіне ә дегеннен-ақ оқырманның назарын аудартады.

Қазақ әдебиетіндегі лиро-эпостық жырларда адамның әртүрлі көңіл-күйін, ішкі жан сырын, азап-толғанысын, күйініш-сүйінішін суреттеу басым. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің өлер алдындағы алты қазға қоштасып айтқан мына жолдары жан толқытады:

Әуелеп ұшқан алты қаз,
Етің шекер, сорпаң бал.
Атайын десем оғым аз.
Қонар болсаң, жануар,
Міне, майдан, міне саз.
Мен кеткен соң, дариға,
Көкешім деп Сансызбай,
Еркелеп кімге қылар наз.
Әуелеп ұшқан алты қаз,
Жерге неге қонбайсың?
Тілсіз, мақұлық жануар,
Бірге келген жолдасым,
Қасыма неге келмейсің? [3, 80б.] –

деген жолдар лиризмге толы, сүйгеніне қосыла алмай, қанды қол қарақшының ұрланып келіп, опық жегізіп кеткеніне қапыда «қап!» деген өксік-өкініш зары ғашықтық жолында қаза тапқан Төлегеннің өлім сағатындағы жан азабы тебіреніспен өрнектелген.

«Жаһан наме» дастанында Фирузшаһтың түс көріп, түсінде бір перизатқа ғашық болып, қайғы-мұңға батқанда, ішкі жан тебіренісін досы Фирузрайға жайып салғаны былайша суреттеледі:

Түсімнің оң болуын күтіп, жаныма дерт өтіп кетті,
Тұла бойымды бастан-аяқ тұтты мұң.
Ежелден атың сенің Фирузрай,
Көрейін, маған білдірер екенсің қандай рай!
Деді де айтты бар халін
Барлық көрген, есіткен жағдайын.
Бірақ, ол перизат ғашық жарын
Көре алмай шеккен қайғысын.
Деп айтып бітпей бүккен арманын,
Салар еді өртке мұңлы өз жанын [2, 15б.].

М.Х.Дулати өзінің дастанында Шаһсауар мен Фирузшаһ мемлекетінің халқы түркілер мен тәжіктер екендігін білдіру мақсатында түркілердің құда түсу, қыз ұзату, шашу шашу, қалындыққа жасау беру, бақилық болған марқұмды аза тұтып, жоқтау айту, оған ас беру сияқты әдет-ғұрыптарды суреттеген. Мысалы, Фирузшаһтың анасын жоқтағаны:

Бірақ, анасын Фирузшаһ
Әкесімен көрмеген соң етіп аһ!
Деді: «Ой, дариға-ай, ол қамқоршым тек,
Түк көрмеген мұң мен михнатымнан басқа.
Анам мейірбаным, қыблаам қайда,
Сұлтан әкеммен көрмедім оны!» [2, 154б.]

Қазақ әдебиетіндегі:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең, – [4, 506.]

деген Абайдың тармақтары адам баласының туғаннан бастап өмірден өткеніне дейінгі өмірі ән, өлеңмен өтетіндігін меңзесе керек.

Бұл айтылғандардың бәрі – қазақ халық ауыз әдебиеті мен «Жаһаннаме» дастанының үндестігі мен құндылығын дәлелдейтін фактілер.

Бұл дастанды шағатай тілінен аударуға ниет жасағандардың қатарында жазушы, зерттеуші Бақытяр Әбілдәұлының да есімін атап өту орынды. Оның аудармасы бойынша:

«Құдайдың құдіреті қандай күшті,
Қанат беріп ұшырар көкке құсты.
Ағаш та, гүл, тікен де сумен көктеп,
Иемденер әрқайсысы түрлі түсті.
Жердің бетін жапқанда жасыл желек,
Көңілдегі қайғы-мұң кетсе керек,
Әр шөп, жәндік шыққандай қолдан шебер,
Зауал жетсе әп-сәтте бірден өлер...» –

деген көркем сөз өрнектерінің сәтті өрілгендігі байқалады.

Сонымен қорытындылай келгенде, бұл тұста ақын өз басындағы мұң-шерге орай философиялық ой толғап, өмір-өзенінің бір сәтке де тоқтамай, тек өз заңдылығына жүгінетіндігін, уақыты келіп, зауалы жетсе, ғаламдағы тіршіліктің бәрі бақилық болатындығын жазады. Осы тұста ақын әдебиет теориясындағы психологиялық параллелизм үрдістерінің шебері тәрізді. Табиғат аясындағы оның элементтері мен өмір заңдылықтарының элементтері арасынан үлкен ұқсастық, параллельді сәйкестік табуы да Дулатидің ақындық өнерінің өресінде жатса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төрт батыр. Т.2. – Алматы: Жазушы, 2011. – 321б.
2. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (Аяз). Жаһан наме: (Дастан). [Құрастырған: Әбсаттар қажы Дербісәлі]. – Алматы: Білім, 2006. – 147б.
3. «Қыз Жібек» жыры. – Алматы: Мектеп, 2010. – 196б.
4. Құнанбаев А. Қалың елім, қазағым... – Алматы: Атамұра, 2002. – 229б.

ӘОЖ 82.245

АБАЙ МЕН М.ӘУЕЗОВ ТВОРЧЕСТВОСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МӘЛІКӘЖІ Т.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается продолжение традиции в творчестве Абая и М. Ауэзова.

Summary. The article discusses the continuation of the tradition in the work of Abai and M. Auevov.

Саяси және идеологиялық қатаң қыспақтан арылып, өміріміздің түрлі салаларына демократиялық, еркіндік нышандары ене бастауы – Абай мұрасын қайта қарап, дұрыс бағалауға мүмкіндік беріп отыр. Бұл орайда бұрын ауызға еш алынбай, алынған күнде қараланып, жамандалып келген ағартушы ақынның діни-адамгершілік мазмұндағы еңбектері қайта қолға алынып, нақты бағасын ала бастады.

Абай туралы, оның шығармашылығы, дүниетанымы жайлы аз жазылған жоқ. Соның ішінде «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы ислам діні», – деп ғалым Мұхтар Әуезов атап көрсеткен мәселе бүгінгі күнге дейін лайықты бағасын алып, толық зерттелген жоқ. Абайды қаншама ғалымдар зерттеп жазса да, ақын дүниетанымы, оның рухани ішкі әлемі әлі күнге дейін өз деңгейінде шешімін тапқан жоқ. Оның басты себебін М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкері Қыдыр Төрәлі былай деп түсіндіреді: «Соның бір ұшы Шығыс пен Батыс әдебиетін бір кісідей білгенімізбен де, Ислам құндылықтарын жетік білмейгіндігімізде жатса керек», – дейді [1, 5б.].

Абайдың дінге қатысы туралы еңбектер жазылды. Бірақ ол еңбектердің ішінде қате түсінік берілетін мәліметтер де кездеседі. Абайтану тарихында Абайдың дүниетанымына, Абайдың іліміне әр түрлі сыңаржақ пікірлер де айтылып, өз дәрежесінде түсіндірілмей жатқан кездер де бар. Бүгінде кеңестік идеологияның темір құрсауы алынып тасталып, оның орнына пікір бостандығы өріс алып тұрған заманда, Абайдың дүниетанымы жөнінде дау туғызған сыңаржақ еңбектердің жазылып жарыққа шыққаны да рас. Әр салада философтар, тарихшылар, дінтанушылар, шығыстанушылар қалам тартып та жатыр. Әр ұрпақ өзінше түсіндіргісі келеді. Бұл тақырып толастамайтын, сан ұрпақтың жылдар бойы зерттей беретін өзекті мәселесі болмақ.

Абайдың дінге қатысы күрмеуі қиын мәселе. Біз бұл зерттеуімізде Абайдың дінге көзқарасын, дінге қатысын сөз студен аулақпыз. Ал негізгі мақсатымыз – М.Әуезовтің: «Абайдың діні – сыншыл ақылдың шартты діні», –деп келешекке терең ой тастаған пікіріне жауап іздеу. Ғалымның кезінде бұл мәселе жайлы ашық айта алмаған, бірақ болашаққа дұрыс жол нұсқаған ойлы сөзінің астары Абай жайлы жазған зерттеулері мен көркем туындыларында көрініс тапқандығын дәлелдеу.

М.Әуезов 1934 жылдың өзінде-ақ Абай мұрасының нәр алған қайнарлары жайлы ақын мұрасын зерттеушілер арасынан тұңғыш рет «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында кең түрде пікір көтерді. Абай шығармаларының нәр алған бір қайнары – Абай мұрасының Шығысқа қатынасын өзінің зерттеу еңбектерінде Мұхтар Әуезов негізінен үш салаға топтастырып қарастырады. Олар: а) Абай және Шығыс классиктері, ә) Абайдың исламиятқа қатысы, б) Шығыс хакімдерінің, ойшыл даналарының ортасында ғасырлар бойы мол сөз болған мораль философиясы жайлы мәселелерге қатысы.

М.Әуезов Абайдың Шығысқа қатысын кеңінен сөз ете отырып, ақын шығармаларындағы дін тақырыбы туралы былай дейді: «...Абай бірсыпыра өлеңдерінде, әсіресе «Қарасөздерінде» дінді жақтады. Дидактикалық өлеңдеріндегі насихатының бірқатарын Абай ислам заңдарымен дәлелдеді» [2, 31б.].

Кезінде кеңестік әкімшіл-әміршіл заманда Мұхтар Әуезов Абай шығармашылығының нәр алған қайнар көздерін зерттеп, ғылыми негізге түсіріп берді де, ал Абайдың дінге қатысы жайын тереңінен талдап ашып отырмастан «Абайдың діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деген тезисін айтумен шектелді. Ал бұл мәселеге белгілі абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы 1982 жылы «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты монографиясында тереңдеп барып, Абайдың исламиятқа қатысын зерттеп, абайтанудың тың жаңалығын ашты. Мекемтас Мырзахметұлы Абай дүниетанымы Шығыс философиясындағы хауас, иманигүл, жәуанмәртлік танымдарынан қаншалықты нәр алып барып қалыптасқанын түбірлеп берді. Абай дүниетанымының негізі Исламияттан бастау алғанын алғаш жұртшылыққа таныстырып, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп көрсетті. М.Әуезовтің зерттеулеріндегі Абайдың Исламиятқа қатысы туралы М.Мырзахметұлы былай дейді: «М.Әуезов «Абайдың діні – адамгершіліктің діні» деген танымын өз зерттеулерінде, көбінесе, бір ой желісін қуа

талдамай, топшылап береді де, оның өзі ары қарай талдай түсуге, мәнін жан-жақты аша түсуге бейімдей құрады. Мұнда зерттеуші ақын ойының табиғатын дәл танып, оқырманды өзекті мәселеге тура бастап отырады. Қай зерттеушіге болса да өзі ұсынған ой қазығы бағыт-бағдар берумен қатар, оны ары қарай тереңірек қазып ашуға кең өріс те қалдырады» [2, 74б.]. М.Әуезовтің бұл пікірі қай зерттеушіні болсын адастырмас дұрыс бағыт берер ой қазығы екенін ғалым ескертіп, оны тереңірек қазып ашу керектігін қажет деп біледі.

М.Әуезовтің «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деген ой қазығын Абайдың 1895 жылы Әбдірахманның өлімімен байланысты қайғы-мұңға бату үстінде дін мәселесі мен адамның жаратылыс турасындағы тақырыптарға жазған «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген екі өлеңін талдағанда анық байқалады. Абайдың Алланы жиі ауызға алып, көп жалбарынып, үздіксіз мінәжәт етуі сүйікті ұлы Әбдірахманның науқасқа шалдыққан кезінен басталады. Ақын өмірінің трагедиясы қат-қабат. Ол қыруар соққыға ұшырады. Әбіш өлімі Абай тартқан күйіктің ең ауырлары. Соққы қасіреті Абайдың болашаққа деген сенімін күйретті. Мұндай хәлде адамның Алладан медет сұрап, аса тәубешіл болуы психологиялық заңды әрекет. «Жасөспірім замандас қапа қылды» атты өлеңіндегі мына жолдар:

Жамандық, жақсылықпен - оған бір бәс,
Дін ісін, құдай ісін айыра алмас.

Алла бір, пайғамбардың хақ екенін мойындаудан туғаны сөзсіз. Әсте құлшылық ұрып жалбарыну жоқ. Амал қанша, ақын тілегін Алла бермеді. Әбдірахманды өзінің қасына алады. Шерлі әке сонда да, тақуалығынан танбады. Жүрегінің жартысын жұлып кеткен қайғы Әбішті өлеңімен жоқтайды. Қасіретті көтеруге таяныш-тіректі мұсылмандықтан тапқан Абай сарылып дін жолына түсіп кетпегенімен, аят-хадистерге ұйып ден қояды.

М.Әуезов Абайдың басынан өткен ауыр қазадан кейін туған түңілу сарындары қосылып келіп, ақын өлеңдері діншілдік ойлар мен күйлерге ұласқанын айтады. Қайғы мен уайым жеген ақын көңілі тиянақ таппай, мұсылманшылдық дініне барғанын түсіндіреді. Абай өлеңіндегі мына үзіндіні мысалға келтіреді:

...Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,
Өзіне құмар қылған оның әмірі, –

Абайдың аллаға бас иген күйін осылай таныстырады. М.Әуезов Абайдың мұсылманшылдық дінге қатысына сипаттама бере келе: «...Абайдың діні – ақылдың, сыншыл ойдың діні болуға бет алады», – деп нақтылай түседі [3, 165б.].

Абайдың:

...Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...

деген өлеңінде адамның жаратылысы туралы осылай ой толғайды. Бұл туралы М.Әуезов: «Сөйтіп, адамның жаратылысы мен өзінің тұтынған діні турасында Абайдың ең үлкен мән беретіні – адамдағы сыншы ақыл, терең ой ғана болады. Нәтижеде ақын жаратылыс мәселесінде идеалистік көзқараста тұрса да, сырттай мұсылманшылдық белгілерін байқатқанмен, бар нәрсенің тетігі ой дегенге келеді. Сөйтіп, жоғарыда айтқанымыздай, оның діні сыншыл ақылдың шартты діні болып шығады», – дейді [3, 166-167бб.].

М.Әуезов Абайдың дінді тұтынғанда сыншыл ақыл, терең ой елегінен өткізіп барып қолданатынын айтады. «...Абай дінінің «сыншыл ақылдың шартты діні» болатын себебі, оның «сенімі», мұсылманшылдығы әлдеқайда жоғары тұрған «сауатты» сенім екендігінде. Ақынның өз сөзіне жүгінсек, «Ғақли иман» деуге болады. Өйткені ол дінді, исламды, иманды, оның шарттарын, мораль, тәрбие, адамгершілік қасиеттердің барлығын құр соқыр сенім арқылы емес, сыншыл ақыл арқылы қабылдайтындығында» [4, 54б.].

Ақынның ұстаған діні «сыншыл ақылдың шартты діні», «Абай діні – адамгершіліктің діні» дегенді М.Әуезов әр кез ғылыми зерттеу еңбектерінде осы екі ой байламы арқылы беріп отырған. Абайдың дін жайлы танымдарын жазушы «Абай жолы» роман-эпопеясында әр түрлі

оқиға үстінде әр сипатта келтіріп, оқырманға танытып та отырады. Эпопея желісінде басты кейіпкерлердің ішкі нанымдарын ашу жолында жазушы дін жайлы ішкі ойын молырақ келтіреді. Жазушы Абайдың дінге деген көзқарасын «Абай жолы» эпопеясының «Еңісте» атты тарауында Абай мен Михайлов арасындағы болған сұхбат, пікір алысу үстінде ұзақ-ұзақ толғану, сырласу сәттерін бере отырып жеткізеді. Мәселен: «Абай:

– Тарихтан біз ислам тарихын, медресе дәрісі түрінде емес, жай өздігімізден, түртініп оқығанмыз бар... – дейді.

Михайлов бұл сөзге күлді де:

– Ендеше мен сізге айтайын, исламға байланысты шығыс туралы, Абайды хайран еткен, қызық жаңалықтар айтып кетті. Ислам, араб өнері, жалпы дүние жүзінің ғылым, сана табысына көп ғасырлар бойында аса зор жемістер берген. Ескі антик өнері мен Европаның беріде келіп шыққан ояну дәуірінің арасында жатқан бірнеше жүз жылдар меңіреулігі бар. Сондағы көп ғасырдың қараңғылық заманына, сәуле беретін, тек араб мәдениеті екенін айтып өтті. Арыдағы Сократ, Платон, Аристотель мирастарын бүгінгі өнерлі халықтар қауымына өзінше өсіріп кеп жеткізушілер шығыстан шыққан данышпандар болғанын ескертті. Бұлардың бүгінгі әңгімесі осы жайға ауысқанда Абай өз ішінен сүйсіндіргендей жаңалық тапты. Бұл ойын Михайловтан ірікпестен айтқан еді.

– Евгений Петрович! Шынымды айтайын, мен адам баласының білім қазынасында мұсылманшылық ғаламы өзі бір бөлек жатқан, жалғасы жоқ дүние деп ұғушы едім. Сіз менің бытырап, бөлініп кеткен, біріне-бірі қарсы, ерсі көрінетін дүниелерімді тұтастырып беретін сияқтысыз. Шынында ғаделет, хақиқат, ахлақ мәселелерінде қауымның игілігін ойлаушылар аз ба?

...Ұзақ әңгімемен, ұғымды етіп, оның бұл күнге шейін ислам дүниесінен білген білімін бағалады» [5, 426б.].

М.Әуезов екі халықтың ойшылдары арасындағы сұхбатты беру арқылы оқырманға ислам дүниесі мен шығыс мәдениеті жайлы көп мағлұматтың басын ашып береді. Жазушы Михайловтың сөзі арқылы ислам тарихының шексіз үлкен білім екенін, ал ислам тарихы шығыс мәдениетінің ең негізгі бөлігі екенін жасырмайды. Ислам мен араб өнерінің ежелден дүние жүзі ғылымында ғасырлар бойы зор жемістер бергенін айтып мадақтайды. Ал ескі антик өнері мен Европаның ояну дәуіріне дейінгі аралықта бірнеше жүз жылдар меңіреу басқан жайды аңғартады. Осындай қараңғылық заманында сәуле берген араб мәдениеті, соның ішінде Сократ, Платон, Аристотель сияқты ғұламалардың ізін жалғастырған шығыстан шыққан данышпандар екенін ескертеді. Михайловтың ойлы пікіріне Абайдың риза болғаны, оның бұл күнге шейін ислам дүниесінен білген білімін бағалағанын жазушы осылай жеткізеді.

«Кең мағынасында Абай дәстүрлерін дамытқан деп, мысалы, Сәкен мен Илиясты да, ал жеке бір қырларынан келсек, М.Әуезовті де, кейінгі атақты ақындардың қайсысын болса да алып қарауға мүмкін екені талассыз», – деп академик З.Ахметов Абай дәстүрін М.Әуезовтің кейбір қырынан жалғастырғанын айтып, келешек зерттеушілерге терең ой салатыны бар [6, 392б.]. Абай дәстүрін Әуезовтің жазушылық шеберлікпен жалғастыруы – олардың туған жер, өскен ортасы, рухани нәр алған қазына көздері, дүниетаным өзектері, өмір сүрген дәуір болмысы, сөйлеу тіліндегі ұқсастықтар және сан сала қырынан келіп шығады. Екі алыптың ойшылдық, гуманистік, ағартушылық, сыршылдық, сыншылдық, суреткерлік қырлары сабақтасқан, тұтасқан дүние деп қараймыз. Ұлылар дүниетанымның өзектері, эстетикалық танымдары, ой тереңдігі, сөйлеу тіліндегі рухани тұтастық – ақын мен жазушының рухани сабақтастығының басты белгісі. М.Әуезовтің ұстазы Абайдың рухани әлеміне өмір бойы тереңдеуі жазушы шығармашылығын тұтас бірлікте алып қарауды қажет етеді. Өйткені, Абай мен Мұхтар әлемі – біртұтас әлем. Абай мен Мұхтар әлеміндегі рухани сабақтастық мәселесі ақын мен жазушының ой санасына, ішкі дүниесіне, сөйлеу тіліне үнілуді көздейді.

Абайдың дін туралы ойларын М.Әуезовтің осы тұрғыдан келіп түсіндіргісі келгенін байқаймыз. Мұхтар Әуезов Абай шығармаларындағы діни наным мен адамгершілік ұғымның қатар келіп отыруына ерекше назар аударған. Жазушы Абайдың дін жайлы танымын, сыншыл

ақылға салып өзінің ішкі наным-сенімі тұрғысынан «Абай жолы» роман-эпопеясында ақын маңында жақын жүрген адамдар арасындағы пікір таласы арқылы, ақынның белгілі бір ортада айтқан әңгіме-сұхбаты арқылы, дін басыларымен өткізген айтыс-тартыстары арқылы, олардың ішкі наным-сенімдері мен психологиясындағы өзгерістері негізінде образды түрде көркемдеп көрсету жолымен ашып берді. Мұхтар Әуезов Абайдың исламиятқа қатынасын зерттеу арқылы «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деген ой қорытындысына келуде, әсіресе, Абайдың дін жайлы таным түсінігіне сүйенгені анық байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Төрәлі Қыдыр. Абай және хадис немесе рия мәселесі // Қазақ әдебиеті. – 2003. – № 32. – Б.5.
2. Мырзахметұлы М. Абай және Әуезов: рухани сабақтастық. / Қазақтың бас ақыны: халықаралық ғылыми-теориялық конф. матер. Құраст. С.Қорабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 120б.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 19 т. – 496б.
4. Әлқожаев Қ.Қ. Абай эстетикасы және Ислам. (Абай эстетикасының Ислам құндылықтарымен сабақтастығы): филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1999. – 141б.
5. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1989. – I т. – 608 б.
6. Ахметов З. Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі / М.Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисті. – Алматы: Ғылым, 1997. – 163б.

ӘОЖ 82.261

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АРМАНОВА М.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается трансформация традиционного искусства в XIX века.

Summary. The article deals with the transformation of traditional art in the 19th century.

XIX ғасыр әдебиетінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы зерттелу, зерделену нәтижелері жалпы қазақ сөз өнерінің теориялық тарихын жасауда негізгі тиянақ, тұғыр болып келе жатыр десек – асырып айту емес. Қазақ әдебиеттану ғылымының іргелі абайтану, махамбеттану, жамбылтану, айтыстану, т.б. арналары XIX ғасырдың әдебиет фактісі негізінде өрістеді.

Халқымыздың киелі өнері, қашанғы қадірлісі, ең астам, ең асқан байлық-қазынасы – Сөз өнері XIX ғасырда аспан асты, жер үстінде өзін ешкімнен артық та, кем де санамайтын, кең кеуде, ақ пейіл, ашық жүрек, жүзі нұрлы қазақ жұртын жаңа бір сырмен баурап, өзгеше бір күймен әлдиледі...

Қазақ әдебиетінің көркемдік даму өрісі бір жарым ғасырға жуық уақыттан бері ғылыми айналымда келе жатыр. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып, дамуында XIX ғасырдағы сөз өнері ұланғайыр мәтіндік нұсқалармен, жеке шығармашылық

тұлғалардың айқын машық, тәсілімен, түрлі көркемдік бағыттардың жанрлық, стильдік өзгешеліктерімен айрықша әдеби нысан болды. XIX ғасыр әдебиетіндегі көркем нұсқалардың жанрлық жаратылысын, тарихи негіздерін ашу, тану бағытындағы зерттеулер қазақ әдебиетінің теориялық тарихын (А. Шәріп) жасаудағы негізді, мәнді ғылыми тұжырымдамаларға ұласты.

XIX ғасырда қазақ сөз өнерінің үздігі айтыс айрықша салтанат құрды. Әдебиет зерттеушілер осы бір өзгеше өнердің жанрлық сипаты, түрлері жөнінен ілгеріден айтып келеді. Шоқан Уәлиханов қазақ әдебиеті үлгілерін жинау барысында әйгілі айтыс ақындары Орынбай, Шөже, Жанақ, т.б. туралы алғашқы жазба деректер ұсынды. В.В. Радловтың 1870 жылғы III томында бірнеше айтыс ақындары аталып, айтыс мәтіндері берілді. XX ғасыр басында қазақ әдебиеті үлгілерін теориялық жақтан жүйелеуді мақсатты түрде қолға алынғанда бұлар Х. Досмұхамедұлы, А. Байтұрсынов, М. Әуезов еңбектерінде аталды. Ғылыми негізде зерттеліп қарастырылды. Ежелгі, айрықша төлтума айтыс өнері қазақ әдебиетінде XIX ғасырда мол, олжалы мұра болып толықты. Орнықты. З.Сейтжанұлы [1], А.Жақсылықов [2], Т.Тебегенов [3], Қ. Алпысбаев [4], Б.Мамыраев [5], С.Қорабаев [6] зерттеушілердің айтыс өнері жөнінен жазған зерттеулері негізінен XIX ғасырдағы айтыс материалын қарастырды.

М.Әуезов “Әдебиет тарихында” бір бөлімді тұтастай айтыс өлеңдердің табиғатына арнады. Айтыс сөз қазақ ескілігінде өте жанды, өте қызулы болған сөз болғандығын айтты. Айтыстың қазақ әдебиетіне ғана тән екендігін өзге жұрттардың үлгілерімен салыстыра отырып тоқтам жасаған М.Әуезов: “Міне өзге жұрттың әдебиетінде айтыс өлеңдердің осы сияқты түрлері болғаны рас. Бірақ мұның бірде-бірі қазақ айтысындай көпке тарап, көп жұрттың барлығын бірдей ермек қылатындай болған жоқ. Қазақтікі сияқты әдебиет тарихының бөлімі болуға жарайтындай болып етек алып тараған емес. Қазақтың кәрі, жасындай айтысты қызық көріп қызуланып, тегіс өлең қылып, жалпақ ел ұстанған емес. Қазақтағы айтыс әдебиет бөлімі болудан басқа ел тартысының бұрынғыдан келе жатқан театры сияқты көпке бірдей қазақ беретін жиын сауығы болған” [7, 173 б.].

Сол еңбекте М.Әуезов атаған айтыс ақындарының барлығы XIX ғасырда жасаған ақындар. Шөже, Кемпірбай, Жанақ, Сабырбай, Мұрат, Тоғжан, Сара. Осы өнер иелерінің дәл XIX ғасырда шоғырлана көруінің тарихи себебін М.Әуезов замана беталысынан ашады. “Ел тіршілігінің жауынгерлік дәуірінен шығып, тыныштыққа бет алған кезінде, Сарыарқаны сайқалдап оңды-солды шарлап жүрген бір алуан адамдары, осындай сөз батырлары кешегі Жанақ, Кемпірбай, Шөже, сол ақындардың үлгісі ел ортасында соларға ұқсамақ болған жігіттер көбейген” [7, 174 б.].

М.Әуезов айтыс ақындары өлеңін мағына жағынан бірнеше түрге бөлді. Біржан мен Сара өлеңдерін ру күндестігі, ру жарысы, ру мақсатының өлеңдеріне жатқызады.

М.Әуезов бір алуан айтыс бас мінесуге арналған өлеңдер деп, Мұрат пен Жантолы айтысынан үзінді береді. Кемпірбай мен Шөже айтысы да сол үлгіде дейді.

Кемпірбай:

Бес намаз, он екі иман жанға пайда,
Қалайын бір сөйлесіп осындайда.
Біреуге мал, біреуге бас қайғығой,
Барасың, соқыразбан, жаяуқайда.

Шөже:

Ұстараның жүзіндей ауған дүние,
Мен ікөріп шабықтың мұнша неге.
Ай мен күн, жер мен көкті көргенім жоқ
Кемпірбай, ақылың болса, маған тиме.
Баласы Жаным марқұм Сәтібай мырза,
Құран оқи барамын қаралы үйге.

Кемпірбай:

Асыма шақырмаған келдің жетіп,

Бұғылы, Тұғылыдан жаяу өтіп.
Бұл елде қожа, молда жоқ деп пе едің,
Соқыр ит, кім шақырды жекелетіп.

Шөже:

Салмағы екі көздің дәл кеудемде
Алланың әр не қылса, еркі өзінде,
Бар болса қасиетің көзімді жаз
Ұрайын жаза алмасаң қу сөзіңді...

Айтыстың келесі бір алуаны ру аралық жуандық, зорлық өлеңі деп, Сабырбай мен Тасыбай айтысы мысалға алынады.

Сабырбай:

Ақтайлақтың баласы Сабыр ермін,
Бәйгеден күнде келген қарагермін.
Қанай Төбет елімді екі шапты;
Бәлем, арғын, етіңді тірі жермін...

М. Әуезов жіктеуінде төртінші түр, сирек кездессе де, білім таласы. “Ол күнде білім – дін білімі. Сондықтан құранның аятын айтысады. Дін жүзінен жұмбақтар айтып, соны шешіседі”.

Шөже:

Кемпірбай көкте не бар, жерде не бар.
Жаратқан кеше мақлұқ қадір жаппар.
Алланың достысы кім, дұшпаны кім.
Өзіңнен сұрайтұғын әр сөзім бар.
Қай күні қарасақ та майдан болып,
Қай күн іөлім қошқар бауыздалар...

Кемпірбай:

Болғанда жерде Мәди, көкте Айса,
Алты күнде жаралды екі дүние.
Мұн салда көріп едім осылайша.
Жеті қат жер астында көк өгіз бар,
Дүние бұзылғанша өлмей тұрар...

М.Әуезов айтыс өлеңдерінің осындай мағыналық түрлерінің кейде аралас келетінін де айтып, айтысты сырт түріне қарай қайым өлең, қара өлең деп бөледі. Қайымдасуға Мұрат пен Жантолының айтысын келтіреді. “Қайым өлеңнің белгісі бір ауыз өлеңнің алғашқы екі жолы екі ақынға ортақ сөз болады” деген анықтамасы айтыстың бір түрінің жанрлық, жасалу ерекшелігін, көркемдік негізін көрсетіп тұр.

Айтысты әуелі Шоқан Уәлиханов қазақ өлеңін түрге бөлгенде тұтастай қайым өлең деп алған. М. Әуезов айтыс туралы азғана сөзінде осы өнердің түпкілікті айырмашылық, өзіндік сипаты жайлы бірнеше қадау-қадау пікір айтты.

Айтыс ақындарының шығармашылық мұрасын көркемдік негіздер, түр, жанр жағынан айқындаудың негізін салушының бірі сөз жоқ, Сәбит Мұқанов. Айтыстың өлең формасы әр жолы жеті буынды келетін жыр мен әр жолында 11 буын бар, төрт жолдан ұйқасып отыратын қара өлең дейді С.Мұқанов. Ілгеріде М.Әуезов айтыс сыртқы формасына қарай 2 түрлі: қайым өлең, қара өлең дегенін, Шоқанның анықтамасын ескерсек, жалпы айтысты жанр ретінде тану, ашудың әрқилы ізденіс, болжамдары болғанын байқаймыз.

Әуелбек Қоңыратбаев айтыс өнеріне, оның ішінде ХІХ ғасырдағы айтыстарға, сол тұста айтыстың кемеліне жетіп, жеке айтушылары туғанына, шын мәніндегі көркем айтыстың дамығанына назар аудара ой түйді. Айтыстың жанрлық сипатын, табиғатын ашуда түрлі пікір, тұжырымдардың бар екендігін айта отырып, өз пайымдарын алға тартты. Айтыс өнері әдебиет зерттеушілер тарапынан біршама сөз болғанын қарамастан,

күні бүгінге шейін бұл өнердің әлде де саралай түсуді қажет етіп отырған сырлары баршылық.

Ә.Қоңыратбаев өз зерттеулерінде айтыс төңірегіндегі бір жүйеге түспей жатқан түйткілді мәселені көтеріп, көрсетіп сөйлейді.

Ә.Қоңыратбаев қайым айтыс – айтыстың қарапайым айтушыға байланысты саласы. Келе-келе қалыптасқан ақындар айтысының авторлық айтыстың табиғатында қайым элементі жоқ деген тұжырым жасады. Мұхтар Әуезов пен С. Мұқанов пікірлерінде бұл тұжырым жоқ. Айтыс төңірегінде пікірталас түрінде өрбігенімен, әр зерттеуші әр мезгілде өз тұжырымын жасап отырғанын көреміз. Мұның өзі айтыс, өзіміз қарастырып отырған ХІХ ғасыр айтыстарын танып, талдауды біраз күрделендіріп келеді. Айтысты танып, ашуда жалпы қазақ әдебиеттану ғылымы бастан кешкен түрлі саяси мәжбүрлеудің де қою көлеңкесі жатқаны даусыз.

ХІХ ғасырда қазақтың дәстүрлі айтыс өлеңі көп түрленіп, көркемдік сипаты айшықталып өсе түскен өнер арнасына айналды. Ежелгі, ауыз әдебиетінің еншісі болып келген айтыс өлең ХІХ ғасырда дара ақындар айтысы түрінде көрінді. Қазақтың айтыс өнерінің небір дүлдүлі сол ХІХ ғасырдың бел ортасында жалпақ елге танылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейітжанұлы З. Тарихи эпос. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 112б.
2. Жаксылыков А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях казахской литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 254 с.
3. Тебегенұлы Т. Халық аңыздары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім, 2001. – 332б.
4. Алпысбаев Қ. Ақберен ақын тұлғасы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2003. – №3. – 120-124бб.
5. Мамыраев Б. Основные тенденции развития казахской литературы начало ХХ века. – Алматы: Білім, 2018. – 217с.
6. Қорабаев С. Әдеби байланыстар. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2009. – 222б.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Жазушы, 2013. – 240б.

ӘОЖ 88.72

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫНЫҢ АЙТЫСТАРЫ

ОРДАБАЕВА Ү.Б.

№29 орта мектебінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жуалы ауданы

Резюме. В статье рассматриваются аргументы Суйынбая Аронулы

Summary. The article deals with the arguments of Suiynbay Aronuly

«Сүйінбай мен Тезек төренің айтысы» – халық арасына кең тараған, әлеуметтік мәні терең, көпке белгілі, әйгілі айтыс. Осы уақытқа дейін ұмытылмай хатқа түсіп, елдің қызыға айтып, тамсана тыңдап келе жатқан көркем дүниесі. Бұл – Сүйінбай Аронұлының есімін тұңғыш рет қалың қазаққа көрші қырғыз еліне танытып, даңқын асырған сөз жарысы еді.

Асылы, «Сүйінбай мен Тезек төре айтысының» ұмытылмай халық ойында сақталып, бүгіндері зерттеу объектісіне айналуының өзіндік сыры бар. Бұл айтыста қазақ халқының феодалдық дәуірдегі тұрмыс-тіршілігі, заңы әдет-ғұрпы, экономикалық халі анық көрінеді. Сұлтандар билеген замандағы елге жасалған зорлық, түрлі қиянат, қысым шебер ашылған. Және айтыста халықтың үстем тап өкілдеріне наразылығы, ашу-ызасы, кегі

бейнеленген. Еңбекші бұқараның хан-сұлтандарға айта алмай отырған ойы – Сүйінбай арқылы өткір айтылған.

Енді, Сүйінбай айтысқан Тезек төре деген кім? Тезек төре – хан тұқымы, XIX ғасырдың орта шеңінен бастап, Жетісуды мекендеген Ұлы жүздің аға сұлтаны. Тезектің арғы атасы – белгілі Абылай хан.

Аға сұлтан Тезектің «Тезек төре» атанып, қазақ-қырғызға аты мәлім болып, барынша мәлім болған тұсы – 1847 жыл мен 1868 жылдың аралығы. Бұл тұста Тезек өзін ханмын деп атайды. Әрі аға сұлтандық билік жүргізіп, әрі төрелік құруының үстіне, Тезек төренің ақындық қабілеті де болған. Өз кезіндегі аты белгілі ақындармен сөз жарыстырып, жанынан шапшаң өлең суырып айтуды әдетке айналдырған. Алдына келген кісіні өлеңмен буып, қағытып отырған. Арғы аталарының ел билеген хандық дәрежесін мақтан тұтып, өз өлеңдеріне қосып айтып, дәріптеп отыруды қатты ұнатқан. Өзін де, шығу тегін де қалың жұрттан жоғары қойып, асқақ сөйлеп, паңдық танытқан.

Тезек төреге Сүйінбай ақын шамамен 1851 жылы барған. Ақын Тезек төренің аулына жайдан-жай бармаған. Төренің жігіттері айдап әкеткен кедей-жарлының малын жоқтап, солардың жанашыр іздеушісі болып барған.

Сүйінбай келген кезде Тезек төре құр қол оралған ұрыларына ұрсып, өлеңмен сыбап жатады. Есік алдында Сүйінбай ақынды төренің есік құлы тоқтатып: «Төренің үйіне кірме, кірсең басың кетеді. Жылгелді, Бапау деген екі ұрысы түн қатып, аттан жаңа түсті: бірінің қолы сынық, бірінің басы жарық. Төре екеуіне қатты долданып, ашуланып отыр», – дейді. Осы айтқандай «Ханмын, бетіме ешкім келуге тиіс емес, ата жолымды ешкім бұзбақ емес» деп түсінетін Тезек төре үйіне рұқсатсыз келген Сүйінбай ақынның да атшапанын алып қоймақ болады. Жаза бергісі келеді.

Бұл, әрине, Тезектің күтпеген сөзі еді. Ә, дегеннен барлық сырын ашып, ащы айтқан ақын сөзі төреге шаншудай қадалады. Ешкімнен мұндай тойтарыс, өткір сөз естімеген Тезек төре тұңғыш рет Сүйінбайдан естиді. Халықты арқа тұтқан Сүйінбай ақын да өз кезегінде төреден қорықпайтыныны бірден аңғарта сөйлейді. Тезек төренің ұрлығын бетіне баса отырып ел билеуге лайық еместігін, ел ішіндегі телі мен тентекті тыюдың орнына өзінің де сондай былыққа белшесіне батып кеткен қорқау, парақор үстем тап өкілі екендігін ашады. Сырты ғана сесті, паң, мырза көрінетін төренің шын кейпі оның ісінде жатқаны, бейшара әрекетінің мол екенін мазактайды. «Елден жылқы қоймаған кезептігін» үлкен мін, кешірілмейтін қылмыс етіп көрсетеді.

Қаһарлы төре қанша долданып, зәрленсе де іштен тынып, амалсыздың күйіне көшеді. Өзгеге істейтінін Сүйінбайға істей алмайды. Халықтың сүйікті жыршысы Сүйінбайдай ақынға қол жұмсауға Тезек төре батпайды. Мұның үстіне бар мінез-құлқын, қарау ниетін, түпсз дүние қоңыздығын тура көзіне айтып, жырлап қоя берген ақынның отты, қызыл жебе сөздері төрені есеңгіретіп те тастайды. Тезек төре сөзден тосылып, сасып қалады. Өзі ес білгелі шұғылданып келген шындығының беті ашылып, құтылмас күйге ұшырағанын сезеді.

Сүйінбай ақын төреге қайтарған осы жауап сөзінде Тезектің ұрыларының да есімін дәл атап, жеткізе ажуалап отыр.

Жылгелді мен Бапаудай ұрын келсе,
Әжің қабыл болғандай күлімдейсің!–

деу арқылы Тезек төренің ұры ұстайтынын, әрі ұрлықсыз отыра алмайтынын шенейді. Үйіне ұрыларының келіп кіруі төре үшін зор қуаныш болатынын және жаңа бір қылмыс жасауға бет алатынын жасырмай айтады.

Тезектің қара басының өзі тікелей ұрлық жасаудан сырт тұрмаған. Ол жас кезінде нағыз баукеспе ұры атанған, ұрлықты күн көру құралы деп білген. Кейін жылдар өте, жасы ұлғая келе Тезек төре аталған ұрылар тобының басшысына айналған.

Тезектің осы жағын дөп басқан адуын ақын Сүйінбай Аронұлы Тезекке алғашқы бетте-ақ тие сөйлеп, ұрлықпен күн кешіп келе жатқан қарау тірлігін бетіне басады.

Ел мұнын өз мұным деп білген Сүйінбай Жетісу өлкесінің қаһарлы аға сұлтаны Тезек төреге тайсалмай қарсы қарайды. Шу дегеннен-ақ өзін езілуші көптің жақтасы, үстем тап өкілдеріне қарсы күресте қара халықтың ту ұстаушысы етіп көрсетеді. Ақынның ашына тұрып ащы айтқан, зілі мен кәрі көп ызалы сөзінен Тезек төре қатты сескенген. Бар қылмысын мойнына қойып берген Сүйінбайдың ақындық құдіретін еріксіз мойындайды.

Хан, төрелердің әйелін, қыздарын мадақтату салты – ертеден келе жатқан дәстүр. Еш мініміз жоқ деп ойлайтын ұстам тап өкілдері өздерінің былық істерін көрмейді. Елге батқан жәбірі мен қиянаттарының бастан асып жатқанын елемейді. Мұның үстіне қорқақ, жалтақ ақындар олардың көрініп тұрған кемшіліктерін айта алмаған. Жасық ақындардан кілең мақтау естіп өсіріп жүрген сұлтан, төрелер Сүйінбай сияқты өрт мінез ақынға кез келгенде маңдайлары тасқа тигендей тоқырасқан.

Сүйінбай Тезек төренің әйелі мен қыздарының жағымсыз кейпін сатиралық әдіспен шебер ашып береді. Дәулеті асқан феодалдық отбасының азғын хал-жайын дәл таниды. Төре әйелінің тұрлаусы, жеңіл жүрісті біреу екенін әшкерелейді. Бай отбасының бастары бірікпеген қырық құрау тон екенін келеке етеді. Сүйінбай сатирасына қарай отырып, тезекті, оның қыздары мен әйелінің ішкі дүниетанымын да анық аңғарамыз. Барлыққа басы айналған аға сұлтан Тезекті жаңа бір қырынан көреміз.

Ең алдымен Сүйінбай шындықты бүркелемеген қатал феодалдық заманды сынайды. Сол заманның қатігез әміршісіндей болып отырған Тезекті астарлы, кекесін сөздермен шаншып өтеді. Қыздарының бес тиындық құны жоқ, төре отбасында өмірдің ащы-тұщы дәмін білмей, шолжықтап өскен бай ортаның еркетотайлары екенін паш етеді.

Ақындық пен батырлық – егіз. Сұлтан екен, төре екен демей тайсалмай тайталасқан ақыннан, оның қолдаушысы артында тұрған қалың көптен Тезек төренің жүрегі шайлығып беті қайтады. Мынадай сұмдықты бетіне басқан ақын енді бұл сөзін халық ішіне барғанда да айта беруі мүмкін екендігінен жүрегі суылдай қорқады. Ақынға сырттай сүйсінген қалып танытқан болып, одан тезірек құтылудың амалын қарастырады.

Осы тұста Сүйінбай Тезек төренің жеке басын және тұрмыс-тірлігін жан-жақты ашып берген мысал айтысын қолданыды. Мысал айтысы – ақындар айтысы үстінде тым сирек кездесетін әдіс. Айтыстың бұл түрі ақындардың өміртанымын, олардың сыншылдық қабілетінің дәлдігі мен күшін, көзқарас бағытын білдіреді.

Сүйінбай Аронұлы – қазақ ауыз әдебиетінде етеден келе жатқан айтыстың мысал түрін жаңашылдықпен игеріп, белгілі бір мақсатқа пайдалануда оның мүмкіндігін өз шығармаларында алғаш рет терең ашып көрсеткен ақын. Бұған осындағы сары ат пен қаракер аттың атынан айтқан сөздері жатады.

Ақын Тезек төремен айтысында өзінің атынан, әрі сары ат пен қаракер аттың атынан сөйлеу арқылы мысал айтысының өте көркем қызықты түрін жасайды. Айтыстың осы түріне мейлінше ұста ақын екенін танытады.

Сары атқа берілген бағадан төренің кессе қан шықпайтын сараңдығы байқалады. Ақын кәрі аттың сыртқы пішінін тасқа басқан таңбадай айқын, анық бейнелейді.

«Сүйінбай мен Қатағанның айтысы» – тынысы кең, өрелі айтыс. Аталмыш айтыста Сүйінбай күллі қазақ атынан сөйлейді. Ол санамалап отырып, әр рудың жетістігін паш етеді. Халық жұдырықтай жұиылып, бірлік тапқанда, өзара ынтымақтасқанда ғана күшті, іргелі дегенді ақын ірі турап айтады.

Жүз жыл бойы қазақ, қырғыз халықтарының арасында жатқа айтылып, ауызша сақталған «Сүйінбай мен Қатаған айтысында» XIX ғасырдағы қазақ, қырғыз халықтарының әлеуметтік құрылысы, сұлтандар мен бай, манаптар билеген феодалдық дәуірдегі елдің ауыр тұрмысы тарихи шындық негізінде терең ашылған. Себебі, өткен замандарда тілі, әдет-ғұрпы жақын қазақ, қырғыз халқы бір-бірімен еркін араласып, туысқандық жағдайда өмір сүрген. Көрші тұрып, достық, ынтымақтастық, бірлікті берік ұстанған ағайынды халықтар бір-бірінің қуанышына ортақтасып, қасіретті, қатерлі шақтарда қайғысын бөліскен. Ежелден-ақ, той-жиындарды бірге өткізісіп, онда болатын

дәстүрлі ұлттық ойындар – бәйге, палуан күрес, ақындар айтысы тәрізді өнер жарыстарын бірге отырып тамашаласқан.

Өнерді терең зерттеген ғұлама, қазақты дүниеге танытуға үлкен үлес қосқан ұлы Мұхтар Әуезов Сүйінбай мен Қатаған айтысын бағалай келе, «қазақтың айтыс өнерінің алтын діңгегі» деген бағаны тегіннен-тегін бермеген. Бір айтыстың өзіне алты алашты түгел сиғызып, олардың жетістігін мадақтау, олардың бірлігі мен ынтымағының алмайтын қамалы жоқ екедігін сүйсіне баяндау тек «Алтын діңгектің» ғана қолынан келген.

Сүйінбай мен Қатаған алғаш рет қырғыздың ең ірі билеуші манабы Орманның шешесіне берілген асында кездескен. Ас 1852 жылы Ыстықкөл жағасында өткен.

Орман ханның шешесіне берген асына ел езген феодал шонжарлардан басқа қазақ, қырғыз халқының қарапайым шаруа баққан, өз еңбегімен күн көрген еңбекші тап өкілдері де өте көп жиналады.

Сүйінбай манаптың кекесін сөзіне сабырлы тұрып, салмақпен жауап береді. Манаптың ішкі қара ниетін дәл танып, теріс пиғылын дереу сынға алады. Қым-қиғаш талас пен ұрыс туғызып, содан өздеріне пайда, атак, даңқ іздеген қанаушының бұлдыр-бұлым қарау бағытын бірден жөнсіздік деп табады. Солардың ұйымдастыруымен болып жатқан мына дарақты шашпа-төкпе асқа отты мысқыл аралас сын айтады.

Екі халық бас қосқан жиынға ынтымақ, бірлік биігінен қараған ақын Қара Бәйтік сияқты ел қанаған манапқа наразылық білдіреді. Ақын қай халықтың да намысы, ары бар, ол қасиетті нәрсе, оған қол созуға, тіл тигізуге болмайды деген ой тастайды. Бұдан Сүйінбайдың үстем тап өкілдері тұрған барымта, ел шабу тәрізді содыр былығы көп сатыдан әлде қайда жоғары, елдің тыныштығы мен жарқын келешегі толғантатын қайраткерлер деңгейіндегі ақын екендігі анық танылады.

Орман хан сияқты озбыр феодалдың өмір тірлігіндегі нақты іс-қимылын бүркемелеп жасырған Қатағанның ел тірлігіне жат мінез көрсеткенін халық алдында айыптап, әшкерелейді. Сүйінбай ақын өмірдегі тіршілік амалды көлеңкелемей сөйлейік деген турашылыққа бастайды.

Бірақ, Қатаған ақын өзінің бай-манаптарды жақтаған бағытын одан ары тарката, дамыта түседі. Ел билеген хандардың тілеулесі екендігін ашып айтады.

Хандарда да бар байлықты, бектік пен көптікті өзіне тірек етеді. Ол керенау кербездік пен тоғышарлықтан, кедей бұқараны зар қақсатқан зұлымдық пен айлакерліктен тазалық, сыпайылық, зиялылық іздейді. Соның бәрі асып төгілген байлықтың жемісі деген тоқтамға келеді.

Қатаған Орманды батыр, көсем, шешен дәрежесіне көтереді. Оның ел талағыш озбырлығын, көшпелі тұрмыстың обыр өкілі екенін көлегелейді.

Қатаған мадақтаған манаптардың сол дәуірдегі шын іс-қимылы, әлеуметтік орны мен салмағы, езушілерге деген халықтың көзқарасы мен бағасы Сүйінбай ақын айтқан сөзде терең ашылады. Ең алдымен, ол бай-манаптарды дәріптеген Қатағанның ақындық өресін сынайды. Оның байларыд саралап күн көріп жүрген дәрменсіз жалтақ ақын екенін әшкерелейді. Мұнда ақынның ақындығы, байлықты, бай ортаны дәріптеуден көрінбейді, халық мүддесін түсініп, көптің атынан сөйлеуінен көрінеді деген маңызды мағына жатыр.

«Халықтың атын былғама», – деп Сүйінбай кесімді турашылық көрсетеді. Орман, Жантай, Бәйтік сияқты еңбекші бұқараны аяусыз езіп келе жатқан қанаушыларды халық атымен қатар атауға болмайтындығын ескертеді. Озбыр манаптардың байлығын, бектігін таяныш етіп, жарыста озғысы келген Қатаған жолының терістігін Сүйінбай сынайды.

Сүйінбай мұнда Қатағанның үстем тап өкілдерін мадақтап, түлкі бұлаңға салып, сырғып, өте шықпақ болған әрекетін шенеп отыр.

Әрқашанда халықтың атынан сөйлеп, еңбекші елдің намысын, арын қорғап келе жатқан «Сүйінбай сынды ақынды, Жеңемін жеп ойлаған» Қатағанның ішкі үміт-дәмесін біржолата күйретеді. Азаматтық, адамгершілік тұрғысынан Қатағанға баға береді.

Сүйінбайдың бұл сөзінде мақсаты халық мақсатымен бірікпеген, ел мұңын өз мұңым деп білмеген ақын түптеп келгенде ақын емес деген терең мағына бар. Шынында да, қара

басының қамынан аса алмай, бай-шонжарларды төңіректен мал-мүлік, ат-шапан дәметкен ақындарды халық ақын деп білмеген. Ондай ақындарға құрмет көрсетіп, көңіл төрінен орын бермеген. Жалтақ ақын айтқан өлеңдерді мәнсіз, жасық дүниелер қатарына жатқызған. Ел өміріндегі оыс шындықты Сүйінбай дәл басып отыр.

Қатаған ақын манаптарды қорғап дәріптесе, сүйінбай ақын еңбекші шару халықтың мұң-мүддесін қорғайды. Сүйінбай ақын ел үстінен күн көрген манаптардан, төресұлтанлардан жақсылық күтпеуге үндейді. Үстем тап өкілдерінің халық бағытынан тыс жатқан озбырлығын және елге тек қана зар, қайғы әкелетін соғысқұмар, қара ниет ойларын аяусыз түйреп айтады. Екі халық бас қосқан мынадай зор жиында сырттарнан ғана жылтырап, жақсы кісі атанғысы келген манаптар мен би, төрелердің айлакер қулығын айтыс үстінде ашып тастайды. Сол арқылы олардың сөзін сөйлеп, көп алдында асқақ көрінуге ұмтылған байшыл ақын Қатағанды жерге қаратады.

Сүйінбайдың бай, төреге, манаптарға тура қарап, именбей, сескенбек бұлай батыра айтуының өзінше бөлек сыры бар. Себебі, Сүйінбай сөз сайысында қалың бұқараға арқа сүйеп, өмірлік қызығын қорғаған ел батырларын бетке ұстайды: Албан, Суан, Дулат, Жалайыр, Шапырашты, Арғын, Найман, Байұлы, Жетіру, Әлім, Шөмекей, Қоңырат, Қыпшақ, Тама тәрізді руларын атап, олардан шыққан батырлардың ерлік қимылдарын сипаттайды. Сүйінбайдың бір кереметі: ол – қазақ халқының этникалық құрамын және елдің тарихын жан-жақты терең біледі.

Айтыс өнерінің жұлдызы Сүйінбайдың Ыстықкөл жағасындағы жеңісін асқа қатысқан елдің қарапайым халқы шын жүректен құттықтап, қошемет көрсетті.

Жоғарыда талданған көпке белгілі ең атақты екі айтысынан басқа ұшқыр ойлы жеңімпаз ақынның бір топ шағын айтыстары да бар. Олар – Сүйінбайдың Қаңтарбаймен, Жантаймен, Майлықожамен, Уәзипамен, Кескенкекілмен, Күнбаламен, Тәтіқызбен және мысал түріндегі «Сүйінбайдың қарғамен айтысы».

Аталған айтыстарда ақын феодалдық қоғамдағы кедей елдің хал-күйін, тұрмыс-тіршілігін және ондағы белең алған әлеуметтік теңсіздіктерді атап көрсетеді. Рушылдық пен жікшілдік отын үрлеп, өршітіп, жеке басының пайдасы үшін қолданғысы келген желөкпе даңғойлықты, қисынсыз пысықтықты қатал сынға алады.

«Сүйінбайдың қарғамен айтысы» – мысал айтыс. Мұнда ақын өз атынан да, қарға атынан да кезек сөйлеп отырады. Сол арқылы ең алдымен, өзінің жұпыны-жүдеу, бақытсыз балалық шағынан хабар береді. Осындағы жетім баланың басындағы аянышты трагедиялық хал сол замандағы қазақ халық бастан кешкен ащы өмір шындығы еді. Айтыстағы қарға сөзінен езілуші таптың мұң-зары, бай-сұлтанларға деген кезекті ашу-ыза лебі еседі.

Үзіндіде ру арасындағы дау-таластың орны толмас өкініштен басқа ештеме бермейтіндігін, қайта ішкі тартысты терендетіп, күшейте түсетіндігін меңзейді. Өз кезегінде ақын ел басына түскен ауыр тұрмыстан құтылудың жолын нұсқайды.

Ақын Сүйінбайдың Қаңтарбай, Жантай, Майлықожа айтысы көлемінің аздығына қарамастан, айтар ойымен мәнділігі жөнінен құнды шығармалар болып есептеледі. Қаңтарбай, Жантай, Майлықожа ақындар – өлең сөздің белгілі жүйріктері, талай рет жиын топқа түсіп, есімдері елге кең тарап кеткен атақты өнерпаздар. Үшеуі де Сүйінбаймен айтысқа түсіп, өнер жарыстырған. Бір кереметі осындай жалпы халыққа тегіс мәлім азулы ақындар ортасында Сүйінбайдың еңсесі мейлінше биіктеп, асқақтап, аспандап көрінеді. Қиып түсет қылыш тілді ақының өнерде ұстанған айқын бағыты оны кіммен, қандай айтыста болмасын әрқашан жеңіс тұғырына көтерген. Алдаспанның жүзіндей өткір, қарайғанды қалт жібермейтін асқан байқампаз, қырғидай қырағы Сүйінбай ақын қарсыласының жаңылыспастан осал жерін шу дегенде-ақ дәл басқан. Мәселен, байлықты мұрат тұтқан Қаңтарбайдың рушыл, байшылдығын бұлтартпай мойнына салған. Дүние қоңыздықты елдің елдігіне, ынтымақ-бірлігіне салқынын тигізетін кесір, дерт деп білген. Мансапқорлық пен билікшілдікке Сүйінбай халық тәуелсіздігін қорғаған батырлық пен ерлікті қарсы қойған.

Логикалық шешім, өмір тәжірбиесіне сүйенген ділмарлық пен тапқырлық ақын айтыстарында өте жиі кездеседі. Мысалы: Жантайдың шарифатшыл, бұлдыр діни түсінігін Сүйінбай бірден теріске шығарады.

Негізінен, Сүйінбай мен Майлықожа табан тіресіп айтыспаған. Екеуінің арасындағы сөз алысқа бармай, қысқа қайырылған. Ақындық сес, ызғар шашысып, шарпысып қана өткен. Сол аз өзінде-ақ Сүйінбайдың басымдығы байқалып қалады. Сол себепті, екі жақты да алма-кезек тыңдап отырған төреші: «А, қожам! Сен мынамен айтыса алмайды екенсің, сөзі тым ұшқыр екен», – деп Майлықожпны әділ бітімге шақырады.

Нақ осындай халық Сүйінбайдың Уәзипамен, Тәтіқызбен және Кескенкекілмен айтысынан да анық байқалады. Ол үшеуі де айтыс үстінде Сүйінбайдың тым үлкен ақын екендігін мойындап, ізет сақтап, кішілік көрсетеді.

Ұлы ақынның қыз-келіншектермен айтысынан бірден көзге түсетін бір ерекшелік– Сүйінбай олардың қоғамдағы рөліне, әлеуметтік жай-күйіне зер сала қарап, толғана көңіл бөліп отырған. Әсіресе, қазақ жастарының бас бостандығы, махаббат еркіндігі ақынды қатты ойландырған.

Айтыста әйел теңсіздігін феодалдық қоғамдағы ең қайшылығы мол, зор әлуметтік мәселе етіп көтерген. Адам басын саудаға салып, бағасын шығарушылық – ақсүйек төресұлтандар мен байлардың рухани азғындығын әшкерелейтін дәлел деп қараған.

Сүйінбайдың Қарғамен, Тезек төремен, Қантарбаймен, Кескен кекілмен, Құнбаламен, Уәзипамен, Қатағанмен т.б. айтысы сақталып жеткен бүгінгі күнге. Бармақ бүгіп санауға болатын санаулы айтыс. Алайда мейлінше сапалы айтыстар. Бүгінге үзіліп-жеткен айтыс-жырдан қызбен айтысса, махаббат отын маздатып қызық айтысар, қатарласымен айтысса, тайпалған жорға мінез танытар, қырғыз Қатағанмен айтысса, бүкіл қазақ руларын атап, әруақтанып, қызып айтысар арқалы ақынды көреміз.

Сондықтан елін сүйген азамат ақынды халқы да төбесіне көтеріп, ақындық өнеріне ілтипатпен, құрметпен қараған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожағұлов С. Жетісу өлкесінің жыраулық-ақындық дәстүрі // Қазақ тарихы. – 2006. – №2
2. Әлібек Т. Жетісу ақындары. – Алматы: Әдебиет және өнер институты. – 2008.
3. Жылқайдаров М. Ақындардың ұлы атасы: Қабан ақын туралы. //Алматы ақшамы. – 1991. – 16 тамыз
4. Сүйүмбай менен айтышы // Арстанбек. Ырлар. Бишкек: Башкы редакциясы, 1994.
5. Үмбетаев М. Пірім менің Сүйінбай. – Алматы: Қазақ университеті. – 1992.

ӘОЖ: 81'373.4(078)

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ЖИЛІК СӨЗДІКТЕР

БЕЛБОТАЕВ А. Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АРХАБАЕВА Г.Е.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, филология магистрі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье «Лексикография казахского языка и частотные словари» автор рассказывает об области лингвистической статистики(лингвостатистики), возникшей в последнее время прошлого века в казахском языкознании, о типах новых словарей – частотных словарей, родившихся в этой области. Сосредотачивается на их потребностях,

которые могут быть использованы в текстовых исследованиях и методике преподавания языков. В связи с этим автор также высказывает свои мнения.

Summary. In the article “lexicography of the Kazakh language and frequency dictionaries”, the author talks about the field of linguistic statistics (linguostatistics), which was born in the last period of the last century in Kazakh linguistics, about a new type of dictionaries – types of frequency dictionaries born in this field. It focuses on their needs, which can be used in text research and language teaching methods. In this regard, author also expresses his own opinions.

Қазіргі жаһандану заманында әлемдік деңгейдегі талаптарға сай, әрі кез келген заманауи ақпараттық технологиялық үдеріске төтеп бере алатын ана тіліміз - қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуіне, әлеуметтік өміріміздің ақпараттық саласында ресми түрде қызмет етуіне, сонымен қатар оның ғылым тілі дәрежесіне дейін дамуына қоғамымызда - әдеби, мәдени, ғылыми және әлеуметтік салаларда бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан сан түрлі іс-шаралардың маңызы зор. Бұл бағытта атқарылып жатқан істер қатарында тіл білімі саласы мамандарының - тілші ғалымдардың да өзіндік зор үлесі бар.

Анығын айту керек, ХХ ғасырда басталған ғылыми-техникалық «революция» әлемнің кез келген елінің ішкі-сыртқы саясатына, оның экономикалық әлеуетіне ерекше серпін бергені анық. Әсіресе Тәуелсіз Қазақстан Республикасы сияқты дамушы елдердің жас мемлекет ретіндегі қалыптасуында айрықша рөл атқарды. Қоғамдық қызметтің қай саласында болмасын қолданбалы бағыттағы ғылыми зерттеулер басымдық алды. Осыған орай қоғамдық ғылымдар қатарындағы тіл білімінде де оның бұрыннан бар саласы - қолданбалы тіл білімі (прикладная лингвистика) жаңғыра дамып, бұрынғы дәстүрлі тіл білімі бағыттарын өз әдіс-тәсілдерімен жаңаша зерттеуге кірісті. Бұл мәселе тек бізде ғана емес, бүкіл әлемдік ғылымның бүгінгі даму сатысында жаңа инновациялық бағыттарда зерттеліп, жазылып, жасалып жатқан жұмыстарға да тән болып отыр.

Мәселен, өткен ғасырдың соңғы жартысында ғылым мен техникаға қоса, сандаған жаһандық жаңалықтар тұрмысымыздың барлық салаларына барынша дендеп, тереңдеп еніп, қолданылып жатты. Бұлардың ішінде, әсіресе, компьютерлік техникалардың (бұрындары ЭЕМ - *электронды есептеуіш машиналар* делінетін – Б.А.Б.) дамып, олардың сан түрлерінің шығуы, атқаратын қызметтерінің көптеп өсуі қол күшін керек ететін сандаған жан иелерінің ауыр еңбектерін жеңілдетуде. Көп адам бірігіп атқаратын, көптеген қол күшін керек ететін, ұзақ уақытқа созылған қарапайым жұмыс үдерістеріннеғұрлым тездетуде әрі оңтайландыруда бұл заманауи техникалық құрылғылардың көп көмегі тиіп отыр. Жұмыс өнімділігі мен сапасын арттыруда да олардың көп жәрдемі болуда ...

Сөз арқауын ары жалғап, ғылымға қарай бет бұрып, өз зерттеуімізге орай сөз айтар болсақ, кешегі күнге дейін әр кездерде «ғылым мен техника жетістіктерін – жансала насихаттап, компьютерлік техникаларды тіл мәселелерін зерттеуге де, тілдерді оқыту және үйрету әдістемесінде пайдалануға болатындығын және бұл құрылғылардың тіл құбылыстарын жан-жақты қарастыруда тиімділігінде мол екендігін айтып, баспасөз беттерінде жазып та келген едік [1],[2]. Ендігі жерде дамыған елдердің көбінде қазіргі кезде тіл мәселелерін зерттеуде мәтіндік зерттеулер мықтап қолға алынуда. Оларда бұл мәселеде – белгілі бір тілді бір тілден екінші тілге автоматты түрде аудару, ол тілдегі тілдік құбылыстарды барлық жағынан компьютерлік техникалардың көмегімен жан-жақты зерттеу, сондай-ақ әр ұлт тілдерінің машиналық қорларын немесе ұлттық және компьютерлік корпустарын жасау сияқты т.б. көптеген істер қолға алынып, бұл жайларда елеулі жетістіктерге жетіп жатқандары да бар.

Қазақ тілтанымында, қала берді түркі тілдерінде мәтіндерді статистикалық тәсілдермен зерттеу – бұл тілдің ішкі табиғатына, яғни жалғамалылық (агглютинативтік) сипатына негізделеді. Мамандардың түсіндіруінше, кітаби және сөйлеу тіліндегі түрлі типті сөздердің әр ыңғайдағы қолданылу жиілігін анықтайтын мұндай тәсіл тілдің

құрылымдық-грамматикалық, кейде стильдік-семантикалық айырым белгілерін ажырата отырып, осы стильдерге тән қасиеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге тіліміздегі грамматикалық категорияларды сандық тәсілмен талдаудың өзі әдеби тіліміздің барлық аясындағы функционалдық салмағын көрсетуде де аса маңызды.

Белгілі Санкт-Петербург ғалымы филолог-статист Р.Г.Пиотровский түрлі тілдерді сандық деңгейде зерттеудің негізі олардың ішкі құрылымдық табиғатына тәнекендігін айта келе, бұл тілдерге үндіеуропа тіліне тән екпінді ассимиляция мен редукциялар және осы сипатты қасиеттер жат екенін баса көрсетеді. Бұл жағдай тілдік деректердің жай кезде қиындық туғызатын кейбір тұстарын математикалық әдіспен тіркеу мен тануда аса маңызды деп санайды [3]. Демек, бұл айтылғандардан байқайтынымыз, қазіргі заманғы тілтанымдық зерттеулерде тіл мәселелерін лингвостатистика тұрғысынан қарастыруда мәтіндік зерттеулердің маңызы зор екендігі көп айтылады. Мұндағы тіл білімінің лингвистикалық статистика (лингвостатистика) саласы көп жағдайда қазіргі заманғы заманауи компьютерлік техникалардың (машиналардың) көмегіне сүйенеді. Сол көмектің (жәрдемнің) негізінде қарастырып отырған тілдік зерттеулерге қажетті әр түрдегі жиілікті сөздіктер мен жиілікті тізбелер, сөз тіркестері, мәтін және мәтіндік үзінділер т.б. алынып, олар алдыға қойған басқа да зерттеулерге қажетті лингвистикалық талдауларға негіз болады. Басқаша айтсақ, бұл ғылым саласы (лингвистикалық статистика) – белгілі бір тілдің, мысалы бізде – қазақ тілі, тілдік құрылысында бар, не болып жатқан әртүрлі тілдік құбылыстарды, не өзгерістерді сандық және сапалық тұрғыдан жан-жақты зерттеуді (қарастыруды) мақсат тұтады.

Лингвистикалық статистикадағы (лингвостатистикадағы) негізгі ұғымдардың бірі – *жиілік ұғымы* екендігін жақсы білеміз, ол көбінесе жазба тілдегі тілдік материалдарды лингвостатистикалық тұрғыдан зерттеуде не ондағы тілдік бірліктерді (фонема, әріп, буын, морфема, сөз, сөзтұлға, сөйлем, сөз тіркесі, т.б.) талдауда қолданылды. Бұл талдаулар – зерттеу үшін қажет болған мәтіндегі зерттеу нысанасына алынған тілдік бірліктер мен мәтін бөліктерінің (үзіктерінің) ауызекі сөйлеу тілінде не жазбаша тілде жұмсалыну жиіліктерінің қолданылу сипатына негізделеді. Өйткені әрбір мәтіннің өзіне тән статистикалық сипаттамалары болады. Ол сипаттамалар, жоғарыда айтылғандай, зерттеу үшін қажет болған мәтіндегі зерттеу нысанасына алынған тілдік бірліктер мен мәтін бөліктерінің (үзіктерінің) бірінің не бірнешеуінің қолданылуын зерттеу үшін талданып жасалынған *жиілік сөздіктер* мен *жиілік тізбелер* арқылы көрініп отырады. Себебі жиілік сөздіктер мен жиілік тізбелердегі әрбір сөздің тұсындағы жиілік (сандық) көрсеткіштер аз не көптігіне қарамай сол сөзге сапалық тұрғыдан сипаттама береді, басқаша айтқанда – көрсетіліп тұрған санның астарында сол сөз сапасын (мінездемесін) сипаттайтын (көрсететін) *сана* бар. Сондықтан да *жиілік сөздіктер* мәселесі жайын сөз еткенде лингвистикалық статистика ғылымындағы мәселелердің ішіндегі ең бастысы да негізгісі болып табылады [2],[4], [5],[6],[7],[8], [9]. Ал **жиілік сөздік дегеніміз – мәтіндегі сөздер мен сөзтұлғаларының лексика-грамматикалық сипаты анықталып көрсетілген және олардың зерттеуге алынған мәтіндегі қайталану жиілік саны қоса берілген жиілікті сөз тізбені айтамыз.** Әрине, тіл біліміндегі мұндай жаңа мазмұндағы сөздіктер түрінің жалпы тіл білімі саласындағы (лексикографиядағы) ғылым талаптарына сай пайда болып, дамуында оның даму өрісін кеңейте түсетіндігіне дау жоқ.

Жалпы тіл білімінде бүгінгі түркітануда, оның ішінде қазақ тілтанымында қазақ тілі лексикографиясының айырықша орны бар деуімізге толық негіз бар. Өйткені мұндағы қазақ тілші ғалымдарының туыстас түркі тілдерінің ішінде шоқтығының басқалардан әлдеқайда биік тұрғандығын айтқанымыз жөн. Айталық бұл мәселеде, бір кездері он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» [10] құрастырғандатүркі жұрты ішінде алда болған қазақ тілші-ғалымдары бүгінде онбес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігін» [11] жарыққа шығарып отыр. Ал енді осындай іргелі еңбектерден соң олардың заңды жалғасындай болған, қазақ лингвостатист ғалымдарының жоғарыда сөз болып отырған заманауи ғылымдар бағытындағы жаңа сөздіктер түрлерін жарыққа шығарулары қазақ тіл

біліміндегі үлкен жетістік әрі табыс деп айтуға болады [12], [13], [14], [15], [16], [17], [18], [19]. Тіпті бұл бағытта қазақ ғалымдарының – лингвостатист ғалымдардың қазірге дейінгі жасаған және жазған ғылыми еңбектері мен мақалалары іс-тәжірибе, үлгі-өнеге тұрғысынан түрікі әлемінде көшбасшылық сипатта десек те артық айтқандық емес.

Қазақ мәтіндері негізінде лингвостатистикалық жиілік сөздіктер жасау ісі бір замандарда қаншама адамның қатысуымен - қол күшімен санап есептеу арқылы жүзеге асырылған болса, ендігі жерде – санақ әдісі (*қарапайым санау* не *компьютерлік техникалар көмегімен санау*) және компьютерлік техникалардың жәрдеміне сүйену арқылы жүзеге асырылады. Олар қазақ мәтіндерінің лексикаморфологиялық құрылымы, оның ішінде сөз таптары, сөзтұлғалары мен оның структуралық құрылымы жөнінде қазақ тілтануына көптеген пайдалы тілдік деректер (мәліметтер) бере алды. Мұндай тілдік деректер, әрине зерттеу жұмыстарында, оқыту әдістемелерінде, әртүрлі лексикографиялық сөздіктер құрастыруда т.б. зор көмегі тиетін тілдік материалдар бола алатындығы анық, солай болды да. Сондықтанда қазақ тіл біліміндегі бұл саланың (лингвистикалық статистика - лингвостатистика) туып қалыптасқанына да аз уақыт болды дей алмаймыз. Оның тарихы өткен ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан басталған. Сол бір жылдары Мәскеу мен Санкт-Петербуркте, сондай-ақ Минскіде лингвистика мен математика ғылымдары жетістіктерін ұштастыра (тоғыстыра) зерттейтін ғылыми бағыттар (орталықтар - Санкт-Петербург, Мәскеу, Минск, Алматы, Шымкент) пайда болып, құрыла бастады. Олардың басы-қасында Санкт-Петербург ғалымы - роман тілдерінің маманы Раймонд Генрихович Пиотровский мен қазақстандық ғалым (Шымкент) – сол кезде физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, кейіннен – филология ғылымдарының докторы, информатика ғылымының академигі болған Қалдыбай Бектайұлы Бектаевтар тұрды.

Айта кету керек, Қалдыбай Бектайұлы Бектаев (27.11.1920 – 16.10.1996) – Қазақстандағы математикалық лингвистика, инженерлік лингвистика, лингвистикалық статистика ғылымдарының негіздерін қалаған қазақ ғалымы болды. Оның есімі сол кездің өзінде-ақ тек бізде ғана емес, сондай-ақ Еуропа ғалымдарына да танымал болатын. Сондықтанда ұстаз-ғалым туралы әлі де кейінірек арнайы тоқталып сөз етпекпіз. Мүмкін ұстаздардың ұстазы болған үлкен ғалымға арналған көлемді еңбек те шығар. Өйткені Отандық ғылымда ғалымның ғылымға жасаған және сіңірген еңбегі айырықша болды.

... 90-шы жылдар Қазқстан статоллингвист ғалымдары үшін ауыр кезең болды. Ұлы Ұстаз – ұстаздардың ұстазы Қалдыбай Бектайұлы Бектаев (16.10.1996) дүниеден өткен соң отандық Қазақстан ғылымының - лингвистикалық статистика, инженерлік лингвистика (машиналық аударма), математикалық лингвистика және компьютерлік лингвистика бағыттары дамуында аздап іркіліс пайда болды. Бірен-саран ғалымдардың жазған шағын ғылыми мақалалары болмаса, іргелі жұмыстар болмады. Лингвистикалық статистика саласының жиілік сөздіктер жасау бағытында да осылай болды. Тек соңғы жылдарда ғана жаңа заманның жаңа толқынының әсерімен бұл бағытта ауыз толтырып айтарлық екі-үш дүние жарыққа шықты. Енді солар жайлы бірер сөз.

2016 жылы Білім және ғылым министрінің тапсыруымен мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әдістемесін жасау мақсатында лексика-грамматикалық минимумдар жасау үшін аса қажетті қазақ тілінің жиілік сөздіктерін құрастыру ісі қолға алынып, ол істер Қазақстан Республикасының А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындала бастады.

Алғашқы кезекте, 2016 ж. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бір топ маман қызметкерлерінің (А.Қ.Жұбанов, А.Ә.Жаңабекова, Б.Д.Карбозова, А.Қ.Қожахметова) дайындауымен іргелі еңбек - «Қазақ тілінің жиілік сөздігі» жарық көрді. Бұл –қазақ тіл білімінде, оның ішінде қазақ лингвостатистикасында жарты ғасырға жуық уақытта осы сала мамандары мен ғалымдары асыға әрі сағына күткен аса бағалы да құнды еңбек болды. Сондай-ақ бұл еңбек тек қазақ тіл білімі үшін ғана емес түркітанудағы тұңғыш іргелі (фундаменталды) еңбек болып шыққан.

Сөздік қазақ тілі лексикасының статистикалық құрылымын анықтауға арналған. Мұнда жиілік сөздіктердің үш түрі де (әліпбилі-жиілік, жиілікті-әліпбилі және кері-әліпбилі сөздік) берілген. Сөздік құрастыруға алынған мәтін көлемі – 2 102 496 сөзқолданысты қамтыған. Ұядағы (реестрдегі) сөзгізбе саны – 30 515 сөз.[20].

Бұдан кейінгі кезекте бір топ ғалым мамандардың қатысуымен «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» атты ұжымдық іргелі еңбек құрастырылды. (Жалпы редакциясын басқарған – ф.ғ.д., проф.Қажыбек Е.З., Фазылжанова А.М.).Сөздік 7 (жеті) миллионнан астам сөзқолданысы бар мәтіндік (тілдік) база негізінде жасалған. Ол-мемлекеттік тілді оқытуда, әсіресе оқулықтарды, оқу құралдары, оқу сөздіктерін, тілдік (лексикалық, грамматикалық) минимумдарды жасауда бірден-бір қажетті құрал бола алатын еңбек болып шыққан. Сөздіктің тілдік базасы оқушының мектепті бітіргенше күнделікті қоғамдық және тұрмстық өмірінде коммуникацияға түсетін түрлі дискурстағы мәтіндерден құралған. [21].

Келесі кезекте 1918 жылы бір топ ғалым мамандардың қатысуымен «Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздіктері» жарық көрді.Жалпы редакциясын басқарғандар – ф.ғ.д., проф.Қажыбек Е.З.).Сөздік материалдары (әріп, әріп тіркесі, буын, түрленім қосымша, түрленім тұлға, сөз) қазақ тіл білімінің лингвостатистика саласының теориялық мәселелерін толықтырады. Сонымен қатар тілдік құбылыстарды зерттеу мен анықтауда нақты статистикалық ақпараттар берді. [22].

Қазақ тілтанымының лексикография саласында қазақ тілі жиілік сөздіктерінің алар орны айырықша. Әсіресе олардың жастарға білім беру ісінде, мемлекеттік тілді оқыту-үйретуде, оны тереңірек меңгертуде, тілдік қабаттарының дамуын бақылауда, сөздік қорымыз бен сөздік құрамымызды әлеуметтік тұрғыдан зерттеуде өте маңызды. Сөйтіп алдағы кездегі ұлттық тіліміз – қазақ тілінің даму бағыты мен сипатын анықтап отыруымызда мұндай еңбектер көп септігін тигізбек.

Атқарар мақсат-міндеттеріне қарай құрастырылған әр түрдегі бұл аталған жиілік сөздіктерінің әрқайсысы тілдерді оқыту үдерісінде болсын, ғылыми-зерттеу жұмыстарында болсын өзіндік құрылым-сипаттарына орай мүмкіндігінше пайдаланылады, пайдаланылып та келеді. Әрине ол ізденуші мен зерттеуші адамның, сондай-ақ сөздікті қолданушының талғамына, талабына, түсінік-біліктілігіне де тікелей байланысты.

Қысқасы, қорыта айтқанымызда, қазақ тіл біліміндегі қазақ тілі мәтіндері негізінде орындалған лингвистикалық статистика (лингвостатистика) саласындағы зерттеулердің қорытынды-нәтижелерін еліміздегі мектептерде, жоғары оқу орындарында, т.б. білім беретін мекемелерде тіл мәселелерін оқытып үйрету үдерістерінде толығынан пайдалануға болады. Десек те оның көбірек қолданысқа ие болуы, әсіресе мектеп мұғалімдеріне тікелей байланысты. Олар тіл білімінің осы лингвистикалық статистика (лингвостатистика) бағытынан хабардар болып, оның тәсілдерін, нәтижелерін өздері өткізетін сабақтарында қолданып отыруға бейімделулері керек. Өйткені, ол – жаңа бағыттағы жаңа әдіс-тәсілдердің бірі. Сонымен бірге қазіргі заманғы уақыт талабына да толығымен сай келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Статистическое и информационное изучение тюркских языков (тезисы докладов и сообщения). – А-Ата, 1969.
2. Қазақ тексінің статистикасы. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1973. – 732 беттер.
3. Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздіктері. – Жалпы редакциясын басқарған – проф. Е.З.Қажыбек. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 552 б.
4. Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б. Куманша-қазақша жиілік сөздік. Алматы, 1978 ж. 5-6 бб.

5. Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.Б. М.Әуезовтің “Абай жолы” романының жиілік сөздігі. Алматы, 1979. - 336 б.
6. Бектаев К.Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. Алма-ата, 1978 г. - 184 стр.
7. Алексеев П.М.Лексикографическая статистика. Ленинград, 1976 г.
8. Штейнфельд Э.А. Частотный словарь современного русского литературного языка. Таллин, 1963 г.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974 – 1986.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы: «Арыс» - «Қазақ тілі», 2006 – 2014.
11. Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б. Куманша-қазақша жиілік сөздік. Алматы, 1978 ж. 5-6 б.
12. Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.Б. М.Әуезовтің “Абай жолы” романының жиілік сөздігі. Алматы, 1979ж. 336 б.
13. Абай тілі сөздігі. Алматы: Ғылым, 1968. – 734 б.
14. Белботаев А., Жұбанов А., Өскенбаев С. Тіл жиілік сөздігі. – «Абай» энциклопедиясы, - А., 1995
15. Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.Б. М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалары текстерінің жиілік сөздіктері. - Алматы-Түркістан, 1995.
16. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі /Жалпы редакциясын басқарғандар: Қажыбек Е.З., Фазылжанова А.М. –Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.
17. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә., Карбозова Б.Д., Қожахметова А.Қ. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 792 б.
18. Қазақ сөзформа құрылымының жиілік сөздіктері. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,2018. – 552 б.
19. Белботаев А.Б. Қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық статистика және оның терминологиясы жайында. – Сөзтаным. – Алматы, 2002. № 2.
20. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. - А.Қ.Жұбанов, А.Ә.Жаңабекова, Б.Д.Карбозова, А.Қ.Қожахметова. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 792 б.
- 21.Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. –Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б

ӘОЖ 821.613.144.2

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТТІҢ ТАРИХИ БЕЙНЕСІ

УРАЛБАЕВА Г.Е.

Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

СТАМКУЛОВА Б.Ш.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, п.ғ.м., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается исторический образ Махамбета в казахской поэзии как поэма мужества, воплощение духа народа.

Summary. The article examines the historical image of Makhambet in Kazakh poetry as a poem of courage, the embodiment of the spirit of the people.

Махамбет - 1836-38 жылдары болған шаруалар көтелісінің белсенді қатысушысы, қазақ ұлтының тарихындағы беделді батыр және қазақ поэзиясындағы шоқтығы биік дауылпаз жыршы. Оның туындылары әдебиетіміздегі жыраулар поэзиясынан да, зар

заман өкілдері шығармашылығынан да оқшау жатыр. Тарих пен әдебиетте қатар аталатын батыр ақынның есімі бүгінгі ұрпаққа таныс болғанымен, оның поэзиясы әлі де қаламгерлер мен зерттеушілердің, жас ізденушілердің назарын аударуда.

Махамбет поэзиясы - ерлік жыры, халық рухының көрінісі. Сол себепті әдебиеттің әр саласында оның бейнесі қайта жаңғырып, көркем шығармалар арқылы әр әдеби кезеңде көрініс берген. Шығармалардың көпшілігі Махамбетті «Исатай-Махамбет» көтерілісінің шеңберінде қарастырғанымен, батырдың бейнесін әр қырынан сипаттайтын шығармалар да төл әдебиетімізде жиі ұшырасады. Жалпы алғанда батыр-ақын образы кездесетін туындылар ақынның өз жырларынан бастау алып, әдебиеттің әр тегінде кездеседі. Айталық, лирика бойынша Т.Жароков, Қ.Жылқышиев, О.Сүлейменов, М.Сатыбалдиев, Қ.Мырзалиев, Ж.Ерман, Т.Молдағалиев, А.Бактыгереева, Ф.Оңғарсынова, С.Жиенбаев, Т.Медетбек, С.Ақсұңқарұлы сынды ақындардың өлеңдерінде батырдың тарихи бейнесі жасалды. Сонымен қатар, батыр бейнесі поэзиялық эпикада Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет», Ж.Нәжімеденовтің «Жаңғырық», Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім», М.Шахановтың «Нарынқұм зауалы», М.Неталиевтің «Арыстан еді-ау, Исатай», Т.Медетбектің «Махамбет рухының монологу», Ғ.Сейтақтың «Махамбет пен Пушкин немесе Жайықтағы жүздесу» т.б дастан-поэмаларда сөзбен суреттелген. Прозада дауылпаз ақын есімі Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Н.Әбутәлиевтің «Наркескен», Б.Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры» романдарына, Қ.Жұмалиевтің «Айқас», Қ.Мұхамбетқалиевтің «Бас жұтқан бас» т.б повестерге, Т.Әлімқұловтың «Қараой», Ә.Таразидің «Тәж», М.Мәжитовтің «Барлыбай түбіндегі ән» т.с.с. әңгімелерге арқау болған. Ал драмада әзірге тарихи трагедия жанры бойынша үш шығармада - І.Жансүгіров, М.Ақынжанов, Ғ.Сланов пьесаларында көрінеді.

Лирика - әдебиеттің эстетикалық, эмоциялық қырын танытатын, адам жанының ең нәзік иірімдерін ашып көрсететін тегі. Орыс сыншысы В. Г. Белинский де оның адам көңіл-күйімен байланысты екенін жазады. «Лирика деген - өлеңнің жаны. Ол идеяны, адамға тән ішкі сезімді қамти алады. Тіпті, мылқау түйсікке тіл бітіреді, жансыз бейнеге образ береді, оларды ыстық кеуденің қысымынан көркем өмірдің таза ауасына шығарып, өзгеше өмір сүргізеді» [1, 153]. Бұндай әсерді Махамбет бейнесі сөзбен салынған қазақ поэзиясынан алуға болады. Алайда лирикалық шығармалардағы ақын бейнесін алдымен оның өз өлеңдерінен іздеуді жөн көреміз. Себебі оқырманға таныс Махамбетті де, поэзия мен прозаның сан түріне кейіпкер болған Махамбетті де таныстырушы - дауылпаз ақынның өз жыры. Ғалым Ә.Нарымбетов тұжырымдағандай: «Махамбет өлеңдеріндегі ақынның өз бейнесі төл әдебиетіміздегі есімі ел есінде қалатын қаһармандарға орнатылған ескерткіштердің бірі һәм бірегейі іспетті. Ол әлдеқашан қазақ ұрпағының рухын қайрап, қиын шақта жігер беріп отыратын қазынаға айналған»[2, 370].

Махамбет бейнесі ақынның өз өлеңдерінен әртүрлі сипатта көрінеді. Мәселен, «Менің атым - Махамбет», «Шамдансам шалқамнан түсер асаумын» өлеңдерінде ақынның мінез-кұлқы, ал «Еңселігім екі елі» өлеңінде сыртқы келбеті бейнеленген. Ал ақынның психологиялық темпераменті «Қылыштай қиғыр алмас ем», «Белгілі туған ер едім» жырларында көрінген. «Мен Нарыннан кеткенмін» және «Мен ақсұңқар құстан туған құмаймын» Махамбеттің өмірлік ұстанымын, мақсат-мүддесін жеткізеді. «Өлең айтып толғадымнан» ақындық образы, «Сөйлесем даусым аңқыған» өлеңінен тұлғалық биіктігі, асқақтығы аңғарылады. «Мен едімде» оның орындалмай қалған арманы, «Мен тауда ойнаған қарт маралда» өкініші мен жан сыры кестеленеді. Аталған өлеңдерден ақын бейнесі бір бағытта көрініс тапса, кей жырларында Махамбет өзінің қарама-қайшы тұстарын көрсетеді. Айталық, «Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақтағы» жаны нәзік, жаралы ақын «Қарағай шаптым шандоздапқа» келгенде адуын мінезді, ащы тілді батырға айналады. Бұл қатарды тағы бірнеше өлеңмен жалғастыруға болады. Сонымен қатар, дауылпаз жыршының Жәңгір хан мен Баймағамбет сұлтанға арнап шығарған өлеңдерінде де оның өз образы, тарихи бейнесі мен азаматтың ұстанымы көрініс табады. Міне, осылайша Махамбеттің бүгінгі қазақ оқырманына таныс екі бейнесі – ақындығы мен

батырлығы – ең алдымен, өз өлеңдері арқылы білінеді. Ақын жырлары тарихшы ғалымдардың естеліктерінде айтылатын оның мінез-құлқы, әдеттері туралы тұжырымдарға да бұлжымас айғақ бола алады. Мысалы, Х.Досмұхамедов дауылпаз жыршының батырлық пен жыраулық өнерді меңгергенін, шебер домбыра болғанын жаза келе, оның мінезінің тік, сотқарлыққа жақын, бәрі бетке айтатын батылдығы, ақылмен арбайтын айлакерлігі болғанын жазған [3,62]. Жоғарыда санамаланған өлеңдерді түсіне білген оқырман үшін ғалымның бұл тұжырымы тайға таңба басқандай анық та, айқын ұғынылады.

Ақын шығармашылығындағы образдар жүйесі туралы ғалым Қ.Жұмалиев оның екі образ жасағанын, «бірі – Исатай образы, екіншісі - Махамбеттің өз образы»[4,475] екенін айтып тұжырымдайды. Демек, оның батыр ретіндегі ерлігі, ақын ретіндегі жан сыры, адам ретіндегі тұлғасы – бәрін өз жырларынан іздей аламыз. Сол себепті бұл тараушының алғашқы бөлігін ақынның біршама өлеңдерін субъектілі пайым тұрғысынан талдауға арнамақпыз.

Ғалым Ә.Дербісәлин зерттеулеріне сүйенсек, «Қазақ поэзиясы тарихында дарынды ақынның қайталанбас өз бейнесін жасау сияқты көркем әдебиет үшін ең негізгі істің басы Махамбеттен басталады» [5,85]. Алайда қазақ әдебиеті тарихына, оның ішінде жыраулар шығармашылығына үңілсек, әдебиеттегі «меннің» бейнеленуі Қазтуған шығармашылығынан басталғанын аңдаймыз. Бұл тұжырым жыраулар поэзиясын зерттеген бірқатар ғалымдармен де дәлелденген. Өз кезінде өлеңдердегі «мен» образын түрлі факторлар тудырған. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – қоғамдағы қажеттіліктер. Демек, ақынның өз шығармасында өз бейнесін сомдауы – әдеби үрдіс. Бұл дәстүрдің басы да, соны да Махамбет емес. Алайда Махамбет сол дәстүрді жай ғана жалғастырушы емес, жаңа серпін беруші, жаңғыртушы қызметін атқарған. Мысал ретінде Қазтуғанның «Мадақ жыры» мен Махамбеттің «Еңселігім екі елі» өлеңін салыстырайық. Мақсаты мен мазмұны жағынан қос толғаудың бірнеше ұқсастығы бар. Біріншіден, екі шығарма да жаугершілік заманның әсерінен, рух жаншылып жатқан тұста жазылған. Яғни, екеуінің де мақсаты мақтаншақтық пен өзімшілдіктен әлдеқайда биікте тұратын елге қамқор болумен ұштасады. Екіншіден, Қазтуған соңынан жұртын ерткен тайпа көсемі болса, Махамбет те – қол бастаған батыр. Екеуін де халықтың мұңы мен жағдайы алаңдатқан. Үшіншіден, екі шығармада да авторлар өздерінің портретін сөзбен кескіндейді, мінез-құлқын, тарихи орны мен мақсатын білдіреді.

...Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің
Арасын бұзып өтіп дінді ашқан
Сүйінішұлы Қазтуған! [6, 28] - дейді Қазтуған.

Жауырыны жазық, мойны ұзын,
Оқ тартарға қолы ұзын,
Дұшпанына келгенде
Тартынбай сөйлер асылмын,
...Мен Өтемістің баласы

Махамбет атты батырмын, [7, 25]- дейді Махамбет.

Үзінділерден байқалатындай, авторлардың өз шығармашылығында қолданған тілдік бірліктері де олардың өзара ұқсас екенін көрсетеді. Мысалы, екеуі де «шеке» ұғымына баса мән берген. Оның бір емес, екі санымен қатар аталуы да қос авторға тән. Бұл қазақ танымындағы ер баланың «торсық шекелі» сипатымен байланысты. Әрі Қазтуғанның «Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті» деген тармағы мен Махамбеттің «Оқ тартарға қолы ұзын» екендігі бір мағынаны білдіреді, ол қос батырдың садақ тарту өнерін шебер меңгеруі. Сонымен қатар, Қазтуған «Сөйлесе, қызыл тілдің шешені» болса, Махамбет өзін «Тартынбай сөйлер асылмын» деп сипаттайды. Осындай ұқсастықтардың көп кездесуі Махамбеттің Қазтуғаннан көшіргенін не оған еліктегенін білдірмейді, әдебиеттегі «дәстүр

мен жаңашылдық» атты теорияны түсіндіреді. «Дәстүр мен жаңашылдық – болмыстағы, дүние мен әдебиеттегі барлық дамудың бастауы саналады. Бұл екеуі болмаса, өнерде өсу де, ілгерілеу де болмақ емес»[8, 4].

Жалпы Махамбет бейнесі оның өз шығармаларынан бастап, күні бүгінге дейін әр жанрда әр қырынан сомдалып келеді. Көркем образдың әдебиеттің әр тегінде әртүрлі жасалатынын ескерсек, ақын есімін арқау еткен шығармалар да дауылпаз жыршыны әр қырынан сараптайды. Көркем образдың сомдалуына қатысты әдеби-теориялық еңбектерге сүйене отырып, әр текке жатататын бірнеше шығарманы нысан ретінде алып, солардағы Махамбеттің тарихи немесе психологиялық бейнесін жаңаша көзқараспен талдау, әр жанрдағы образ ерекшеліктерін өзара салыстыру, Махамбеттің жалпы қазақ әдебиетіне ортақ көркем бейнесін ерекшелеп, таным таразысына салу - дипломдық жұмысымыздың өзектілігін құрайды.

Махамбет Өтемісұлының тарихи және психологиялық образын жасаған көркем әдебиеттің әр тегіне (эпика, лирика, драма) жататын шығармалар.

Әдеби шығармалар арқылы айқындалған Махамбет бейнесінің әр текте әртүрлі көрінетінін, автор мақсатымен үндесіп тарихи және психологиялық сипат беретінін дәлелдеу. Сонымен қатар, әр тектің Махамбеттің көркем образын жасаудағы ерекшеліктерін талдау да зерттеудің мақсатына жатады.

«Бес ғасыр жырлайды» жинағы, «Махамбет әлемі» сериясымен жарық көрген М.Өтемісұлы жинақтары, Қ.Бекхожин «Өлең өткелдері» жинағы, Ж.Молдағалиев «Таңдамалы» көптомдық шығармалар жинағы, М.Сатыбалдиев «Қызғыш құс» өлең кітабы, «Уақыт және қаламгер» көптомдығының 1-томы, Т.Жароковтың жыр жинағы, О.Сүлейменов өлеңдерінің Қ.Мырза Әли аударған нұсқасы, Ф.Оңғарсынова «Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім» поэмасы, Ә.Кекілбаев «Махамбет» поэмасы, М.Шаханов «Нарынкұм зауалы» поэмасы, С.Адай «Серттесу» поэма-дастаны, Т.Медетбек «Махамбет рухының монологы» дастаны, І. Жансүгіров «Исатай-Махамбет» тарихи трагедиясы, Ғ.Сланов «Махамбет» трагедиясы, Т.Әлімқұлов «Қараой» әңгімесі, Ә.Тарази «Тәж» әңгімесі, Қ.Мұхамбетқалиев «Бас жұтқан бас» повесі, Қ.Жұмалиев «Айқас» повесі, Ә.Әлімжанов «Махамбеттің жебесі» романы, Б.Аманшин «Махамбеттің тағдыры» романы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Белинский В.Г. Избранное. Эстетика и литературная критика М., 1950. - 473 с.
- 2.Нарымбетов Ә. Махамбет – қазақ әдебиетінің классигі. Махамбет Өтемісұлы шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. 3-том. Ақын шығармашылығы туралы зерттеулер мен мақалалар. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. - 440 б.
- 3.Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 384 б.
- 4.Махамбет энциклопедиясы: 20-кітап. - Алматы: Өлке, 2004. - 610 б.
- 5.Дербісәлин Ә. Дауылпаз ақын. // Социалистік Қазақстан. 17.10.1979.
- 6.Ай, заман-ай, заман ай... (Бес ғасыр жырлайды). Екі томдық. Алматы, Қазақ ССР баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті бас редакциясы – РББ. 1991. Т1. - 384 б.
- 7.Жыр арқауы – Махамбет. «Махамбет әлем» сериясы. - Алматы, Арыс, 2003. - 304 б.
- 8.Қаратаев М. Дәстүр және жаңашылдық. 1-кітап. - Алматы: Ғылым, 1980. - 367 б.
- 9.Тәжіғалиева А.С. Қазақ поэзиясындағы Махамбет бейнесінің көркемдік шешімі. Фил.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2006. - 148 б.
- 10.Тұрысбек Р. Махамбет мұрасындағы ұлттық мұрат. // Ақиқат, 2003. №10.
- 11.Махамбет. Жорық жырлары: монография. - Алматы : Халықаралық Абай клубы, 2007. - 404 б.

III СЕКЦИЯ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ӘОЖ. 37.489.05

ҚАРАҚАЛПАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІГІНДЕ ЖАСАЙТЫН ҚАЗАҚТАР СӨЙЛЕНІСІНДЕГІ КЕЙБІР ҮЙ-БҰЙЫМДАРЫ МЕН КИІМ-КЕНШЕК АТАУЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚҰТТЫМҰРАТОВА Ы.А.

Әжінияз атындағы НМПИ, PhD, доцент,
Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

АСАНТАЕВ А.Е.

Қазақ тілі және әдебиеті бағдары 4-басқыш білімгері,
Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктер Говордың лексикалық ерекшелігі болып, жергілікті халық тілінде қолданылатын сөздерді, әдеби тіл мен басқа говорлардың лексикасында кездеспейтін, кездесе қалса, лексикалық мағынасы ауысып, басқа мағынада жұмсалатын сөздердің тобын айтамыз. Мысалы, бұл жердегі халықтың тілінде айтылатын: мәйек–жұмыртқа; пышық–мысық; бейтаба–шұлғау; пышқы–ара; қапы–есік; кәт–кереует; қат–бөлме; пәнжира–фанар; құйы–құдық; шелдеу–тегістеу; пешехана–масахана; шыра–шам; жаба–айыр сияқты сөздер қазақ әдеби тілінің басқа говорларында кездесе бермейді. Кездесе қалған күнде де көрші тілдердің лексикасымен, ескі тайпа тілдерінің лексикасымен, көне тілдің мұрасымен сабақтасып келіп, ерекше сипат алады. Сондықтан бұл жай сол көршілес тілдер мен көне элементтерінің сол территорияда өмір сүрген түрімен байланыстыра, салыстыра, ол тілдермен қаншалықты араласқанын, алмасқанын көрсету, анықтау мақсатында қаралауы керек, яғни қарақалпақ, өзбек, түркмен тілдерімен және басқа говорлармен бірлікте танылуы қажет. Міне осылардың шінде күнделікті тұрмыста, үй жабдықтарында қолданылатын сөздерде диалектілік ерекшеліктер өте көп кездеседі. Мысалы: Үй шаруашылығына, үй жабдықтарына байланысты сөздер. Мұнда үй тұрмысындағы көрпе-төсек, ыдыс-аяқ, киім-кешектен басқа заттар қамтылады.

Жуырқан–көрпе. Мейманға таза жуырқанды бер. Түнде жуырқан жамылмасаңыз, жаурап қаласыз. Жұмыр–сусын ыдысы (кейде май, қаймақ та құяды), малдың қарнынан жасалады. Малшылардың жұмырынан талай ауқат ішкенмін. Жамылғыш//жамылғы–көрпе. Тер көйлек–көйлек. Зархом–жез құман, көк шәйнек, дүмше. Зархомды отқа құйып жіберің. Көкнәрі кесе–үлкен кесе, сапар кесе. Ашығанды көкнәрі кесеменен ішің, шөлің қанады. Керсен–үлкен ағаш, яки темір табақ. Кепкір–қазан ішінен нан, ет т.б. сүзіп алатын құрал. Көзгентай–кішкентай сырлы ағаш тостаған. Күзе–құмыра, жіңішке мойынды, қыштан күйдірілген, сырланған ыдыс. Керме–кереге басына керіп, іліп қоятын қалта. Мына орамалды кермеге сала салың. Құм–балшықтан күйдіріліп жасалған, су құятын ыдыс. Лауа кесе–үлкен кесе. Лауа кесеменен ішемін. Ләккі табақ–ақ табақ (тайпақ табақ). Мойнақ–торсық, түйенің мойын терісінен жасалған, ұзын мес торсық. Метей–шелек, ағаштан жасалған, құлағының тесігі бар ыдыс. Метей көпшілігінде қауға орнына жұмсалады. Нәр–мамық, құс төсек. Самар–үлкен ағаш табақ, керсен. Кейде сенкер деп те айтылады.

Сарқұм–кружка. Келе сала бір сарқұм су ішіп қойып едім. Себет–талдан тоқылған ыдыс, кәрзеңке. Себетпенен жемістер, жүзімдер тасылады. Селебе–қанжар, үлкен пышақ.

Сары қасық–ағаштан істелген үлкен қасық, ожау. Сымшүмек–ақ шәйнек, аққұман. Шайды сымшүмекке салып демдеп, қайтарып барып құйың. Табия–таба, нан жабатын таба. Терме–алаша, тұсқа тұту үшін арналып тоқылған өрнекті алаша. Пәрнек//пәйнек–шәйнек. Тіс аяқ–ыдыс (стакан)–шайды тік аяққа құйып бере берің. Төсек шыпта–төсек астына салатын тоқылған қоға, қамыс, ши. Телбау–шымылдықтың бауы. Шаттауық–от қысқыш, қысқаш, әтешкір. Шаттауық шоқты қысып алу үшін жасалады. Шій қасық–шай қасық, бал қасық. Шал – алаша. Қолдан тоқылған жақсы, қызыл ала шалымыз бар. Шолпы–қазаннан қамыр, ет т.б. сүзіп алатын құрал. Мұның күртiк шолпы, тары шолпы, май шолпы түрлері болады. Шаққы – бірнеше тілді пышақ, бәкі. Шидек – құрт жаятын кішкене ши. Шабақша–кесе салатын ағаш ыдыс. Шиша–бөтелке, шөлмек. Шайға құятын бір шиша сүт керек боп тұрыпты. Мата түрлеріне, киім-кешекке байланысты сөздер Ақ кіреуке – бедерсіз ақ мата. Қарағай найза балаған, ақ кіреуке ки дейді. Аребек – мұрынға салатын сырға түрі. Ақсүп – жұқа шыт. Пешехананы көбінесе ақсүптен тігіп жасаймыз. Алшалғы – алжапқыш, жұмыс істеуге үстін білдірмес үшін киеді. Алшалғы қане, маған берін, үстім бүлінбесін.

Байтаба – қой, түйе жүнінен тоқылып жасалған қалың шұлғау. Балпын бөз – сирек тоқылған қап, қанар жасайтын бөз. Дүкенге балпын бөз көп түсіпті. Бәлшін//балшың – түсі ақ сарғыш, түктілеу шыт. Бұрансыз – түсі қызылдау болып келетін шыт мата. Бұрансыздың еркекқол, кемпірқол т.б. түрлері болады. Қол шаршы – бет орамал, мұрын орамал. Малмал – жұқа матаның бір түрі. Мәкі – кебіс. Кебістің шарық сияқты, жиегі көктелген, тұмсығы қайқы түрі. Сіле – дәке. Тептік – тек мата. Термелі – түсі ақ, сәтеннен де, мықтырақ шыт мата. Термелі қолға көп түсе бермейді. Ұштап – майда, ұсақ гүлді мата. Ұштаптың жібек, сәтен т.б. түрлері бола береді. Бітеу етік – саптама етік. Бестақа етік – өкшелі, жетім ұлтанды, атқа мінгенде аяққа киетін, үзеңгіге ыңғайлы етік. Долаң//ақ долаң –шұлғау жасайтын мықты ақ мата. Дұқат шапан – асыл матадан тігілген шапан. Делегей малақай – бөрік, аласа бөрік. Жегде – еркек көйлек. Жадағай – жұқа, жағасы сырмақ шапан. Жорап – қолдан тоқыған жүн шұлық. Әйел жорап, еркек жорап деп айтыла береді. Жемелек – шашпау, шашқа тағатын тағым. Жапатай – жүнін ішіне қаратып, қой, қозы терісінен тіккен бөрік, айналасы жиектеледі, тысы болады. Кәме бөрік – кәмшат бөрік, құндыз бөріктің бір түрі (қыздар киеді). Күмпей//гүмпей – ішік шапан, (арасына қалың етіп, түйе жүнін салған). Кепеш – тақия, тебетай. Баласына кепеш сатып алды. Құрайшы//құрайыш бөрік – құндыз бөрік. Қызыл тон – сырты мақпалмен тысталған, іші түлкі немесе елтіріден жасалған қымбат киім. Қаңылтақ – жібектен, мақпалдан тігілген, өзі жұқа, өзі жиі сырылған шапан. Қарсы ілгек – ілгек, түйме, бір-біріне ілінетін екі жақты ілгек. Камзолыма тағатын қарсы ілгек іздеп отырмын. Қаптырма ілгек – топсалы ілгек, мұны кейде қаусырмалы ілгек деп те атайды.

Малақай – тақия, жеңіл бөрік, малақайым суға қалқып кетті. Өңірше – күміс жалатқан үш тақталы алқа. Өңіртал – екі тақталы, ортасында бір қарыс шынжырыбар күміс жалатқан алқа. Өңір жиек – күміс не алтын жалатқан төрт жиекті, тақталы, ашпалы алқа. Сырттық ішік – терінің бірыңғай арқа жағынан тігілген ішік. Сол сияқты сырттық тымақ та болады. Собық – күміс, алтын жалатқан үш бұрышты, буынды, екі-үш түймелі сырға. Сеңсең тон – боялған тері тон, сыртында тысы болмайды. Теріні нарқабық, нарпос (шөп аты) сияқты бояумен бояйды. Сыпи табан етік – өкшесіз, жұқа, жеңіл мәсі орнына киетін етік. Өкшесін ұлтан ішінен салады. Асау атқа, бәйге атына мінетіндер киеді. Сірке – түрлі зергерлік заттардың бетіне себіле түсірілген майда төмпешік нақыштар, бедерлер. Түрме – жалпақ жібек белбеу. Ақ түрме басқа орау, тарту, жаулық үшін, қызыл түрде белге орау, байлау үшін жұмсалады. Тегелей бөрік – жиегі елтірі, тышқан терісінен тігілетін, төрт қырлы күмбезді бас киім. Туатаяқ – киім ілетін ілгек. Киім ілу үшін, мүйізден жасалған, киіз үйдің шаңырығына іліп қойылады. Тізкіім – іш киім, дамбал. Ұйық – пима. Шарқат орамал – үлкен шашақты, бірыңғай түсті жібек орамал. Шепік – сандал, көннен тігіледі, тек табаны бар, екі жанынан, маңдайынан жіппен ілініп, аяқтың алқымынан байланады. Шығыт киім – ұзатылатын қызға кигізетін киім-кешек, дүние

7. Қазақстанның жалпы ұлттық қасиетті нысандары. –Астана: Фолиант, 2017. 496 б.

ӘОЖ 37. 96

«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АТТЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СЫР СИПАТЫ

АЛДЫШЕВА Г.Б.

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Мы не можем разделить судьбу нации и судьбу поколений. Если поколение не растёт, то труд уходит в прошлое. Мы-это те поколения, чье видение завтрашнего дня созвучно эпохе, созвучно времени, с мыслью о том, что мы должны помнить о старом силосе, помнить о большой преемственности, о новых традициях в развитии жизни.

Summary. We cannot share the fate of the nation and the fate of generations. If the generation does not grow, then labor becomes a thing of the past. We are those generations whose vision of tomorrow is consonant with the era, consonant with the time, with the idea that we must remember the old silo, remember the great continuity, the new traditions in the development of life.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында елді рухани жаңғырту жайын қозғады. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатынын айта келе, табысты болудың ең іргелі факторы білім екендігін, құндылықтар жүйесінде де білімді бәрінен биік қоятын ұлттың табысқа жететіндігіне кеңінен тоқталған еді. Бүгінгі күнде біз ерекше жылдамдықпен айналамызда өзгеріп жатқан уақыт, көзқарас, технологиялардың куәсі болып жүрміз. Елбасымыз айтқандай, «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған мемлекеттердің озық технологияларын молынан барлық салада қолданамыз. Яғни, солар шығарған көлікті мінеміз, сапалы тауарды тұтынамыз. Дүниежүзілік деңгейде бәсекелестікке сай болу үшін білімнің салтанат құруы аса қажет екендігін Президент ерекше айтуда. «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған мемлекеттердің озық технологияларын молынан барлық салада қолданамыз. Яғни, солар шығарған көлікті мінеміз, сапалы тауарды тұтынамыз. Енді оларды өзіміздің де өндіретін уақытымыз жетті. Солүшін, барлықсалада да сауатты, жан-жақтымамандарқажет. Халықаралық деңгейдегі білімнің басты ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау. Білім мен ғылым аса зор өндіргіш күш болғандықтан, әлемдік жаңа идеология білім күшіне сүйенеді. Білімсіз кәсіпті игере алмаймыз, ал кәсіпсіз бүгінгі нарықта өз орнымызды таба алмаймыз.

Бүгінгі жастар бір емес, бірнеше мамандықты игерсе көптік етпейді. Қазір уақыт жылдам. Тез білім алып, тез мамандықты игермесе, нарық бүгін игерген мамандығымызды ертең жойып жіберері анық. Таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысына жуығы жойылып кетуі әбден мүмкін. Қоғам да, нарық та, көзқарас та жаңарып тұратын мезгіл туды. Бір мамандық иесінен гөрі сан кәсіптің иесі болу күн тәртібінде тұр. Өмір бойы оқып, ізденетін сәт те келді. «Өмір сүру үшін өзгере білу керек» деп Президент айтқандай, тоқтаған, бір орнында тұрған артта қалады. Іс-әрекетсіз, жоспарсыз отырған адам әуелі қиыншылыққа, содан соң дағдарысқа ұшырайды. Таяу

онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысына жуығы жойылып кетуі әбден мүмкін. Елбасы айтқандай, бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, білімді адамдар ғана табысқа жетеді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша ойлаумен қарауды талап етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті. Бала бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүргені бәрімізге аян. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез-келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет.

Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі - тәрбие. Тәрбие - мәңгілік және адамзаттық. Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа қалып отырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам - ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті. Мәдениет жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Бүгінгі таңдағы Қазақстан жайында оқушылардың рухани азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлттаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларды отансүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін қорғауға, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет. Қазіргі жағдайда рухани - азаматтық тәрбиенің өлшемдік көрсеткіштері:

Тұлғаны рухани – азаматтыққа тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады. Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, өскен ортасына байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, оң бағыт беріп, теріс жерін дереу жөндеп, демеп жіберу ата - ана мен тәрбиешіге жүктелер міндет. “Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақытта қонады” деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылық - қасиеттер болса одан арылту қажет. Көптеген қайырымды істер жасап, жақсы мінез - құлықтарды өн бойыңа жинап, ақылдылық танытсаң, міне адамшылдық болғаны.

«Ұлттық рухани жаңғыру» жобасының мақсат-міндеттері:

Бұл жобаның мақсаты – мәдени бірегейлікті жаңғырту, ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы қоғамның мәдени деңгейін, талғамын және рухын көтеру. Бұл жоба негізінен 3 бағыттан және 7 міндеттен тұрады. Жоба аясында 66 ауқымды іс-шара өткізу жоспарланған. Атап айтсақ, бірінші бағыт – Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрініс тапқан құндылықтарды одан әрі дамыту және мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. Кез-келген ұлттың рухани жаңғыруы – оның ана тілінен басталуы керек. Біз қазір мемлекеттік тілді бала-бақша мен мектеп жасынан балаларға үйрету бойынша көптеген жобаны бастадық. Себебі ертеңгі қоғамның бейнесі – бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі көп дүниеге байланысты. Сонымен қатар «Ұлттық тәрбие», «Кемел болашақ», «Ұлағатты ұрпақ» сияқты жобаларды қолға алып отырмыз. Жалпы

2025 жылға дейін мәдени тәрбиеге қатысты жобалармен мектеп оқушыларын 100 пайыз қамту мақсатын қойдық. Екінші маңызды міндет – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту. Мемлекеттік тілге деген құрмет – отбасындағы тәрбиеден және балабақша мен мектептен басталуы керек. Сондықта, бұл мәселеде бірқатар ауқымды жобалар қарастырылып отыр. Атап айтқанда, қазақ тілін оқыту бойынша инновациялық ІТ-өнімдер шығару, орта білім берудің тілге қатысты бағдарламаларына өзгерістер енгізу, техникалық және кәсіптік колледждерде, ЖОО-да қазақ тіліндегі оқулықтардың жеткілікті болуын қамтамасыз ету және т.б. Бір сөзбен айтқанда, мақсатымыз – қазақ тілін тек тұрмыстық қарым-қатынаста ғана емес, ғылым мен білімнің, бизнес пен әлеуметтің тіліне айналдыру. Бұл бағытта Білім және ғылым Министрлігімен бірігіп ауқымды жобалар іске асатын болады. Қоғамның мәдени деңгейін көтеріп, өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту бойынша жалпы 38 жоба қарастырылып отыр, – деді ол.

Департамент басшысының айтуынша, жобаның екінші бағыты «Ел Рухы» деп аталады. Ол 5 нақты көрсеткіш пен 13 іс-шарадан тұрады. Бұл бағытқа мәдениет және спорт министрлігі жауапты. Негізгі мақсат – мәдениет саласындағы қызметтердің қарапайым халыққа қолжетімділігін арттыру, отандық мәдени өнімдерді одан ары дамыту.

Бұл бағыт бойынша елімізде 2025 жылға дейін мәдени нысандардағы инфрақұрылымды дамыту, жаңа мәдени нысандарын салу көзделген. Бұл мақсатта жалпы 250 жаңа мәдениет объектісі салынып, 1200 ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізіледі.

Алдағы уақытта осы мәдени нысандарындағы қызметтердің халыққа, соның ішінде алыс ауыл тұрғындарына қолжетімділігін 92,5 пайызға арттыру, сондай-ақ, еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді ЮНЕСКО-ның мәдени мұра тізіміне енгізу жұмысы да жалғасады. Ал отандық мәдени өнімдерді қолдау бойынша биыл кинопрокаттағы отандық фильмдердің үлесін 25 пайызға дейін арттыру жоспарлануда. Елімізде «Қазақ Анимация» шығармашылық бірлестігі құрылатын болады. Оның базасында 40 анимациялық фильм шығару, осы саладағы 150 шығармашылық жобаға байқаулар, фестивальдар, мемлекеттік тапсырыс түрінде нақты қолдау көрсету көзделіп отыр, – дейді ол.

Ұлттық жобаның үшінші бағыты – жастардың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашатын «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасын жүзеге асыру. Бұл бағыт жастардың рухани кемелденіп, кәсіби жетілуін көздейтін үш ауқымды міндетті қамтиды. Атап айтқанда, 2025 жылға дейін жастардың базалық сұраныстарын шешу, яғни, сапалы және қолжетімді білім беру, жұмысқа орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету, жастардың жан-жақты дамуына құқықтық жағдайлар жасап, рухани-адамгершілік және отбасылық құндылықтарға баулу, жастарды қоғамдық пайдалы істерге тартып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиесіне жаңа мүмкіндіктер ашу мәселелерін шешу көзделуде.

Бұл мәселелерді шешу үшін 15 үлкен жоба қолға алынып, нәтижесінде 8 нақты көрсеткішке жететін боламыз. Аталған жұмыстардың нәтижесінде кемінде 800 мың жастарды тұрғын үй жинақ жүйесімен қамту, тұрғын үй бағдарламаларындағы жас отбасылардың үлесін 25 пайызға дейін жеткізу, жастардың әлеуметтік қызметтерімен бір миллион адамға дейін қамту, іс бастап жатқан жастардың ғылым, ақпараттық технологиялар, медиа, бизнес, стартап-жобаларын қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» аясында 150 грант бөлу, Eljastary мобильді қосымшасы арқылы жастарды мемлекеттік қолдау бойынша ақпаратпен қамтамасыз ету көзделіп отыр. Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Алматы: 2018. – 56 б.
2. Қазақстанның жалпы ұлттық қасиетті нысандары. – Астана: Фолиант, 2017. 496 б.

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАР

НАРМАГАНБЕТОВА Ж.Ж.

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

«Балаларға білім берумен, тәрбиелеумен мұғалімнің қызметі тәмәм болмайды. Ол балаларды тәрбиелеуге, үгіттеуге міндетті, басқаша айтқанда, мұғалім қарапайым қызметкер емес, ол шәкіртінің алдағы өмірін өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып, оларға келешекте өмірде аяғын шалыс басып, соққы жеп өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоры».

Ж.Аймауытов

Резюме. Необходимо духовное возрождение и в сфере образования. Это то, что проявляется благодаря квалификации и знаниям преподавателя. Только преподаватель, который сам модернизируется, сам меняется, совершенствует свое профессиональное мастерство, может внести свой вклад в духовное возрождение.

Summary. A spiritual revival is also needed in the field of education. This is something that manifests itself thanks to the qualifications and knowledge of the teacher. Only a teacher who modernizes himself, changes himself, improves his professional skills, can contribute to spiritual rebirth.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде егемен еліміздің, қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі — білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты, іс болып қала береді. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтары мен түрлі өзгерістері еліміздің білім беру саласына өз әсерін тигізуде. Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр. Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушы да, ілгері апарушы да – балалар, яғни бүгінгі ұрпақ–ертеңгі елдің болашағы. Отбасы мен мектеп, ата-ана мен педагогтер қарым-қатынасы мәселелері бүгінгі жағдайда маңызды болып отыр, өйткені әр оқушының тұлға болып қалыптасуы, өскелең ұрпақтың дамуы мен тәрбиесінің табысты болуы көптеген жағдайда нақ осы мәселелерді шешуге байланысты. Осы заманғы мектеп бұрын-соңды болмаған отбасы қолдауын қажет етеді.

Бүгінде педагогтің ата-анамен жұмысы оларды оқу-тәрбие үрдісіне белсенді тарта отырып, ынтымақтасуынсыз жүргізілуі мүмкін емес. Ұзақ уақыт бойы мектеп – негізгі тәрбиеші, ал отбасы оның көмекшісі және одақтасы деп саналып келгені даусыз. Іс жүзінде отбасы тәрбиесі ата-ана бақыты мен ізгіліктің және барлық тәрбие бастауының негізі болып табылады. "Білім мен тәрбие – егіз ұғым. Осы екі ұғым ажырамай қарастырылғанда ғана толық мақсатын аша алады. Осы орайда, баланы жаңа өсіп келе жатқан жас шыбыққа теңеп, оның өсуі үшін, не қажет екенін түсіндіру үшін білім мен тәрбиенің берілуін табиғаттағы жылудың айналым процесімен көрсетуге болады." Осы жас шыбық жайқалып өсуі үшін, әрине, оған күн, күн сәулесінің жылуы, су, ауа қажет. "Ата-ана әрқашан балаға үлгі болады. Сондықтан бала тәрбиесіне мектеп тарапынан ықпал ету үшін ата-анамен тығыз байланыста болу маңызды. Ал, мектеп-

өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі ролі өте зор. Еліміздің бүкіл жастары мектеп арқылы өмірге жолдама алады. Мектеп еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп, өз бетінше жеке автономиялық мекеме болған емес, сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, жұртшылықпен, еңбек ұжымдарымен тығыз байланысты. Міне, мектептің үлкен тәрбиелік функциясы осында.

Әрбір оқу жылы біздің елімізде белгілі бір жаңалықтарды енгізеді, бұл қазақстандық білім берудегі елеулі өзгерістерге ықпал етеді. Білім мазмұнын жаңартуда оның функционалдық ролі арта түседі. Бүгін білім беру саласының барлық мәселелері мен мақсаттары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырумен байланысты.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының базалық бағыттары жүзеге асырылады. Бәсекелес тұлғаны – елді сүйетін оның өркендеуіне еңбек ететін, туған ауыл мектебіне көмек көрсететін азаматты қалыптастыру үшін қауымға өз қызметін бағыттау қажет. Сонда ғана қоғамның сана-сезімі жаңалыққа бет бұрады.

Егер осыған дейін білім саласында басты мақсат оқушыға нақты білім, ғылым негіздерін оқыту болса, қазір елжандылыққа, адамгершілігі рухани жағынан қалыптасқан, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот етіп тәрбиелеу басты мәселе екенін естен шығармауымыз қажет.

Тәрбие – әрбір мұғалімнің рухани-практикалық қызметі болып табылып, оның кәсіби күші түрлі салаларда өзектен өтіп, шығармашылықпен, ізденіспен, қажетті дағдылармен, жаңа білімдермен қатар ілесіп келеді. Тәрбие тәжірибесін басшылыққа алса, білім беру саласын реформалау қисынында мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына бәсекеге қабілеттілік; прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы деген заманауи критерийлерге сай тәрбиелік іс-шараны модельдеу мен әзірлеуде әдістемелік қажеттілік керек. Бұл дегеніміз, біздің міндетіміз тәрбиелік процес ұйымдастырушыларына осы саладағы зерттеушілік ізденісіне қосылуда көмек көрсету, педагог тәрбиеші айқындамасынан ұйымдастырылып отырған іс-шараны құруға шығармашылықпен келіп, оны түзетіп, жағдайына жетуі, тәрбиелік іс-шараның критерийлер жүйесін сипаттауда екенін көрсетіп отыр.

Іс-шараның табысты өтуіндегі шарттардың бірі – сынып жетекшісінің барлық іске асырылып отырған өзгерістердің маңыздылығын ұғынуында, олардың өзінің әрекетін тәрбиелік процестің шеңберінде талдауы.

Жаңартылған мектептің жағдайында тәрбиелік іс-шараның ролі әсіресе арта түседі, өйткені, ересектер мен балалар бастамасы жағынан тең серіктестер ретінде танылып, бірлесе әрекет етеді. Бос уақыттағы тәрбиелік іс-шараларға қатысу балалар және ересектер ұжымдарын біріктіруге көмектеседі.

Осындай іс-шаралардың әлеуеті үлкен ағартушы, танымдылық, шығармашылық мүмкіндіктеріне ие, олардың игерілуі бос уақыттың мазмұны мен құрылымын байытып, жалпы мәдениетті дамытады.

«Рухани жаңғыру» критерийлері бойынша білім беру ұйымдарында жоспарланатын тәрбиелік іс-шаралар үш деңгей бойынша оқушылардың дамуымен теңдестіріледі. Бірінші деңгей – мектеп оқушыларының әлеуметтік білім алуы және әлеуметтік шынайылық мен күнделікті өмірді алғаш түсінуі.

Екінші деңгей – мектеп оқушыларының қоғамның негізгі құндылықтарына (адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) жанашырлық және позитивті қарым-қатынас тәжірибесіне ие болу, жалпы әлеуметтік шынайылыққа деген құнды қарым-қатынас.

Үшінші деңгей – білім алушылардың өз бетінше қоғамдық іс-әрекет тәжірибесіне ие болуы.

Қорыта айтқанда, еліміздің болашағы қандай болатыны балаларымыздың бойына қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты.

Тұңғыш елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы шыққалы бері барлық жағынан рухани жаңғыру жүйесі қолға алынғаны белгілі. Білім саласына да рухани жаңғыру керек. Ол дегеніміз оқытушының біліктілігі мен білімінің арқасында көрінетін дүние. Өзі жаңғырып, өзі өзгеріп, өзінің кәсіби шеберлігін арттырып отырған оқытушы ғана рухани жаңғыруға сай білім нәрін құя алады.

XX ғасырдың ірі өкілі, белгілі ағартушы Ж.Аймауытов ұстаз қызметін былай сипаттайды: «Балаларға білім берумен, тәрбиелеумен мұғалімнің қызметі тәмәм болмайды. Ол балаларды тәрбиелеуге, үгіттеуге міндетті, басқаша айтқанда, мұғалім қарапайым қызметкер емес, ол шәкіртінің алдағы өмірін өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып, оларға келешекте өмірде аяғын шалыс басып, соққы жеп өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоры».

Оқу-тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде-оқытушы басты тұлға болып табылатыны сөзсіз. Осындай талапқа сай қызмет істеу үшін алдымен оқытушы өзінің теориялық және әдістемелік білімін ұдайы толықтырып, үздіксіз ізденуі, өз мамандығын барынша жетілдіру және қызметі саласындағы жаңалықтар мен өз тәжірибені үнемі пайдалануы тиіс. Сонда ғана оқытушы қызметі бүгінгі күннің талабына сай болады. Үздіксіз іздену – бүгінде оқытушыларға қойылып отырған басты талаптардың бірі. Оқытушы шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік игеру. Оларды өзінің күнделікті қызметінде пайдалана білу, осы орайдағы мұғалімнің шығармашылық еңбегі, ең алдымен, сабақпен байланысты. Демек сапалы, тиімді әрі нәтижелі жүргізген әрбір сабақ – ұстаздың тынымсыз еңбегінің айғағы. Бұл жүктелген міндеттен ауылдық жердегі білім ошақтары да тысқары қалған емес. Мектебімізде оздырылған әрбір шара тұңғыш Елбасымыздың жариялаған осынау бағдарламасы аясында көрініс тауып отырды.

Соның бір дәлелі, ата-бабамыздан бері келе жатқан ұлттық ойынды жаңғыртып, келешек ұрпаққа насихаттау мақсатында мектебімізде асық ойнау бұрышы ұйымдастырылып, оқушыларымыз үзіліс кезіндегі уақыттарын тиімді пайдалануда. Сондай-ақ «Туған жер» бағдарламасы бойынша «100 ән, 100 күй» жобасымен мектебімізде соғылатын қоңырау үндері халқымыздың дәулескер күйшілерінің күйлерімен алмастырылды.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымның бір ерекшелігі- білімгерлердің тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Жаңа педагогикалық технологияларға ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру технологиясы, мәселелік оқыту технологиясы, тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы, түсіндіре басқарып озат оқыту технологиясы, деңгейлік саралап оқыту технологиясы, міндетті нәтижелерге негізделген саралап оқыту технологиясы, модулдік оқыту технологиясы және жобалап оқыту технологиясы кіреді.

Жаңа оқыту технологиясының негізгі мақсаты – білімгерді өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Қазіргі кезде, тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы жиірек пайдаланылып жүр. Мұның мақсатты білім, білік, дағдыны қалыптастыру, оқытуды жежелдету. Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясының ерекшеліктеріне тоқталсақ:

- Үнемі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, жоғары деңгейдегі қиыншылық, блокпен оқыту, тіректі қолдану;
- Жеке бағдарлы қарым-қатынас, ықпал;
- Ізгілік, еркімен оқыту;
- Әр білімгердің жобасының жариялылығы, түзетуге, өсуге, табысқа жетуге жағдай жасау

Қазіргі таңда қоғам сұранысын қанағаттандыру үшін білімді ғана емес, танымдық ізденісі жоғары деңгейдегі мамандарды даярлау қажет. Мұндай мамандарды даярлау үшін, жаңа оқыту технологияларын кеңінен пайдалана отырып, жаңашылдық деңгейдегі танымдық, ғылыми зерттеу жұмыстарын жолға қоя отырып, оқытушы өзінің танымдық,

құзіреттілік білім мен біліктілігін арттырғанда ғана жаңғыртылған білімге сай мамандар дайындайды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асыру жұмысы оқу-біліммен, ғылыммен тығыз байланыста атқарылатын жүйелі үдеріс. Мұны күнделікті өмір тәжірибесі көрсетіп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.akorda.kz/>
2. Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзіреттілігінің теориялық негізі. Бастауыш мектеп 2006 ж., № 7.
3. Профессиональное развитие из опыта учителей. –Алматы, 2005ж.
4. Әбілқасымова А.Е., Омарова Р.С. Мұғалімдердің танымдық іздемпаздығын қалыптастыру негіздері. –Алматы, 2003ж.

ӘОЖ 37. 58

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

НУРМАНОВА Э.Б.

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

«Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады».

Н.Ә. Назарбаев

Резюме. Программа "Рухани жаңғыру «разработана на основе статьи Главы государства» Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания", опубликованной 12 апреля 2017 года. В ней отражены основные цели нового исторического этапа развития нашей нации, а именно: сохранение и приумножение наших духовных и культурных ценностей, вхождение в число 30 развитых стран мира. Проекты, направленные на достижение этих целей, полностью отражены в программе.

Summary. The program "Ruhanizhangyru "is based on the article of the head of state" Bolashakbagdar: Ruhanizhangyru", published on April 12, 2017. It reflects the main goals of the new historical stage of development of our nation, namely: to preserve and increase our spiritual and cultural values, to enter the top 30 developed countries in the world. Projects aimed at achieving these goals are fully reflected in the program.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі - саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт

болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл - тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы ерекше толыққанды жүзеге асқан сайын үлкен қоғамдық әсер ететін болады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жүзеге асырылған «Мәдени мұра», «Халық тарихы толқынында» мемлекеттік бағдарламаларының логикалық жалғасына айналды. Рухани жаңғыру бағдарламасының атқарар қызметі – ел тәуелсіздігін сақтау, қазақ елін әлемнің озық елдері қатарына қосу, ал ол үшін, ең бастысы, қоғамдық тұрақтылық пен ұлттық сананың жаңа белеске көтерілуін қамтамасыз етуде. Әлемнің жаһандану құбылыстары ұлт пен ұлыстардың ынтымақты болуын талап етеді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «туған жер», «ұлттық код», «білім салтанаты», «қасиетті Қазақстан» сияқты қастерлі ұғымдар бар. Қазақстанның қоғамдық-саяси даму жолы, Ұлық Ұлыстан Алтын Орда, одан келе сонау XV ғасырда оның тікелей саяси мұрагері ретінде қалыптасқан Қазақ хандығы, XIX ғасыр басында хандық билік жүйесінің саяси күйзелісі нәтижесінде пайда болған аға-сұлтандық басқару институты, соның негізінде дамып шыққан Алаш-Орда үкіметі, одан келді кеңес құрылымдары пайда болды.

Қазақтың саяси басқару сабақтастығы осы. Қолдарыңыздағы оқу құралы тамыры терең, тағдыры толғамалы ұлт тарихының айшықты да тағылымды кезеңдерінен мол мағлұмат береді. Қайталанбас мәдениеті, тілі мен ділі бар «қазақ» атты дербес ұлтты адамзат сахнасына алып шыққан Қазақ хандығының мұратын жалғастырған, Қазақ елінің ұлттық азаттық алуына іргетас болған «Алаш» идеясы, ұлт-азаттық қозғалысы, партиясы және Алаш Республикасы туралы негізгі, боямасыз тарихы баяндалады. Ерекше ескерте кететін жайт: 1917 жылы дүниеге келген қазақтың тұңғыш «Алаш» ұлттық демократиялық партиясы мен Алаш Республикасын айтпағанда, «Алаш идеясы», «Алаш ұлт-азаттық қозғалысы», «Алаш қайраткерлері» деген тіркестер алаштанушы ғалымдардың зерттеулерінде және жалпы публицистикада шартты түрде жазылып, бірте-бірте ұғым ретінде берік қалыптасты. «Рухани жаңғыру: Мәңгілік Ел құндылықтары және Алаш идеясы» оқу-әдістемелік құралындағы әрбір тұжырым, қағидат, пікір нақты тарихи оқиғаға, бұлтартпас айғақ-дерекке, мұрағат құжаттарына, жарық көрген немесе қолжазба естеліктерге табан тіреп, шынайы, бейтарап көзқараспен сараланған, жан-жақты талдау негізінде жасалған. Бірқатар тараушада иллюстрация ретінде фотосуреттер, мұрағат құжаттарының көшірмелері, төңкеріске дейін және одан кейін жарық көрген шығармалардың мұқабалары, тағы басқа деректік материалдар ұсынылды.

Әр тарауда берілген үзінділер мен 6 РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ дереккөздердің мазмұнымен осы оқу құралымен аттас «Хрестоматиядан» толығырақ таныса аласыздар. Қазіргі рухани жаңғыру үрдісінде тарихи санасы терең мемлекетшіл тұлға, Отан тарихы мен руханият әлемін қадірлейтін елшіл азамат қалыптастыру барынша өзекті. Қазақ баласының ұлт азаттығы мен дербестігі, саяси теңдігі мен рухани кемелділігі жолында тарихи қызмет атқарған тұлғаларды қастерлеу саналы ұрпақ парызы. Ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, әлемдік өркениетке ұмтылған Алаш ардақтыларының тағылымды ғұмыры, қайраткерлік тұлғалары және сан қырлы ғылым салаларынан жазылған іргелі еңбектері біз үшін, әсіресе өскелең ұрпақ үшін адастырмас темірқазық болуы керек. Сондықтан оқу құралында Алаш қайраткерлерінің тұлғалық қасиеттеріне ерекше ден қойылды. Оқу-әдістемелік құралы орта мектептің жоғары сынып мұғалімдері мен оқушыларына, орта арнайы оқу орындарының тыңдаушыларына, «Қазақтану» бағытында жұмыс жүргізіп жатқан этномәдени қауымдастықтарға, жалпы сала мамандары мен тарихқа ынтызар қауымға арналады.

«Өлкетанулық қызмет» бағыты бойынша туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру мақсатымен 5-7 сыныптардың мектеп бағдарламасына «Өлкетану» оқу курсы енгізілді. Жалпы білім беретін орта мектептерде 1670 мектеп музейі, 2179 өлкетану үйірмесі жұмыс істейді. Олардың жұмысына 46,9 мың бала, 93 оқушылар сарайы, 4 жас натуралист сарайы, 18 аула клубы тартылған. 3 жыл ішінде (2017-2019 жылдары) 1 млн астам оқушы қамтылды. Жоба аясында өлкедегі киелі орындарды анықтау, қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, олардың картасын жасау көзделген. Жобаны жүзеге асыру мақсатында Ұлттық музей жанынан республикалық «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы құрылды. Бүгінгі таңда Қазақстанның қасиетті жерлерін анықтау жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Өткен жылы «Қасиетті Қазақстан» орталығының жанынан құрылған ғылыми-сараптамалық кеңес отырысы өткізілді. Нәтижесінде Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар киелі жерлерінің тізімі толықтырылып, олардың саны 206 нысанға, ал жергілікті маңызы бар киелі жерлерінің саны 575 нысанға жетті. Жоба шеңберінде қазіргі заманғы қазақ әдебиетін Біріккен Ұлттар Ұйымында қабылданған 6 тілге аудару көзделген. Аударылған шығармалар заманауи қазақ әдебиеті прозасының антологиясы мен заманауи қазақ әдебиеті поэзиясының антологиясына енгізіледі, бұл антологияларды да БҰҰ тілдерінде басып шығару қолға алынады.

Поэзия және проза жанры бойынша 30 қазақстандық автордың қазіргі заманғы 290 шығармасы ағылшын, француз, испан және орыс тілдеріне аударылды.

2019 жылы Лондон қаласында «Заманауи қазақ әдебиеті прозасының антологиясы» мен «Заманауи қазақ әдебиеті поэзиясы антологиясын» таныстыру шаралары өтті. Қазақ әдебиетінің жауһарларының жинақтары ағылшын тілінде 100 052 данамен жарық көріп, әлемнің 94 еліне таратылды.

Шетелдерде «Рухани жаңғыру» бағдарламасына арналған 100-ге жуық іс-шара ұйымдастырылды:

–кітап, фото және өнер туындыларының көрмесі; Қазақстанның тарихы мен мәдениеті туралы фильмдер көрсетілімі;

–қазақстандық шығармашылық ұжымдардың концерті;

–дөңгелек үстелдер, ғылыми-практикалық конференциялар.

Бұдан өзге, шетелдік БАҚ-та 100-ге жуық мақала жарық көрді.

Шетелдерде қазақ әдебиетінің танымалдығын арттыру мақсатында сол елдердегі Қазақстанның ресми мекемелері қазақстандық жазушылардың туындыларын шет тілдеріне аудару және басып шығару бойынша жұмыстар жүргізуде. Қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінің парсы, малай, поляк, голланд және португал тілдеріндегі жинақтары дайындалды.

Міне қортындылай келе, Анкара қаласында Халықаралық түркі академиясы басып шығарған «Түркі интеграциясының архитекторы» кітабының тұсаукесері өтті. Іс-шара түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру жөніндегі Нахчыван келісімінің 10 жылдығына орайластырылды. Жинаққа Түркі кеңесі мемлекеттері басшыларының, сондай-ақ шетелдік ғылыми және мәдени қайраткерлердің мақалалары енді. Сонымен бірге профессор Г. В. Канның «Қазақстан тарихы» атты кітабы қытай тіліне аударылды.

Мәскеудегі «Современник» драма театрында қазақстандық драматург Р.Мұқанованың ақиық ақын Ф.Оңғарсыноваға арналған «Фариза» спектаклінің премьерасы өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрсұлтан Назарбаев «Ақыл парасат кітабы» Алматы – 2015;
2. Қалиев Н. «Сана жаңғырса, қоғам жаңарады».
3. Егемен Қазақстан – 2017; «Тарих – рухани жаңғырудың іргетасы» Иманбай Д. Ақиқат ұлттық қоғамдық-саяси журнал – 2017;
4. Қазақстан Республикасының президентінің жолдауы. – 2018.

ӘОЖ 37. 059

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – ЕЛІМІЗДЕГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БҮТІНДЕЙ ЖҮЙЕСІ

АЛИМКУЛОВА С.С.

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

“Оқытушыны бағалағанда, олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістіктерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарап бағалау керек”

Ыбырай Алтынсарин

Резюме. Необходимо духовное возрождение и в сфере образования. Это то, что проявляется благодаря квалификации и знаниям преподавателя. Только преподаватель, который сам модернизируется, сам меняется, совершенствует свое профессиональное мастерство, может внести свой вклад в духовное возрождение.

Summary. A spiritual revival is also needed in the field of education. This is something that manifests itself thanks to the qualifications and knowledge of the teacher. Only a teacher who modernizes himself, changes himself, improves his professional skills, can contribute to spiritual rebirth.

«Рухани жаңғыру» – еліміздегі білім берудің бүтіндей жүйесінің, оның ішінде жоғары мектеп үшін айрықша «мүмкіндіктер кеңістігіне» айналуға. Бұл маңызды құжат жоғары мектептің тәрбие және идеологиялық жұмыстарын жүйелеуге кең мүмкіндіктер ашады. Ұлы Абайдың философиясындағы танымдық-ағартушылық ойлардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасында көтерілген мәселелермен үндесіп жатқанын байқауға болады. Абай философиясы еш уақытта ескірмейтін, замана сұраныстарына лайықты жауап табуға болатын жауһарлардың қатарында. Сондықтанда гуманитарлық саладағы білім беру және тәрбие ісінде Абайдай ойшылдарымыздың еңбектері де қолға алған тағдырлық маңызы үлкен осы ұлы іске септігін тигізері анық. Бүгінгі таңдағы ең маңызды мәселеге көңіл

аударуымыз керек. Рухани жаңғыру бағдарламасы, шын мәнінде қоғамдық сананы өзгерту бағытындағы гуманитарлық ғылымдағы инновациялық серпіліс.

Алайда кез-келген ашылулардың ғылымилығы оның методологиялық дайындығымен анықталады. Сондықтан да бүгінгі таңдағы жоғары мектептің, гуманитарлық ғылымдардың алдындағы маңызды міндет – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының методологиясын негіздеу болып табылады. Методологияның өзін, күрделі теориялық және тәжірибелік міндеттерді жүзеге асыру мен қолданудағы дүниетанымдық қағидаларының жиынтығы деп, кең мағынада түсінуіміз керек.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының методологиялық негізінде Елбасының еңбектері тұруы тиіс. Ол үшін түрлі салалардағы ғылыми ойлардың кең ауқымдағы интеграциясы қажет.

Ғылыми әдебиетте Жаңғыру (modernization; modern – заманауи) қоғамдық-элеуметтік эволюциясына, оның құрылымдық 12 және функционалдық жіктелуінің заманауи қоғамның қалыптасуы бағытына қарай өсуіне алып келетін саясаттағы, экономикадағы және мәдениеттегі инновациялардың тарихи ұзақ процесі ретінде белгіленеді. Сондай-ақ жаңғыруды мемлекетті қарқынды дамыту мақсатында жүйені ауыстырмайтын, бірақ қолда бар элеуетті жұмылдыратын іргелі өзгерістер процесі ретінде анықтайды. Жаңғыру процесі сатылы, көпфакторлы, тарихи инвариантты және қайтымды болып табылады; ол өңірлік және өркениетті ерекшелікке ие және әртүрлі қоғамдық ішкі жүйелерде және дамудың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі жылдамдықпен және қарқындылықпен өтеді. Жаңғырудың түпкі мақсаты мемлекетті өзін-өзі дамытуға және өз механизмдерін тұрақты жаңалап отыруға қабілетті жүйеге айналдыру, уақыт талабына сәйкес келтіру болып табылады. Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекет құра отырып, Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды. Сосын, 2030-Стратегиясын қабылдап және Астананы салып, Қазақстан 50 дамыған елдің қатарына енді – бұл Екінші жаңғырудың нәтижелері. Үстіміздегі жылдан бастап, Қазақстан жаһандық бәсекелік қабілетке қол жеткізуге бағытталған елдің Үшінші жаңғыруын іске 13 асыруға кірісті.

Басты мақсат – Ұлт жоспарын орындау негізінде әлемнің 30 озық елінің қатарына ену. Қазақстан Президенті елдің жүйелі және дәйекті эволюциялық дамуын көздейтін мемлекеттік саясаттың өзара байланысы мен сабақтастығына көңіл бөле отырып, еліміз аяқ басқан жаңа тарихи кезеңге тән қауіптер мен сын-қатерлерді жанжақты бағалай келе өзінің рухани жаңғыру тұрғысынан болашаққа терең көзқарасын баяндады. Өзгерістер жолына түскен елдердің әлемдік тәжірибесі жаңғырудың – элеуметтік мәдени өзгерістерден оқшаулауға болмайтын процесс екенін көрсетеді. Жаңғыру біздің заманымызда материалдық өмірді де және рухани өмірді де біріктіріп қамтуға тиіс. Демек, жаңғыру – элеуметтік-мәдени феномен, оның артында тиісті адамның әлемді сезінуі мен дүниетанымы, оның қоршаған ортаны түсінуі және оның ондағы орны, дәлелдері мен мінез-құлық стилі, құндылық бағдарлары мен мәдени қалауларының меңгерген жүйесі, соның ішінде өмірдің саяси нысандары, белгілі бір құқықтар мен міндеттемелер жүйесі тұрады. Нұрсұлтан Назарбаев жаңғыруды мемлекетті қарқынды дамыту мақсатында жүйені ауыстырмайтын, бірақ қолда бар 14 элеуетті жұмылдыратын іргелі өзгерістер процесі ретінде бөліп көрсетеді. Елбасы өз мақаласында былай анықтайды – саяси жаңғырудың да, экономикалық жаңғырудың да табысты болуы бірінші кезекте қоғамдық сананың руханият басым болатын деңгейіне тәуелді. Сондықтан бүгінгі таңдағы рухани қайта өрлеу – ең өзекті міндет.

Бүгінгі таңда, Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру шеңберінде, үш жаңғырту процесі жүзеге асырылатын болады: саяси реформа, экономикалық өрлеудің жаңа моделін құру және қоғамдық сананы жаңғырту. Реформалар нәтижелілігінің маңызды алғы шарты – азаматтық келісім, әртүрлі саяси күштердің ынтымақтастығы мен жаңғырту жобасын іске асыру мақсатында қоғамның бірігуі. Бұл мәдени кодты өзгертуді, жаңа құндылықтар мен қалаулы болашақ бейнесін қалыптастыруды көздейтін қоғамдық сананы жаңғыртусыз мүмкін емес.

Жаңа үлгідегі жаңғырудың бірінші шарты – өз мәдениетін, өзінің ұлттық кодын сақтау. Онсыз жаңғыру бос сөзге айналады. Бұл ретте тарихи тәжірибе мен салт-дәстүрлерге тым жоғарыдан қарауға болмайды. Керісінше, үздік дәстүрлерді жаңғырту сәттілігінің маңызды шарты етіп алу керек. Бұл жерде Президент жалпы қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағыттарын бөлім көрсетеді. Бұл бағыттардың барлығы жеткілікті дәрежеде өзекті және уақыт сынқатерлеріне сай келеді. Ең алдымен, бұл бәсекелік қабілет, ол кезде жаңа заманның жақсы жақтарын ала отырып, жаңа нақты ахуал мен шарттарға шоғырлану және бейімделу маңызды. Әрбір қазақстандық өзіне өңірлік және жаһандық нарықтарда ұтымды нәрселер ұсына алуы үшін ең маңыздысын бөліп алуы тиіс. Бұл тек материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге интеллект пен білім. Мұның сөзсіз алғышарттарының қатарында компьютерлік сауаттылық, шет тілін білу және мәдени ашықтық сияқты факторлар тұрады. Сондықтан «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы да, үштілділік бағдарлама 16 сы да, мәдени және конфессионалдық келісім бағдарламасы да – ұлтты 21 ғасырдағы өмірге дайындаудың бір бөлігі деп атап өтеді Президент. Өзінің бағдарламалық мақаласында ол әдеттер мен стереотиптерді өзгертпей жаңғыру мүмкін емес деп атап өтеді, бұл ретте маңызды бағытты – прагматизмді бөліп көрсетеді. Өз кезінде ұлттың бейберекеттігі Арал теңізінің жойылуына, мыңдаған гектар табиғи жерлердің экологиялық апат аймағына айналуына әкеп соқты делінген мақалада. Бұл аса бейпрагматикалық қатынастың, бұл жағдайда қоршаған ортаға сондай көзқарастың жарқын мысалы. Сондықтан шынайы мақсаттарға қол жеткізуге көңіл бөле отырып оңтайлы өмір сүру – мінез-құлықтағы прагматизм деген осы деп атап өтеді. Және бұл – қазіргі әлемдегі жалғыз сәтті модель. Бұл ретте ұлттық бірегейлікті сақтау маңызды.

Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тіл мен музыка, әдебиет және үйлену ғұрыптары, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рух халықпен мәңгі қалуға тиіс деп атап өтеді Президент. Бірақ көне және қазіргі шынайы өмірде артық әдеттерден және құмарлықтан арылу қажет. Мысалға, біртұтас Ұлтты өңірлік бөлуді артта қалдыру қажет. Біз меритократиялық қоғам құрудамыз, онда әрбір адам жеке үлесімен 17 және жеке кәсіби сапасымен бағалануға тиіс деп жазады Мемлекет басшысы. Таяу онжылдықтарда барлық кәсіптің жартысы жойылады және мұндай жағдайда тек жоғары білімді адам ғана сәтті өмір сүре алады.

Сондықтан Қазақстан білім беру саласын бюджеттік қаржыландыру үлесі бойынша ең озық елдердің қатарында. Егер жастардың құндылықтар жүйесінде білімділік басты құндылыққа айналар болса, ұлт табысқа жетеді деп сенеді. «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толығымен түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз... Осылайша, тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – деді Президент. Сол кезде қазақ жазуының латын жазуына көшуінің нақты датасы 2025 жыл деп көрсетілген.

Президенттің бағдарламалық мақаласы – бұл рухы жетілген ұлттың өз бірлігін одан сайын нығайтып, оны материалды деректі түрінде іске асыра алу мақсатында зерттеу және ұйымдастырушылық тәжірибелік жұмыстарды бірдей бастауға мүмкіндік беретін қуатты ресурс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.akorda.kz/>
2. Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзіреттілігінің теориялық негізі. Бастауыш мектеп, 2006 ж
3. Профессиональное развитие из опыта учителей. – Алматы, 2005ж.
4. Әбілқасымова А.Е., Омарова Р.С. Мұғалімдердің танымдық іздемпаздығын қалыптастыру негіздері. – Алматы, 2003ж.

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В УСЛОВИЯХ ДУАЛЬНО - ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ

ЖОЛАНОВА Г.Е., АМАНГЕЛДІ Қ.

Средняя школа №35 А.Гайдара, Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Мақалада кәсіби білім берудің дуальды түрі нарықтық экономика жағдайына сәтті бейімделген білім беру құбылысы ретінде қарастырылады.

Summary. The dual form of professional education is considered by scientists as an educational phenomenon successfully adapted to the conditions of a market economy.

Дуальное обучение, как показывает опыт европейской системы образования, является продуктом тесного взаимодействия образовательных учреждений и работодателей по успешной профессиональной и социальной адаптации будущего специалиста.

Дуальная модель-это объединение интересов бизнеса, будущего специалиста и государства. Эта система предполагает, что 70-80% времени обучаются непосредственно на производстве и только 20-30% - в учебном заведении. Студент на ранних этапах учебного процесса включается в производственный процесс как работник предприятия, который в соответствии с функциональными обязанностями распоряжается выделенными ресурсами, несет должностную ответственность, приобретает профессиональные навыки, получает заработную плату при определенных условиях.

Дуальный тип профессионального образования рассматривается учеными как феномен образования, успешно адаптированный к условиям рыночной экономики. Сегодня образовательным учреждениям нужны специалисты с новым сознанием, обладающие новыми компетенциями и способностями, воспринимающие современную действительность, способные дать положительный импульс стабильности и равновесию социальной сферы.

В первую очередь эта задача стоит перед высшим педагогическим образованием в Республике Казахстан, непосредственно направленным на совершенствование подготовки педагогических кадров на основе дуального ориентированного подхода. Это означает, что современный педагог – психолог должен реагировать на вызовы времени, естественно, в пределах компетенции, связанной с его профессией.

Как известно, дуальная система профессионального образования приобрела мировую популярность, это широко распространенная и признанная форма подготовки кадров, сочетающая в себе теоретическое обучение в учебном заведении и практическое обучение в образовательных учреждениях. Он широко распространен в Германии, и его образовательные и экономические достижения ясно показывают ценность дуального обучения.

Германия является одним из лидеров по уровню квалификации кадров, и ее дуальная система образования в основном является моделью для всего Европейского Союза.

Главная задача, которую необходимо решить в нашей системе педагогического образования-формирование принципиально новой модели профессиональной подготовки, преодолевающей отставание в структуре, объеме и качестве человеческих ресурсов от конкретных требований образовательных учреждений. В своем решении опыт развития дуального типа профессионального образования Германии может быть очень полезен.

Как известно, основанием для внедрения дуального обучения в Республике Казахстан послужило заявление президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева о намерении казахстанской стороны внедрить систему подготовки профессионально-

технических кадров на основе немецкой дуальной модели в рамках визита в Федеративную Республику Германия в феврале 2012 года.

Был проведен опрос среди учителей школ, преподавателей педагогических колледжей и руководителей отделов образования республики. Опрос направлен на определение степени удовлетворенности педагогов полученным педагогическим образованием в вузе, существующих стереотипов обучения в вузе, выявлением трудностей, с которыми они сталкиваются в своей профессиональной деятельности и пожеланиями по улучшению педагогической подготовки в вузе. В опросе приняло участие 200 педагогов из Жамбылской области.

Опрос показал, что в целом педагоги считают профессию учителя одной из главных и удовлетворены уровнем профессиональной подготовки в вузе, хотя 68% педагогов отметили необходимость увеличения часов на практику во время обучения в вузе. 51 % проведения лабораторных, практических занятий на базе школы и колледжа. 74% взаимодействия (интеграции) школы, колледжа и вуза в ходе профессионально-педагогической подготовки.

Пилотажный опрос показал необходимость внедрения в процесс подготовки педагогических кадров инновационной системы, т.е. дуального обучения предполагающей увеличение практической составляющей процесса подготовки при тесном сотрудничестве и интеграции деятельности вуза со школами, колледжами и образовательными центрами, внедрение

Эффективность дуального обучения заключается в том, что полученные теоретические знания подкрепляются практическими работами в учебных заведениях, а также во время педагогической практики.

Под дуально-ориентированной подготовкой будущего педагога мы понимаем процесс и результат формирования знаний, умений, навыков, которые, дополняя друг друга, обеспечивают более высокий уровень профессиональной подготовки будущего специалиста к педагогической деятельности.

Программы дуально-ориентированной подготовки педагогических кадров, возможно, реализовать на конкретных рабочих местах в образовательных учреждениях под руководством педагогов колледжей и школьных учителей-наставников, включают в себя три основных компонента:

- практические и лабораторные занятия;
- учебную, производственную (педагогическую) практику;
- внеаудиторную работу (экскурсии, круглые столы, семинары-практикумы).

Нами предприняты некоторые шаги по внедрению дуально-ориентированной подготовки педагогических кадров: разработать и внедрить систему работы по осуществлению взаимосвязи «учитель школы - преподаватель колледжа - преподаватель вуза» и «учащийся школы студент колледжа - студент, магистрант, докторант вуза» для повышения качества усвоения учебного материала и особенностей организации учебного процесса в них.

Согласовав общие позиции в понимании значимости дуально- ориентированного обучения в подготовке высококвалифицированных компетентных специалистов и основные направления ее реализации, выработали следующие рекомендации по его дальнейшему развитию:

- 1.Внести изменения и дополнения в Закон Республики Казахстан «Об образовании», направленные.
- 2.Обосновать теоретико-методологические, научно-методические основы дуально-ориентированного (педагогического) образования.
- 3.Разработать нормативно-правовую базу и механизмы реализации дуально-ориентированного обучения.

4. Разработать профессиональный стандарт, определяющий в рамках различных видов профессиональной деятельности требования к содержанию и условиям труда, квалификациям и компетенциям специалиста по различным квалификационным уровням.

5. Ввести в практику регулярное проведение республиканских научно-практических конференций и других форм по проблеме дуального образования, что позволит коллегиально оценить результаты совместной деятельности вуза, колледжа, школы, производственных предприятий органов управления образованием, бизнес-сообществ в области модернизации национальной системы образования в контексте дуального обучения и актуализировать задачи ее дальнейшего развития.

Потенциальным ресурсом современной подготовки будущего педагога должна стать ее новая модель, которая реализуется в дуально-ориентированной образовательной среде вуза.

Список использованной литературы:

1. Балташ П.Н., Жолдасбекова С.А. и др. К вопросу развития системы образования Казахстана в дуальном формате. - 2015. - [www.http://gigabaza.ru](http://gigabaza.ru).

2. Гилева Н. Дуальное обучение как основа профессионального образования // Кадры. Труд. Управление в организациях, 2015г.

3. Бустекбаева А.Т. Внедрение элементов дуального обучения в учебный процесс // Қаржы. Финансы, 2015г.

4. Послание Президента Республики

5. Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие», 2015г.

ӘОЖ 378.016

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАҢА ҒАСЫРДЫҢ БАСТАУЫ

НҮСКЕ А.Ж.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ҚҰРМАНБАЙ А.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В докладе подчеркивается, что для создания нового Казахстана прежде всего стоит задача обновления нашего сознания с духовной точки зрения. Написано, что наступил не только век знаний и умений, но и то, что нам нужно шагнуть в зрелую стадию сознания.

Summary. The report emphasizes that in order to create a new Kazakhstan, first of all, the task is to update our consciousness from a spiritual point of view. It is written that not only the age of knowledge and skills has come, but also that we need to step into the mature stage of consciousness.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарыққа шыққан болатын. Аталған мақала қазақ халқының төл мәдениетін біраз тарамдап, тарих беттерін парақтады. Еліміздің сан ғасырлық тарихына көз жүгіртті. Өткенін білмей болашаққа бағдар жасау әсте мүмкін емес. Алдымен Елбасымыз кеңістік пен уақытқа тоқталып, біршама өзгерісті атап өткен болатын. Содан бері мәдениетімізде, әдебиетімізде жанданды. Бұл мақала жарық көрмей тұрып, бір жыл бұрын Елбасымыздың «Рухани жаңғыру болашаққа бағдар» атты мақаласы жарық көрген болатын. Ол мақалада

алдымен ұлт пен адамзаттың рухани құндылығы басты назарға алынады. Алға қойылған нақты мақсат ретінде қоғам мен әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты мен өмірін түбегейлі өзгертуге арналған мүмдіктер қарастырылады.

Білімнің салтанат құруы және ұлттық құндылығымыздың жоғары деңгейде қалыптасуы еліміз үшін бірден-бір жарқын болашақтың кепілі. Әрбір қазақстандықтың сауатты және білімге құштар болуы еліміздің ертеңі. Сонымен қатар, жас ұрпаққа саналы жол мен еліне деген шексіз сүйіспеншілігін арттыру қазіргі таңның негізгі мақсаты. Патриотизм – өлшем бірлігі жоқ тұлғаның ішкі жан дүниесінде қалыптасқан жігері мен қайраты.

Туған жерге, елге, халыққа құрмет көрсету халқымыздың байырдан келе жатқан бай мұрасы. Сол арқылы келешек ұрпаққа жол сілтеу қоғамның алғышарты. Елбасының мақалада тілге тиек етіп алатын тағы бір ерекшелігі- ата-бабамыздан келе жатқан, салт-дәстүрді жаңғырту. Дәстүрсіз қалыптасқан елдің жойылып кету қауіпі саналы түрде. Ұлттық құндылық пен салт - дәстүрімізді сақтап келешек ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз.

Әрбір қазақстандықтың білімге құштар болған сайын, іргелі елдердің жастарымен теңесіп, бәсекеге қабілеттілігі арта түседі. Нақты міндеті – қоғам үшін пайдалы өнім ұсыну. Білімге құштар азаматтардың көп болуы, саналы тұрғыда халықтың да бәсекеге қабілетті болуы.

Туған жер – адам үшін мәңгі есте сақталатын, балалық шағының бір белесі. Ауылдық елді - мекендердің жағдайын жақсарту және жастарды ауылға тарту мәселесі де назардан тыс қалмады. Туған жер – халқымыз үшін салт-дәстүрге бай орта. Сондықтан аталмыш жаңғырудың бір бөлігі де осы.

Елбасының жария еткен әрбір бағыты – қоғам үшін, адамзат үшін кемелденудің жарқын жолы және экономика мен барлық саланың дамуына ықпал ететін үлкен бір фактор.

Еліміз қалыптасқан уақыттан бері теңдессіз ауыр кезеңдерді басынан кешірді. Тәуелсіздікке қол жеткізген халқымыз, болашақ ұрпақтан білім мен мәдениет жолына түсуіне үлкен мүмкіндік берді. Мүмкіндікті дұрыс пайдалана білу тек өзіміздің қолымызда. Білімнің негізі әрбір елдің дамуға жол көрсететін сарқылмас қайнар көзі.

Халқымыз сан ғасырлық тарихи даму кезеңінде басынан қиян-кескі, зұлмат оқиғаларды бастан кешірді. Осының өзі біздің елімізді алға жетелейтін күш. Ұлттық құндылығымызды дәріптеу арқылы біз өзімізге деген құрметімізді одан әрі жетілдіре түсеміз.

Қазіргі біздің басты мақсатымыз – әрбір қазақстандықтың бойына рухани адамгершілік пен кемелдену жолын ұсыну. Еліне деген әрбір адамның сүйіспеншілігі бізді ұлттық болмысымыздың мызғымас берік болмысы.

Дәстүр мен жаңашылдық сипатын бірге қалыптастыру жарқын болашаққа есік ашатын кілт. Еліміздің іргесін мығым етіп қалыптастыру жастарға берілген үлкен бір міндет. Рухани тұтастық пен өткеннің тәжірибесін бойға сіңіру патриотизмнің алғышарты. Елбасының көрегенді саясатына арқау болған бұл мақала еліміздің даму кезеңін, сындарлы саясатын арқау ететін еліміздің даму тарихы.

Еліміздің алдына қойған таяу жылдардағы мақсаты 2025 жылға дейін латын әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиін қолданысқа енгізу. Әліпбиге көшудегі негізгі мақсат - қазақ тілінің өзіне тән үндесім заңдылығын сақтау. Тіліміздің тазалығын, көркемдігін одан әрі кеңейту. Иә, естір құлаққа жауыр болған әңгіме дерсің, алайда қазақ елі болып құрылған күннен-ақ алдымызда заңғардай биік, алыс та қилы жолдың бастауында жұрты үшін, елінің қамы үшін эканомика бағытына көп көңіл бөлінген—ді. Осыған байланысты санамен жан-жақты ойлау кейінге қалып, тек көтерілу жағы мен, жеріміздің шекарасын шегелеп алар тұсты құр жібермей қолға аталған бағытты таңдау дұрыс болғанба деймін. Қазір бейбітшілік заман. Егер тарих беттерін бедерлесек небір ауыртпашылықтармен де,

небір қиындықтармен де ұшырасамыз. Аллаға шүкір, алдымызға қарайласақ алаңсыз болашақты көреміз демесекте, елестете алатындай жағдайдамыз.

... Біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық... Бұл елбасының мақаласындағы ең өзекті үзіндісі. Мұнда айтылған екі реформада жаңғыруды көздеген. Алайда жасампаз жастарымыз бен көреген халқымыз осы бір реформалық жаңғырудың астары, рухани жаңғыруда екендігін аңғарды. Біз адамдар осы рухани жаңғыру ұғымын қалай түсініп жүрміз? Жалпы жаңғыру сөзін, жандану сөзімен мағыналас синонимдер етіп алмадық па?

Осы секілді сауалдар барша жұртты ойландырғанда шығар. Біз әлемдік деңгейде жанданармыз, халықаралық дәрежеде мүмкін, абыройымыз артып, даңқымыз жер жарар. Ал жаңғырып жатсақше? Онда не болмақ? Кімге не пайда? Рухани жаңғыру – нағыз елдіктің шыңы, асқар биігі. Отанды жалындатар, халқын асқақтатар азаматтарымыз тек осы рухани құндығымыз бен, ұлттық санамыз оянғанда ғана барып қапаста қамаулы санамызға бір шырағдан жағылар. Мұнда елбасы сәл, азғантай ғана болсын бізге жат болып бара жатқан қазақи дәстүрмен, қазақи данышпандылықты қайта қайтаруға үлкен мүмкіндік ашқандай. Ал сол мүмкіндікті ұтымды пайдалау біздің, жастардың қолында деп білем. Келешек ұрпақтың енді қалыптасып келе жатқан тап-таза саналарын шет елдің ұлтымызға жат, берерінен алары көп, сіңіретінен сіміреті көп арам пиғылды ойларынан аластау болмақ. Алда қойған мақсат міндеттерді саралар болсақ өткенге бір көз жүгіртпей болмас. Менің бұл сөдеріме демеу беріп, осындай ой қалыптастырума себепші болған елбасының мақаласындағы осы үзіндісі еді. «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арыл-масақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек». Мұнда нағыз елінің отансүйгіш азаматтарының не нәрсеге елітіп, нендей дүниені ойына түйгені абзал екендігі баса айтылған.

Шынында, күн санап өзгеріп жатқан әлем, күн санап дамып жатқан технология осының барлығы санамыздың улануына әсер етпей қоймас. Сананың жаңғыруын осы кезде қолға алмасақ, болашақ технология мен шетелдік исең икемі жоқ, көрсең қисыны жоқ бұлыңғыр әлемге айналары сөзсіз. Тарихи кезең басталды.«бүгінгі күн-ертеңгі тарих» демекші, тарихты біз жазамыз, біз қалыптастырамыз. Сол тарихты саналы ұрпақ қалыптастырар болса, келешек ұрпақ ешқашан жаман дәуірді еске алып отырмас па еді.

Прагматизм. Елбасының бұл тарауда не айтпақ болғаны да оқысаңыз белгілі жайт. Елдің сауаттылығы. Рухани тұрғыдан дамуы.«Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес.

Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді»

Осы уақытқа дейін қанымызға сіңіп, басымызға шыққан сонау бір арылмастай көрінетін нәубеттерден құтылуды айтқан. Қазақи мәдениетіміз бен әдебиетімізгі мүлде жат дүниелерді бет алды сіндіріп алғанымызды баяндап отыр. Ол солай болу керек болды. Солай жасалды, солай қалыптасты. Бірақ ол кезінде. Қазір еліміз аман, жұртымыз тыныш, алдына қойған мақсаты бар, артында қалған айрықша сенімді әрі нық қадамдардың ізі бар қиында, күрмеулі жолымыз бар. Осынау істе неліктен рухани саныны жаңғыртып алмасақ. Себебі, рухани құндылық қалыптаспай, рухани сана орнамай ешқашанда өзіміз армандаған мәңгілік ел бола алмаймыз. Мәңгілік ел болудың кілті— осы санамызда. Бұрындары неге психология маңызды саналған. Қазірде солай. Өйткені елді түгел теп—

тегіс алудың жолы ұлттық сананы жоюда, адамдық маңызы бар қаситтерді жоюда болған. Түптеп келгенде бізде фундамент бар. Санамызда сақтаулы ұмытылмас дәстүрлеріміз бен киелі жерлеріміз бар. Осындай дәуірлеп келе жатқан рухани болмысымызды сақтау біздің борышымыз.

Ұлттық бірегейлікті сақтау. Тағы бір маңызды таруы болса керек.

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.

Оның екі қыры бар.

Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?». Мұнда қойылып тұрған сұрақты қалай түсіндік. Адам ойы жүйрік қой шіркін қашанда. Таңқалдырмай болама. Бірден артық ойды емес, қажетті ойды ойласаққой әрдайым. Ұлттық санамызды ұмытпай, жаңа ғасыр үніне де құлақ түре білу керек деген сөз бұл. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» деген барғой қазекенде. Бабаларымыз қалта айтпаған ғой. Барлық даудың төрелегін нақылмен шеше білген. Сол секілді елбасыныңда айтар ойы, жеткізгісі келген негізгі мақсаты да осы болғандай [1, 56б.]. Жалпы ұлтымыздың болашағы да, жол көрсетер темірқазығыда жастар. Артылған сенімді ойдағыдай ақтап шығу кеуделерде елім деп соққан жүректің басты міндетіне айналуы қажет. Сонда ғана біз үшін алыс көрінген жарқын болашақтың аш таңы алдыңнан атар.

Қоғамдық сананы жаңғырту мен кемелденуіне арналған жобаның бірі елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» жобасы. Бұл іргелі жоба сана мен ұлттық мүдденің қалыптасуына арналған идея. Рухани жаңғыру дәуірі мақсат пен мүдденің, сана мен қазақилықтың жоғары деңгейге көтерілудегі сарқылмас күші. Жаңғыру кезеңі – еліміздің бүгінгі мен болашағы. Жас ұрпақтың бойына патриотизм мен рух беру жаңғырудың үлкен бір процесі [2, 37б.]. Мақаланың бірден көзге – бір мақсаты қазіргі жаһандану заманында қоғамға түзу жол көрсетіп, адами құндылықтадан айырылып қалмауына үлкен септігін тигізу. Расында, өткенді саралай келе біз алдағы уақытқа үңілеміз. Келешек ұрпақтың тәрбиесі жаңашылдықпен қатар, тарих қойнауында ұмыт болып келе жатқан өткен естеліктерді жаңғыртып еселендіруге баулайды. Мәдениеті мен әдебиеті қатар дамып келе жатқан еліміздің болашағын жарқын ететін осы келер ұрпақ. Сол себепті олардың тәрбиесіне бүгіннен мән берсек, елдігіміз мәңгілік болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Муханбетжанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі. Алматы 2011
2. «Оқыту теориясы», Алматы баспасы. Қазақстанның ашық университеті.

ӘОЖ:82.09

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

ЖОЛДАСОВА Б.К.

№25 орта мектеп педагог-психологы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Главное требование сегодняшнего дня, современной эпохи глобализации-воспитание поколения, способного следовать за цивилизованным обществом. Наша цель состоит в том, чтобы образованная молодежь страны, которая ставит перед собой задачу уравнивания стен со странами мира, укрепляла независимость, укрепляла национальное

воспитание, чтобы поколение процветало в будущем. Одно из условий ее достижения – опора на национальное воспитание.

Summary. The main requirement of today, the modern era of globalization, is the education of a generation capable of following a civilized society. Our goal is for the educated youth of the country, which sets itself the task of equalizing the walls with the countries of the world, to strengthen independence, strengthen national education, so that the generation flourishes in the future. One of the conditions for its achievement is reliance on national education

Бүгінгі күннің, қазіргі жаһандану дәуірінің, басты талабы – өркениетті қоғамға ілесіп алатын ұрпақ тәрбиелеу. Әлем елдерімен қабырғасын теңестіруді меже етіп отырған елдің білімді жастары тәуелсіздікті нығайтады, ұлттық тәрбиемен сусындаған ұрпақ болашақты гүлдендіреді деген сенім мақсатымызға айналып отырғандай. Ал, оған қол жеткізудің алғы шарттарының бірі – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу.

Саяхатшы, зерттеуші А.Янушкевич: «Мен қазақ ақынының суырып салма өнерін, асқақтата салған әнін тыңдап, ерекше әсерге бөлендім, бұдан бірнеше күн бұрын екі ел егесінде шаршы топтың алдында сөз сөйлеген шешендерді көрген едім, сонда мен тумысында Демосфен, Цицерондарды естіп, білмеген жандардың жезтаңдай ділмарлығына таң-тамаша болған едім. Ал, бүгін менің алдымда не оқи, не жаза білмейтін ақындар бұлбұлдай сайрап отыр. Жаратқан иесі мұндай өнер берген халық мәдениет әлеміне өгей болуға тиіс емес...» деп атап көрсеткендей, атамыз қазақ бір ауыз сөзбен қуанып, бір ауыз сөзбен жауын орнынан тұрғызбай тастаған шешен, қайсар, кеңпейіл халық болған. Қара қылды қақ жарған төрелігін халық мойындаған. Атақты орыс зерттеушісі таң еткен шешендер мен ақындар сияқты Жиренше шешен айтып кеткен «жақсылар» қатарында бір-бірінен бөле-жара қарауға келмейтін әйгілі Төле, Қазыбек, Әйтеке билер ойып орын алады. Үш жүздің басын біріктіріп, адал төрелігімен халық қалаулысына айналған, есімі өшпес үш бидің өмірі мен өнегесі – біздің асыл мұрамыз.

Руханияттың бір өлшемі, қолдаушысы және қорғаушысы билік, басқару, әкімшілік екені ақиқат. «Басшысыз ел – жетім» демекші, қазақтың ұлыс болып ұлғаюы, елдігін құрып орнығуы жолындағы би-шешендердің рухани дәстүрі өз алдына бір төбе. Билер дәстүрінің басты басымдылығы – адамды тәрбиелеу, адамгершілікке баулу, өнегелі азаматты қалыптастыру, адамға қажетті ізгі қасиеттерді үлкен құндылық дәрежесіне көтеру. Бұл мәселелер – тұлғалық пен елдіктің тұтқасы. Би-шешендер сол тұтқаның ұстанымын айқындады және соған сүйенді. Онысы:

Кісілікке қайшы іске қарап тұрмау;

Кісілікке қайшы сөзге бас шұлғымау;

Кісілікке қайшы былыққа батпау;

Кісілік қасиетті ақтау, құдіретті баптау, – “кәміл адам” тәрбиелеудің тиегі мен пернесін орнықтырды. Осы ереже мен сұраныстар билердің мәртебесін қалыптастырды. Ел билеген хан, сұлтандардың өздері билердің алдында бас иіп, аталы сөздеріне бағынған. Дала заңы да осы билердің есімімен астасып жатады.

Қазақ даласы Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қағидаларын бұлжытпай орындауға, оған бағынуға мойынсұнғаны да белгілі. Ал сол заңдар негізін қалауға ұйытқы болған – үш бидің төрелегі екенін қазіргі ұрпақ әдебиет беттерінен оқып-танысуда. Жауапкершілігі молқандай істе болмасын бидің сөзіне артықшылық берілді. Би шешім қабылдарда қиналып, билік айтудан бас тартса, оған айып салынбады. Егер ол теріс билік шығарса, онда ол қияметте, құдай алдында жауап береді делінді. Осыдан-ақ қазақ халқының билерді ерекше құрмет тұтқанын білуге болады. Би кез келген адамға басу сөз айта алды. Куәлікке құдайдан қорқатын, күнәсі жоқ, көпке қадірлі адамдар шақырылды. Антын бұзып, іске нұқсан келтірген немесе елге зиян келтірген адамды абыройсыз деп, қоғамнан аластатылды. Кез келген дауды аса білгірлікпен шешіп, жауласқан екі елді бітіге келтірген

билер философиясын әлі күнге дейін мойындайтынымыз шындық. Ал сол билердің өзі бұл істеріне қаншалықты баға берген екен? Соған көз жүгіртсек...

Төле би халықпен қоштасқанда былай деген: “Оңаша ойға батып, өткен-кеткенімді таразыласам, менің кесім-бітімімнен де кемшілік табылатындай. Ердің құны екі жүз байтал болсын дегенім дәл, әділ билікке жатпайтын тәрізді. Олай дейтінім, ер болғанда мынау жақсы жігіт, мынау жаман жігіт деген жоқпыз. Ер деп адамның құнын жалпыға бірдей есеп қылып айттық. Оның ішінде неше түрлі адам бар. Бір адам бар еліне пайдасы тиген, жақсылық істеп, атағы шыққан, мейлі хақ, мейлі би атансын, әділ болса халық қадірлеген. Бұл да адам. Екінші бір адам бар, туысы жаман. Елді жаудан қорғап, ажыратпақ түгіл, шөгіп жатқан түйеге міне алмайды. Қаңғып, не далада мал ұрлап жүріп адасып, не шөлде пөліп қалады. Мұның да құны екі жүз байтал. Сондықтан, мен ережемді осы екеуінің, жақсы мен жаманның бағасының бір-ақ баға болып кеткеніне қапалымын. Меніңше, бұл әділдік емес. Осыны өздерің қайта бағалап, қайта кесемін десендер, еріктерің, халқым. Екінші, қыздың құны қырық жеті қара дедік. Қыздың да қызы бар. Айтулы ай десе аузы, күндесе көзі, қараса түрі, сөйлесе лебізі, тегі мен заты, аты мен атағы, сезімі мен ақылы бірдей келген арулардан халық аузында аңыз болып жүрген Ләйлі, Қыз Жібектердің құны қырық жеті қара. Екінші бір қыз бар, дөң жауырын, алакөз, кісі бетіне қараса ұрса тұғын, адам көрсе жынды болғандай арқа-басы құрыса тұғын, бір адаммен сөйлесіп, мейірленіп, сыйласа алмайтұғын. Әкесі мен шешесіне сүйкімсіз, тілін алмайтұғын, ауыл үй мен ұрсысып, аяқ-табақ қатынаспай тұғын. Мұның аты да қыз. Мұның құны да қырық жеті. Халқым, мен сендерге ереже айтқанда осы жағын ойламаған екенмін...”

Иә, халқы үшін төрелігі заң болып қабылданған ұлы тұлғаның осы сөзінен әрісін байыптап, ақыл таразысына тартып, өзіне де баға бере алатын ұлылықты байқаймыз. «Жер астында жатқанды қазбай қарап тіл табар» деп саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған халқымыз салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды, ұлттық құндылықтарымызды асыл қоймасындай сақтады. Өнерлі халық – өміршең халық. Демек, күні бүгінге дейін ғасырлар бойы дамып қалыптасқан халық ауыз әдебиетінен, халықтық салт-дәстүрлерінен, ұлттық педагогикалық ойлардан құралған бұлхалықтық салт-дәстүрлеріміздің ғылыми-педагогикалық мәні өте зор екені рас. Ұлттық қадір-қасиет – ұлттық сана-сезімнің өзегі, адамгершіліктің бірегейі, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының жемісі, кісілік қасиеттер жиынтығы. Қазақ халқы өз ұрпағын адамгершілікке, ізгілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді ежелден-ақ өзінің басты мақсаты етіп қойған. Халық өз ұрпағына қайырымдылықты ес білгеннен үйретіп, тиісті талап қою, дағдыландыру арқылы оны тұрмыстық салтқа, адамгершілікке, дәстүрге енгізді.

Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталады. Қай халықтың болмасын табиғатынатән, өзгеде қайталанбайтын қасиеттері, мінезі, діні, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Оны асқақтататын – ұлттық тәлім-тәрбие. Оның негізі анна тілінде. Қазақ тілі халқымыздың ұлттық болмысын, әдет-ғұрпы мен салтын, дәстүрін, ұлттық жадын қалыптастырушы негізгі құрал ретінде ұлттың тілі мен діні, біліктілігін болашаққа жалғайды. Ал, осы асыл қазыналар билердің ұлағатты сөздерінен бастау алатынын көп жан түсіне бермейді. Ескіліктің көлеңкесіне айналып бара жатқан осындай ойлы сөздерді неге қайта жаңғыртып, ұрпақ санасынан ойып орыналатындай дәрежеге көтермеске деген көкейдегі сауалдың орыналатыны да шындық. Алайда, «заманына қарай адамы» деген түсінікпен өзімізді шектеп отырғанымыз өкінішті. Орайы келгенде айта кететін мәселе, осындай философиялық ойы терең шығармалардың еліктен қазіргі мәтіндермен жұмысқа, оқу сауаттылығысынағынан егізетіп алмасқа?! Біздің қолдан келер шара – ұлы тұлғаларымыздың мерейтойына орайластырып іс-шара өткізу. Сонымен ғана шектеліп қалып отырмыз. Сол сияқты көрермендерімен қауышқанына көп болмаса да «Балапан» телеарнасы бүлдіршіндердің сүйікті арнасына айналды. Балалардың тілі шығуына, жақсы

мен жаманды айыруына көп көмегі тиюде. Тек ұлттық құндылықтардына сихаттайтын анимациялық мультфильмдердің аздығы қынжылтады. Ал бұл – ойлантарлық мәселе.

Баланың тәрбиесіне ықпал ететін негізгі төрт нәрсе бар: отбасы мен өскен ортасы, балабақша, мектебі мен достары. Міне, бұлар үйлесімтауып, адам тәрбиесін есерге кқараса, ұлтқа қауіп төнбеседі. Кез келген ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы болуы керек. Сондықтан ұрпағымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, ел қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық тәрбиені бойына дарыту да Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мына бір ұлағатты сөзі бағдаршам болмақ: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намыс болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жантеріңді сығып жүріп еңбекет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа».

Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Абай Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел боламдесең, бесігіңді түзе» - деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе? Отбасы мүшелерінің жасшамасы әртүрлі болса да, олардың арасында бір-бірі мен рухани жақындығы, мақсатынты мақтастығы бар. Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер, дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс-шығыс бюджеті, қастерлеп ұстанатын рәміздері, т.б. болатыны сияқты, әр отбасы болмыс-тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар, оның жаратылысы да басшылық пен қосшылықты қажет етеді. Сондықтан отбасының құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеген. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәнісі де осында. Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның балағатқ атолған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты әрі өте жауапты міндет болып саналады. Жас отаудың түтіні түзушығып, махаббат пен тату-тәттілік, береке-бірлік орын тепкен жылы ұяға айналуы, босағасы берік, болашағын ұрлы болуы көбіне-көп жас жұбайлардың үлкен үйде алған тәрбиесі, көрген өнегесіне байланысты. «Ұяда не көрсең, ұшқанда, сонны ілерсің», «Анасына қарап, қызын ал», – деп, халық бәрін бастан кешіп, сынақтан өткізгендіктен айтқан. Хан ордасы, салтанатты сарайларда талай күн аунап-қунап жатып, өзінің шұрқ тесік құрым киіз лашығына қайтып оралғанда Жирен шешешен: «Айхай, менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», - деп, жаны жайтапқан екен. Бұлаңызда үлкен шындық, тереңмән бар. Әркімге, оның ішінде балаға өз үйінен ыстық, өз үйінен кең де керемет мекен жер жүзінде жоқ. Кавказ халықтарында«Нағыз жайлы орын: қылышқа – қынабы, отқа – ошағы, ер жігітке – өз үйі» - деген тамаша нақыл бар. Адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік те отбасында шын ықылас-пейіл менен баланың көкірегінде орын тебеді.

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятының бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген. Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болыпшыға келеді. Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған. Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір-шапағат көзі –

әйел. Әйелдің бұл рөлі отағасының жамағатына, бала-шағаның анаға деген сүйіспеншілігімен, қамқорлығымен, анна жанын қас-қабағынан, жанарынан танығыштықпен нығая, биіктей береді. Әрине, әйел де өзінің аналық борышын ұмытпағанда, әсіресе, ерімен қабағы жарасып, тату – сүйіспеншілікте тұрғанда мәртебесі арта түспек. Әйелдің еріне қарым-қатынасы балалардың әкеге көз қарасының сипатын анықтайтыны берікесте болуға тиіс.

Мұның өзі, бір жағынан, үй ішіндегі әдептің бастау көзі екені анық. Демек, балалар үшін әке беделі аналарының сөзі, іс-қимылы, қас-қабағы арқылы қалыптасады. Мысалы, ерлі-зайыптылар балалар көзінше бір-бірі не қатты, балағат сөздер айтыспақ түгіл, дауыс көтеріп, керісуге тиіс емес. Олай еткенде, өз беделдерін жоғалтудың, бала-шағаның жүрегін шошытып, зәресін ұшырудың үстіне, олардың жанына кейін өздері үй болғанда, алдарынан шығатын жаман әдеттің ұрығын егеді. Бұл жағынан аналардың балаларға: «әкең мен ақылдас», «әкең біледі», «әкеңнің айтқанын істе» т.б. сияқты дәстүрімізде бар сөздерді айтып отыруы қандай ғанибет! Атақты «Абай» эпопеясында халқымыздың осыған орайлас қадірлі дәстүрін танытатын мынадай бір тағылымды эпизод бар. «... Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жеткен, 13 жасар шәкірт бала – Абай аттан түскен бетте, амандасу үшін, шешеге қарай жүреді. Сонда ақылды да байсалды ана Ұлжан: «Әй балам, анда әкеңдер тұр, әкеңе барып, сәлем бер!» - дейді. Бір сәтке балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар шеткерірек тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнеледі».

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов мұны халықтың жүрекке жылы осындай тамаша дәстүрінен хабардар ету үшін ғана емес, оның тәрбиелік зор маңызын жоғары бағалағандықтан да келтіріп отырғаны анық. Ата-ананың бір-бірінің қадір-қасиетін осылайша ардақтап, беделін өсіруі, араларында өкпе-наз, кикілжің туа қалғанда, оны балалардан оңашада, екеу ара шешіп отыруы – шынайы инабаттылық, әдептілік. Сайып келгенде, қоғамда әдеп-инабат өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуында отбасының маңызы орасан зор. Әрбір ұяның қос тіреуі – ерлі-зайыптылар өздеріне қатысты әдеп-адамгершілік талаптарын, құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз орындаса, бүкіл қоғамда, елде бейбіт те берекелі тұрмысқа негіз қаланбақ, демек, ұрпақтарына құтты қоныс, жайлы болашақ қамтамасыз етілмек!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Ұлағат» журналы, 2009ж., қараша айы., – Б 17-20
2. «Мектептегі психология», 2014ж., қараша айы, –Б 3-13
- 3.Қоянбаев Ж. «Балалар мен жеткіншектер тәрбиесі», – Алматы: Рауан 1990 ж.

ӘОЖ 75.31

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

АЛИМБЕКОВ Р.Т.

Тараз гуманитарлық-техникалық колледжінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются педагогико-психологические основы патриотического воспитания школьников.

Summary. The article deals with the pedagogical and psychological foundations of the patriotic education of schoolchildren.

Бүгінгі жаһандану үрдісінде, патриотизм ұғымы халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау, яғни жалпыадамзаттық патриотизм тұрғысынан қарастырылады. Ғылыми еңбектердегі «патриотизм», «Қазақстандық патриотизм» ұғымдарына теориялық талдау жасай келе, «Қазақстандық патриотизм - Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну жолында білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш - жігерін жұмсау», - деп тұжырым жасадық. Ал Қазақстандық патриотизмді іске асыру көп ұлтты Қазақстанда бірлік пен елдікті сақтай отырып, демократияландырылған, әлемдік өркениеттен орын алу идеологиясына негізделген стратегиялық бағыт-бағдар болып табылады.

Патриотизмнің мазмұнын анықтау үшін ұлттық құндылықтарды бүкіладамзаттық құндылықтармен ұштастыру негізгі көкейкесті мәселе болып табылады. Патриотизмді бүгінгі күн тұрғысынан алатын болсақ, патриотизм мәселесін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара сабақтастыра, кіріктіре отырып, философияның негізгі категориялары әлемдік жалпы (жалпыадамзаттық патриотизм), жалпы (Қазақстандық патриотизм), айрықша (ұлттық патриотизм), бірегей (қазақ патриотизмі) тұрғыда қарастыруды қажет етеді.

Тәрбиенің негізі болып саналатын жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі – тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Философиялық тұрғыда рухани құндылық, соның ішінде патриотизм рухани сұраныстарды қанағаттандыратын және тұлғаның рухани әлемін байытуды көздейді. Тұлғаның бойындағы руханилық өлшемдер оның ой- санасында, мінез-құлқында, іс-әрекетінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесуі, қалыптасуы деп көрсетеді.

Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықты айқындауда жоғарыда патриотизмге берілген анықтамаларға және құндылық, адамгершілік құндылық ұғымдарын философия, педагогика, психология ғылымдары тұрғысынан саралайтын болсақ, тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық дегеніміз - елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, дінін, салт дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейрімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту.

Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі көзі – отбасы, әулет, әлеуметтік орта, аймақ, мемлекет, әлемдік кеңістік болса, тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық - қазақ патриотизмі, ұлттық патриотизм, Қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық патриотизм арқылы көрініс бере отырып, тұлғаның бойында құндылықтың жоғары көрсеткіштері - мемлекет және ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық сана, және ұлттық тарихқа, салт-дәстүрге деген сүйіспеншіліктері қалыптасады. Психологиялық тұрғыда патриоттық құндылықтар сапаға айналып, іс-әрекет тұрғысынан көрініс береді.

Патриоттық тәрбие беру мәселесін зерделегенде алыс және жақын шетелдердегі жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстар зерттеуіміздің теориялық және практикалық негізін ашуға үлкен септігін тигізді. Тұлғаны әлеуметтендіру және жеке тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға байланысты зерттеулер мемлекеттердегі ғалымдардың еңбектерінде ерекше орын алады. Кестеде педагогика және психология ғылымдары бойынша патриоттық тәрбиенің зерттелу бағыттары айқындалды.

“Қазақстандық патриотизм“, “ұлттық патриотизм“, “патриоттық құндылық“, “ұлтжандылық“, “жалпыадамзаттық патриотизм“ ұғымдарына берілген анықтамалар негізінде бүгінгі мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің мазмұны төмендегі тұрғыда қарастырылады: әрбір азаматтың өз Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезіну; мемлекет рәміздеріне, мемлекеттік тілге, тарихқа, мәдениетке құрметпен қарау; барлық отандастарды ұлты мен конфессиясына қарамастан, олардың салтын, дәстүрін, тарихы мен мәдениетін, тілін құрметтеу; еліміздегі бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау және әлемдік дамудың тыныштық пен бейбітшілікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау. Ұлттық мәдениет пен өркениеттік даму үрдісін өзара сабақтастыра отырып тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыру патриотизмді қатынастар жүйесі тұрғысынан - тұлғаның мемлекетке қатынасы мемлекеттік рәміздер мен атрибуттардың ту, елтаңба, әнұран, т.б. маңызын түсінуі, мемлекеттік тілді, тарихи-мәдени мұраларды, дәстүрлерді білуі және оған деген құрметі, өз мемлекетіне пайдалы іс-әрекеттер жасауға деген ұмтылысы); өз халқына қатынасы халықтың негізгі менталитетін, құндылық бағдарын, патриоттық және ұлтжандылық көріністерін бағалай білуі, өз халқы үшін патриоттық іске бару қажеттілігін түсінуі патриот ретінде өзіне-өзінің қатынасы (азамат ретінде құқығы мен міндеттерін білу, патриоттық сезімнің көрініс беруі) арқылы айқындалды. Біз патриоттық тәрбиенің жүйесін айқындау барысында педагогикада ғылыми негізделген тәрбиелік жүйенің практикалық іс-тәжірибеге енгізілген тәрбиелік жүйесін негізге алдық.

Тәрбиенің заңдылықтарына сүйене отырып, оқушыларға патриоттық тәрбие беру жүйесі “ мектеп - отбасы - әлеуметтік ортаны“ кіріктіре отырып, сабақ үрдісіндегі және сабақтан тыс уақытта, мектептегі оқушылардың бастамасы бойынша құрылған қоғамдық ұйымдар, қозғалыстар мен мектептен тыс тәрбие мекемелерінде ұжымдық және жеке-дара тәрбие, отбасы және әлеуметтік ортамен тығыз байланыста жүргізілді. Философ-ғалым Д.Кішібеков негізгі идеологиялық ұстаным “бүгінгі идея – еліміздің бүтіндігін, тыныштығын, тәуелсіздігін сақтап, оның экономикасы мен мәдениетін дамыту, ілгері тұрған елдермен теңдес болу”, -деп тұжырымдайды.

Патриотизмнің қалыптасуының тарихи алғышарттарына ғылыми талдау жасау барысында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің әдіснамалық негізін тұлғалық, іс-әрекеттік, әлеуметтік, аксиологиялық, мәдениеттану, өркениеттік, жүйелілік тұғырларын саралай отырып, бүгінгі оқушы-жастарды тәрбиелеудің тұжырымдамасы теориялық тұрғыда негізделді.

Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздері” тұлғаның бойында “Қазақстандық патриотизм”, “патриоттық құндылықты” қалыптастыруда негізгі орын алады. Тұлғаның бойында патриоттық құндылықтар олардың білімге, қоршаған әлеуметтік ортаға, табиғатқа, еңбекке, өзіне қатынасы арқылы көрініс беретіні тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нақты нәтижелерімен дәлелденді. Тәжірибелік - эксперименттік жұмыс жүргізген мектептерде, мектеп-гимназияларда оқушылардың жас және жеке бас ерекшеліктеріне сәйкес патриоттық тәрбие беру төмендегі бағыттар бойынша іске асырылды: оқушыларға әскери – патриоттық тәрбие беру; туристік – өлкетану іс-әрекеттері арқылы патриоттық тәрбие беру; оқушыларға спорттық-патриоттық тәрбие беру; мектептегі қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық қозғалыстар арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру; мектеп музейі және орталық музейлер арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздері арқылы оқушылардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру үшін дайындалған оқу-әдістемелік кешен, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауларына негізделген «Қазақстан халқына әр жылғы жолдаулары - әлеуметтік дамудың негізгі тірегі», “Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздері арқылы оқушылардың

патриоттық құндылықтарын қалыптастыру негіздерінде құрастырылған факультатив курс бағдарламасы мен әдістемесі бойынша жүргізілген тәжірибелік эксперименттік жұмыстардың қорытындылары, нәтижелері тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға болатыны тәжірибелік-эксперимент барысында дәлелденді.

Мектеп оқушыларының бойында патриотизм идеясын дамыту үрдісі сыртқы факторлардың әсерінен (мұрагерлік, орта, оқу-тәрбие аясы, адамның іс-әрекетін дамытуға өзептігін тигізеді.

Тұлғаның құндылық бағыты - патриотизм идеясы адамгершілік танымның маңызды компоненті болып табылады және тұлғаның өз Отанына, өзіне және басқа адамдарға саналы қатынасын білдіреді, осылайша оның адамгершілік танымының даму деңгейін сипаттайды, патриоттық ұстанымын айқындайды.

Жеке тұлғаны қалыптастыру теориясы негізінде біз құрған мектеп оқушыларының бойына патриотизм идеясын қалыптастыру тетіктері оның компоненттері арқылы іске асырылады: мотивациялық, танымдылық, мінез- құлықтық.

Мектеп оқушыларының тұлғалық ерекшеліктерін (адамгершілік дүние танымының қалыптасуы, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ез елінің азаматтығына мақтаныш сезімі мен ұлттық патриотизмнің өмірлік ұстанымдарын таңдау, өзінің идеялық-адамгершілік идеалын іздеу, өз халқының тарихына қызығушылық туғызу т.б.) қалыптастыру ісі-жүйелі кешенді педагогикалық басшылық жасауды қажет етеді.

Өскеден ұрпақты тәрбиелеудің, жалпы жүйесінде халық педагогикасы құндылықтары негізінде мектеп оқушыларының бойында адамгершілік қасиеттерді (Отанды, елді, жерді, ана тілін, төл мәдениет үлгілерін қалыптастыру, сүйеу факторлары) жарқын эпикалық образдар арқылы ұлттық дүниетаныммен сусындату нәтижесінде ғана іске асырылатынына көз жеткізді.

Халық педагогикасы құндылықтарында басшылыққа алынған осы қағидалар үнемі өмірде жүзеге асып отырылғандықтан бұларды халықтық тәлім-тәрбиенің тәжірибелік маңызы, өміршендігі деп қарауға болады. Ол үшін халқымыздың тәлім-тәрбиелік негіздерін отбасында, балабақшада, әртүрлі сатылы мектептерде және қоғамда қолдануымыз қажет. Оның басты ерекшеліктеріне тоқталсақ. Қазақтың халық педагогикасы құндылықтарының бірінші ерекшелігі- оның өміршендігі. Тәрбиені халық емірінен бөліп ала алмаймыз өйткені ол өмірдің бір көрінісі. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысын қазақтың бұрынғы және қазіргі өмірімен байланыстыра жүргізуіміз керек. Ол үшін халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, халық астрономиясы мен емшілік, есепшілік қағидаларын өмірмен, шаруашылықпен байланыстыра отырып, тәрбиелік мәніне үнемі көңіл бөлуіміз қажет.

Халық педагогикасы құндылықтарының екінші ерекшелігі-халық өкілдерінің тәрбие ісіне кең тартылатындығы. Ол өкілдерді нағыз халықтық ұстаздар деп қарауға болады. Олай болса, халық арасындағы шеберлерді, ұстаздарды, зергерлерді, тігіншілерді, етікшілерді, тоқымашыларды, өнер иелерін, күйші-жырауларды, термешілерді жастар арасына жиі шақырып, үйірме жұмыстары арқылы осы өнерді жас ұрпақтың еркін игеруіне толық жағдай жасауымыз керек. Тәрбие ісі пәниден бақиға дейін жүрілетіні жоғарыда айтылды. Ендеше ата-бабамыздың қолданып келген үздіксіз тәрбие ісінің әдіс-тәсілдерін бүгінгі педагогика талаптарына сай кең өрістетіп, қоса пайдаланып дәріптеп отыруымыз қажет.

Халық педагогикасы құндылықтарында бүлдіршіндерді де тәрбие ісімен шұғылдандыртқаны көпке мәлім. Өйткені отбасындағы ересек балалар кейінгілерді тамақтандыру, киіндіру, ойнатудан бастап бүкіл тәрбие жұмысын атқарған. Бұдан бала үйрете отырып өзі де үйренеді, тәрбиелей отырып өзі жетіледі. Ол ұжымдық тәрбиенің жемісі. Ал ұжымдық тәрбие ісін бүгінгі педагогика да құптамайды. Қазақ халық педагогикасы құндылықтары әрдайым ата-ананы, қарттарды, баланы, жалпы әлсіздерді құрметтеуді уағыздап, қастерлейді. Ата-анасын, қарттарды, әлсізді сыйламайтын, «ар-намыс», «қайырым» деген түсініктерді білмейтіндермен аяусыз күрес жүргізіп отыруымыз керек.

Халық педагогикасы тосыннан келген жаңалық емес, ол ежелден халықпен бірге жасасып келе жатқан тәлім-тәрбие мектебі.

Ғалымдар тұжырымына сүйенсек, халық педагогикасы ғылым емес. Ол халықтың ғасырлар бойы жинақтаған, бірақ бір жүйеге келтірілмеген ұрпақ тәрбиесі жөніндегі эмпирикалық білімі мен тәжірибесінің жиынтығы, этнопедагогика ғылымының зерттеу объектісі, педагогика ғылымы тудырушы қайнар бұлақ.

Қай халықтың тәлімгерлік тәжірибесі болмасын, ол адамзат атаулыға ортақ рухани қазынаның құрамдас бөлігі. Қазақ халқының да мәдени жетістіктерін, қанына біткен адамгершілік, имандылық, балажандық, еңбексүйгіштік, қонақжайлылық отаншылдық, т.б. қасиеттерін танытатын тәлімгерлік тәжірибесі бар. Онда кешегі өткен данагөй қариялар, ғұлама ойшылдар, шешен-билер, батырлар мен ақын-жыраулардың философиялық болжамдарының, психологизмдік пайымдауларының, педагогикалық тұжырымдарының өшпес ізі жатыр.

Халық педагогикасының озық үлгілері бала тәрбиесін жетілдіру, ана тіліміздің өрісін кеңейту, білім беру саласынан кеткен кемшіліктердің орнын толтыру, ұлттық идеологиямызды нығайту құралының, евроцентризм ағымының ықпалына тойтарыс бере алатын рухани қарудың бірі.

Қай елде болмасын өткен дәуір мәдениетінің жақсы дәстүрлерін сұрыптап алып, жаңа мәдениетті қалыптастыруға пайдаланып келгені мәлім. Сондықтан халқымыздың сансапалы мәдени дәстүрлерін бүгінгі күн талабына сай жаңғыртып қолданудың пайдасы орасан зор. Бұл жөнінде Н.К.Крупская «эртүрлі ұлттық мәдениеттердің барлығын пайдалану керектігін, дәлелдеген. «Қазақ халқының ежелгі мәдениетін теңіз десек, соның бір бастауы халық педагогикасы.

Педагогика ғылымы да өмірімізден алшақ зерттеулер жүргізіп, коммунистікпартияның идеологиясын жүзеге асыратын құрғақ уағызды тәрбиелейтін ғылым» ретінде қаралып, адамзаттың ұрпақ тәрбиелеудегі ғасырлар бойы жинақтаған бағалы тәжірибесінен алшақтап қалды. Қандай ғылымболмасын адамзаттың ақыл-ойынан, өмірден, әс-тәжірибеден туындайтыны аян. Адам өмірімен тікелей байланысты тәлім-тәрбиелік тұжырымдамалар халық тәжірибесі мен ғылыми ойдың ажырамас туындысы.

Ежелгі заманнан бері жас ұрпағын оқыту - тәрбиелеу тәжірибесін кейінгі буынға мирас етіп қалдырған және замана ағымымен бірге жасасып үнемі толысып, дамып жетілген. «Тәрбие жөніндегі халықтың ой - тәжірибесі, білімінің жиынтығын халық педагогикасы» деп атаймыз. Қарастырмақ мәселемізді дұрыс ұғыну үшін әуелі «халық» деген термин кеңінен және көп мағынада қолданылады. Ал және әлеуметтік бірлігін білдіру үшін қолданылады. Адамдардың мемлекеттік бірлігі ретінде «халық бір мемлекеттегі адамдардың жиынтығы. Ал, тарихи материализмде «халық» деген ұғым негізінен алғанда «әлеуметтік – тарихи бірлік» мағынасында алынды.

Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіру сияқты бұзықтықтарды жасауы, тәрбиенің жеткіліксіздігінен» деп қарайды. Бұл пікір адам тәрбиесіндегі ортаның әсері жөніндегі ортағасыр ойшылдары мен ұлы ақын Абайдың көзқарастарымен де ұштасып жатыр. Ж.Аймауытов бала тәрбиесіне туған елдің әдет-ғұрпы мен салт-санасының да белгілі мөлшерде әсер ететінін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, ойынсауық өлең-жырды естіп өскен елдің баласы өнерге бейім болады, діндар елдің баласы діншіл, келеді. Жастайынан кемдік, қағажу көріп өскен ауылдың баласы жасқаншақ, бұйығы болады, - деп қоғамдық салт-сана, әдет-ғұрыптың адам тәрбиесіне тигізетін ықпалын сөз етті. Өз жанының ішкі толқындарын басқаға әсерлі етіп ана тілінде баяндап бере алатын халықтың бай қазына әдеби тілді еркін меңгерген саналы азамат тәрбиелеуіміз қажет» - деп мектепте оқу - тәрбие ісін ана тілінің негізінде жүргізуді қуаттады.

Ұлт мектептерінде оқудың мазмұны мен білім тұжырымдамасында осы бағыттар ұстанылып, тәрбие құрғақ уағыз, жалаң идея, жалтыр сөзбен жүргізіліп келді. Өмірдің өзі бір белек, ал тәлім - тәрбиенің функциясы одан тысқары қалды. Осылардың зардабынан ұлт

балалары ұлттық рухани жұтандыққа ұрынып, өз тарихын, өз салт-дәстүрін, тілін білмейтін мәңгүрттікке салынды.

Тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық салт-дәстүрлері мен ізгі қажеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, балалардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Адам өмірінде сыналып, сұрыпталған тәжірибені басқаға үйретуде тәрбие делінеді. Тәрбиенің негізгі мақсаты - ұлылық сана сезімі мол, рухани деңгейі биік, иманды, табиғи, әдепті, іскер, еңбеккер адам тәрбиелеу. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейінен адамның ана тіліне, ұлттық мәдениеті мен тарихына, елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі, азаматтығы керінеді. Өз елін, ұлтын қадірлейтін адам басқа ұлтты да, басқа елді де құрметтей алады.

Осы орайда этностық және халықтық тәлім ұғымдарының жарыса қолданылып келе жатқанын айта кеткен жөн. Алайда, бұл екі терминнің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Көп жағдайда халықтық тәлім бұқаралық сыйпатта түсіндіріліп, ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптық тәрбиенің көптеген түрі «ескілік сарқыншағы» ретінде зерттеу объектісінен сырт қалып келді.

Соның салдарынан тәрбие ұлттық құнарынан айырылып, бейұлттық бірыңғай сипатқа ойысты. Этностық тәлім ұғымның ауқымы одан гөрі кеңірек. Ол белілі ғылым саласы ретінде бір халықтың тәлім-тәрбие мәселелерін тұтас қамтып, оның қалыптасу, даму жолдарын әр қырынан қарастырады. Әрі осы халықтық тәлімнің қалыптасуына өзге этностардың әрқилы тарихи жағдайларға сәйкес тигізген ықпал-әсері де назардан тыс қалдырылмайды.

Бұл айтылғандарды басшылыққа ала отырып, халықтың тәлім-тәрбиелік көзқарастарына талдау жасасақ, халық педагогикасының негізінде ұлттың философиялық ойы мен психологиясы жатқанына анық көз жеткіземіз. Көпшілік жұрт, жалпы қауым өзін қоршаған ортаны, табиғат пен қоғамдағы өзгерістерді, жеке аламның басындағы құбылыстарды түсінуге және ендіру процесі келесі ұрпаққа беріліп, ол ары қарай жалғастық тауып жетіліп, дамыған.

Мұны сол халықтың философиясы деуге болады. Осы көзқарас негізде халық педагогикасы сияқты халық философиясы да болған. Ол ауыз әдебиетінің озық үлгірінен көптеп көрініс тапқан. Халық философиясы ұлттық педагогика мен психология қоғамдық құбылыстардың әртүрлі заңдылықтарын ой елегінен өткізіп, белгілі бір тұрғыда баға беруге талпыныс жасаған. Тәрбиенің түрлері мен бағыттары, әсіресе, оның негізгі қағидалары /принциптері/ халық көзқарасымен айқындалып, содан туындап отырады. Жоғарыда айтылған тәрбие мен үйретуді /оқытуды/ шебер пайдалану үшін оның тәрбиеленушіге әсер ету жолдары мен жөндерін-білу керек, басқаша айтқанда тәрбиелеуінің психологиясын жан-жақты, жетік білу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.«Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». Қ.Р. Президентінің Жарлығы Астана, Ақорда, 2006 ж. қазанның 10-ы. №200

2.Жұмақанов Ә. Патриоттық және интернационалдық тәрбие беру жолдары //Қазақстан мектебі. - 1971.

3.Раев Д. Қазақстандық патриотизм мен гуманизм //Ақиқат, 2000. - №89.

4.Борбасов С. Қазақстандық патриотизм туралы//Ақиқат. - 1991. - №9.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ОҚЫТУ

ОРДАБАЕВА Р.Б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается преподавание произведений Шакарима Кудайбердиева передовыми технологиями.

Summary. The article discusses the teaching of the works of Shakarim Kudaiberdiev with advanced technologies.

Қазақ мәдениеті өзі әдебиеттен көрінеді және түркі тілдес халықтарымен ортақ болып келеді. Ежелгі дәуірі мен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасында көркемдік дәстүр жалғастығы бар. Бүкіл қоғамдық ой сана қайта құрылып күллі қазақ елінің әдеби, мәдени, қоғамдық, әлеуметтік рухани тарихы қайта жазылып жатыр. Ендігі міндет – сол мұраның аса мазмұнды элементтерін заман талабына сай айқындап халық, санасына жеткізу.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын керебілуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Құдайбердіұлы Абай бағытын ұстанды. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың Құнке деген бәйбішесінен туған, яғни Абайдың туған ағасы. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін оқиды.

Жеті жасында өкеден жетім қалған ол бұдан былайғы кезде Абайдың тікелей тәрбиесінде болады. Өскен ортасының аса бай дәстүрлері мен Абай ағасының тәрбиесі табиғатынан зерек Шәкәрімнің жетімдік көрмей өсуіне ғана емес, оның таланты ақын, парасатты ой иесі болуына да зор ықпал жасады. Шәкәрімнің өзі кейінірек былай деп жазады: «Өкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан белек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағлым алып, әртүрлі кітаптарыноқып, насихатынтыңдап, азғанағылымның сәулесін сездім». Кезінде арнайы оқу орындарында оқып білім алмаса да, ез бетінше ізденіп және Абай ағасының жетекшілігімен жан сарайын байытқан Құдайбердіұлы заманында қазақ арасындағы аса білімдар адамдардың бірі болды. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білді. Ол адамдар өмірін жақсартуға тырысқан ғалымдарды мысалға келтіреді. Олардың кейбіреулері адам өмірі жаратқан иесін танумен түзеледі десе, кейбіреулері үкімет жойылса, әркім өз бетімен өмір сүрсе түзеледі деді. Ал, біреулер оқу-біліммен, халықты ағартумен адам өмірі түзеледі деді. Біреулері бай, кедейді теңеумен түзеледі десе, біреулері тәрбиемен түзеуге болады деді. Өмірдің өзі — тіршілік таласы. Сондықтан адам өмірін жаратылыстың өзі солай жаратқан, бірін-бірі жеп, талап, таласып өмір сүрмек дегендер де болған. Шәкәрімнің өзі бұл идеялардың ешқайсысы адам жаратылысын өзгерте алмайтынына сенімді болды.

Шәкәрім тарихи мәдениеттен өнеге алып отырады, дүниетанымы біртұтас, жаңашылдықпен әуестеніп безбейді және консервативтілік ескішіл де емес. Шәкәрім дәстүрлі мәдениеттегі мәндік көріністерді анықтайды, рәміздейді. Сол кездегі қолы жеткен деректері де аз емес екенін біз білеміз, олар – шығыс даналығы мен батыс философиясы. Поэзия көшпенді түркілердің тұрмысына ыңғайлы басты атрибуты болса, осы поэзияның рухани тылсым табиғаты ұлттық сана сезімді қалыптастыруда бірнеше

артықшылықтары бар: біріншісі, рифмалық үйлесімділіктің арқасында тыңдаушының қабылдауына жеңіл, ақпараттық мазмұны бай өнер саласының бірі, екінші тағы бір ерекшелігі, ол әрқашанда гуманизмнің шеңберінде өмір сүреді. Сондықтанда көшпенді дала мәдениеті әрқашанда сөзге шешен болған деуге толық негіз бар.

Өз елінің болашағынан үміт үзбеген Шәкәрім халықтың басына төнген қасіреттерден сын жасай отырып «самалға» шығудың бағдарын бере алған. Оның орасан бір артықшылығы: бірнеше тілдерді білгені. Соның нәтижесінде парсы, араб, орыс тілдерде жазылған мәдени туындыларды қазақ тіліне аударып білді. Кез келген тілден жасалған аудармаға, әсіресе өлең аудармалары үшін екінші автор құқығын беруге болады. Себебі поэзия жалған рифма мен немқұрайлылық құрылымнан тұра алмайды және ол бірыңғайлы тұтастық идеяның мазмұны.

Ақынның поэтикалық шығармасын талдай отырып оның жан дүниесінің түбіне жеткендей боласыз. Ақын болмысты поэзия тілімен бейнелеген сәтте, өзінің жасырын жатқан сырын жариялай бастайды. Сонымен қатар ақын, жер бетіндегі жалған дүниені поэзия арқылы мәңгілікке айналдырады.

Шынында да поэзияда бір құпия жатқаны рас. Сондықтан да бүгін күнде жырау мен ақындардың шығармасына ерекше көңіл бөлген жөн, өйткені әр ақынның табиғатында ақиқаттың сәулесі жарқырап тұрады, ал поэзияны тек әдеби жанр саласы деп қарастыру ғылымның заманына сай кезекті адасуларының бірі сияқты.

Шәкәрім поэтикалық идеясының ерекшелігі кездейсоқтық рифмадан тұрмайды, онда «нәрсіз су» кездеспейді, тек мазмұнды себептілік бар. «Ақындар шығарманы ерекше тылсым жағдайда жаратады» деп Платон, айтқанындай, оны біз бүгінде шығармашылық шабыт деп атап жүрміз. Бұл поэзияның негізінде жатқан құпия ерекшелігін айқындай отырып, көркем шығармашылықтағы тылсымдылығының бейсаналық рөлін белгілегендердің ішінде Платон алғашқылардың бірі болғаны белгілі.

Келер ұрпақты шыдамдылыққа, төзімділікке, қажырлылыққа тәрбиелеуде шешендер мен ақындардың ел ағасы болған адамдарға арнаған толғаулардың тәлімдік маңызы зор.

Ер азаматтың ерлігін, елін сүюшілік сияқты адамгершілік ұлы қасиеттерін қастерлеу – халыққа, жұртқа, ағайын-туысқа, арттағы жас ұрпаққа үлгі көрінісі. Бұл алдымен, халықтың «Ел үшін туып, елі үшін өлген ердің» ерлігін дәріптеуін білдірсе, екіншіден, жастарға, келешек ұрпаққа оның ерлік ісін өнеге етіп ұстану.

Қазақ әдебиетінің даму кезеңдері сан алуан өзгерістер мен реформалардан өткен, оның барлығы әдеби шығармаларда көрініс тауып отырады. Шәкәрім шығармалары ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы саяси әлеуметтік өзгерістерінің ықпалында қалыптасады, бүгінгі заман талаптарына жауап бере алатын қасиеттері жетерлік. Ұлтаралық ынтымақтастық, діни үйлесімділік, ар-ұждан, әділдік, мейірімділік элементтері қазіргі ұлттық сана үшін ең өзекті құндылықтық мәселелер.

Беймәлімділік әр уақытта ғылымның негізі болды. Сол себептен де ғылымның апарары белгісіздік әлемі, ал білім туралы айтсақ ол басқа әңгіме. Білім дегеніміз түсінумен жалғасқан сезімділікті қабылдау. Шәкәрім ол туралы былай дейді: «Білмегенін–білмеген, білгенді қылмау сол жаман», яғни білімді тек іс тәжірибе жүзінде ғана түсінуге болады. Шәкәрімнің түсінігінде де, таным мәселесі ерекше орын алады.

Шәкәрім шығармашылығы толықтай өзіндік дүниеге көзқарас сипаттарынан құралады. Бұл ерекшелік – Шәкәрім дүниетанымының құндылығын арттыратын фактор. Шәкәрім тілі поэтикалық тілдің дамуына атсалысады. Шәкәрім идеолектісінің семантикалық үлгісі әлемнің бейнесін суреттейді. Нақтырақ айтқанда, оның құрылымдық ерекшелігі мен даму жүйесін. Нәтижесінде Шәкәрім поэтикасын түсіну үшін арнайы таным призмасымен қарулану керек өйткені поэтикалық тіл жазушы табиғатындағы құдіреттің бейнесін ашады. Поэзия – адам жанның объективтілену мүмкіншілігі. Ақында таным және қиял өрісі неғұрлым кең болса, соғұрлым поэзия баянды да көркем. Ақынның сүйікті істері поэзия арқылы адам жанына кіріп ішкі әлеміне айналады, ал әлемнің көзге

көрінетін кеңістігі, шынайылық, материалды кеңістік болмыстың сыртқы пішініне айналады. Поэзия заттың рухтануына мүмкіншілік береді.

Құндылықтар мәселесі қай ғасыр болсын ойшылдар мен ғұламаларға өзекті мәселе болған. Елдік сана бірнеше жүйеленген бағыттардан тұруы керек: олар құндылықтар мен жалпы дүниетанымдық сипаты бар өлшемдер, т.б. Қазақ елінің біртұтас бірлігінің қалыптасуы қоғамның тұрақты әлеуметтік – экономикалық өркендеуі, мемлекет қауыпсыздығының нығаюуы зайырлы өркениеттік дамуына ықпал жасалуы шарт. Ұлттық сананың нығаюуына не қажет? Бұл бүгінгі күнгі өзекті мәселе. Бір сөзбен айтқанда, оны ойлап табу мүмкін емес, сондықтан ол кез келген идеологиялық мәселе өзегіне сүйенген, түп-тамырлы тәжірибеден өткен болуы шарт. Басқа жағдайда ол кешегі кеңес үкіметіндегідей тиянақсыз болып ұзаққа бармайды. Ұлттық сана құндылықтары ұлттық мәдениет пен философияда, тарихта, дінде, ғылымда, әдебиетте, поэзияда және әртүрлі белгілермен және жасырын үлгіде болмағы ләзім.

Шәкәрім өз заманындағы дәстүрлі түсініктерді сұрыптаудан өткізеді, қандай рухани құндылықтар тарихи сабақтастықпен сақталып келе жатқанын, ал қандай кемшіліктерге назар аудару керек екеніне тоқталады. Шәкәрімнің әлемінде дүние біртұтас сын белгісіне айналады, сол кезде қарқынды дамып келе жатқан батыс мәдениеті мен рухани мұраға бай шығыс мәдениетінде көрініс табады. Шәкәрімнің құндылықтық философиясының негізгі мәселесі «Адам-Әлем» қатынасындағы, адамның орны мен оның рухани құндылығы. Рухани құндылықтық жүйесінде дін құндылықтық өлшем болып қарастырылады, сондықтан да дін мәселесі жөнінде ішкі өлшем бірлігінің межесіне тап болуымыз заңдылық. Дін, соның ішінде ислам дінін күрделі адам институты деп қарастыруға болады. Шәкәрімнің ұғымында дінде Алладан кейін ең бірінші адам тұрады. Өйткені дін адамның барлық тұрмыс тіршіліктік шеңберінде кездеседі. Шәкәрімнің діни көзқарастарындағы сопылықты дұрыс мағынада түсіну керек. Тақуалық дегеніміз – адамның алдына қойған мақсатына шын көңілімен адал болу деген сөз. Неге десек Шәкәрімнің түсінігі бойынша, діннің атрибуттары ең таза: мейірімдік, ұждан, әділеттілік.

Шәкәрім шығармаларында дін мәселесі ерекше көрініс тапқан, тағы бір басты ерекшелігі: ол еш уақытта фанатизмге үйретпейді. Сауаттылыққа, діни тазалыққа, мейірімдік пен ұжданды қадыр тұтқан Шәкәрім шығармалары – бізге аса үлкен рухани құндылықтық өлшем. Шындықты айту, таза шыншыл болу әсте мүмкін емес, олай болатын себебі, шындық салыстырмалы, сондықтан шынның мәніне жағдай, әдептілік немесе этика, саяси қажеттілік, өмірді қорғау қажеттілігі және тағы басқа да факторлар әсер етеді. Шындықтың синонимі ретінде адал болуды алып салыстырсақ, шыншыл адамның өзін қоршаған ортасында тартар азабы көп екені рас. Ендеше шындықты сонда құндылықтардың қатарына кіргізу қиын. Шәкәрімнің «Бұзылмайтын шын керек!?» сөзіне ойлана қарасақ, ол қай шындық.

Шәкәрім шығармашылығында орын алған дүниетанымның екі сипаты айқындалады: біріншісі, қарапайым таным дүниені жеке дара объектілер ретінде қарастыратын танымның кемшіліктілігі; «Көз, құлақ, қол, мұрын, тіл - бәрі алдайды», дейді. Алданудың себебі «Сыртынан біліп, сырынан хабарсыз боп» танымға ерекше көңіл бөліп тұрғанын көруге болады. Қазақта «надандық» деген төл сөз бар, біз бұл сөзге келгенде бейсауатты адамдарды соған жатқызарымыз анық. Надандық Шәкәрім бойынша олай емес, ол барлық адамдарда бар қасиет. Сондықтан ол – ақиқатты сездіруге бөгет болатын бірден-бір жалпыға ортақ категория. Екіншісі – жоғары сана. Бұл сезімді талап ететін, заттардың шынайылықтың сипатын анықтайтын яғни, «кеудесінің көзімен көретін» көп ішінде біреуге ғана берілген қасиет.

Қарапайым таным, әдетте, ғылымдардың кеңістігінде жүзеге асады және бар адамдарға қол жетерлікте болады. Ал данышпандылық (жоғары, шынайы, құдіретті) таным өнермен байланысты және саналық хәрекеттер арқылы таңдамалы адамдардың жоғары санасының еншісі. Адамдар ықыласының әлемінде мәнді сөз, шексіз ізденістер және білімге ерікінің нәтижесі ретінде пайда болады. Адамдардың құмарлығы тойымсыз

екені белгілі, біз оны нәпсі деп атаймыз. Нәпсі дәстүрлі түсінікте адамның жауы деген, анықтаманы қабылдаймыз, кей жағдайда ол ұғым мәніне сай келмеуі де мүмкін. «Қайғы мен рахат тел еді» дейді Шәкәрім. Рахат жағымды мазмұнда бола бере алмайды. Адам қайғылары белгілі бір хәрекеттерінің жемісі іспетті. Сондықтан ақиқат жолындағы адам рухани тазалықты алдына қояды.

Шәкәрімнің философиялық Ар ілімі қазақ елдігінің нығаюына елеулі үлес қосты. Бүгінгі күнде алты миллионға жуық адамды ортақ идеологиямен біріктіре отырып ертеңгі күнге өнегелі жол көрсете алады. Шәкәрім білімінің талабы: ізгілік, адамшылдық, әртүрлі дін адамдарының бір құдайдың алдында Арымен жауап беретінін мойындату және құдайдың еркі өз ындынына ие екеніне нану.

Шәкәрімнің поэтикалық шығармашылығының мазмұнынан айқындалатын құндылықтар жүйесі бар. Біріншіден, Аллаһ – абсолютті құндылық. Адамның тәжірибиелік танымы құдайдың алдында мүлде мардымсыз болса да құдай барлығын тану міндет. Екіншіден, құдайдың алдында адамдардың бәрі тең, ал тұлғалық артықшылық тек адамдар ортасында ғана мәнге ие. Сондықтан да Шәкәрім тарихта орын алған пайғамбарлардың бәрі субъективті артықшылығы бар тең объектілер, яки адамдар. Үшіншіден, мұсылмандар үмбеті діни нанымдық көзқарастарымен артық деп саналса да пиғылы жағынан кем болуы күмәнсіз, ендеше білімнің көптігі басты құндылық деп саналмайды, оған қарағанда аз және дұрыс білімді жүзеге асыра білген жақсы. Адамзаттың болмысы біртұтас құбылыс болғанымен, көпшілік дұрыс деген ұғымынан Шәкәрім алшақ болған. Ал жеке адамға келетін болсақ, адам болмысының мазмұнын, мінез-құлқын Шәкәрім көңіл деп айтқанын білеміз, яғни жанның рухани халы, психологиялық жағдай мазмұны. Адамның көңілі әртүрлі құрылыммен мазмұндалады: махаббатпен, сағынышпен, құмарлықпен, ашу-ызамен, белгілі бір ақпаратпен, қорқыныш үреймен, кекпен, арам пиғыл қасақанамен, ұжданмен және т.с.с. Шәкәрімнің дүниетанымындағы ұждан жоғарыда көрсетілген басты үш құндылықтарды тұтастай қамтиды.

Бүгінгі күн педагогика саласында ізденіп, еңбек етіп жатқан ғалымдар мен жаңашыл мұғалімдердің оқыту үрдісінде тоқталмай кетпейтін бір мәселесі- оқушылардың өз бетімен жұмысы. Бұл қоғамға өз бетімен жұмыс істей білетін жеке тұлғаны оқытып, тәрбиелеу міндетінен туындауда. «Өз бетімен жұмыс» деген ұғымға әр түрлі түсініктер бар. Дегенмен «осы ұғымдарды салыстыра келгенде оларды үш топқа бөлуге болады» деп санайды.

Қосымша материалдарды молынан қажет ететін тақырыптардың бірі – халқымыздың біртуар перзенті, ұлы Абайдың бірегей шәкірті, лирик, эпик, ақын және жазушы, аудармашы, тарихшы, әрі композитор, әрі музыкант, жан-жақты талант иесі Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы. Осы сияқты қалған тақырыптар тиісінше «Талап – білім, өнер кілті», «Мансапқұмарлық – жаман қасиет», «Қанағат-қарын тойдырады», «Аларыңды жас кезіңнен ал», «Барыңды тірлікте бер», «Жақсы - өлмейді» болды. Бұл тақырыптарға оқушылар тәп-тәуір шығарма жаза алды. Жалпы оқушыларды 5,6 сыныпта шығарма жаздырып үйрету керек. Ал кейіннен үйрету- кештік ететінін өз тәжірибемізден байқадық. Осы «Адамдық борышың» өлеңін оқытуда негізгі идеясын мұғалім көмегімен оқушылар бұл тақырыптың мәңгілік тақырып екендігіне қосымша деректер арқылы көз жеткізді.

Оқушылардың әдебиет пәнінде өз бетімен мәтін бойынша жұмысқа баулуда алдымен орындаушылық сатыдан бастауының маңызы зор. Бұл олардың өздік танымын арттырумен қатар мақсаттылыққа үйретеді. Өз бетімен мақсатты ізденуіне жол ашады.

Қорыта келе, «Шәкәрім қандай адам болған?»- деген сұрақтың төңірегінде қосымша материалдар негізінде келтіре кетудің маңызы бар. Бұл жерде әуелі ұлы ақын туралы жазылған ұлы шығарманы кезінде «Құнанбайды жаңаша көзқарас негізінде оқыту» туралы ізденіс жасаушылар тәжірибесімен «Абай жолы» Шәкәрім туралы не деп жазған дегендей аздап ізденіс жасатқан едік. Әрине, Абайды таныту үшін жаңа заманға ешқандай

жамандық жасамаған Құнанбайды жамандауға тура келген ұлы жазушыға кеше ғана «қарулы бандылар тобымен байланысты» болған Шәкәрімді көрсету де сол сарынмен болатындығы сөзсіз болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1993.
2. Шәкәрім лирикасының көркемдік ерекшелігі // Ұлт тағылымы (Ғылыми педагогикалық басылым). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. 2007. №1.
3. Шәкәрім сөз шеберлігі // Хабаршы (филологиялық сериясы). 2007. №5 (104).
4. Шәкәрім Құдайбердіұлының “Қалқаман- Мамыр” поэмасын деңгейлі тапсырмалар арқылы оқыту // Шәкәрім (Ғылыми-педагогикалық журнал). 2008. №6-7.
5. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын сыныптан тыс оқыту // Ізденіс. – Алматы: №3 (2). 2008.

ӘОЖ 37.571

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН КӨМЕКТІҢ ТҮРЛЕРІ

ТЕЛЬМАНОВА Ж.Б.

№25 орта мектеп, арнайы педагог,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Каждый человек имеет права получать образование, поэтому он нуждается в помощи.

Summary. Everyone has the right to knowledge, he therefore needs help.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау міндетіміз болып табылады. Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Алғаш рет 2002 жылы Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдау туралы» Заңы күшіне енді. Заң әлеуметтік және медициналық, педагогикалық түзетулік қолдаудың түрлері мен әдістерін анықтайды, мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тиімді көмек жүйесін құруға, олардың тәрбиесіне, оқуына, еңбектік және кәсіптік дайындығына, бала мүгедектігінің алдын-алуға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Жанұяда ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың өмірге келуі бірінші кезекте ата-ананың және жанұя мүшелерінің өмірге көзқарасын, өзгелерге және өзіне деген қарым-қатынасын өзгертпей қоймайды. Отбасында бала үшін де, ата-ана мен жанұя мүшелері үшін де ауыр психологиялық атмосфера қалыптасатыны белгілі. Әйгілі ғалым Л.С.Выготский баланың өсіп дамуы бірінші кезекте әлеуметтік даму жағдайына негіздеген. Дамуында ауытқуы бар баланың кейінгі тағдыры өзі туып, тәрбиеленіп жатқан отбасының жағдайына байланысты. Яғни, баланың дамуы көбінесе медицина және педагогикалық қызметкерлердің назарынан тыс қалып, басты ықпал етуші күш ата-ана болып табылады. Сондықтан ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала тәрбиелеуші отбасы қандай да болмасын медициналық, педагогикалық, психологиялық, құқықтық ақпарттық қолдауды қажет етеді. Дер кезінде алынған қандай да қолдау түрі баланың немесе отбасының кез-келген әлеуметтік-психологиялық мәселесінің шешілуіне әсерін

тигізеді. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады.

Инклюзивті білім беру әр адамды түрлі жолдармен белсенді инклюзиялауды, дербестендірілген ықпалды және ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларға білім беру процесіндегі кедергілерді жою негізінде оқыту мен оқу ортасын жетілдіру арқылы тең мүмкіндіктер жасауды көздейді.

Инклюзивті (кіріктіре) білім беру дегеніміз – барлық балалар дене, психикалық, зерде, мәдени-этникалық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беру жүйесіне қосылып, тұрғылықты жері бойынша өз құрбыларымен қатар бір жалпы білім беру мектебінде білім алуын көздейтін білім беру үдерісін ұйымдастыру. Бұл жағдайда мектептер білім алудағы ерекше қажеттіліктерді ескеріп, өз оқушыларына қажетті арнайы қолдауды жүзеге асырады. Инклюзивті білім беру мынадай нақты құндылықтар мен ұстанымдарға негізделеді:

- әр адам білім алуға құқылы;
- білім беру туылғаннан басталады. Ерте жаста білім беру ерекше қажет, бірақ ол ересек жаста аяқталмайды, себебі бұл үдеріс өмір бойы жалғасады;
- барлық балалар білім алуы керек;
- әр адам белгілі бір сала бойынша не белгілі бір уақытта оқыту бойынша қиындықтарға тап болуы мүмкін;
- әр адам білім алу барысында көмекке мұқтаж;
- мектеп, мұғалім, отбасы бала ғана емес, өзге тұлғаларды да оқытуға ықпал етуге жауапты;
- әртүрлі болу табиғи жағдай, ол өте бағалы және қоғамды толықтырып отырады;
- біреуді кемсіте қарым-қатынас құру әрі бұндай мінез-құлық таныту сынға түсу керек.

Балаларды толеранттылық тән және әртүрлілікті қалыпты жағдайда қабылдайтын инклюзивті қоғамда өмір сүруге дайындау керек;

- мұғалімдер өздерімен өздері өмір сүрмеу керек, олар да үнемі қолдауға мұқтаж.

Кіріктіре оқыту сегіз қағидаға негізделеді:

- адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес;
- әр адам сезіну мен ойлауға қабілетті;
- әр адам қарым-қатынасқа әрі сөзінің тыңдалуына құқылы;
- адамдардың барлығы бір-біріне мұқтаж;
- білім алу нақты өзара қарым-қатынас мазмұнында болуы мүмкін;
- барлық адамдар құрбыларының қолдауы мен достығына мұқтаж;
- білім алып отырған тұлғаларға жетістік ретінде өздері жасай алмайтын емес, жасауға қабілетті әрекеттер саналады;
- әртүрлілік адам өмірінің барлық жақтарын күшейте түседі

Инклюзивті білім берудің қағидалары мен құндылықтарын терең түсіну және қабылдау Қазақстанның педагогтары қауымдастығы мен жалпы қоғамнан тұжырымдарды және мінез-құлық рөлдерін едәуір қайта бағалау үшін белгілі бір уақыт пен күшті талап етеді.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл - ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі. Қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту сыныптары біртіндеп ашылып жатыр. Бұл сыныптың мақсаты: әр сыныптағы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бір сыныпқа топтастырып, әр оқушыға жекелеп сыныбы мен оқу бағдарламасына сай білім беру.

Инклюзив – сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім берудің мақсаты: даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру.

Қазіргі күрделі әлеуметтік даму жағдайында, құндылықтар мен әлеуметтік нормалардың өзгере бастаған заманында, отбасында берілетін тәрбиенің ықпалы азайған заманда балаларды психологиялық-педагогикалық тұрғыда қолдаудың маңызы өсетіні белгілі. Педагог пен баланың қарым - қатынасындағы ұстанымдар мен парадигмалар да өзгереді: «оқушы мен оқытушы» орнына, «адам мен адам» парадигмасы қалыптаса бастайды. Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бұл – баламен кеңесе отырып оның жеке қызығушылықтарын анықтау, оның белгілі бір мақсаттарға деген ұмтылыстары мен мүмкіндіктеріне қолдау көрсету, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отырып дамуына, оқыту нәтижелеріне өз бетінше қол жеткізуіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, көпшілікпен араласуына, өмір сүру салтын қалыптастыруға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуіне көмектесу болып табылады. Инклюзивті оқыту практикасында психологиялық-педагогикалық қолдау бұл әрбір баланың мүмкіндігі мен қажетіне қарай әлеуметтік- психологиялық және педагогикалық жағдай жасауға бағытталған мамандар тобының қызметтерін қамтиды.

Қазіргі заманда өмір сүретін балалар үшін іс-әрекеттің екі саласы бар, және де олар бала тәрбиесіндегі негізгі институттар болып келеді - бұл, отбасы және білім беру жүйесі. Бала өміріндегі көптеген мәселелер де осы екі институттың әсеріне көбірек байланысты болып келеді. Бала үшін отбасы – бұл, оның дене бітімінің, психикасының, мінез - құлқының және интеллектісінің жақсы қалыптасып, дамуына ыңғайлы жағдайлар жасайтын орта. Әлеуметтік институт ретінде, отбасының бала өмірі мен тәрбиесі үшін қажет жағдайларды қамтамасыз ете алмауы, өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың пайда болуына әкелетін басты факторлардың бірі болып саналады.

Оқушыларды жалпы білім беру процесіне қосуға жағдайлар жасау үшін мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылды. Инклюзивті тәжірибе жағдайындағы психологиялық-педагогикалық қолдау әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сай нәтижелі оқыту мен дамытуға арналған әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасайтын мамандардың тұтас, жүйелі ұйымдастырылған әрекетін білдіреді.

- даму бұзылыстарын ерте түзету;
- балаларды әлеуметтендіруде, оқытуда жеке ыңғай жасау;
- оқуға ынтасын, дербестігін, әлеуметті мүмкіндіктерін дамыту;
- өмірлік құзіреттердің дағдыларын қалыптастыру;
- ата-аналармен және құрдастармен конструктивті қарым-қатынас құру.

Инклюзивті білім беру саласында педагог-психологтың рөлі ерекше. Мектептерде ерекше білімді қажет ететін балалармен психолог көптеген жұмыстар өткізуге жауапты. Бұл саладағы балалар ерекше назарда болады. Ерекше білімді қажет ететін балалардың кейбіреулерінде өзіндік қабілет, ерекшелік бар. Мысалы кейбіреулері би билеуге, сурет салуға қызығады, осындай қызығушылығы мол балаларды әрі қарай дамыту педагог-психолог пен әрбір мұғалімнің міндеті. Білім берудің бұл түрінде ерекше білімді қажет ететін баланың өз-өзіне сенімі артады, ол маңайындағылар тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінеді, бұл баланың өзін – өзі бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына, өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезуіне жол ашады. Оқытудың бұл түрі арқылы ерекше білімді қажет ететін бала өз қабілетіне сай, ата-анасынан алшақтамай, яғни арнайы мектеп – интернаттарда тұрып оқуға мәжбүр болмай, тұрғылықты жерде білім алып, қоғаммен біте қайнасып, әлеуметтік жағынан бейімделеді. Ата– анасы да баласының дамуы мен тәрбиесіне белсене қатысып, жеткіншек алдында жауапкершіліктері артады. Психолог ата – анамен тікелей байланыста болып, баланың білім алуына үлес қосады.

Педагог-психолог қазіргі таңда:

- баланың индивидуалды ерекшеліктерін, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, қиыншылықтары мен алаңдататын мәселелерін;
- баланың өмірлік қызметінің микроортасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктері мен шарттарын зерттейді;
- психолог педагогикалық диагностикасының бекітілген нәтижесін қолдайды.

Педагог-психолог осы саланы тандағандықтан, өзіне ауыр жүк жүктейді. Яғни ол ерекше білімді қажет ететін балалармен де, мамандармен және ата-аналармен де бір ізді жұмыстануға міндетті. Психолог бұдан бөлек өзін үнемі дамытып, жан-жақты хабардар болып, жиі білімін арттырып отыруы керек.

Қазіргі жас ұрпақ біздің болашағымыз. Бұл жас ұрпақтың ішінде қарапайым балалар да, даму мүмкіндігі шектеулі балалар да бар. Ендеше бұл балаларды бөлмей, бәріне бір көзқараспен қарап, олардың болашағына жол ашуға көмектесейік. Әрине бұны жеңіл деп айта алмаймын.

Бірақ бір сәт даму мүмкіндігі шектеулі балалардың орнында болып көрейікші, бізге қандай ауыр болса, оларға бізден аса ауыр. Сондықтан, даму мүмкіндігі шектеулі балалардың, мүгедек балалардың толық көлемде өмір сүруі үшін біздің еңбектенуіміз керек.

Барлық бала тең дәрежеде және өз мүмкіндігінше білім алуы тиіс. Инклюзивті білім беру даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қоршаған орта мен жалпы қоғам алдында тең құқылы болуға қолдау көрсетеді. Мектеп тек білім беру қызметін ғана атқармай, бала өмірінде тәрбие берудің де негізгі саласы болып табылуы тиіс. Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік – тұрмыстық өмірге бейімделуін толық қалыптастырып, қоғам өміріне толыққанды енуіне мүмкіндік беретін адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруымыз керек. Жалпы білім беретін мектепте даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Балаға аяушылық, мүсіркеушілік факторлары керек емес, ол балаларға адамгершілік, еңбексүйгіштік, өмірге құштарлық, қоршаған ортаны сүю, адамдарға өшпенділікпен емес, махаббатпен қарап, тіл табыса алуға үйретуіміз қажет. Басқа дені сау балалар қол жеткізе алатын мүмкіндік ол балалардың да қолынан келетінін баса түсіндіруіміз қажет. Ал осы жағдайларды басты назарға алып, түзету көмегін беретін дефектолог – мұғалім жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне нұсқаушы болуы керек. Инклюзивті білім беру барлық балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім беру үрдісінің дамуы. Сондықтан да мұғалім – дефектолог мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыптасуына, өз бетімен өмір сүруіне бағыт – бағдар беруі тиіс. Әрбір педагог, ата-ана, жалпы адамдар даму мүмкіндігі шектеулі балаларға көмектесіп, олардың өмірде өз орнын табуына жағдай жасауы керек. Бұл балалар үшін білім мазмұнын дидактикалық ойындар, түрлі көрнекі құралдар арқылы қалыптастыру өте маңызды болып саналады.

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да ойын әрекеті болып саналады. Қай ғалымды алмайық өздерінің ойын туралы еңбектерінде: «Ойын баланың жетекші әрекеті» деген сипаттама береді, өйткені ойын баланы ақыл-ой жағынан да, дене жағынан да алға жетелеп, дамытады, баланың ойын өрбітіп, бойын өсіреді. Баланың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында компьютерлік сауаттылыққа баулу-бүгінгі күн талабы. Соған сәйкес түрлі компьютерлік ойындар бар.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен ұйымдастырылған ойын түрлері, балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Қорыта айтқанда жас нәрестенің дені сау болса, отбасына зор қуаныш пен бақыт әкеледі. Елімізде өркениетті қоғам құру үшін тәрбиелі, дені сау азаматтарды көп болып тәрбиелеуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шевченко С.Г., Бабкина Н.В., Вильшанская А.Д. Дети с ЗПР: коррекционные

занятия в общеобразовательной школе. Книга 1. – М., 2005

2. Мусаева С.А., Бегалиев Т.Б. Жас ерекшеліктер педагогикасы.

3. Сатимбекова М.С., Наурызбаева Ә.Н., Әуелбекова: Әдістемелік құрал. –А., «Алматы кітап» ЖШС, 2005.

ӘОЖ 37.571

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ОЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ

ЕРМАХАНОВА А.Қ.

№25 орта мектеп, арнайы педагог, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье раскрываются основные проблемы включения инклюзивного образования, плюсы и минусы данного включения, а так же качества, которыми должен обладать педагог работающий по данному направлению.

Summary. The article reveals the main problems of the inclusion of inclusive education, the pros and cons of this inclusion, as well as the qualities that a teacher working in this area should have.

Әр бала үшін ең алғаш мектепке бару ең жауапты да қиын кезең. Ал мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін бұл кезең әлдеқайда эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Әрбір бала, мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті.

2019 жылғы 2 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында инклюзивті қоғамды дамыту мәселесін жеке атап өтті. Қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға ерекше көңіл бөлінуі керек екендігін баса айтты: «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз».

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірбие көрсеткеніндей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни,

жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде жоғарыда айтқанымыздай балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Инклюзивті білім беру мәселесі біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, бірқатар міндеттер орындалуда. Мемлекеттік бағдарлама негізінде мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнатылған, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылған. Мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасап жатыр.

Қазіргі жас ұрпақ біздің болашағымыз. Бұл жас ұрпақтың ішінде қарапайым балалар да, даму мүмкіндігі шектеулі балалар да бар. Ендеше бұл балаларды бөлмей, бәріне бір көзқараспен қарап, олардың болашағына жол ашуға көмектесейік. Әрине бұны жеңіл деп айта алаймын. Бір сәт даму мүмкіндігі шектеулі балалардың орнында болып көрейікші, бізге қандай ауыр болса, оларға бізден де ауыр. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың толық көлемде өмір сүруі үшін қоғам көзқарасы өзгеруі керек. Қазіргі уақытта даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудағы өзекті мәселе – инклюзивтік білім беру. Инклюзивтік білім мүгедек балаға өзінің құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді. Көшеде өзінің жасындағы балалармен ойнап жүрген мектепке дейінгі жастағы балаға жақын жердегі мектепке емес, ерекше жағдайдағы мектепке баратыны жөнінде қалай түсіндіруге болады. Инклюзивті білім беру системасының өзі инклюзивтік қоғамның дамуының тиімді механизмі болып табылады.

Инклюзивті білім беру системасын дамыта отырып, біз инклюзивтік қоғам, яғни әрбір адам үшін қоғамды дамытуға жол ашамыз. Инклюзивті білім мүмкіндігі шектеулі балаларға балабақша, мектеп, институт, мектепке дейінгі және мектеп өміріне толық көлемде қатысуына мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларды теңдікке, тең құқылыққа ынталандыру қорына ие. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру мақсатында баланың психофизиологиялық және танымдық мүмкіндіктерінің деңгейін ескеретін, оқытудың нұсқауларын қарастыратын

білім берудің арнайы типтік оқу бағдарламалары құрастырылып, бекітілген. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды кіріктіре (инклюзивті) оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар мен нұсқаулар дайындалды.

Жалпы білім беру мектептің оқыту үдерісінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар 2019 жылы жарыққа шықты. Құралда ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды жалпы білім беру мектептерінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі бойынша педагогтар мен мамандарға арналған әдістемелік ұсынымдар берілген. Ата-аналармен өзара іс-әрекет, сондай-ақ білім беру ұйымдарына ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды қабылдау мен қолдаудың қадамдық жоспары бойынша ұсыныстар енгізілген.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп басшыларына, мұғалімдерге, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

Жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді табысты ұйымдастырудың жағдайы ретінде баланы білім беру мекемелеріне толыққанды кіріктіруді қамтамасыз ететін бейімделу ортасын құру «инклюзивті білім беру» болып табылады.

Осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын Л.С. Выготский ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланың қалыпты дамыған балалар қоғамынан шеттетілмейтіндей оқыту жүйесін құру қажеттігін көрсетті. Ол біздің арнайы мектептің, барлық құндылықтарын ескере келе, ең басты кемшілік – өз тәрбиеленушісін – соқыр, саңырау, ақыл-есі кем баланы мектеп ұжымының тар шеңберіне шоғырлауымен, баланың қиындықтарына бейімделген тұйық әлемді құруымен, барлық нәрсесі балаға кемшіліктерін баса көрсетіп, шын өмірге дайындамайтындығымен ерекшеленетінін айтқан. Осылайша, Л.С. Выготский ең алғашқылардың бірі болып интеграциялық білім беру идеясын негіздеді. Нәтижесінде оның идеясы Батыс Еуропа және АҚШ мектептерінің тәжірибесінде іске асты және соңғы жылдары ғана Қазақстанда белсенді іске асырылуда.

Білім беруді дамытудағы заманауи тенденциялар анализі көрсеткендей оның ең негізгілерінің ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру ұйымдарына қосумен байланысты. Осыған байланысты оларды оқыту процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттілігі жөнінде мәселе шешуді қажет етеді. «Қолдау» сөзінің астарында білім беру процесінің барлық қатысушыларының (әкімшілік, мұғалімдер, мамандар, ата-аналар және білім алушылар) өзара бірлесіп және сабақтастықта жұмыс істеуін түсінеміз. Баланы қолдау оның қандай да бір білім беру ұйымына келуінен және оқу біткенге дейінгі аралықты, кей жағдайларда одан да ұзақ уақытта қамтиды.

Қазіргі таңда көптеген авторлар инклюзивті білім беру бағдарламасы шеңберіндегі психологиялық-педагогикалық қолдауды баланың тұлға ретінде өзгеруіне байланысты қозғалыс, оңтайлы дамудың мүмкін болар жолдарын уақытылы нұсқау, сәтсіздіктерді бейтараптандыруға бағытталу, қажет кезінде көмек көрсетіп, қолдау білдіру, балада позитивтіліктің дамуы және оның жалпы педагогикалық процесте дамуы деп қарастырады. Барлық балалардың өзгешеліктері құндылығы және олардың білім алуға қабілеті мойындалады. Ол балаға ең оңтайлы амалдар арқылы іске асырылады. Бұл икемді жүйе тек дамуында проблемалары бар балалардың ғана емес, сонымен қатар әртүрлі этностық топтарға, жынысқа, жасқа, қандай да бір әлеуметтік ортаға қатыстылығына қарай барлық балалардың қажеттіліктерін ескереді. Бала оқыту жүйесіне емес, керісінше, оқыту жүйесі балаға қарай икемделеді. Қандай да бір ерекше топтар ғана емес, барлық балалар басымдықтарға ие болады. Оқытуда жаңа амалдар қолданылады, *ерекше балалар* сабаққа бастан-аяқ немесе арасында қатыса алады, мұндайда оларға қолдау көрсетіледі және жеке оқу жоспары құрылады.

Инклюзивті білім беру шарттарындағы психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі субъектілеріне бес негізгі топ жатады: ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар, сыныптағы өзге балалар, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың ата-

аналары және сыныптағы өзге балалардың ата-аналары, педагогтар және өзге де мамандар. Сәйкесінше осы субъектілердің әрқайсы қандай да бір деңгейде немесе көлемде психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Инклюзивті білім беру шарттарындағы педагогикалық процесс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттарының ішінде диагностикалық-коррекциялық, дамытушы және психопрофилактикалық жұмыстарды, сонымен қатар қорғауды қамтамасыз ету мақсатындағы психологиялық ағарту мен кеңес беруді, білім беру ұйымындағы рухани ахуалдың жақсаруын, әр субъектіге және тұтастай білім беру ұйымына қатысты білім беру процесінің тиімділігін жоғарылатуды ерекшелуге болады.

Әдебиеттер анализі көрсеткендей, психологиялық-педагогикалық қолдауды бірнеше аспектіде:

- балаға жеке білім беруде көмек көрсетіп, қолдауға қабілетті педагогтың кәсіби қызметі ретінде;

- баланың білім беру міндеттерін шешуі кезінде жеке адамгершілік таңдау жасауына мүмкіндік беретін мақсатты бағытталған кезекті педагогикалық әрекеттер кешенінен тұратын процесс ретінде;

- қолдау көрсетуші және қолдау көрсетілетін арасындағы өзара әрекеттестік ретінде;

- білім алушылардың оқу жетістіктеріне жетуін қамтамасыз ету бойынша педагог, психолог және т.б. мамандар қызметінің бірізді кезеңдері қатарынан тұратын технология ретінде;

- мақсатты, мазмұнды, процессуалды және нәтижелі элементтердің өзара байланысы мен өзара шарттылығын сипаттайтын жүйе ретінде қарастыруға болады.

Осылайша, психологиялық-педагогикалық қолдау екі келісілген процесті қамсыздандыруға бағытталған:

- баланың дамуын қолдау және оны оқыту, тәрбиелеу, бар ауытқуларын түзету (оның ішінде бар ауытқуларын түзетуге немесе бәсеңдетуге бағытталған коррекциялық жұмыстардан және баланың әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға, дамудың оңтайлы деңгейіне қол жеткізуге бағытталған жұмыстардан тұрады);

- кешенді технология, баланы қолдаудың ерекше жолы, балаға даму, оқу, тәрбиелеу, әлеуметтендіру міндеттерін шешуде көмек көрсету.

Жалпы білім беретін мектепте оқытын, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты баланың оңтайлы дамуын, социумға сәтті кірігуін қамтамасыз ету.

Қолдау қызметі – қолдау көрсету процесін іске асыратын әртүрлі саладағы мамандар бірлестігі. Команда мектеп әкімшілігінен, ата-аналардан, мұғалімдерден, логопед мұғалімдерден, дефектолог мұғалімдерден, психологтардан, әлеуметтік педагогтардан және басқа да мамандардан тұрады.

Топтық командамен мұғалімдерді және ата-аналарды бірыңғай дамыту бағдарламасын іске асыруға тарту, балалардың одан әрі дамуына қатысты болжамдарды зерттеу және отбасыишілік тұлғааралық қарым-қатынастарды үйлестіру мақсатында өзара жұмыс ұйымдастырылады.

Білім беру процесінде білім алушылардың психикалық денсаулығы, білім беру маршруттарын дараландыру, психологиялық қауіпсіз және ыңғайлы білім беру ортасын құру маңызды орынға ие. Сонымен қатар білім алушылардың, ата-аналардың, педагогтардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениетін) дамыту, білім алушыларда қажетті әлеуметтік дағдылардың қалыптасуын психологиялық қолдауда сабақтастықты қамтамасыз ету маңызды.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін оқытудың әртүрлі нұсқалары: арнайы, жалпы білім беретін немесе жеке оқу бағдарламалары қарастырылған. Қазіргі уақытта біздің елімізде инклюзивті білім беру практикасы қарқынды дамуда. Жалпы білім беретін мектеп штатына психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары: психологтар,

логопедтер, дефектолог педагогтар кіреді. Олар нәтижелі жұмыс үшін ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды қолдауды максималды дараландырудың командалық тәсілі мен технологияларын игеру қажет. Оқушыны қолдауда, оны оқыту процесін дараландыруда негізгі рөлді мұғалімнің ойнайтындығын ескеру қажет.

Оқытуда жеке тәсілді қамтамасыз ету, нақты баланың ерекшеліктерін есепке алу, жіті өткізілген бағалау негізінде оқу бағдарламасын және жоспарды жасақтау – мектеп мұғалімдері мен мамандарының тығыз өзара қарым-қатынасын, командалық тәсілді, білімдер мен тәжірибелерді талап етеді.

«Табиғаттың мүмкіндігі шектеулі деп есептемейік! Адамның өнері арқылы бұл мүмкіндіктің шектеусіз сипатқа ие болуы да ықтимал», Ж. Ламетри айтқандай, қазіргі таңда барлық әлемде жеке қажеттілікті түзету, педагогикалық қолдау мен бейімдеу баланы емес, балалардың білімдік сұраныстары мен жеке ерекшеліктеріне ортаның, отбасының белсенді қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын барлығы үшін бір мектеп немесе инклюзивті білім беру туралы айтуда.

Қорыта айтқанда жас нәрестенің дені сау болса, отбасына зор қуаныш пен бақыт әкеледі. Елімізде өркениетті қоғам құру үшін тәрбиелі, дені сау азаматтарды көп болып тәрбиелеуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.К. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. // Қазақстан халқына Жолдауы. 2 қыркүйек 2019 ж.

2. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар және үйде оқытылатын балалардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017. – 88 б.

3. Выготский Л.С. Основы дефектологии / Л.С. Выготский – СПб.: Лань, 2003.–654 с.

4. Жалпы білім беру мектептің оқыту үдерісінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 258 б.

5. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. –Астана, 2010 ж.

6. Психолого-педагогические основы инклюзивного образования: коллективная монография / Отв. ред. С. В. Алехина. М.: МГППУ, ООО «Буки Веди», 2013. 334 с.

ӘОЖ. 378.012

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЕҢБЕКТЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

БЕРКЕН Ж.Қ.

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының
Бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА Р.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается воспитательное значение оценки учебных трудов в младших школьников.

Summary. The article discusses the educational value of evaluating the educational works of younger schoolchildren.

Бастауыш саты-бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ екенін ескерсек, бастауыш білім-үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдері жас жеткіншектерді оқытуда қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды кеңінен қолдана отырып [1, 125б], білімді де білікті маман иелерін тәрбиелейді.

Тәрбиенің мәні – адамның қоғамдық мазмұнын әлеуметтендіріп, оның ұжымымен және қоғаммен практикалық қатынастарының жүйесін құру. Осы мәселелерге тоқтамас отырып тәрбие процестерінің негізі әдістеріне кеңірек педагогикалық сипаттама беруге тырысатын. Осы тақырыпты ашуда мынадай бірнеше мәселелерді қарастырдық.

Адамгершілік қасиеттің қалыптасуындағы тәрбиесінің және адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Адам неғұрлым адамгершілік тұрғысынан бай болған сайын соғұрлым қоғамға қосатын үлесі де соғұрлым молырақ болатыны сөзсіз.

Жеке тұлғаның қалыптасуындағы еңбектің рөлі. Адамды адам еткен еңбек деп бекер айтылмаса керек. Сондықтан да балаға ерте кезден еңбек тәрбиесін дұрыс үйрету өте маңызды. Жеке тұлға дамуының психологиясының педагогикалық мәні – баланың ойлау, сөйлеу, сезім сияқты процестерінде бірте-бірте өзгерістер пайда болады. Мақала жазу барысында негізгі мән берілген педагогикалық мәселелер, оқушылардағы дамудың психологиясын зерделеу екеніне көзімізді жеткіздік. Сана адамның іс-әрекеті барысында пайда болады. Еңбек және қоғамдық қатынастың нәтижесінде адам өзіне және өзінің іс-әрекетіне қоршаған ортаға жете түсінеді. Оның сана сезім дамиды. Дамудың нәтижесінде адамның сыртқы көріністері байқалады. Оларға өзін-өзі бақылау мен бағалау, намыс, өз қадірін сезу, өздігінен жетілуге талаптану т.б. жатады.

Сананың мұндай сыртқы көріністерін психологияға, білім мен есте сақтауға сүйене отырып, оқыту мен тәрбиелеу процесінде мұғалім ескеруі керек. Өйткені, сана мен өзін-өзі тануды дамыту – бұл әлеуметтік қатынастардың жүйкесінде белгілі бір орын алатын адамды тәрбиелеу мен өсіру үшін қажетті шартты шарттардың бірі.

Оқушылардың танымдық процестерінің барысын сипаттайтын көптеген бақылаулар мен эксперименттік зерттеулер жинақталды, олардың сыртқы белсенділігіне, өзін-өзі көрсету қабілетіне негізделген. Бұл сыртқы көріністер ішкі процестерге сәйкес келмесе де, олар тәжірибеде жағымды нәтижелерге әкелетін оқыту тұжырымдамасын жасауға негіз береді. Оқуды оқытудың теориясы мен практикасын дамыту, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу, сондай-ақ мұғалімдердің тәжірибеде тапқан жаңалықтары жылдан жылға оқытудың тиімділігін арттыратыны айтпаса да түсінікті. Оқыту процесінің теориясы оқу процесінің екі жақтылығын мойындаудан туындайды.

Алайда, практикалық мақсатта оқу процесі мен оқыту процесін жеке қарастырған пайдалы. Мұнда оқыту процесінің тиімділігі мәселелерін қарастырған кезде педагогика мен психология оқу процесінің мазмұны мен заңдылығы туралы мәліметтерге сүйенеді. Оқу-адамның жеке басын танудың ерекше түрі. Оқушылар өздерін қоршаған әлемді таниды, бірақ қоршаған әлемді ғалымдар да таниды.

Бастауыш сыныпта жаратылыстану пәнін оқу барысында оқушыларға білімді дайын күйінде бере салмай, керісінше оқушылардың өздері ізденіп, тақырыпты ашып, зерттеу жұмыстарын жүргізуіне жағдай жасалу қажет. Сол сәтте ғана оқушы тақырыпты тереңдей түсініп, ұққын білімін келешекте қолдана алады. Нәтижесінде оқушы жаратылыстану пәні бойынша қоршаған орта, аспан денелері туралы алған білімін өмірде қолданып, өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізіп зерттеуші бола алады. Бұл оқушының шығармашылық қабілетін дамытады.

Бастауыш сыныпта жаратылыстану пәнін оқу барысында оқушыларға білімді дайын күйінде бере салмай, керісінше оқушылардың өздері ізденіп, тақырыпты ашып, зерттеу, тәжірибе жұмыстарын жүргізуіне жағдай жасалу қажет. Жаратылыстану пәнінің ерекшелігі осында оқушының зерттеу жұмысын мұғалімнің көмегінсіз жеке өзіне жасатуы. Сонда ғана оқушы тақырыпты тереңдей түсініп, ұғынған білімін келешекте қолдана алады. Жаратылыстану пәні оқушының қоршаған орта, аспан денелері туралы алған білімін өмірде қолдануға негізделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кузнецова С.Н., Жамиева Ә.Қ., Сапақов Д.Н., Васева И.Н., Құсайынова М.Қ. Жаратылыстану. 1 сынып. –Астана: Назарбаев зияткерлік мектебі. ДДБҰ, 2016. –Т.3. №1, 15-176б.
2. Можаева О.И., Шилибекова А.С. Бастауыш мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаушы // 2016. –Т.3. №1, 15-17.
3. Ақпаева Ә.Б., Лебедева Л.А. Жаратылыстану оқулық /–Алматы, 2017. –Т.2. №1, 26б.
4. Жамиева Ә.Қ. Жаратылыстану негіздері // 2015. –Т.3. №1, 20-24бб.

ӘОЖ 81. 245

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ЕЛУБАЕВА Л.С.

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің биология пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Состоит внутренняя сторона тела, почему светят звезды и о чем они, а также миллионы подобных вопросов-человечество интересовало с самого начала своего существования. Очень скоро нашлись ответы на интересующие вопросы. С каждым годом развивающиеся естественные науки показывают свои результаты.

Summary. Natural sciences were interesting to ancient people. How to get rid of the disease, what is the internal stable Natural sciences were interesting to ancient people. How to get rid of the disease, what the inner side of the body consists of, why the stars shine and what they are about, as well as millions of similar questions-humanity has been interested in from the very beginning of its existence. Very soon there were answers to the questions of interest. Every year the developing natural sciences show their results. about the body, why the stars shine and what they are about, as well as millions of similar questions-humanity has been interested from the very beginning of its existence. Very soon there were answers to the questions of interest. Every year the developing natural sciences show their results.

Ал енді, жекелеп тоқталып өтер болсам: жаратылыстану – табиғатты жанжақты, әрі біртұтас зерттейтін жаратылыстану ғылымдарының жиынтығы. Оның құрамына физика, химия, биология және психология енеді. Табиғат туралы ғылымдар, комплексті болғандықтан, ол натур-философиядан туындаған еді., жаратылыстану тек нақты деректер

мен білімді тәжірибеге сүйене отырып тексереді және мұны өзінің негізгі принципі деп санайды. Ірі ғылымдар тобын құрайтын және бағалы жетістіктері бар қоғамдық ғылымдармен салыстырсақ жаратылыстану ғылымы объективтік эталоны болып саналады. Техникалық ғылымдар сияқты әлемді өзгертуге кіріспейді, оны тұтас тануды мақсат етеді, математика ғылымы тәрізді белгілер жүйесін зерделемейді, табиғат жүйесін тануды мақсат етеді. Жаратылыстану ғылымның танып білу құрылымы төмендегідей: тәжірибелік дерек –ғылыми дерек бақылау –нақты тәжірибе –модельдік тәжірибе –нақты тәжірибе нәтижелерінің тіркеу –тәжірибе нәтижелерін жинақтап қорыту қалыптасқан теориялық білімдерді тиімді пайдалану –бейне –ғылыми болжам қалыптастыру –оны тәжірибеде тексеру –қажет болған кезде қосымша болжамдар енгізу. Ғылыми зерттеу құрылымы –ғылыми таным тәсілін береді. Қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін әртүрлі әрекетпен қимыл жасап, түрлі әлістерді қолданылады. Табиғатты танып білуге адамзат баласы ертедегі заманнан бастап бүгінге дейін үш кезеңнен өтіп, төртінші кезеңге көшетіндігін ғылым шежіресі дәлелдейді.

Бізді қоршаған дүниедегі құбылыстарды қарастыратын синкретикалық (бөлінбейтін) көзқарасқа негізделген, болмыстың сыртқы көрінісіне ғана мән беретін натурфилософия пайда болды, XIII –XV ғасырларды ғылымның іргетасы қаланып аналитикалық кезең басталды. Бұдан кейін жинақталған мәліметтерге сүйене отырып табиғат туралы тұтасталған көзқарас қалыптастыру, яғни синтездеу кезеңі келді. Қазіргі уақытта бүкіл жаратылыстың тұтастығын (интегралдығын) негіздеуімен қатар, жеке ғылыми салалардың қалыптасу себептерін түсіндіретін интегралды –дифференциялық кезең басталды. Жаратылыстану табиғат туралы шын мәніндегі тұтас ғылым ретінде тек қазір ғана қалыптаса бастады деуге болады. Бүгінгі кезеңге ғана табиғатты (өмірді, әлемді және сананы) жаратылыстанудың объектісі деп қарастыру мүмкіндігі туды. Табиғатты зерттеудегі бұл төрт кезең –натурфилософия, табиғатты тануда тәжірибеге негізделмей, тек бақылау тәсілімен шектеледі. Бұл мерзімде әлемнің эволюциялық дамуы туралы көзқарас қалыптасты. Дегенмен, тәжірибелік әдістің пайдаланбауы дәл мәліметтерді алуға мүмкіндік бермегендіктен, жаратылыстану (астрономия мен геодезияны қоспағанда) ғылымның XV – XVII ғасырлардағы жетістіктер де осы кезеңге сәйкес келеді. Табиғат құбылыстары мен объектілерін саяхатшылар, дәрігерлер, астрогтар мен астрономдар, алхимиктер мен химиктер, кәсіпкерлер мен өнертапқыштар т.б. зерттеді. Олар назарларын өсімдік пен жануарларға, жер мен аспанға бағыттан тек пассивті бақылаумен шектелмей, жүйелі эмпирикалық зерттеулер жүргізді.

Аналитикалық кезеңде физика, химия, биология, география мен геодезия негізіндежинақы, молғылымидеректералынды. Табиғат объектілерін жан-жақты зерделеу нәтижесінде ғылымдардың дифференциялаудың пайда болды, бұл аналитикалық кезеңінің негізгі бағыты болып саналады.

Аналитикалық кезеңнің тағыда бір ерекшелігі эмпирикалық білімнің теориядан басымдылығында. Бұл кезде көптеген деректер жинақтау қажет болды, табиғаттағы денелерді зерделеп, олардың құрамы мен құрлыстары анықталды, яғни эмпирикалық тәсілдің талабы орындалды. Жаратылыстануға белгіленген шекараны сызуға болмайды. Оларды салаларға бөлгенмен ылғыда тұтастық барын есте сақтау керек. Жүйелі түрде пәнаралық байланыс байқалады, оларда оинетика қалыптасады. Мысалға қазіргі кезеңде ғылымның физикалық химия, биофизика, биохимия, психофизика т.б. салалары дамуда. Табиғатқа натурофилософиялық жалпы түсініктердің қалыптасқан алғашқы кезеңінің өзінде ол біртұтас, біріккен, немесе бір-бірімен қалайда байланысқан деп қабылданған болатын. Табиғат туралы белгілі бір құбылыстарды немесе заттарды зерттегенде физика, химия, биология және психология жаратылыстанудың бөліктері ретінде қалыптасқан алғашқы кезеңінің өзінде ол біртұтас, біріккен, немесе бір-бірімен қалайда байланысқан деп қабылданған болатын. Табиғат туралы белгілі бір құбылыстарды немес заттарды зерттегенде физика, химия, биология және психология жаратылыстанудың бөліктері ретінде қалыптаса бастады. Қазіргі жаратылыстану өзіне тек физика, химия, биология

және психологияны ғана қоспайды, натурфилософияны, орта ғасырдағы классикалық жаратылыстануды және «постклассикалық» ғылымдарды да біріктіреді. Ғылымның айтылған бұл салалары бір мезгілде пайда болған жоқ, біртіндеп дамып барып тұтасты. Табиғат туралы біріккен ғылым түзуде олардың формалары үнемі жаңарып, мазмұндары тереңдене түсті. Тарих пен оның даму логикасының арасында өзара күрделі қатынас қалыптасқан. Ғылым тарихы анық көрініп тұрса, оның даму логикасы құпия болады. Оны ашып түсіну үшін белгілі бір жүйелілік қажет болады. Ғылымның даму логикасы оның прогрессивті заңдылықтарын және даму динамикасының қозғаушы күші мен себептерін білуден шығады. Жаратылыстану ғылымының тарихында үлкен жетістіктерге жеткен тұлғалар баршылық. В.Оствальд (1898-1932): «ұлы жаңалықтардың кездейсоқ жағдайда ашылғандығы мәлім» – дейді. К.А. Тимирязев (1843-1920) «мұндай кездейсоқтыққа жету үшін мүмкін болған ізденісті жасаған ғалымдар ғана ұшырайды» -дейді. Адамның өзі де табиғаттың саналы объектісі. Ертедегі грек философы К. Протагор (біздің деуірге дейінгі У. ғ.) былай деген: Адам барлық заттың өлшемі – тіршіліктің тіршілігі үшін және тіршілікке жоқтың тіршіліксіздігі үшін».

Бұл көргенділік космологияның негізіне ендірілген тұңғыш антропоцентристік принцип болжау еді. Белгілі философ К. поппер айтқандай «Саналы адамзатты қызықтыратын бір философиялық проблема бар». Ол космология проблемасы және біздің біліміміз, бізді қоса Әлемді түсіну проблемасы.

Бұл аумақты проблема жалпыға бірдей, онымен қатар көптеген басқа да комплексті проблемалар бар. Бұл мәселелерді жеке бір ғылым шеңберінде шешу мүмкін емес. Биосфера, ноосфера және сана сферасы туралы ілімді ұсынған атақты ғалым В.И. Вернадский «Қазіргі кезде ғылыми жұмыс пен оны зерттеушінің ғылыми ой-өрісін тармақталған жеке ғылымдар шеңберімен шектеу мүмкін емес. Зерттеушілер қарастыратын мәселелер көбіне қалыптасқан шеңберден шығып жатады. Қазір ғалымдар ғылым салалары бойынша емес, проблемалар бойынша маманданады, яғни ғылымның, оның ішінде жаратылыстанудың негізгі құрамдас бөлігі –ғылыми проблема және оны шешу жолы», – деп тұжырымдаған.

Жаратылыс түсінігін қалыптастыру, жаратылыстанудың негізгі нысандары мен оның негізгі мақсаты - ғылыми бағыты, адамзат үшін бұл ғылымның теориялық - сарамандық (практикалық) мәні, жаратылыстану ғылымы дамуының негізгі кезеңдерімен оқушыларды таныстыру, басқа ғылымдармен байланысын түсіндіреді.

Ибн Саид Әл-Кифти (1167-1248) «Фарабдан шыққан фәлсафашы» мақаласында: «Ол кезде бұл кездегідей ғылымға таңдау жоқ еді. Ал әл-Фараби логиканы зерттеді. Ол Платонның фәлсафасын зерттеді. Оның еңбектерінде лайықты атаулар беріледі. Аристотель еңбектерінде де солай етті.

Ол Аристотельдің еңбегіне атышулы алғы сөз жазды. Аристотельдің философиясын бақайшығына дейін зерттеді. Содан кейінбірінен соң бірін кітапқа жазды. Мен фәлсафашыларды жеріне жеткізе талдап, әр уақытта ұғынықты етіп түсіндірген Әл-Фараби болмаса Аристотельдің «Категориясының» мән-мағынасын, ойын түсіну қиын болар еді. Тек Әл-Фараби арқылы ғана Аристотель еңбектерінің мән-мағынасын саралады. Кейіннен ол күдіретті және өркениеттік ілім хақында еңбек жазды. Екеуі де баға жетпес кітаптар».

«Аса ірі фәлсафашы» деген еңбегінде: «Мен бұл кітапты 100 рет оқып шықтым», депті. Аристотельдің «Жан туралы» кітабын. Сол сияқты Аристотельдің «Физика» кітабына: «Мен бұл кітапты 40 рет оқыдым, сонда да қайта оралуға мәжбүрмін», деп айтыпты Әл-Фараби.

«Әл-Фарабидың өз үйі болмаған. Ол ешқашан өз қамын ойламаған. Оған қазынадан күн сайын 4 дильхам беріп тұруды бұйырған. Өйткені әл-Фараби осы бағаны қанағаттатқан. өле-өлгенше осылай күн кешкен. Хиджраның 139 жылының Раджаб айында дүниеден қайтқан. Осы кезде Әл-Фараби 80 жаста болатын — дейді Ахмад ибн Хами Хан.

Ибн Әби усайбиға (1203-1270) «Шамнан шыққан дәрігер» деген естелігінде: «Әбу Насырды Мәшһүр еткен алғашқы еңбегінің бірі – ғылымды жіктеу және мақсатты айқындау болып саналады. Өйткені, оған дейін сол тақырыпқа кітап жазған ешкім болмаған. Ғылыммен әуестенгендер осы кітапқа соқпай кете алмаушы еді. Олардың ой-өрісін дамытуда атқарған еңбектері ұлан ғайыр. Оның зерттеуге негіз болатын «Аристотель» сынды фәлсафашының «Арифметика» кітабы.

Ол жалпы теориялық ой-пікірдің жетістіктерін жаңғыртып, жетілдіре түсті. Халық даналығы туғызған данышпандық пікірлерге ден қойды, сөйтіп өзінің философиялық төл концепциясын жасады. Қоғам туралы ілімді, этика мен эстетиканы дамытты. Аристотельдің еңбектеріне сүйене отырып, ол антика заманының теориялық озат ой-пікірлерін сыннан өткізіп барып, бойына сіңірді, өз заманының ілімін белгілі бір жүйеге салды.

Фараби жан-тәнімен ақыл-ойдың қорғаушысы, ақыл-ой қадір-қасиетін мадақшаушы, оны қорғаушы болды. Теориялық-таным проблемаларын қарастырғанда, логиканы негізінде және оны мазмұндағанда ғана емес, адамның іс-әрекетіне, ақыл-ойына негізделген, өздігінен дамыған философияның, этиканың, эстетиканың, жалпы ғылым атаулының дінге байланыссыз-ақ дербес өмір сүре алатындығын дәлелдегенде оның рационалды ойшылдығы айқын көрінді.

Қорыта келе, қазіргі уақытқа дейінгі ғылыми зерттеу бағдарламалары мен қазіргі жаратылыстану салаларының тарихы, сонымен қатар жаратылыстану ғылымының дамуы қазіргі таңда физика, химия, биология, география ғылымдарының негізгі тұжырымдамалары және қазіргі ғылымның интеграциясы мен космологиясы, жаңа биосфералық дүниетанымның қалыптасуы жайында біршама зерттелінгенімен заман талабына сай зерттелуінің әлі де қажеттілігі жоғары. Мұндағы айтпағымыз жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдамаларының гуманитарлық ғылымдағы алатын орны қазіргі таңда байланысы мен өзара ерекшеліктері жайында зерттеулер ғалымдардың мейлінше қызығушылығын танытуда. Оған қоса ЖОО студенттеріне оқытудың құндылығы да ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Идлис Г.М. Современное естествознание. М., 1997
2. Горелав Л.А. Концепция современного естествознания М., 1997
3. Алматов Ж.К., Сартбаев Т.С., Рамазанова С.А. Кәзіргі жаратылыстану концепциясы. Шымкент. 1999ж.
4. Купер Л. Физика для всех. М. , 1972.
5. Спасский Б.И. Физика для философов. М. , 1975
6. Акоста В. , Кован К., Грэм Б. Основы современной физики М., 1981
- 7.Эткинс П. Порядок и беспорядок в природе. М.,1987
8. Кузнецов В.И.Общаяхимия.Тенденции развития.М.,1989.
9. Кузнецов В.И.,Идлис Г.М.,Гутина В.Н Естествознание. М.,1996
- 10.Кузнецов В.И,Зайцева З.А. Химия и химические технологии.Эволюция взаимосвязи.М.1984.
11. Пригожин И.,Стенгерс И. Порядок из хаоса.М.1986.
12. Пригожин И., Стенгерс И. Время,хаос, квант.М.1994.
13. Дубнищева Н.Я., Пигарев А.Ю. Современное естествознание.Новосибирск.1998.
14. Кеми П, Арме К.Введение в биологию.М.1988.
15. Вилли К.Биология.М.1968.
16. Дж.Харрисон и др.Биология человека.М.1979.
17. Горелов А.А. Концепция современного естествознания.М.1997
- 18.Дубнищева Т.Я.,Пигарев А.Ю. Современноеестествознание.Новосибирск 1998.
19. Валли К..Биология.М.1962.

БИОЛОГИЯ ПӘНІНІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

АДАМБЕКОВА К.Ш.

«Ата-мұра» орта мектебінің психологі, биология пәнінің мұғалімі, зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы

Резюме. В статье описаны современные инновационные методы обучения биологии, теоретические и практические методы обучения биологии при подготовке будущих учителей биологии.

Summary. The article describes modern innovative methods of teaching biology, theoretical and practical methods of teaching biology in the preparation of future biology teachers.

Биологияны оқыту әдістемесі пәніне қойылатын басты талап-кәсіби деңгейдегі жоғары биология мұғалімін дайындау. Бұл курстың алдына қойған мақсаты-мектеп қабырғасындағы биология мамандығы бойынша білімді, білікті деңгейдегі мұғалімдерін мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сай етіп дайындау. Осыған орай, әрбір болашақ мұғалімнің міндеті-оқушыларға жалпы білім беріп және білім берудің мақсаты мен міндеттеріне бағдар жасай отырып, жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осы пәнді игеру нәтижесінде әрбір студент биология саласынан сабақтан тыс жұмыстар жүргізе отырып, оның алдын ала үлгісін (модель) жасауды үйреніп, әрбір оқушының жас ерекшеліктеріне, психофизиологиялық деңгейіне сәйкес сыныптан тыс шараларды іске асыра білуді, оны ұйымдастыруды үйренуі тиіс; тиімді, қолайлы әдістемелерді таңдап алу арқылы оқу материалының мазмұнына, мақсатына қарай және оқушылардың жасқа сай және типтік ерекшеліктеріне сәйкес оптималды (ыңғайлы) әдістерді қолданып, білім беру барысында кешенді оқу құралдарын тиімді пайдалануды меңгеру; оқу үдерісін ұйымдастырып, тұрақты түрде ізденісте болып, кәсіби біліктілігін жетілдіре білу [1, 43 б.].

Биологияны оқыту әдістемесі пәнінің басқа ғылым салаларымен байланысы. Биологияны оқыту әдістемесі-білім беру үдерісінің мазмұнын және оқушылардың оқу материалдарын игерудің заңдылықтарын зерттейтін пән. Осыған орай, бұл пәнге ғылым ретінде мектеп оқулығының ерекшеліктеріне байланысты білім және тәрбие беру үдерісінің жүйесі деп анықтама беруге болады.

Сондықтан ғылым ретіндегі басты атқаратын қызметі-зерттеу. Биологияны оқыту әдістемесінің басты мәні осы нәтижеге байланысты теория мен практиканы ұштастыра отырып, тәрбие беру арқылы жас ұрпақтың дамуын жетілдіру. Дидактиканың негізіне сүйене отырып, дамыта оқытудың маңызды жақтарын шешу жолдарын жүзеге асыру.

Биологияны оқыту әдістемесі пәні педагогикалық ғылымда дидактикамен тығыз байланысты. Бұл пән оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысының қалыптасу заңдылықтарын зерттей отырып, жеке тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Ал дидактика білім берудің теориясын және ұстанымын қалыптастырады.

Биологияны оқыту әдістемесі психологиямен тығыз байланысты. Себебі оқытудың принципін оқушының жас ерекшелігіне сәйкестендіру керек [1, 46 б.].

Сонымен қатар биология пәнінің оқу материалдары да сыныптан-сыныпқа, әрбір тұлғаның даму деңгейіне қарай күрделенеді. Егер осы фактор оқушының ақыл-ойы мен жан дүниесіне жасына сай болмаса, атқарылатын жұмыстың тиімділігі төменгі деңгейде қалады. Осыған орай, мұғалім 6-7 сыныпта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, білім беруді қамтамасыз етеді. Ал жоғарғы сыныптағы оқушылардың материалды қабылдау үдерісі тұрақты болғандықтан, бір немесе екі түрлі әдістемелерді қолданып жүргізеді.

Әрине, ерекше айта кетерлік нәрсе-биология ғылымына сүйеніп білім беру. Табиғатта тірі ағзалардағы құбылыстар, заңдылықтардың ғылыми түсінігі биологияның

жеке-жеке салалары: ботаникамен, зоологиямен, өсімдік және жануарлар физиологиясымен, цитологиямен, гистологиямен, эмбриологиямен, биофизикамен, биохимиямен, биотехнологиямен, ғарыштық биологиямен, экологиямен, эволюциялық іліммен тығыз байланысты.

Әрине, мектептегі биология пәні мен биология ғылымының арасында айтарлықтай айырмашылық болады. Биология ғылымының мақсаты табиғат және тірі ағзаларды ғылыми зерттеу жолымен жаңалықтар ашу, мектеп биологиясының мақсаты сол ашылған фактілер мен заңдылықтарды оқушыларға үйрету. Сондықтан биологиядан сабақ жүргізу кезінде мұғалім ғылымдағы фундаменталды фактілерді, заңдылықтарды, ең маңызды проблемаларды таныстырып, түсіндіруі керек.

Биологияны оқыту әдістемесі философиямен де байланысты. Бұл ғылым адамның өзін-өзі танымдылығының дамуына мүмкіндік береді. Адамзат баласының жалпы мәдени даму жүйесінде ғылыми жолмен ашылған жаңалықтардың орны мен рөлі жеке-жеке ғылымдағы фрагменттерді жинақтай, біріктіре отырып, дүниенің даму бейнесін суреттеуге ықпал етеді. Философияны әдістеменің теориялық негізі деп қарауға болады. Оқушыларға білім, тәрбие беруде ғылыми дәлелдермен қаруландырып, жан-жақты дамытуға жағдай жасайды, яғни материалистік көзқарасын қалыптастырады [1, 47 б.].

XXI ғасырдағы биология ғылымы дамуының жастарға білім берудегі рөлі. Өткен XX ғасырды биология ғасыры болғандығын жалғыз биологтар ғана емес, дүние жүзінің көптеген мамандары мойындаған болатын.

Шындығында да, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап биология саласындағы ашылған ғылыми жаңалықтардың нәтижесінде қоршаған орта мен әлеуметтік ортаның, оның ішінде адамзат баласының мәдени, рухани дамуының болашағы жайлы көзқарастар түбінен өзгерді.

Биология саласында әлі де ғылымда ашылмаған, зерттеуді күтіп тұрған мәселелер көп. Әсіресе гендік картаны жасау, организмдердің жеке даму үдерісіндегі гендердің өзара әсерлерінің механизмдері мен тірі ағзалардың зат алмасу механизмдері проблемаларын зерттеудің нәтижесінде адам ағзасындағы көптеген тұқым қуалайтын ауруларды емдеу мен болашақ нәрестенің қалыпты деңгейде дамуын алдын ала болжауға мүмкіндік туады. Жер бетіндегі ең қалыпты «ісік» ауруын емдеу жолы табылса, көптеген адамдарды өлімнен ажыратып алуға жағдай жасалады.

Бүгінгі таңдағы ғалымдардың алдында тұрған тағы да бір басты мәселе-адам ағзасының иммундық жүйесінің жұмысын басқара білу. Осы арқылы бір адамның мүшесін екінші адамға орналастырғанда (жамағанда) ұлпалардың бір-бірін қабылдамауынан құтқаратын болсақ, екінші адам ағзасының сыртқы ортаның әртүрлі кері әсеріне төзімділігі артады.

Тірі ағзалардың эволюциялық даму үдерісі де белсенді түрде зерттеліп келеді. Генетика мен эволюциялық теория синтезделуінің нәтижесінде эволюцияның синтетикалық теориясы қалыптасты. Бірақ бұл салада әлі де өзінің шешуін таппаған мәселелер толып жатыр. Соңғы 30-жылдарда пайда болған тірі ағзаларды жүйелеудегі жаңа ғылыми бағыт геносинтематика тірі организмдердің туыстық белгілерін, олардың гендік ақпараттарын зерттеу арқылы топтастыру, өткен ғасырдың аяқ кезіндегі ғылыми жетістіктердің ішіндегі ең маңыздысы деп есептеуге болады. Осы бағытта эволюциялық теория жайлы жаңа көзқарастар пайда бола бастады [1, 48 б.].

Дамып келе жатқан ғылым салаларының тағы бірі-микробиология және вирусология. Соңғы кездері жұқпалы ауру туғызатын вирустың жаңа бір типі анықталды. Осы жұқпалы вирустың салдарынан ауру баяулап барып, асқынып өлімге ұшыратады. Осындай ауру тудырушы вирус-XX ғасырдың «обасы» деп аталып кеткен СПИД ауруы. Осы қауіпті аурудың тез арада емін ашып, адамзатты құтқаратын сенім мол. Тағы да бір жұқпалы ауруды таратушы жаңа «организм»-прион анықталды. Бұл ағзаның, тіпті, нуклеин қышқылы да жоқ, оны тірі ағза тобына қосуға да болмайды. Осы уақытқа дейін

вирустың да, приондардың да шығу тегі анықталынбаған. Бұл да ХХІ ғасырда ашылатын жаңалықтарға жатады.

XX ғасырда астробиология деген ғылым саласы дүниеге келді. Алғашқы кезде ол теориялық ғылым түрінде пайда болғанымен, кейіннен ғарыш кеңістігін игеруге байланысты эксперименталды зерттеулердің нәтижесінде адамның экстермалды жағдайларға бейімделу ерекшеліктерін зерттеп, оны ғылыми жолмен дәлелдеуге мүмкіндік жасады. Осы бағытта да әлі қызықты жаңалықтар күтіп тұр.

Соңғы кездері биология ғылымы гуманитарлық ғылыммен де, оның ішінде психология, педагогика, социология және экономика ғылымдарымен бірігіп, әртүрлі ғылыми зерттеу жұмыстарды жүргізіп жатыр.

XX ғасырда қолданбалы ғылым саласы биотехнология пайда болды. Биология ғылымының бұл саласы ХХІ ғасырда әрі қарай белсенді қарқынмен дамуына күмән келтіруге болмайды. Адамға пайдалы белгілерімен керекті жаңа организмдерді шығару, оның ішінде трансгендік жануарлар мен өсімдіктер, олардың тиімді белгілерін алдын ала жоспарлап жаңа белоктарды алу, ол жайындағы ақпараттарды басқа тірі ағзаның геномына енгізу, т.б. осы биотехнология ғылымының жетістіктері болып табылады.

Биологиялық үдерістердің моделін жасау жұмыстары да белсенді түрде дамып келеді. Оның ішінде компьютерлік моделін жасау арқылы биосферада болатын әртүрлі ақпараттарды қадағалауға болатындығы дәлелденді [1, 49 б.].

Интернеттің, ғылыми журналдардың, әдебиеттердің электронды нұсқаларының дамуына байланысты әр елдің ғалымдарының арасындағы ақпараттармен алмасуға кететін уақыт та күрт қысқарды.

Экологиялық бағыттағы ғылыми зерттеулер де айтарлықтай жүргізіліп жатыр.

Соның нәтижесінде қоғамдық көзқараста жаһандану пайда бола бастады. Өткен ғасырдағы биосфера және ноосфера жайлы концепцияның пайда болуы кездейсоқ жағдай деп есептеуге болмайды. Оптималды экология жайлы күрес әлі де ұзаққа созылады. Жер, су, топырақ және ауаның тазалығын тұрақты қадағалау өзінің жалғасын келесі ғасырда да адамзаттан талап етеді.

Сондықтан да алда әлі ашылатын жаңалықтар көп, бұрынғы ашылған теориялар жарамсыз болып, жаңа теориялардың дүниеге келуі мүмкін.

Жоғарыда айтылған мәселелерге ден қойсақ, болашақта мектеп және жоғары оқу орындарында оқылатын биология пәндерінің мазмұны мен құрылымына көптеген өзгерістер енгізе отырып, оқу және тәрбие жұмыстарын биология ғылымының салаларының даму бағытымен сәйкестендіру керек.

Мектеп оқушылары мен жоғары оқу орнындағы студенттерге биология саласы бойынша білім берудің басты мақсаты мен міндетіне:

–табиғаттағы тірі ағзалардың құрылысы мен қызметінің және генетикалық негізінің жүйелілігін білу;

–тірі ағзалардың көбеюі мен дамуын, биологияның әртүрлілігін түсіну;

–табиғат пен қоғам және адамдар арасындағы байланыстарды жан-жақты қалыптастырып, экологиялық, эстетикалық, этикалық және тәлім-тәрбие ережелерін зерделей отырып, оқушылардың экологиялық білімі мен мәдениеттілігін дамыту;

–биологиядан алған теориялық білімді практика жүзінде пайдалануын іске асыра білуді үйрету жатады. [1, 50 б.]

Биология ғылымында ашылған жаңалықтарды пайдаланып, адамзат алдындағы ғаламдық мәселелерді шешуге болатындығын есепке алу керек. Биология ғылымында соңғы жылдарда ашылған ғылыми жетістіктер:

–гендік инженерия саласындағы жетістіктердің нәтижесінен ДНҚ құрылымын зерттеп, тұқымқуалаушылық жолдарын білу арқылы тірі табиғатта болмайтын құбылыстарды ашуға мүмкіндік жасау;

–биотехнология саласында трансгендік жануарлар мен өсімдіктердің тұқымдары мен сорттарын алу;

-адамның геномын анықтап, зерттеу арқылы көптеген аурулардың шығу тегін аша отырып, биокоррекциялау әдістерін қолданып, генетикалық дефектілерді дұрыс жолға қою;

-ағзаларды клондау әдістерін игеру арқылы бұрын жойылып кеткен ағзаларды, олардың генетикалық көшірмесін қалпына келтіру мәселелерін оқушылардың назарына ұсыну қажет [1, 51 б.].

Мектепте биологиядан білім берудің әдіснамалық негіздері. Жас ұрпаққа биологиялық білім беруді үйрету дегеніміз – жер бетіндегі тірі ағзалардың тіршілігін, өмірдің қыр-сырын түсіндірудегі ең басты бағалы міндет деп қарау.

–Биологияны зерттеп, оқып-біліп, табиғаттағы болатын үдерістерді түсінуге және биосфераны сақтауға мүмкіндік туғыза отырып, адамзат баласының дамуының басты шарты деп ұғыну керек.

–табиғатпен тең құқылы қарым-қатынас, адам мен биосфера арасындағы коэволюция-міндетті түрде болатын үдеріс. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, биология жаратылыстану ғылымы ішіндегі ең бірінші көшбастары деп айтуға болады.

Бүгінгі таңдағы, яғни ХХІ ғасырдағы ең басты проблема мектеп оқушыларына білім беруде биологиялық үдерістердің маңызы үйретудің рөлін күрт жоғарылату деп қарастыру керек. Әрбір мұғалім оқушылардың интеллектуалды потенциалын күшейтуді, қалай іске асыруды және қазіргі өркениетке, мәдениетке сай, білім беруге жұмылдыру, т.б. сияқты мәселелерге жауап беруге борышты. Биологиялық білім беруді жетілдіру үшін оның міндетін, мақсатын анықтай отырып, тіршілік жайлы ілімнің құрылымын, біртұтастығын қалыптастыру барысында теориясын, әдіснамасын, оның формасы мен әдістерінің арасындағы байланыстарды ашып көрсете білу-ең басты мақсат [1, 52 б.].

Сондықтан әдіснамалық негізсіз биологияны жеке пән ретінде басқа білім салаларымен байланыссыз қалыптастыруға болмайды.

Оқу-тәрбие беру үдерісінде пәннің мақсатын, мазмұнын дұрыс құруда және қолайлы тиімді формаларымен әдіс-тәсілдерін үйретуде басты көмекті әдіснамадан іздеу, былайша айтқанда, әдіснамалық тұрғыдан түсіндіру керек; құрылымы, оқу үдерісін логикалық жүйемен ұйымдастыруда әдіснаманың маңызы зор.

Әдістеменің басты мақсаты-әдіснаманың көмегімен теориялық қағидаларды, заңдылықтарды практика жүзінде іске асыру әдістерін қолдана білу [1, 53 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Н.Т.Торманов, С.Т.Төлеуханов, Н.Т.Абылайханова, Б.И.Уршеева «Биологиядан білім беру концепциясы және оқытудың инновациялық әдістемелері», оқу құралы, - Алматы: Қазақ университеті, 2016. -281 б. ISBN 978-601-04-1481-5.

2.Аймухамбетова С.А. Интерактивтые методы учебной деятельности // Қазақстанжоғарымектебі. 2010. - №1. – С. 25.

3.Augusto I. Virtual Reconstruction and Three-Dimensional Printing of Blood Cells as a Tool in Cell Biology Education // PLoS One. – 2016. – P. 24-33.

ӘОЖ 81. 275

ТӘБИЙИЙ ПӘНЛЕРДИ ҮЙРЕНИҮ ПРОЦЕССИНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНЬЯ ҚАРАСТЫ ҚӘЛИПЛЕСТИРИҮ.

КУДАЙБЕРГЕНОВА У.К

Әжінияз атындағы НМПИ, б.и.ф.д., (PhD) доцент, Қарақалпақстан Республикасы,
Нөкіс қ.

Өзбекстан Республикасының Кадрлар таярлау саласындағы мәмлекет сиясаты инсанды интеллектуаллық хәм руўхый – эстетикалық тәрәптен тәрбиялау менен тығыз байланыслы болған үзликсиз тәлим системасы арқалы бәркәмал шахс - пуқараны қәлиплестириўди нәзерде тутады. Бул ўазыйпаларды шешиў үзликсиз тәлим системасында оқытылатуғын барлық оқыў пәнлери қатары биологияныңда мойнына жукленеди. Бәркәмал шахс - пуқараны қәлиплестириў ўазыйпасының табыслы шешилиўи дәслепп талабаларда илимий дүньяға көз қарасты қәлиплестириўди талап етеди [1,2]

Бүгинги күнде экологиялық хәм әдеп икрамлылық қоршаған орталықтың патасланыўының инсанның хожалық искерлигиниң кери тәсирлеринен сақлау машқаласы сыпатында пайда болады. Инсанлардың тәбиятқа туўрыдан туўры сезилерли тәсирлери стихиялық апатшылықлардың өсип барыўына алып келмекте. Бундай экологиялық әдеп икрамлық мәденият ҳар бир инсанда жетерли дәрежеде болса, балалықтан баслап пүтин өмири даўамында экологиялық хәм әдеп икрамлық дүньяқарас қәлиплесип барады.[5,8]

Тәбият ҳаққындағы жетекши пәнлердиң бири саналған - биология пәнине талабалардың илимий дүньяға көз қарасын қәлиплестириўде үлкен жуўапкершиликли ўазыйпалар есапланады. Усының себебиненде биология оқыў пәниниң мазмуны талабаларда илимий дүньяға көз қарасты қәлиплестириўде үлкен мүмкиншиликлерге ийе. Бул тәрийп тийкарында биология оқытыў методикасы илимий дүньяға көз қарасты қәлиплестириўде әҳмийетке ийе болған түсиниклерди анықлау, усы түсиниклерди қәлиплестириў ушын зәрүр болатуғын шәрт-шәраятларды хәм тийкарғы басқышларды, биологияны үйрениў нәтийжесинде пайда болатуғын қараўлар хәм исенимлер системасына характеристика бериўи, тәбиятқа салыстырғанда саналы мунасәбетти көрсетиўи керек. Тәбият хәм тәбият ортасындағы қатнасықлар машқаласы жаңа емес, ол алдыннан пайда болған. Бирақ ҳәзирги ўақытта инсан хәм тәбияттың өз ара тәсири, сондай-ақ инсан жәмийетиниң қоршаған орталыққа тәсириниң машқаласы жүдә кескинлести хәм жүдә үлкен дәрежеге жетти. Тәбият нызамлықларын терең түсиниў, тәбийий орталықларда өз-ара тәсирлерди есапқа алып, инсан тәбиятының тек ғана бир бөлеги екенлигин түсинип жетиў тийкарында әмелге асырылатуғын адамлардың искерлиги тәбиятты сақлап қалыў мүмкин.[6,7,8]

Адамлардың тәбиятқа тәсириниң өсип баратырған жағдайында шешиў ушын барлық адамзаттың хәм ҳәрбир инсанның күш салыўларын талап қылатуғын ең тийкарғы машқалалардың бири жәмийетлик хызметтиң хәм адамлардың санасын экологияластырыў болып есапланады. Оның мақсети тек ғана адамлардың тәбиятқа болған тәсирлериниң унамсыз нәтийжелерин ашыў хәм сапластырыў, мысалы жергиликли орталықтың қандайда бир зат пенен патасланыўын емес, ал ең баслысы биосфераның қорын үнемли пайдаланыў режимин илимий түрде анықлау. Биосфераның пүтинлигин хәм тәбияттың қайта тиклениў уқыпшылығын тәмийнлеу, биологияның алдында турған және бир мәселе болып есапланады.[5,6]

Апатшылықлардың алдын алыўда барлық тараўдағы қәнигелерди қәлеген жаста экологиялық тәрбия бериў үлкен әҳмийетке ийе. Тәбийий илимий хәм гуманитар билимлерде ҳәр қыйлы тараўларда тәбиятты қорғаўдың илимий тийкарларын өз ишине алып, олардан тийкарғы орында экология болып ол өз гезегинде биология хәм география илими менен тығыз байланыслы.

Биологияны оқытыўда талабалардың илимий дүньяға көз қарасына тийкар болатуғын түсиниклерди төмендеги группаларға ажыратыў мүмкин: Жансыз хәм жанлы тәбияттың химиялық қурамындағы уқсаслықлар, жүз беретуғын хәдийселердиң улыўмалығы хәм тығыз байланыслылығы;

Тири организмлерде жүз беретуғын турмыслық процесслер хәм өзгешеликлерди түсиниўде, машқалалы оқыў тапсырмаларын шешиўде биологиялық нызамлар менен бир қатарда, физикалық-химиялық нызамлардан пайдаланыў арқалы пәнлерара байланысыўды әмелге асырыў;

Материаллық болмыстағы хәдийсе хәм ўақыяларды үйрениўдин зәрүрлиги, экологиялық апатшылықлардың себеплери хәм оларды сапластырыў илажлары; Инсан тәрәпинен тәбият нызамларын үйрениў хәм онан нәтийжели хәм ақылға сай пайдаланыў жоллары;

Улыўма орта билим берий мектеплеринде ботаника, зоология, адам хәм оның саламатлығы оқыў курслары мазмун тәрәптен фактларға бай болыўы менен бир қатарда, хәр бир темада талабалардың илимий дүньяға көз қарасын раўажландырыў имканиятын береді. [3,4,5]

Хәзирги дәўирде жәмийеттин базар экономикасына өтиўинде экологиялық машқала әдеп икрамлық машқаласын келтирип шығармақта, себеби экология хәм әдеп икрамлылық өз-ара байланыслы. Соның ушын экологияны әдеп икрамлылық тәрбия менен биргеликте қараў керек. Хәзирше экологиялық әдеп икрамлылық машқалалар аз изертленген. Жасларда экологиялық әдеп икрамлылық тәрбияның өз-ара байланыс теориялары аз ашып берилген, экологиялық әдеп икрамлылық тәрбия практикасы толық емес. Экологиялық әдеп икрамлық билим берийде улыўма орта билим берий мектеплеринде, лицей х.т.б. педагогикалық илимде өз алдына ўазыйпа қояды. [3,4,5]

Тәбиятқа мәдениятлы қатнаста болыў узақ процесс болып, ол жәмийеттин тиришилик етиўинин туўырдан туўы экологиялық, социаллық хәм басқада жағдайлары менен байланыслы.

Мәмлекетимиздеги экологиялық жағдайдың жаманласыўы, турмыс дәрежесинин пәсейийи, тураклы әдеп икрамлық нормалардың жоқлығы, пайдаланыўшының психологиясының доминатлығы, узақ мүддетли прогнозларсыз тез пайда алыўдың шекленгенлиги, атмосфераға бийпарық шығындылар шығарылыўы, экологиялық хуқық бузарларға жазасызлық, инсан тәрәпинен жаңа түсиниклердин қәлиплесиўи әсиресе жаслардың тәбият алдындағы мәжбуриятлары хаққында түсиниклерди қәлиплестириў аңсат емес. Соған қарамай, бүгинги күнде улыўма билим берий мекемелеринде өзинин объекти сыпатында дүньяға өз алдына қараўға ийе болған жаңа әўладты тәрбиялаўда қатиятлық көрсетиўге шақырады.

Хәзирги ўақытта талабалара экологиялық дүньяқарасты қәлиплестириў әхмийетли мәселе болып есапланады. Бүгинги күнде дүня жүзинде экологиялық машқалалар жүдә көп. Бул мектеплерде оқыўшыларға экологиялық билим хәм тәрбия берийге кеўил бөлмеўи нәтийжесинен келип шығады. Бул өз нәўбетинде адамлардың тәбиятқа шийки заттың дереги ретинде хәм тиришилик дереги х.т.б сыпатында қараўына алып келди. Соның нәтийжесинде озон тесиги, парник эффекти, суў бетинде нефт пердеси пайда болды. Инсанларда экологиялық сананың сайыз болыўы халықты экологиялық билимнин хәм тәрбияның эффективлик системасының жетиспеўшилиги болып есапланады. Қоршаған орталық машқалаларын түсиниў менен бирге үлкен илим –пән дәрежесинде танысыўда хаммеде имканға ийе емес, бул машқалалардың ғоясы тосаттан раўажланады яғный хабар информациялары тәсиринде раўажланады.

Тәбияттан ақылға сай пайдаланыў, өған зыян көрсетпеўге инсанның экологиялық билим системасын ислеп шығыў тарқалған мағлыўматларға қарай ислеп шығыў мүмкиншилик бермейди. Жәмийеттин максети – халықты системалы характердеги экологиялық билим хәм тәрбия менен тәмийнлеў болып есапланады.

Хәзирги экологиялық жағдай соннан ибарат, енди жәмийет өмиринин дерлик барлық искерлик тараўларын туптен хәм хәр тәрәплеме өзгертирместен турып болмайды.

Бүгинги күнде жәмийеттин барлық искерлик тараўларын экологияластырыў турмыслық әхмийетке ийе хәм биринши нәўбетте, әлбетте, инсанның өзи өз искерлигинин барлық тараўларында: өндиристе, күнделик турмыста, тәлим хәм тәрбияда экологиялық түсиниклерге ийе болыў керек. [3,4,6,8]

Экологиялық тәлим хәм тәрбия табыслы болыўының биринши шәрти - бул пүткил биосфера және оның бөлек аймақлары жағдайы туўысындағы мағлыўматлардың жетерли дәрежеде жоқары анықлығы. Буннан тысқары, анық мағлыўматлар биосфераның қандайда

бир структуралық бөлегіндегі ол ямаса бул өзгерис биринши караўда алып келиўи мүмкин болған өз-ара байланыслы ақыбетлер хаққындағы мағлыўматлар менен толтырылыўы керек.

Экологиялық тәлим табыслы болыўының екинши шәрти - этирап -орталық хәдийселерин хәр тәрәплеме анык корсетилип бериў зәрүрлиги. Тәбийий процесслердин тек ғана курамалы комплексин тәкирарлаў, бәлки оларды инсаният жәмийетиндеги хәдийселер менен байланыслы ҳалда бериў де зәрүрли болып табылады.

Шешилиўи керек болған тийкарғы машқала - бул адамлар санасына тәсир қылыў болып табылады, сол себепли жәмийет хәм тәбият ортасындағы өз-ара тәсир машқаласын әпиўайыластырылған, метафизик түсиниўден көбирек адекват (заманагөй) түсиниўге өтиў керек болады. Экологиялық коз қарас өзиниң раўажланған формасында адамлардың тәбийий орталықтың пүтинлиги нызамлары хәм тәбияттың жасаўға жарамлы жағдайын сақлаў ушын инсан искерлигин белгилейтуғын нызамларды билиўи тийкарында кәлиплеседи.

Пайдаланылған әдебиятлар:

1.“Өзбекстан Республикасын және де раўажландырыў бойынша Хәрекетлер стратегиясы хаққында” ғы Өзбекстан Республикасы Президентиниң Пәрманы.- Халык сөзи, 8-февраль 2017-жыл.

2.Мирзиёев Ш. Нызам үстинлиги хәм инсан мәплерин тәмийинлеў – журт раўажланыўы хәм халык пәраўанлығының гиреўи. Өзбекстан Республикасы Конституциясы қабыл етилгенлигиниң 24 жыллығына арналған салтанатлы мәресимдеги лекция. 2016 - жыл 7-декабрь.- Ташкент: “Өзбекстан” НМИУ, 2017.- 32 б.

3.Толипова Ж. О. Биологияны оқытыўда инновациялық технологиялар / Сабақлық. - Ташкент; Низомий атындағы ТМПУ баспаханасы. 2013. 147 б.

4.Толипова Ж. О. Педагогик квалиметрия модули бойынша лекция хәм әмелий шынығыўлар. Низомий атындағы ТМПУ баспаханасы - Ташкент;, 2015. 107 б.

5.Реймерс Н.Ф. Охрана природы и окружающей человека среды: слов.-справ.- М.: Просвещение, 1992.- 320 с.

6.Общая психология: Учеб. Пособие для студентов пед.ин-тов / В.В.Вогословский, А.А.Степанов, А.А.Виноградова и др.; Под ред. В.В.Вогословского и др.- 3-е изд., перераб. И доп.- М.:Просвещение, 1981.- 383 с.

7.Суравегина И.Т., Сенкевич В.М. Экология и мир: Методическое пособие для учителя.- М.: Новая школа, 1994.- 128 с.

8.Новиков Ю.В. Природа и человек.- М.: Просвещение, 1991.-223 с.: ил. (Б-ка учителя биологии).

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ХТИИ РЕКТОРЫ. М.А.БАЯНДИННИҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ.....	3
ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ КӘРІБАЕВА АЗИЗА ӨТЕГЕНҚЫЗЫНА ПОЭТИКАЛЫҚ АРНАУЛАР.....	5

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

ҚҰТТЫМУРАТОВА Ы.А. АНА ТІЛІН ТҰҒЫР ЕТКЕН – ТЕКТІ ҚЫЗ.....	8
ЖҮНІС М.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАШҚАРИТАНУ: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ.....	9
АЛЛАМБЕРГЕНОВА П.К. БРИФИНГ – МУСТАҚИЛ ЖАНР.....	12
ҚҰЛАМАНОВА З.А. АЗИЗА КӘРІБАЕВА ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТҮРКІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕРІ.....	16
ТОРТКУЛБАЕВА Т.А. ҚАРАҚАЛПАҚ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ.....	19
БАЕШОВА Б.Ш. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӨРТТІК (ТӨРТТАҒАН) ЖАНРЫ.....	23
АМАНГЕЛЬДИЕВА А.М., ТҰРҒАНТАЙ А.Ә. ҚАЗІРГІ АНТРОПОНИМЖАСАМДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛІК САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТЕРМИНДЕР.....	27

I СЕКЦИЯ

АЗИЗА КӘРІБАЕВА ФЕНОМЕНІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

ПИРНИЯЗОВА А.К. ЛЕКСИКОЛОГ ИЛИМПАЗ ХӘМ УСТАЗ.....	31
КУДЬЯРОВА Ш.Т. КАМАЛАШҚЫЗЫ Х. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	34
АВАКОВА Р.А. ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЭКСКУРС.....	38
IBRAGIMOVA U. NUTQIY SAMARADORLIKNI TA'MINLASHDA KO'CHIRMA VA O'ZLASHTIRMA GAPLARNING O'RNİ.....	42
TURGANBAEVA P. T. THE USE OF INTERNATIONAL TERMS IN AZIZA KARIBAYEVA'S RESEARCH.....	45

II СЕКЦИЯ

ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

БЕКБЕРГЕНОВА М.Д. ТӨЛЕПБЕРГЕН МӘТМУРАТОВТЫҢ ЭПИКАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫНДА ОБРАЗЛАР ТИПОЛОГИЯСЫ.....	50
КОПАТЬ Ю.Д. СИНТАКСИС РУССКИХ ПОСЛОВИЦ.....	54
УЙСИМБАЕВА А.Р. HUMANITIES.....	58
АМАНБАЕВА С.О. АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС.....	61
ТУЙМЕБЕКОВА А.А. ОБРАЗДАР ТАБИҒАТЫ.....	64

МУРАТБАЕВА А.С., АЙБАС Н. ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	67
ИГЛИКОВА Г.О., МЫРЗАБЕРГЕН М. ШӘДІ ЖӘНГІРҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	71
МИРКУРБАНОВА Т.Ю. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ФИЛОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ.....	74
АЛИПБАЕВА С.Н. ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЕРТЕГІ, АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ САТИРА ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	77
БАЙСЕЙТОВА А.А., ЖАКИ А.Д. АБАЙДЫҢ ӨДЕБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ.....	81
МӘСТҮР А., ПЕРТАЕВА Э.Қ. АҚАН СЕРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	84
МАХАМБЕТОВ Қ.М. АСАНҚАЙҒЫ ЖӘНЕ ЖЕРҰЙЫҚ.....	86
ИГИЛИКОВА Э.С., САРСЕНБАЕВА М.Б. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЗ ӨДЕБИЕТІ.....	89
ӘБІЛҰЛЫ М. ҚЫТАЙ ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ.....	92
НАУРЫЗБАЕВА З.Н. Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚЫЛЕК» РОМАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРМЫС КӨРІНІСІ.....	96
ӘЛБЕКОВА Ж.Қ. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ ДӘСТҮРІ.....	99
ӘЛБЕКОВА Ж.Қ. ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ПОЭТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	103
МӘЛІК Б.С. БЕЙБАРЫС СҰЛТАННЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР.....	106
ДАУЛЕТҚЫЗЫ А.Д. «ЖАҒАН-НАМЕ» ДАСТАНЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ.....	109
ПЕРТАЕВА Э.Қ., МӘЛІКӘЖІ Т.А. АБАЙ МЕН М.ӘУЕЗОВ ТВОРЧЕСТВОСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ.....	113
ПЕРТАЕВА Э.Қ., АРМАНОВА М.А. ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ.....	117
ОРДАБАЕВА Ү.Б. СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫНЫҢ АЙТЫСТАРЫ.....	120
БЕЛБОТАЕВ А.Б., АРХАБАЕВА Г.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ЖИЛІК СӨЗДІКТЕР.....	125
УРАЛБАЕВА Г.Е., СТАМКУЛОВА Б.Ш. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТТІҢ ТАРИХИ БЕЙНЕСІ.....	130

ІІІ СЕКЦИЈА

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ҚҰТТЫМҰРАТОВА Ы.А., АСАНТАЕВ А.Е. ҚАРАҚАЛПАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІГІНДЕ ЖАСАЙТЫН ҚАЗАҚТАР СӨЙЛЕНІСІНДЕГІ КЕЙБІР ҮЙ-БҰЙЫМДАРЫ МЕН КИІМ-КЕНШЕК АТАУЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	134
БИСЕНҒАЛИЕВА М.С., КАРИБАЕВА А.У. ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ.....	137
ШИЛБАЕВ Б.А. КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	140
МАМЫТКЕРИМОВА Э.Т. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ.....	143
МАЛДЫБАЕВА Б.У. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	147
АЛДЫШЕВА Г.Б. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АТТЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СЫР СИПАТЫ.....	150

НАРМАГАНБЕТОВА Ж.Ж. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАР	153
НУРМАНОВА Э.Б. ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	156
АЛИМКУЛОВА С.С. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – ЕЛІМІЗДЕГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БҮТІНДЕЙ ЖҮЙЕСІ	159
ЖОЛАНОВА Г.Е., АМАНГЕЛДІ Қ. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В УСЛОВИЯХ ДУАЛЬНО - ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ	162
НҮСКЕ А.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАҢА ҒАСЫРДЫҢ БАСТАУЫ	164
ЖОЛДАСОВА Б.К. ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ	167
АЛИМБЕКОВ Р.Т. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	171
ОРДАБАЕВА Р.Б. ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ОҚЫТУ	177
ТЕЛЬМАНОВА Ж.Б. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН КӨМЕКТІҢ ТҮРЛЕРІ	181
ЕРМАХАНОВА А.Қ. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ОЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ	185
БЕРКЕН Ж.Қ., БЕРКЕНОВА Р.А. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЕҢБЕКТЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ	189
ТОҒАЕВА Н.Б. ЖОБАЛАУ ТӘСІЛІН ЖАСАУҒА ҮЙРЕТУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӨДІС-ТӘСІЛДЕР	194
БАЙЫРОВА Ж.Р. ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	197

IV СЕКЦИЯ

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

АРЗИЕВА Б.И. ОҚЫУШЫЛАРДА ҚҰҚЫҚИ МӘДЕНИЕТТІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ШЕТ ЕЛ ПЕДАГОГТАРЫ НАЗАРЫНДА	201
ЖАНҒАЗЫ А.Б., АБИЛАКИМОВА Ж.Т. АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	203
КАЛЛИБЕКОВА Г.П. «ЯНГИ ЎЗБЕКИСТОН» ГАЗЕТАСИДА МИЛЛИЙ ТИКЛАНИШДАН - МИЛЛИЙ ЮКСАЛИШ САРИ ТАМОЙИЛИ ШИОР СИФАТИДА	206

V СЕКЦИЯ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

КОЖАБЕКОВА Э.К., СЕРІКБАЕВА Ф.Б. ФИЗИКА ПӘНІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	210
МАМБЕТНИЯЗОВА М.Б. ҚАЗІРГІ ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ	212
ТАЖИБАЕВА Д.А. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	215

ЕЛУБАЕВА Л.С. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ.....	219
АДАМБЕКОВА К.Ш. БИОЛОГИЯ ПӘНІНІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	223
КУДАЙБЕРГЕНОВА У.К. ТӘБИЙИЙ ПӘНЛЕРДИ ҮЙРЕНИҰ ПРОЦЕССИНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНЬЯ ҚАРАСТЫ ҚӘЛИПЛЕСТИРИҰ.....	226

**«ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ: ТІЛ, ҚОҒАМ, ӘДЕБИЕТ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
материалдары
27-28 қазан, 2022 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ТЮРКСКИЙ МИР В ГЛОБАЛЬНОМ КОНТЕКСТЕ: ЯЗЫК, ОБЩЕСТВО,
ЛИТЕРАТУРА»
27-28 октября 2022 г.**

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«TURKIC WORLD IN THE GLOBAL CONTEXT: LANGUAGE, SOCIETY,
LITERATURE»
Taraz, Kazakhstan, October 27-28, 2022 y.**

I-TOM

Шартты б.т. 14.6
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс № 114

ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 73 А